АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫ
ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

«Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында»

халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдар жинағы

(17 маусым, 2020 жыл)

«Золотая Орда: во времени и пространстве»

Сборник материалов международной научно-практической конференции

(17 июнь, 2020 год)

«The Golden Horde: in time and space»

Materials of international scientific-practical conference

(June 17, 2020)

Атырау, 2020

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
А 46

Жинақты шығаруға жауапты:
Қайргалиева Г. – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымд, профессор м.а.

Редакциялық алқа:
1.**Сапанов С.Ж. –** Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті «Профессор Х.Табылдиев атындағы Атырау өлкесінің тарихы, этнографиясы және археологиясы ғылыми-зерттеу орталығы» директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор
2. **Хамидуллина Д.У.** –Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің деканы, PhD
3. **Ахмет А.Қ. -** «Мәңгілік Ел» ҒЗО директоры,тарих ғылымдарының докторы
4. **Бердіғожин Л.Б**.– Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы
5. **Сакенов Ж.Ж.** - Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі

«Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы (17 маусым, 2020 жыл) / Жалпы редакцияны басқарған Кайргалиева Г. – Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2020 –152 б.

Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда жасалған баяндамалар жинағына Алтын Орда тарихының ақтаңдақ беттері, оның тікелей ізбасары кім, саяси құрылымы және экономикалық деңгейі, әскери өнер тақырыбы, сондай-ақ Қазақ хандығының шығу тегі мен Жошы ұлысынан еншісін алып бөлек шыққан түрлі мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары, тарихи сананы жаңғырту тақырыбындағы материалдар топтастырылған.

Жинақтың материалдары Алтын Орда тарихына қызығушылық танытатын оқытушыларға, ізденушілерге және жалпы көпшілікке арналады.

ISBN 978-601-262-384-0

© Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2020

1 СЕКЦИЯ

АЛТЫН ОРДА – САЯСИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

ЗОЛОТАЯ ОРДА: ПОЛИТИЧЕСКОЕ И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ

THE GOLDEN HORDE - POLITICAL AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT

УДК 94(574)

Chaos in Desht-i Qipchaq: BulkakPeriod in the Ulus of Jochi (1360-1380)

Professor Dr. Abdullah Gündoğdu

İntroduction

The process of disintegration as well as the establishment of states in the steppe has a unique functioning. The Turks called this process "Bulkak", or Chaos. Turkic Khanate and Uighurs have periods defined in runic inscriptions under the name "Bulkak".[1]Bulgak / Bulgaş is defined by Kaşgarlı as “confusion among the people due to the enemy coming”.[4, I, p. 467]In the steppe, the opposite of the peace and trust provided by the state is the Bulkak period. In ancient Turks, the state means "İl". In this case, we can formulate the steppe state understanding as follows: **İl = order = peace = cosmos X (opposite) Bulkak = turmoil = civil war = chaos.**

14. By the middle of the century, a period of great political and economic turmoil had begun in all of Central Asia under the rule of the Chingis sons. The struggle for power among many "Oğlans" the sons of Genghis had accelerated. In this struggle, each unit that became the hunter of another began to kill other without hesitation.[5, p. 689]Another cause of turmoil was the endless struggles of powerful tribal beys, who were the components of a feudal confederation, with the khan and among themselves. The super beys who gathered extraordinary power such as Nogai, Mamai, Edigü, Timur, overshadowing the khans from the descendants of Genghis, were more determinant in political crises.

It was added to these political fights with economic problems, epidemics and climate change. The variability of the Desht-i Qipchaq political boundaries was characteristic of this period. Ancient production and management centers either declined or disappeared. Instability had a negative impact on intercontinental trade between East and West, and North and South. However, in the 14th century, the main cause of instability in Chingizli-dominated regions was political. The Golden Orda field, while producing instability, was also vulnerable to its destructive effects.

[1]“Tengri yir **bulgakın** üçün yağı boldı"The sky and the earth became enemies because it was mixed), Hüseyin Namık Orkun, Eski Türk Yazıtları, Tonyukuk Inscription, 22; “Kultegin Inscription, North Side, 4; Bilge Kağan Inscription, East Side, 29.

However, the population here was more homogeneous than other regions. Most people spoke a Turkic-Tatar language and followed Islam. [5, p. 689]

The centralist administration established by Uzbek Khan by ending the Kök-Orda Dynasty in 1329 suffered from the internal turmoil that occurred thirty years later. Since the time of Uzbek Khan, the Sarai region (Yeni-Sarai = Berke Sarai) located at the downstream of the Volga/İtil river, where the headquarters of the government was located was protected by many tribes under the Kıyat beys. Jani-Bek Khan, who returned from the Azerbaijan campaign in 1357, was killed as a result of the assassination of his son and heir Berdi-Bek and his Ataliq Kanglı Tubay.[2, p. 78, 79]

The collapse of the Golden Horde Khanate and the rise of Russia are generally considered interrelated. The Great Turmoil (ВеликаяЗамятня/ Velikaya Zamiatnia in Russian) started as a family quarrel, a clash between Janibeg's three sons, Berdibeg, Qulpa, and Nawruz. (14. p. 671)

In the time of Berdi Bek Khan, the intrigue of Emir Kanglı Tulubay, who took over the state administration, continued. With his suggestion, Khan started killing his brothers and even strangled his brother who was just eight years old. Berdi-Bek Khan destroyed all of his brothers with the advice of Kanglı Tulubay and left only his son alive. However, when his son died too, he remained without an heir. So he started to drink more from his grief and died after three years of reign. Berdi-Bek Khan in the history of JochiUlus was called “Kökün Kırgan Köten han/ The khan who destroyed his generation” in the sense of destroying the family of its members. According to Ötemiş Haji and Kırimi, with the golden throne, The Ak-Orda Dynasty, which started with Batu (Sayın) Khan in 1227, ended with Berdi-Bek after 133 years.

[8, p.38a, 39b; 1, p. 264b]

This princely massacre fired the wick of a series of instability targeting the center of the Golden Horde. The first opposition to Berdi-Bek Khan's movement to destroy members of the dynasty came from Kulpa Khan and Muhammed Nevruz Khans in 1359.The struggles that took place between Berdi-Bek Khan and his two other brothers missed the peace of the Itil/Volga region. They were the beys of Kıyat, which were responsible for the security of the region and the capital city of Sarai. Kıyat Mamai migrated his tribes to the Crimean side in the Right Arm, and Kıyat Tengiz-Buka in the Left Wing, to the side of Sır-Derya. Therefore, the Sarai city, which was deprived of protection, changed hands among those who declared its reign consecutively. In the beginning, although this situation seems to be the result of the desire to rule the entire country unrivaled by the beys of the Kıyat tribe we soon see that the rivalry between Kıyat beys pushed the country into chaos. [13, p.116; 2, p. 89, 90]

In a nutshell, Desht-i Qipchaq nomads split into two groups—the right wing (Ak Orda), supporters of Amir Mamai, and the rulers of the left wing (the Kok Orda). Shibanids and Sarai emirs participated in the struggle. After Berdi Beg Khan, khans like Kulpa, Nawrus, Khidir, Temir-Khoja, Ordu Meliq, Kildi Beg, Murat, and Abdullah, came to the throne, at short intervals and sometimes simultaneously. Emir Mamai played the leading role from the beginning of the 1360s until Toktamysh came to power.[5, p. 690, 691]

This situation caused the SaraiCity, which was deprived of protection, to changed hands among those who declared themselves khan, one after another. Thus, as said in the native sources, "the Bulkak" namely the chaos era begun in the Golden-Orda Khanate. Similarly, the same term is used in the native sources for the period before Uzbek Khan. This process can be examined in two phases. The first phase of the Bulkak era, which started in the last days of Berdi-Bek, continued until Urus Khan ascended to the throne in the Sighnaq, the center of the Left Wing, in 1369. The second phase of the Bulkak era, which begun by Urus Khan's domination over East Desht-i Qipchaq in 1369, and continued until he eliminated the other khans and taking over the city of Sarai where was the center of the khanate, in 1377. Simultaneously, here, he also minted money on his behalf.As we know, the Time of Troubles ended when Khan Toktamysh came to the throne. By 1380, he had restored political stability over the whole of the Ulus of Jochi.We can extend this process until 1380 when Tokhtamysh dominated all Dasht-i Qipchaq.

During the Bulkak period, we see more than twenty khans (about twenty three) fighting each other. In the sources, we only see the names of these khans. They were unknown even from which branch of the Joci family. We can only obtain the list of khans in the Bulkak period through the coins they had printed. Since it is directly affected by this process, Russian chronicles describe the events in more detail than Islamic sources. The first phase of the Bulkak Period, which lasted about ten years, was much harder. [13, p.116, 118; 5, p. 690, 691;11, p. 625, 627]

Firstly was Mahmut Khızır Khan who liquidated and killed Muhammed Nevruz Khan, in this period. After a short time after the appearance of Mahmut Khızır Khan, upon the Sayın khan family ended, the wife of Uzbek Khan, who was alive at the time, Taytuğlı Bigüm, called Khızır Oglan the son of Mangıtay from his homeland in Ak-Köl, to sit Sarai's throne down.This strong woman claimed that "Now khanate must belong to one of the generations of Shiban". Besides, the sign of the "Sayın Khan" family, she presented "Altın Busagalı Ak Orda" to Khızır Khan. Hearing that Khızır Khan was walking to Sarai to become the khan for the second time, Kildi-Bek Khan had left Sarai.Upon this,“Ulu Khatun” Taytuğlı Bigüm wanted to remove to throne Bazarcı Oğlan who from the generation of Boul, son of Joci Khan, instead of him. In the meantime, Hasan Bek, son of Sejut-Ali Bek, who was killed by Taytuğlı Bigüm, took refuge to Ak-Hüseyin Bek, son of Kharezm manager Kongirat Mangıtay, and encouraged him to merge with Khizir Khan. Kongirat Ak Hüseyin Bek, preparing his soldiers, joined the son of Mangıtay, Khizir Khan in Ak-Köl. Khızır Khan, whose army grew suddenly with these new joins, immediately walked over Sarai in order not to allow this new opponent. Although Bazarcı Oğlan opposed, was defeated and escaped. Khızır Khan, who took over the city of Sarai, sat on the throne of Sarai for the second time and killed Taytugli Bigum, which caused mischief.[8, p. 39b, 40a; 1, p. 265b]

Khızır Khan, for the second time, made an effort as a khan for a year and a half and tried to ensure the revival of the Golden Horde. However, it is certain that Khizir Khan not provide unity in Desht-i Qıpçaq. Besides, two khans, named Timur Hoca Khan and Orda-Melik Khan, emerged as opponents to Khizir Khan. Khızır Khan possibly eliminated these two opponents at short intervals. However, he was

murdered, at an unexpected moment, as a result of an assassination prepared by his son Murid, who had put his eye on his throne. Murid Khan, who replaced his father, initially dominated the city of Sarai, but it seems that he could not continue this domination. This situation is probably related to the appearance of Kildi-Bek Khan upon the death of Hizir Khan. This time too, probably, Kildi-Bek Khan had obliged Murid Khan to move away from Sarai.According to the Russian resourcesIn, In 1362, Murid Khan won the battle with Kildi-Bek Khan, and Kildi-Bek was killed. Although Murid Khan won against his opponent, he could not take over the capital. Seeing that Kildi-Bek was eliminated, Kıyat Mamai made Abdullah Khan an opponent to him this time.Already shortly after this incident, Murid Khan was assassinated by his beys in 1363. After that, the last tribes remained around Sarai, went to Emir Kıyat Mamai, who was on the Crimean side in the Right Arm. After this incident, we can say that Abdullah Khan's rule was very short and Mir Polat Hoca Khan, who emerged, took over the capital.[2;pp. 92, 93, 95-98; 14, p. 673, 674; 7, p. 25]

Abdullah Khan was khan the longest ruler-serving, among the Bulkak period khans. This khan is not known which arm of the descendant of Joci comes from. However, it is understood from the numismatic sources that he was the ruler with the support of Emir Kıyat Mamai in the Right-Arm.It seems that this time, probably Kıyat Mamai, took Muhammed Bölek over the throne after Abdullah Khan who was unknown how he died. He served as a khanate for eleven years, and his rule continued until 1381 when Tokhtamysh Khan dominated the entire Desht-i Qipchaq. While Abdullah Khan and Muhammed Bölek Khan, supported by Kıyat Mamai in the Right Arm, ruled in order, and the fierce struggles continued in Yeni Sarai and Volga region in the center. The khans mercilessly killed each other, dominated the capital and its surroundings, for a short time. It is noteworthy that the prominent of these khans came from the generation of Shiban Khan.After the murder of Kıyat Tengiz Buga, who is the manager of the Left Wing in Sir Derya region, Kara Nogay Khan from Togay-Timur generation, and after then his younger brother Tuğluk Timur Han ascended the throne in Sighnaq. In his time, the Left Wing gained strength and grandeur. His cousins Urus Khan, Kutluk-Timur, and Tokhtamysh were at his service. As a result, it was the center of the Ulus of Jochi that was most affected by the Bulkak process. Arabshah, from the generation of Shiban Khan, ruled for five years in Yeni Sarai. Despite his young age, Arabshah was a tough and strong ruler. In 1377, he made an expedition on Nizhny Novgorod, capturing the city, looting, and devastating it. Arabshah's khanate probably ended shortly after returning from this expedition. In this way, Urus Han added the Center's domination to the Left Wing domination. Because Tokhtamysh, the son of Tuy-Hodja, who, after his father, thought that it was his turn, at that time, took refuge to Amir Timur that established domination in the Chagatai Khanate. Amir Timur welcomed Tokhtamysh. Thanks to Tokhtamysh, the rival of Urus Han, which is gaining more power every day, he could have had the opportunity to influence the issues of Eastern Desht-i Qipchaq.[2] For this reason, he gave troops, weapons, and money to Tokhtamysh. The struggle between Tokhtamysh and Urus Khan, supported by Timur, marks a new phase in Dasht-i

[2]George_Vernadsky, Moghollar ve Ruslar, p. 680;

Qipchaq. In this new phase, although there were still fierce struggles for power, the Bulkak period was now over.[2, p. p.97, 98; 13, p. 118, 119; 5, 691; 7, p. 26; 14, p. 681]

we can include all in the Bulkak period, the process too during which was liquidated Emir Mamai, in addition to the period of the struggle between Tokhtamysh, who was supported by Timur, and Urus Khan and his sons.In this context, the history that Tokhtamysh defeated Timur-Melik, the son of Urus Khan in the spring of 1379, and took Sighnaq and spreaded his rule over East Desht-i Qipchaq, is an important indicator of the end of this great turmoil.As the date that brought the end of the Bulkak period, we can accept the date of the fall of 1380. On this date, in the war near the Kalka river flowing into the Don River, Tokhtamysh defeated Emir Mamai and also dominated the Western Dasht-i Qipchak. Thus, the Bulkak period, which lasted more than twenty years, has ended and a new period has begun in which the unit has been established in the whole Jochi Ulus.

Sources

1. Abdulgaffar Kırımi, **Umdet Al-Axbar**, Ed. by Derya Derin Paşaoğlu, Sh. Marjani Institute Of History Of The Tatarstan Academy Of Sciences, Kazan, 2014.
2. Mustafa Kafalı**, Altın Orda Hanlığı'nın Kuruluş ve Yükseliş Devirleri**, *İstanbul Üniversitesi Press, İstanbul, 1976.*
3. İlyas Kemaloğlu, **Altın Orda ve Rusya, Rusya Üzerindeki Türk- Tatar Etkisi**, Ötüken Press, İstanbul, 2015.
4. Kaşgarlı Mahmud, **Divanü Lükat-it- Turk**, Turkish Translation Translation Besim Atalay, TDK press, Ankara, 1984.
5. Ilnur Mirgaleyev, "The Time of Troubles in the 1360s and 1370s", **The Golden Horde In World History**, University of Oxford, Kazan, 2017, pp. 689-692.
6. Ilnur Mirgaleyev, "Attempts to Restore the Golden Horde at the End of the Beginning of the 15th Century", **The Golden Horde In World History**, University of Oxford, Kazan, 2017, pp. 693-699.
7. İlnur Mirgaliyev, Politiçeskaya istoriya zoltoy ordı Perioda Pravleniya Toktamış Hana, Akademiya Nauk Respubliki Tatarstan, Kazan, 2003, pp 25-26.
8. Ötemiş Hacı, **Çengiz-Nâme**, ed. By İ. Kemaloğlu, TTK Press, Ankara, 2018.
9. George Vernadsky, **Moghollar ve Ruslar**, translation E.B. Özbilen, Ötüken Press, İstanbul, 2007.
10. Roman Pochekaev**,** "The Golden Age of the Ulus of Jochi: The Rule of Öz Beg and Jani Beg"**, The Golden Horde In World History**, University of Oxford, Kazan, 2017, pp 239- 259.
11. Pavel Petrov, "Jochid Money and Monetary Policy in the 13–15th Centuries", pp. 614-630.
12. W. G. Tiesenhausen, **Altınordu Devleti Tarihine Aid Metinler, I**, Translated by İ. H. İzmirli, İstanbul, 1941.
13. A.Yu. Yakuboskiy, **Altın Ordu ve Çöküşü**, Translated by H. Eren, TTK Press, Ankara, 1992, pp. 116.
14. George Vernadsky, **Mogholla ve Ruslar**, Translated by E.B. Ozbilen, Ötüken Press, İstanbul, 2007

ӘОЖ 94 (574)

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. АЛТЫН ОРДАНЫҢ КҮШЕЮІ. АЛТЫН ОРДАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Бекмұратов Е.
Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Мақалада далалық отырықшы аймақтар, Алтын орда мемлекеті, Шыңғыс хан жаулап алушылығынан кейінгі құрылған мемлекеттер жайы баяндалады

1227 жылы Шыңғысхан қайтыс болды. Ол өлгеннен кейін 1235 жылы Қарақорымда өткен монғол ақсүйектерінің құрылтай жиналысы Шығыс Еуропаға жаңа жорық жасауға шешім қабылдады. Монғол әскерлерін Шыңғысханның мұрагер немересі, Жошының екінші ұлы Бату басқаратын болды. Бату әскері 1236 жылы Камадағы бұлғарларды, мордваларды талқандап, 1237 ж. орыс мекендеріне келіп шүйлікті. Рязань, Мәскеу, Владимир түбінде монғол әскерлерімен кескілескен ұрыстар жүрді.

1239 жылдың басында монғол әскерлері Еділ өзенінің ту сыртынан орыс жеріне екінші жорыққа аттанды. Қызу ұрыстар жүргізе отырып, монғолдар Переславль қаласын, онан кейін Чернигов қаласын алып, оны өртеп күлге айналдырды. 1240 жылдың күзінде Бату Киевті талқандады, олар Польша, Венгрия, Чехияны және басқа да елдерді басып алды.

Батудың екпінді жорығы барысында монғолдар кен байтақ жерге ие болды. Оның шегі батыста - Днестрге, шығыста - Ертіске, Солтүстікте - Батыс Сібір ойпатына, Оңтүстікте - Солтүстік Кавказға дейін жетті. Бату иеліктерінің құрамына оңтүстік-шығыста Солтүстік Хорезм мен Сырдарияның төменгі жағындағы жерлер енді. Оңтүстік орыс княздіктері де Батуға тәуелді болды. Осындай аса зор мемлекет шығыс деректемелерінде Көк Орда, ал орыс жылнамаларында Алтын Орда деп аталды. (Карта қою керек) Астанасы алғашында Еділ бойындағы Сарай Батуда болса, Кейін Сарай Беркеге көшірілді. Алғашында Алтын Орда деген ұғым болмаған. Бұл атау орыс деректерінде тек XVI ғасырдың аяғында пайда болған. Өтеміс қажының «Шыңғыснама» шежіресінде бұл туралы аңыз бар. Алтын Орда халқы этникалық жағынан біркелкі болған жоқ.Отырықшы аймақтарда- Еділ бұлғарлары, қала қыпшақтары, орыстар, армяндар, гректер, ежелгі хазарлар мен алан ұрпақтары, хорезмдіктер тұрды.Далалық өңірді **н**егізінен мал шаруашылығымен айналысқан түркі тілдес қыпшақ, қаңлы, найман, қоңырат, керей, т.б. тайпалар мекендеді. Дешті Қыпшақ төңірегі мен Еділ бойына қоныс

аударған монғолдар аз болған жоқ. Олар кейін жергілікті түркі тілдес халықтармен сіңісіп кетті.

Алтын Орда өзін билеген хандары– Бату -1243-1255 жж, Берке -1257-1266 жж., Мөңке-Темір -1266-1280 жж., Төле Мөңке- 1280-1287 жж., Төле-Бұқа -1287-1291 жж., Тоқа-Темір -1291-1312 жж., Өзбек 1312-1342 жж., Жәнібек-1342-1357 жж., тұсында қуатты кемеліне келіп, билігі мейлінше күшейе түсті. Егер Жошы мен Бату Монғолиядағы ұлы ханға белгілі бір дәрежеде бағынышты болса, Беркеден бастап Алтын Орда хандары өздерін тәуелсізбіз деп есептеді. Ол Батыс Еуропамен, Мысырмен, Кіші Азиямен, Үндістанмен, Қытаймен сауда-саттық жүргізді, әр түрлі кәсіпшілікпен айналысып, қолөнерді дамытты. Беркенің кезінде Алтын Орда мен Египет сұлтаны Бейбарыс арасында байланыс күшейе түсті. 1262 жылы Бейбарыс Алтын Орда ханы Беркемен өзара достық қарым қатынас орнату үшін өз елшісін жіберді. Мұнан кейін екі ел арасында әскери, сауда, діни, мәдени байланыстар орнады.

Берке хан тұсында Алтын Ордаға ене бастаған ислам діні кейін Өзбек хан тұсында үстем дінге айналды. 1312ж. Өзбек хан исламды Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялады. Алтын Орданың гүлденген мезгілі осы Өзбек хан (1312-1342жж.) мен оның баласы Жәнібек ханның (1342-1357жж.) билік еткен тұстары болды. Өзбек хан қалаларда медресе салдырып, мұсылмен дінінің таралуына септігін тигізді.

Саяси өмірдің ерекше маңызды кезеңдерінде билеуші Шыңғысхан әулетінің өкілдері бастаған феодалдық алпауыт бектердің құрылтайы шақырылып тұрды. Мемлекет құрылысы әскери негізде болды. Қарулы күштер оң қол, сол қолға бөлініп, оларды ханзада-ұғландар, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасы басқарды. Аса маңызды әлеуметтік қызметтерге билеуші топтың өз адамдары – ұғландар, әмірлер, даруғабектер қойылды. Мемлекеттік мекемелердің басында атақты билер мен олардың көмекшілері – бақауыл, тұтқауыл, жасауыл, қази, муфти, диуан игітіршілері, тамғашы, тартынақшылар отырды. Қалалар мен бағынышты аймақтарды басқару үшін даруғашылар (даруғабектер), басқақтар тағайындалды. Олардың негізгі міндеті жергілікті халықты бұғауда ұстау, әскердің күшімен алым-салық жинау еді. Алтын-Орда халқының қоғамдық және мәдени даму дәрежесі әркелкі болды.

Монғолдар жаулап алған елдерін арнайы тағайындалған әкімдер-даруғашылар мен тамғашылар арқылы басқарды. Басқа елдердегі сияқты, монғолдар бұл жерлерде де басқарудың бұрынғы жүйесін өзгерткен жоқ. Жергілікті басқару қызмет орындарының көпшілігінде бұрынғыша жергілікті феодалдар болды, бірақ оларды монғол шенеуніктері қадағалап отырды.

Қазақстан жеріне монғолдар Шыңғысханның құқық нормаларын «Ясыларын» енгізді, онда феодал шонжарлардың артықшылықтары белгіленді. Ол бойынша жергілікті халық соғыс жорықтарына қатысу үшін әрбір он үйден (түтіннен) бір жауынгер беруге міндеттелді. Бүкіл халықтан хан әулетіне сыбаға тиіс деп есептелді және оларға ауыр алымдар мен міндеттемелер түсіп отырды. Көшпелі мал өсірушілер копчур деп аталатын салық төлеуге тиісті болды, оның мөлшері жүз бас малдан бір бас мал беру. Егіншілерден де астықтай салық алынды-әрбір он тугар егістен қазына пайдасына бір тугардың

өнімі, кейбір жерлерде харадж(жер салығы) алынды. Зерттеушілер жер-жерден жаппай алынған, монғолдар белгілеген салықтың кемінде 20 түрін атап көрсетеді.

Алтын Орда хандығы берік мемлекеттік бірлестік бола алған жоқ, оның әлеуметтік және мәдени даму дәрежесі әртүрлі, экономикалық негізі төмен болды. Феодалдық қатынастар дамыған сайын ішкі-сыртқы байланыстар шиеленісе түсті. 1342-1357 жылдары Алтын Орданы билеген Жәнібек хан өлгеннен кейін, Шыңғыс тұқымынан тараған билеуші топтар арасындағы хан тағына таласқан феодалдық қырқыс өріс алды. Бір кезде күшейіп дәуірлеген Алтын Орда мемлекетін іштегі алауыздық жегідей жеді. Тек 1357 -1380 жылдар арасында Алтын Орда тағында 25 хан ауысты. Оған қоса Алтын Орда қарауындағы езілген бұқара халықтың азаттық күресі өрістеді. XIV ғасырдың аяқ кезінде Мәуереннахр билеушісі Әмір Темірдің күшті шабуылдары да Алтын Орданы әлсіретпей қоймады. 1380 жылы Куликово даласында Мамай хан бастаған монғол әскерлерін талқандаған орыс княздары Алтын Ордадан тәуелсіздік алды. Алтын Орда тарихында «дүрбелең кезең» басталды. Осындай қат-қабат қайшылықтар мен тартыстар нәтижесінде әлсіреген Алтын Орда XV ғасырдың ортасында ыдырап, бірнеше дербес мемлекеттерге бөлініп кетті. Алтын Орда Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Сібір, Қазан, Қырым, Астрахань хандықтары болып бөлініп кетеді. Хорезм Ақсақ Темір мемлекетінің құрамына кірді. Сөйтіп экзогенді (ішкі) және эндогенді (сыртқы) факторлар нәтижесінде Алтын Орда мемлекеті күйреді.

Монғол шапқыншылығы жергілікті халықтар мен елдердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына орасан зор шығын әкелді. Елдің саяси және мәдени байланыстарын үзіп, шаруашылығын күйретті. Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыстағы отырықшы, қала мәдениеті мен егіншілігі гүлденген аудандары тапталды. Қалалар мен елді мекендер Отырар, Сауран, Сығанақ, Жент сияқты ірі орталықтар қиратылып, Жетісу бойындағы қалалар құрып кетті.

Зерттеушілір монғол шапқыншылығы қазақ халқының қалыптасуының аяқталуын екі жүз жылға кешеуілдетті деп есептейді.

Әрине, кез-келген сырттан таңылған әскери іс-қимыл басқыншылық (агрессивті) соғыс болып саналады. Оны еш сылтаумен ақтауға болмайды. Шыңғысханның батысқа жорықтары да ғылымда өзінің тиісті бағасын алған.

Солай бола тұра, тарихтан белгілі мына бір жағдайларды да естен шығармағанымыз жөн. Империялар тарихына шолу мынаны дәлелдеп отыр. Қарудың күшімен құрылған мемлекет жергілікті халықтың топтасуын жеделдетіп, оның өз тәуелсіздігі үшін толассыз күрес жүргізіп, міндетті түрде, ерте ме, кеш пе өз мемлекетін құруына алып келеді. Империя саясаты осыған итермелейді. Шыңғыс хан негізін қалап, ұрпақтары жүзеге асырған Монғол империясының (Алтын Орда) тағдыры да осылай аяқталды. Соның бір көрінісі Қазақстан аумағындағы XIY-XY ғғ. құрылған феодалдық мемлекеттер (Шыңғысхан ұрпақтарының құрған мемлекеттері), Қазақ этносының қалыптасуының аяқталуы мен Қазақ хандығының (қазақ хандары Шыңғыс-Жошы-Орда Ежен ұрпақтары) құрылуы болды.

Алтын Орданың күйреуімен монғолдардың қол астында болып келген көптеген ұлыстар мен елдер дербес тәуелсіз мемлекеттер қатарына шықты. Осындай тәуелсіздікке ие болып Қазақстан жерінде жергілікті этникалық негізде пайда болған ірі мемлекет - Ақ Орда хандығы. 1227 жылы Жошы ханның қайтыс болуымен билік оның екінші ұлы Батудың қолына өтті. Бұл туралы Әбілғазының «Түрік шежіресінде» мынадай дерек кездеседі: «Жошы ханның өлімін естіген Шыңғыс хан қайғы жамылып, аза тұту жариялады. Ол Отчигинге Дешті Қыпшаққа аттанып, Жошы ханның орнына Сайын хан деген лақап атпен белгілі, оның екінші ұлы Батыны сайлап, оның бұл дәрежесін ағалары мен бүкіл әмірлеріне мойындатуды бұйырды... Бәрі бірауыздан оның билігін мойындады». Мұрагерлік мәселесіне қатысты бұл шешім жөнінде Рашид ад-дин «Орда інісі Батының хан тағына отыруын қолдап, әкесінің тағына оны өз қолымен отырғызды», - деп жазды. Бату Шығыс Еуропаға жасаған жорығынан оралған соң өз ұлысын әке ордасынан бөліп алды. Өз ордасының батыс шекарасын Жайықпен шектеп, одан шығысқа қарайғы жерлер ағасы Орда Ежен билігіне өтті. Ақ Орданың негізін қалаған да осы Орда Ежен. Рашид ад-дин: «кімде-кім Орда ұрпағынан келіп, Баты ұрпақтарының орнына хан болып отырмайтын, өйткені олар бір- бірінен алыста болды және әрқайсысы өз ұлысының жеке билеушілері саналды», - деп көрсетеді. Ақ Орда алғаш құрылған кезде Алтын Ордаға формальды түрде тәуелді иелік болып есептелді, ал іс жүзінде өз алдына тәуелсіз саясат жүргізіп отырды.

Ақ Орданың шекарасы батыста Жайық өзенінен шығыста Ертіске, солтүстікте Батыс-Сібір ойпатынан Сырдың орта шеніне дейін созылып жатты.

Ақ Орданың негізгі халқы ерте заманнан осында мекендеген түркі қыпшақ тайпалары, сондай-ақ Алтайдан қоныс аударған наймандар, қоңыраттар, керейттер, үйсіндер, қарлұқтар болды.

Ақ Орданы билеген Орда Еженнің ордасы алғашында Ертіс алқабында Алакөл маңында, яғни әкесі Жошы ханның алғашқы қоныстарында болды.Ақ Орда хандарының кестесіне сүйенсек онда он бір хан билік құрған.Оларды билеген уақытына қарай мынадай ретпен тізеді: Орда Ежен, Күнқыран, Қоныш, Баян, Сасы-Бұқа, Ерзен, Мүбарак, Шымтай, Ұрысхан, Қойыршақ, Барақ.

Ақ Орданың әскери-саяси күшінің шырқау шегіне жетіп күшейген мезгілі Шымтайдың мұрагері Ұрыс ханның тұсы. Осы кезде Алтын Орда тағы үшін болып жатқан билікке таластан Ақ Орда билеушілері де шет қалмады. Ерзен мен Мүбарак хандар тұсында Ақ Орда Алтын Ордадан оқшаулана бастады. Мүбарак хан 1327-1328 жылдары өз атынан Сығанақ қаласында теңге соқтырған. 1361 жылы Ақ Орданың билеушісі болған Ұрыс хан өз жағдайын біраз күшейтіп, енді Алтын Орда тағына отыруға күш салды. 1368-1369 жылдары өз атынан Сығанақ қаласында теңге соқтырады. Сөйтіп, 1374-1375 жылдары Еділ бойымен жорыққа шыққан ол Сарайды өзіне қаратып, Хажы-Тарханды (Астраханды) қоршауға алды. Кама бұлғаларының жерін бағындырды. Бірақ Ұрыс ханның үстемдігі ұзаққа созылмай, 1376 жылы ол Еділ бойынан кетіп, Алтын Ордадағы билікті Мамайға беруге мәжбүр болды. 1377 жылы Ұрыс хан қайтыс болып, Ақ Орда иелігі оның баласы Темір Мәлікке көшкенді. Бірақ осы кезде Маңғыстау Үстіртінің билеушісі - Жошы әулеті Түй

Хожаның баласы Тоқтамыс Орта Азия әміршісі Ақсақ Темірге сүйеніп, Темір Мәліктің әскерін талқандайды, сөйтіп 1379 жылы өзін Ақ Орданың ханы деп жариялады. Ақ Орданың көптеген әмірлерінің қолдауына ие болған ол 1380 жылы Сарайды, Хажы-Тарханды, Қырымды және Мамай ордасын басып алды. Тоқтамыстың бұл табысы орыс жеріне басып кірген Алтын Орда ханы Мамайдың 1380 жылы Куликово даласында орыс әскерлерінен жеңілуі нәтижесінде мүмкін болды. Тоқтамыс мұнымен тоқтаған жоқ, осыдан кейін ол Әмір Темірдің қамқорлығынан босануға тырысады. Бірақ 1388, 1391 және 1395 жж. Ақсақ Темірдің Тоқтамысқа қарсы жасаған аса үлкен үш жорығынан кейін Алтын Орда құлдырады. Темірден жеңілген Тоқтамыс Сібірге қашып кетті. Оны 1406 жылы Сібір ханы Шәдібек өлтірді.

Темірдің басқыншылық соғыстарының нәтижесінде және ішкі талас-тартыстан X1Vғ. соңы –XV ғ. бас кезінде Ақ Орда да әлсіреді. Барақ хан ішкі талас-тартыстар мен сыртқы шабуылдарды тоқтата алмады. 1428 жылы Барақтың өлімінен кейін маңғыттық Едіге ұрпақтары Шығыс Дешті Қыпшақтың біраз бөлігіне өз билігін таратса, солтүстікте шайбаниліктер бас көтере бастады. Шайбанилік Әбілқайыр хан XY ғ. ортасында Ақ Орданың біраз жерлерін басып алды. Биліктен айырылған Орыс хан ұрпақтары оңтүстікке, Сыр бойына қарай ығысты. 1446 жылы Әбілқайыр Ақ Орданың астанасы болған Сығанақты басып алды.

XIV ғасырдың ортасында Шағатай әулеті мемлекетінің ыдырауымен, оның шығыс бөлігінде Моғолстан мемлекеті құрылды. Бұл мемлекеттің негізін қалаған Шағатай ұрпағы Дува ханның немересі Тоғылық-Темір хан (1348-1362 жж.) еді. Моғолстан тарихы бойынша құнды дерек көзі «Тарих и- Рашидиде» бұл туралы мынадай мәлімет бар: «Моғол тілінде (шежіреде) ханды әмір Поладшы он алты жасында әкелді деп айтылады. Он сегіз жасында (Тоғылық Темір) хан болды, 24 жасында мұсылман болды, ал 34 жасында өлді». Дегенмен деректер негізгі саяси билік дулат тайпасының өкілі әмір Поладшының қолында болды деп көрсетеді.

Моғолстан Шығыс Түркістаннан бастап Жетісу өңірінен Оңтүстік Сібірге дейінгі көлемі зор, таулы-тасты, өзенді-көлді, ашық далалы, орман-тоғайлы жерлерді мекендеген түркі тектес тайпалардың басын қосты. «Моғолстан» тарихи термині «монғол» атауынан шыққан. «Монғол» есімі Орта Азия мен Қазақстанда түрік және парсы тілдеріндегі тарихи туындыларда «моғол» деп айтылып жазылатын болған.

XIV-XV ғасырларда Моғолстан құрамына Түркістан, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан және Орта Азияның кейбір аймақтары кірді. Мұхаммед Хайдар Дулатидың көрсетуінше, Моғолстан аумағы төмендегідей болды: «Қазіргі уақытта Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен ені жеті сегіз айлық жол болады. Оның шығыс шекарасы қалмақтардың жері Барыскөл, Емел және Ертіске тіреледі. Солтүстігінде Көкше теңіз (Балқаш), Бум Лиш және Қараталмен, батыс шекарасы Түркістан мен Ташкент және оңтүстігінде Ферғана, Қашқар, Ақсу, Тұрфанмен шектеседі. Осы төрт шекаралас аймақтың ішінен мен Моғолстанның оңтүстік аймағын көрдім. Ташкенттен Әндіжанға дейін он күндік жол. Әндіжаннан Қашқарға дейін жиырма күн, ол жерден

Ақсуға шейін он бес күндік жол... Қалған үш жағын көрген жоқпын. Сол жаққа барып келіп жүргендерден есіттім, олардың айтуынша ол шекаралар ұзындығы жеті сегіз айлық жол...». (Карта қою керек)

Ол жергілікті түрік және түріктенген монғол тайпаларының мемлекеттік-саяси бірлестігі еді. Оған кіретін тайпалар: дулаттар, қаңлылар (бекшіктер), керейттер (керейлер), арғындар (арғинут), баириндер, арлаттар, барластар, булғашылар және басқалары. Кейбір тайпалардың, мәселен, үйсіндердің аты аталмағанымен, олардың да осы бірлестікте болғанына ешбір күмән жоқ.

Сонымен XV ғасырдың орта шенінде Жетісу, Қырғыз жерлерін қамтып жатқан Моғолстан мемлекетінің құрылуы Дешті Қыпшақты біріктірген Ақ Орданың пайда болуымен қатар жүзеге асқан Қазақстан тарихындағы маңызды оқиға болғаны даусыз. Моғолстан ордасының орталығы - Алмалық қаласы болды.

Тоғылық Темір мұсылман дінін мемлекеттік дін ретінде қабылдайды. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің жазуынша бір күнде 160 мың адам ислам дінін қабылдаған. Ханның бұйрығы бойынша исламды қабылдамаған әмірлер мен бектер өлім жазасына кесілген.

Бұрынғы Шағатай ұлысының жерлеріне толық билік жүргізуді көксеген Тоғылық-Темір Мәуереннахр өлкесін Шыңғыс әулеті Денішмендінің атынан билеп отырған Қазағанның көзін құртуды, сол арқылы бұл өңірді Моғолстанға қосып алуды ойлады. Сөйтіп ол 1358 жылы астыртын кісі жіберіп Қазаған әмірді өлтірді. Бір жыл өткеннен кейін үлкен соғыстардың бірінде Қазағанның мұрагері, оның ұлы Абдолла да қаза тапты. Осыдан кейін Мәуәреннахр бірнеше тәуелсіз облыстарға бөлініп кетті. Бұл жағдайды пайдаланып қалуды көздеген Тоғылық-Темір 1360 жылы оларды бағындыруға кірісті. Бұл кезде Орта Азияның болашақ әміршісі Ақсақ Темір өзінің шағын тобымен Кеш қаласының әміріне қызмет етіп жүрген болатын. Тоғылық Темір Кешті алып, оны басқаруды Темірге тапсырды.

1361 жылы Мәуереннахрға екінші рет шабуылға аттанып, оны бағындырған Тоғылық Темір оған билеуші етіп баласы Ілияс-Қожаны қалдырды. 1362 жылы Тоғылық-Темір қаза тауып, Ілияс-Қожа Моғолстанға оралды. Мәуереннахрға билеуші болып Қазағанның немересі Хұсайын тағайындалды.

Ілияс Қожаның Моғолстанға қайтуын пайдаланған Әмір Темір Мәуереннахрдағы билікті өз қолына алу үшін Ілияс Қожаға қарсы шығады. Алғашқы қақтығыстарда моғол ханы жеңіліске ұшырайды. 1365 жылы 22 маусымда екі жақтың арасында шешуші «Батпақ шайқасы» болады. Кескілескен шайқаста екі жақтан 10 мыңға жуық адам қырылады. Бұл шайқаста Ілияс Қожа хан жеңіске жетіп, Әмір Темір қашып құтылады. Осы жеңісінен кейін Моғол ханы Самарқанға қарай аттанады. Самарқан халқы ерлікпен шайқасады. Қаланы алудың мүмкін еместігіне көзі жеткен моғол ханы кейін қайтуға мәжбүр болады.

XIV ғасырдың аяғында Әмір Темір Моғолстанға бірнеше дүркін жорықтар жасайды. Алғашқы жорығы 1371-1372 жылдары болады.

1428 жылы Уәйіс хан қайтыс болды. Хандық билік үшін талас оның балалары Жүніс пен Есен Бұға арасында өрбіді. 1433 жылы Есен Бұға дулат әмірлерінің қолдауымен хан тағына отырады. Ол 1462 жылға дейін билікте отырды.Моғолстан хандығы Жүніс ханның немересі Абд ар-Рашид ханның кезінде ыдырай бастады.

Моғолстан мемлекетінің билеушілерін мынадай ретпен беруге болады: Тоғылық Темір – 1348-1362жж., Ілияс Қожа – 1363-1365жж., Әмір Қамар ад-дин – 1365-1389жж., Қызыр Қожа – 1389-1399жж., Шами Жахан – 1399-1408жж., Мұхаммед – 1408-1416жж., Нақш Жахан – 1416-1418жж., Уәйіс хан – 1418-1433жж., Есен Бұға – 1433/34-1462жж., Дос Мұхаммед 1462-1468/69 жж., Жүніс – 1469- 1487 жж. Жүністен кейін Моғолстан бірнеше иеліктерге бөлініп, оларды келесі сұлтандар басқарды: Ахмет сұлтан, Махмұд сұлтан, Хадид сұлтан, Мансұр сұлтан, Саид сұлтан. Одан әрі Моғолстан біржола Қазақ хандығының құрамына енді.

Егер қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы мен қазақ хандығының құрылуына XIV-XV ғасырларда өмір сүрген этносаяси қауымдастықтардың тікелей қатысы бар десек, мұның Моғолстанға да байланысты болғандығы. Біріншіден, Моғолстан мемлекеті оңтүстік-шығыс Қазақстан аумағын қамтыды, екіншіден, оның негізгі халқы қазақ этносын құраған басты тайпалар үйсін, дулат, қаңлы, албан, суан, жалайыр, т.б. болды және Қазақ хандығы ретінде құрылған қазақ мемлекетінің шаңырағы да осы жерде қайта көтерілді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асфендияров С.Д. Қазақстан тарихы. (көне дәуірден) А., 1995.

2. Мыңжани Н. Қазақтың көне тарихы. А., 1993. 400-бет.

3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1, 2 томдар. А., 1997. 542-бет., А., 1998.

4.Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. Алматы, 1996.

5. Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий.СПб., 2005.

ӘОЖ 94(574)

АЛТЫН ОРДА ЖӘНЕ ҚАЙДУ ХАН МЕМЛЕКЕТІ (ҰЛЫ ТАЛАС ҚҰРЫЛТАЙЫ: ҰЛЫСТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ)

Асылжан Д.Қ.
Ш.Мұртаза атындағы «Руханият және тарихтану» ғылыми-зерттеу орталығы, тарихтану бөлімінің меңгерушісі
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақала XIII ғасырдың екінші жартысындағы Орта Азия мен Қазақстан аумағында құрылған Қайду хан мемлекетінің пайда болуы мен даму тарихына арналған. Алтын Орда, Қайду хан мемлекеті, Шағатай ұлыстары арасындағы қарым-қатынастар мен Тараздың астаналық қалаға айналуына байланысты шиеліскен оқиғалардың Қазақ тарихына қатыстылығы ғылыми деректер арқылы жан-жақты баяндалады. Сонымен қатар, ортағасырлық дереккөздер арқылы Ұлыстардың пайда болуының негізгі тарихнамасына да жүйелі түрде көңіл бөлінеді.

Алтын Орда дәуіріне көзқарас

Тарих тағылымында біз білмейтін тарихи оқиғалардың әлі күнге дейін сыры ашылмай келе жатқан сабақтастығы бар екенін қаншама зерттеу жұмыстарымыздан көріп жүрміз. Ұлы даланы жайлаған түркілердің тылсым дүниесі көптеген ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын шатастырып жүргені де жасырын емес. Бір ғана оқиғаның төңірегіндегі жүріп жатқан шым-шытырық тарихи дүниелердің анықталу барысының өзі қаншама ғылыми жұмыстардың негізі болғаны ақиқат. Өйткені, әрбір тарихи оқиғаны шынайы түрде ғылымға негіздеп, түп-төркінін ашу үшін де сол дәуірдің барлық жол-жосықтарын түсінуге тура келеді. Сондай әлі күнге дейін ғалымдар арасында талас тудырып, әрқилы ой-пікірдің хауызына өзек болып жүрген тарихи оқиғалардың бірі және бірегейі, бұл – барша түркі баласының басын қосқан ұлы моғол империясының ыдырауына себеп болып, ұлыстардың өз алдына жеке мемлекет ретінде қалыптасуының басты қаһарманы болған Қайду ханның Тараз қаласы маңындағы Талас өзенінің жағасында өткізген Ұлы Талас құрылтайы еді. Тарихта өзінің биік бағасын алған осы құрылтайдың тарихи деректерге негізделген оқиғалар желісін тарқатып айтсақ дейміз. Бірақ, осы ұлы оқиғаны айтпас бұрын біз кішкене артқа шегініс жасағымыз келеді. Себебі, бұл құрылтайдың не үшін құрылғаны және оның себептерінің шығу негізін білу мақсатындағы тұжырымымызды Шыңғысхан дәуірінен бері тарқатып айтсақ түсінікті болады деп ойлаймыз.

13 ғасыр әлем елдерінінің санасында ең қанқұйлы тарихи желістер мен бөрі тектес түркілердің ғаламды талап жеген тағылық әрекеті ретінда сақталып қалды. Шығыстан тозақтың жалын отындай жер бетін жайпап шыққан мұғұл

тайпаларының Еуразия даласының екіден бірін ат тұяғының астына таптап дүниені дүр сілкіндірген шапқыншылығы көптеген тайпалар мен ұлыстардың жүрегін ұшырған құбыжық қорқыныш болып елестеді. Түбі бір түркі тектес тайпалардың шашыранды басын бір арнаға қосып, қатаң тәртіп пен ұлы империя құру жолындағы Шыңғысханның көрегендігі өзі ойлағандай ұлы Тәңірінің қалауымен іске асты. 1206 жылы Алтай тауының етегіндегі Бұрқан Халдун жотасында мұғұл руларының басын қосып, өзін ұлы қаһан жариялаған Теміршын – тарихта ұлы Мұғұл мемлекетінің негізін қалады. Мұғұл мемлекетін қалыптастырғаннан кейінгі оның басты қарсыласы түркі халықтарының ортасына от салып, бір-бірімен қырқыстырып, жер бетінен жойылып кетуін ойлайтын Аспан асты елі – Қытайды жаулау болып, ендігі жорығы солай қарай бағытталды. 200 мыңдық сақадай сай қатал тәртіпке бас иген әскерлерге отырықшы мәдениеттің иелері болған Шын елін жаулау еш қиындық туғызбады. 1211 жылы басталған ұлы жорық айналдырған 4, 5 жылдың ішінде солтүстік қытай елін тас-талқан етіп жаулап алумен тынды. Ендігі Шыңғысханның жорығы Орта Азияға қарай ауды. Себебі, бұл аймақта отырған мұғұлдармен туыстас түркі тайпаларының дені де парсы-араптанып бара жатты және Хорезмшахқа жіберілген елшілерінің жазықсыз өлтірілуі де жанына тыным бермей жүргенді. Осылайша Түркілік Тәңір дінін берік ұстайтын дала оғландарына исламдық дін жат болып көрінді және бабалық «жосық» жолынан алыстап бара жатқан еді. Сол тұста Орта Азияда екі ұлы қағанат өмір сүріп жатты: бірі исламдық халифат елін бағындырып, орталық пен батыс азия елдерін уысында ұстап тұрған Хорезмшах мемлекеті болса, екіншісі сонау шығыстағы гоби шөлі мен сол даладан ауып келіп, Жетісу, Мауереннаһр, Шығыс Түркістанға иелік етіп отырған Қарақытайлар мемлекеті еді. Бір өкініштісі, өзара қырқысып жатқан осы ұланғайыр даладағы ұлы мемлекеттердің барлығы да түбі бір түркінің балалары болатын. Бірақ, бұлардың ешқайсысы да Шыңғысхандай дарынды қолбасшыны қорқыта да алған жоқ, алған бетінен қайтара да алған жоқ. Осылайша басталған ұлы жорық – 1221 жылы бүкіл Азия елдерін бағындырумен аяқталды.

Өзін ұлы хандардың ұрпағы санайтын Шыңғысхан да жаулап алған жерлерін төрт баласына бөліп берді. Үлкені Жошыға Дешті Қыпшақ даласы, Кавказ, Хорезммен бірге батыстың байтақ далаларын атының тұяғы жеткен жеріне дейін иеленуге берді. Екінші ұлы Шағатайға Мауереннаһр, Жетісу, оңтүстік азия елдері мен үндіге дейін билеуді тапсырды. Үшінші ұлы, тақ мұрагері Үкітайға бүкіл мұғұл мемлекетінің билігі мен осы мемлекеттің барлық жері оның мұрасы болып есептеліп, Тарбағатай, Еміл, Шығыс Түркістан жерлерін берді. Ал, төртінші ұлы Төлеге атақонысы мұғұл жерлері мен Ібір-Сібір, Қиыр Шығыс жерлерін мұраға қалдырды. Осы территориялық бөліністерден әлем тарихында бұрын-соңды болмаған ұлттар мен ұлыстардың жекелеген тарихы мен мемлекеті қалыптасатынын дәл сол кезде ешкім болжай алған жоқ. Басында бәрі бір атаның баласындай бір мемлекетке бағынып, бір тілде сөйлеп, бір ғана мақсат-мүддеде болған тайпалардың ара-жігі Шыңғыстан кейінгі төртінші қаһан болған Мөңке ханның тұсында мәңгілікке бұзылды. Мәңгі елдің мәңгілік аспаны мен дархан даласында қан судай ақты. Бұған

себепші болған да сол Шыңғыс хан ұрпақтарының бабасы айтқан өсиеті мен ата заңы болған «Жосық» заңын бұзу арқылы бір-біріне қарсы шығуы еді және әр сұлтанның өз билігін шексіздікке бастау арманынан басталғанды. Үлкен ұлы Жошыға тиген аумақ ұлы империяның ішіндегі ең үлкені болды. Қазіргі қазақ даласы мен орыс, бұлғар, кавказ, қырым, шығыс европа жерлерінің барлығы дерлік осы ұлысқа қарады. Әсіресе, Шыңғыс ұрпақтары арасында үлкен беделге ие болған Бату хан тұсында мемлекет аумағы тіптен кеңейді және Батудың тіккен алтын шатырына орай, бұл аймақ - Алтын Орда деп аталды. Сол дәуірдің жылнамашыларының айтуына қарағанда Бату хан өте қатал да ақылды, көреген де жомарт болып сипатталады. Европа мен Азияның көптеген елдері Бату ханды ұлы хан санап, Шыңғыстың тағында отыр деп ойлаған. Мұның барлығы да оның абырой-атағының беделді болуымен байланыстырылды. 13 ғасырдың тумасы, армиян тарихшысы Инок Магакия өзінің қолжазбасында: «Татар әскерлерінің жетекшісі Бачу-ноян оларға кішіпейілділік пен достық пейілін білдірген соң, олар патшаның інісі, армян аспарапеті, барон Смбатты Шыңғыс хан тағында отырған Саин ханға елші ретінде жіберді. Смбат көп ұзамай Сайын ханға келді... Ол өте мейірімді еді, сондықтан халық оны Саин хан, яғни жақсы, қайырлы хан деп атады» [1. 10 б] - деген дерегінен-ақ көп нәрсені байқауға болады.

Дегенмен де, Бату хан қанша шексіз билікке еге болса да өзін жеке мемлекеттің иесі сезіне алмады әрі орталықтағы ұлы қаһанға бағынышты болды. Жосық заңын қатты құрметтейтін мұғұл тектілер үшін бұл заңдылық болатын. Бірақ та, Батудың Алтын Ордасы бүкіл Еуропа мен оңтүстік-шығыс Азия елдері үшін нағыз хан сарайының өзі еді. Ол елдер Шыңғыстың ұлы тағынан гөрі Алтын Орданың бұйрықтарына бойұсынып, соның ғана бұйрықтарын орындады. Бұл – Бату мен Алтын Орданың атақ-абыройын әлемге асқақтатты. Осындай атақ-абыройға ие болса да Бату хан ешқашан Шыңғыстың ұлы тағына таласқан емес. Осы арада бір сұрақ туады: «Хандардаың ағасы деп аталған» Бату өзі неге ұлы тақты иеленбеді?» деген. Әрине, Шыңғысханның үлкен ұлының баласы ретінде ұлы таққа отыруға оның да қақысы бар еді. Бірақ, ол өз ойын кейін мүлдем өзгертіп, тақ таласына араласпайтынын мәлімдеді. Өйткені, Бату хан сол кезеңде тіптен ұлы хандықтан дәмелі болмады. Ол тақтың ертеңгі күні уақыты жеткенде бос қалатынын және өзінің иелігінің бәрінен де үлкен ауқымға ие екенін сезген секілді, әрі өзіне тиесілі дара биліктен айрылғысы келмеді. Яғни, ұлы Мұғұл тағынан гөрі Алтын Орданың тағдыры қызықтырып, өзіне ұлы Мұғұл тағына отыру туралы ұсыныс болған кезде одан бас тартқаны себепті де аталастары оны «Хандардың ағасы» деп атап кеткен-ді. Және осы бас тартуы оның абыройы мен беделін шексіз биік шыңға көтерген еді.

Оған өзінің Алтын Ордасы мен Қыпшақ даласы ғана ұнайтын. Иә, Ұлы Қыпшақ даласы шынында да адам қызығарлықтай табиғаты керемет, ауасы таза, кең жазықты дархан пейілді шексіздігімен көз тартты, ал Бату осы сайын даланы сол бір жаннат бағында жүргендей қимайтын. Ибн Рузбиханның: «Бұл кеңістік өзендермен, гүлдермен және қызғалдақтармен жабылған, сондықтан оны Дешті Қыпшақ деп атайды... Бұл қандай Дешті Қыпшақ! Ол - жұмақтың

жалғасы. Оның өрістері мен далалары Иранның бақтарынан асып түседі. Дешті Қыпшақ жердің 600 фарсағына тең. Оның көп бөлігі өзендермен жабылған. Осы елдегі гүлдердің әдемілігі әсемпаз бұлбұлдың өзін есінен айырады. Оның барлық гүлдері мен қызғалдақтары әлемдегі басқа бақтардың гүлдері мен қызғалдақтарының мөлшеріне қарағанда бірнеше есе үлкен.[2. 144 б], - деп тамсана жазғаны осыған дәлел бола алады.

Дегенмен де Бату ханның бүкіл мұғұл мемлекетіндегі саяси жағдайларға әсер ету ықпалы өте күшті болды. Ұлы хандыққа таласпаса да ондағы тақ таласының тарихи жағдайларына әрқашан араласып отырды. Тіптен, ұлы қағанның өзі де Алтын Ордамен санасып отыратын жағдайға жеткен-ді. Ал бұл өз кезегінде Батудың ұлы ханнан еш кем еместігі мен оның абырой-беделін әлемге паш етіп жіберді. Күйік ханның өзі де қанша үлкен тақта отырса да, Батуға деген іштей кегі бола тұрып, оған деген қарсы жауласу әрекетіне мың ойланып, мың толғанып барды. Себебі, оның бұл қадамына басқа ханзадалардың Батудың сөзін сөйлеп, өзіне қарсы шығып кетуінен қорықты әрі жеңіске жете алам ба, жоқ па деген ойдан да қатты жасқанған-ды. Міне, осы бір тарих сабақтарының өзі Алтын Орданың қаншалықты ірі мемлекетке айналғандығын да дәлелдеп берді. Шыңғысханның басқа балаларының жеке иелікке ие болуы мен оны күшейтуі жолындағы барлық іс-әрекеттерінің алға жылжуына да міндетті түрде Алтын Орданың ықпалы болды. Батудан кейін таққа отырған Берке ханның да Шағатай, Құлағу, Қайду ұлыстарының дамуы мен өркендеуінде маңызды рөл атқарды және ұлы тақтың иесі санайтын Құбылайдың өзі де оның барлық әскери жорықтарын іштей бақылап отырды әрі Алтын Ордамен татулық, алыстан араласу, қақтығысқа бармау сияқты саяси қағидаларды қатаң ұстады. Алғашқы кездерде барлық ханзадалар мен ұлыстар Қарақорымдағы ұлы ханға бағынып отырғанымен, кейіннен бірте-бірте жеке тізгінді қолдарына алып іштей бөлектене бастайды. Ол бөлшектенудің астарында хандар мен сұлтандардың жер таласы, бақ таласы, тақ таласы сияқты алауыздық тірліктерінің бір ортаға біріге алмайтын ой-толғаныстары жатты. Ұлыстардың өз алдына хандық құрып, дара билікке ұмтылуының алғышартына Үкітай қағанның кезеңінде-ақ бірінші болып Алтын Орда жетті.

Жосық заңының бұзылуы: таққа талас.

Бату ханның билігі

Осылайша әлемді билеген Үкітай хан да 1241 жылы артына жақсы атағы мен ұлы билігін тастап атасы сияқты өмірден өтеді. Таққа Үкітайдың үлкен ұлы Күйік хан 1246 жылғы құрылтайда мұғұл ақсүйектерінің бірауыздан қолдауымен отырады. Бірақ, бұл құрылтайға Бату хан әртүрлі желеу айтып бармады. Оған себеп, Батудың Күйікке іштей наразылығы болса керек. Рашид ад-Диннің жазған дерегі бойынша, олар алғашқы европа жорығында-ақ бір-бірімен сөзге келісіп қалған. Бүкіл батысқа жортқан жорықтың қолбасшысы болып, Үкітай қаған бұйрығымен Бату тағайындалғаны белгілі. Сол жорықта орыс еліндегі бір үлкен жеңісте олжаларды бөлісу кезінде Күйік Батуды тыңдамай қояды. Осы қылығы үшін Бату ұлы қаған Үкітайға шағым айтады. Жорық кезінде бір басшыға бағынбай алауыздық тудыратын мұндай тірлікке қатты ашуланған Үкітай қаған Күйікті өз балам демей, Батудың бұйрығына

бағыну керектігін ескерткен зілді бұйрығы үшін Күйік Батуға деген бір алалығын іште сақтап қалғаны айтылады. Сонда да, Күйік хан оның Шыңғысхантектілердің ішіндегі ең абыройлысы, үлкені екенін ескеріп, үш рет шақырғанда да ол аяғының ауратынын айтып, алыс жолға жүре алмайтынын желеу етумен бармай қалды. Күйік хан мұны «өзіне деген құрметіне бас имегені» деп түсініп, оның бұл әрекетіне қатты ашуланады. Әрине, оның ұлы хан құрылтайына жалғыз өзі бармай қалуына жоғарыдағы себептер әсер етті деуге бола қоймас, дегенмен де, Бату ханның не себепті бұлай істегені тарихтың біз білмес құпия беттерінде жазылып қалмағаны өкінішті. Әйтеуір, осы бір құрылтайдың Батусыз өтуі Күйіктің жан-дүниесіне ауыр тигенді. Енді ол Батуға деген іштей кегін де сақтап, қалай да оны жазалауды ойға алады. Сөйтіп, әскери қатаң тәртіпте жасақталған шерумен құпия түрде жер жаннатын іздеп жүрген жандай Батуға қарай көш бетін түзеп аттанады. Мұны білген Төленің әйелі жасырын түрде Батуға хабар береді. Оның да себебі бар еді. Өйткені, Бату хан Төленің хатуны, Мөңке ханның анасы Сарықұқтан бегіммен жақсы қарым-қатынаста болатын. Бұл хатун Үкітай хан тұсында Батуды көп қолдаған және оған шексіз биліктің иесі болуына көмектескен-ді. Рашид ад-Дин мұны: «Бату, барлық туыстардың ішінде ең үлкені болды және Күйіктің шақырғанына аяғым ауырады деп келмеді. Күйік оған осы үшін қатты ренжіді де одан кек алуды көздеп, «Еділ өзенінің салқын ауа-райы менің кеселім үшін жақсы ем болады» деген сылтаумен, сол жаққа қарай бет бұруға шешім қабылдады. Күйіктің Батуға деген арам пиғылын сезген Сорқұқтан бегім оған құпия хабарлама жіберіп, Батуға алдын-ала ескерту жасап үлгереді» [3. 112]– деп жеткізеді.

Бірақ, Тәңірдің мұны құп көрмегені болды ма, Күйік хан 1248 жылы көктем шыға Талас пен Самарқан арасындағы кең далада ауруы асқынып, діттеген жеріне жете алмай қайтыс болады. Міне, дәл осы жерден тақ мұрагері арасындағы қаһан заңдылығы бұзылған еді. Үкітай қаһан көзі тірісінде өзінің үшінші ұлы Кучу атты баласын таққа мұрагер етіп тағайындаған болатын. Бірақ та, ол баласы Үкітай ханның тірі кезінде жастай қайтыс болады да, ұлы хан оның ұлы Ширамунға қара шаңырақты қалдыратынын мәлімдейді. Яғни, қара шаңырақ кімде қалса сол адам тақ иесі болып шығады деген сөз. Ал мұғұл ақсүйектері Үкітай хан өлгенде Ширамунның әлі жас екенін желеу ете отырып, талай соғыста өнері өрге тасыған, тісқаққан Күйікті ұлы қаһан етіп сайлап жібереді. Бұған себеп болған Күйіктің анасы, Үкітай ханның әйелі, қаһанның өлімінен соң мемлекетті төрт-бес жылдай билеген Туракина хатун еді. Оның беделі ұлы хан ордасы мен бүкіл хан ұрпақтарына жүріп тұрған-ды. Ол хатун Ширамунды әлі жас, қарым-қабілеті жоқ деп шеттетіп, барлық нояндар мен әмірлерді өз жағына қаратып алады. Бірақ бұл Үкітай ұрпақтары үшін онша бас қатыратын шаруа болмады, себебі, аталарының заңды өсиеті бойынша тақта Үкітайдың ұрпақтары отыру керек болатын және солай жалғасып келе жатқан-ды. Сондықтан да олар бұған мән бермеді және әрі қарай да осылай Үкітайдың ұрпақтары, мейлі, қайсы болса ол болсын, отыра береді деп сенді. Ал, тақ үшін алдын-ала ойластырылған сұлтандардың арам пиғылдарында бұл ертең үлкен өзгерістердің бастауы болатынын және Үкітай ұрпақтарының бетіне салынатын

себеп-салдарға айналатынын олар еш ұғынған жоқ. Ондайды ойлау ешкімнің ойына да келген жоқ. Сол себепті, Үкітай ұрпақтарынан жеке бір территориялық иелікке еге болу да, сол арқылы өзінің жеке-дара билігін қалыптастыру да саналарына кіріп шықпады. Бұл – олардың ертеңгі күндері тарих бетінен мүлдем жойылып кетуіне алып келетін, мұрагерлік былай тұрсын, жеке бір хандықтың да иесі бола алмайтын дәрежеге жеткізетінін қайдан білсін.

Нағыз дүрбелең Күйік хан өлген соң басталды. «Таққа кім отырады» деген сұрақ Шыңғыстекті ақсүйектердің барлығының ойын мазалап, жан-дүниелеріне тыным бермеді. Өз алдына билік жүргізіп, өзіндік ұлыстарын басқарып, жеке биліктің дәмін татқан Жошы ұрпақтары: Бату хан, Берке хан, Беркежар, Шағатай ұрпақтары: Мутуген, Сарабон, Есу-мункей, Қара Құлағу, Үкітайдың ұрпақтары: Күйік, Қашы, Қарашар, Ширамун, Төленің ұрпақтары: Мөңке хан, Құбылай хан, Құлағу хан секілді айбынды қолбасшылардың бәрі де ұлы тақтан дәмелі болды. Есіл-дерттері ұлы бабасының тағына отыратын адамның кім болатындығы. Дәл осындай сәтте Бату хан барлық ақсүйектерді өзінің алтын ордасына ақылдасу үшін шақырады. Бірақ бұған Үкітайдың, Шағатайдың, Күйіктің ұрпақтары келіспей, сонау сайын далаға барудан бас тартады. Олар: «Шыңғысхан бабамыздың ұлы атақонысы мен астанасы да Онон мен Керулен жағасында. Бізге сонау Қыпшақ даласына барудың қажеттілігі шамалы [3. 129]» деп келісе алмай қалады. Келмегендеріне іштей наразы болған Батудың ауыр халін өзінің жақтасы, Төленің әйелі Сарықұқтан хатун ғана бірден сезіп, баласы Мөңкеге Батудың жағдайын сұрап келуді тапсырады. Әрине, мұның астарында үлкен саясат жатты және бәрі жасырын түрде атқарылады. Бату ордасына келген Мөңке, өзара екеуі құпия түрде сөйлескен соң, Бату мынадай жарлық шығарып, барша Шыңғыс ұрпақтарына, олардың әйелдері мен бүкіл әмірлеріне таратады: «Қазіргі кезде барлық ханзадалардың ішінде Шыңғысханның ұлы тағына Мөңкеден лайықты адам жоқ. Ол Шыңғысханның жосығы мен жарлықтарын көзбен көріп, құлағымен естіген бірден-бір тұлға. Оның ерлігі мен батырлығы, қабілеттілігі мен таланттылығы, ақылдылығы мен тапқырлығына ешбір жан сай келмейді. Ол барлық арамдық пен адалдықты көріп, Үкітай қаһанның беделіне ие болған бірден-бір ханзада. Одан лайықты адам жоқ. Сондықтың ұлы тақтың иесі сол балуға тиісті. Және ол Шыңғысханның қара шаңырағына ие болған Төленің үлкен ұлы. Сол себепті, оны қаһан тағына отырғызу керек» [3. 129].

Осылай хатты бәріне таратып жіберген соң, әр түкпірдегі ханзадалардан Батудың сөзін қолдаған шабармандар келе бастайды. Кейбір Үкітай ұрпақтары, Күйіктің ұлдары мен Шағатайдың ұрпақтарынан Ису Мөңке мен Бөрі ғана мұны қолдамайды, бірақ, басым бөлігі құп көреді. Осы кезде Бату хан Жошы ұлысынан беделді деген Орда, Шейбан, Беркені, Шағатай ұлысынан Қара Құлағуды қалың әскермен Мөңкені қорғау үшін Қарақорымға жіберіп, қалай болғанда да Мөңкені таққа отырғызып қайтуды қатаң тапсырады. Уақыты жетіп ұлы құрылтайды өткізу үшін барлық ханзадалардың жиналуы ғана қалады. Сол сәтте бұл құрылтайға Үкітай мен Күйіктің ұрпақтары және Шағатайлық Ису Мөңке мен Бөрі хандар тағы да қатыспайды. Бұлардың

Шыңғыстектілердің арасында беделі мен абыройы тым аспандап тұрған кез еді. Берке сол сәтте бірден Батуға олардың келмегені үшін құрылтайдың өтпей тұрғанын жазып хат жібереді. Артынша Батудан: «Сен оны таққа отырғыз. Жосық заңына кім қарсы шықса, оның басы алынады» [3. 131] деген інісі Беркеге жазған зілді бұйрығы бар шабарман жетеді. Осылайша арада үш жыл өткенде барып ұлы тақтың иесі анықталып, 1251 жылы Шыңғысханның алтын тағына Төленің үлкен ұлы Мөңке хан отырды. Яғни, бабалары Шыңғысханның «Жосық» заңына негізделген ұлы тақтың иесі тек Үкітай ұрпақтары болады деген қағида бұзылып, өзгеріске ұшырап, Бату ханның билігі мен ұстанымының арқасында ұлы хан тағына Төленің ұрпақтары жайғасты. Бұл өз кезегінде Үкітайдың ұрпақтарының хан тағынан шеттетілгенін білдірді және олардың ашу-ызасы мен таққа талас кекшілдігінің басталауына алып келді. Дала заңын қатты құрметтейтін және өздерінің бабасы Шыңғыстың ата заңына түбегейлі бағынатын Бату ханның қалайша мұндай қадамға барғаны және «Жосық» заңының не үшін бұзылуына себепкер болғаны әлі күнге дейін айқындалмай қалған түсініксіз жағдайда қалып, «жабулы қазан» күйінде келеді.

Ұлы ханға қастандық
Үкітай ұрпақтарының құдалауға ұшырауы

Ұлы империяның ыдырауының басы 1251 жылы Мөңке ханның Шыңғыстың ұлы тағына отырғанынан басталды. Ол таққа ие болысымен бірден Үкітай ханның ұрпақтарын құдалауға ұшыратып, бетбұрыс жасауға арналған мемлекеттік саясат жүргізді. Қалай болғанда да Мөңке ханның Үкітайдың ұрпақтарын құдалауы – олардан қорқуы мен өзіне деген өшпенділік қасіреттерінен жасқанып, басқа ханзадалармен біріге отырып қарсы шағуы мүмкін деген ойларын қалыптастырып үлгергенді. Оның бұл саясаты әрине, қарсыластарына ұнай қойған жоқ, сол себепті олар оған қалайда қастандық ұйымдастырып, оның көзін жойып, тақты мұрагерлердің өздеріне қайтарып алу әрекетіне көшті. Бірақ, Мөңке хан өзінің айналасын әскери мықты жасақпен және өзінің абыройлы туыстарымен қоршап, әрі Бату ханға арқа сүйеген саясаты арқылы беделі мен абыройын күшейтіп алғаны оның өмірін сақтап қалды. Ұлы ханға қастандықты ұйымдастырып жүрген де ұлы тақтың иесі болуға тиісті Қучудың баласы Ширамун еді. Бірақ, асығыс әрі жеткілікті түрде ойластырылмағандықтан және Үкітай ұрпақтарының бұл көтеріліске толық қатыспағандығынан бүліктің аяғы олардың жеңілуімен аяқталды. Бұл туралы орыстың моңғолтанушы ғалымы Ю.Р.Почекаев: «Үгедей немерелерінің бірі Ширамун, осы ханның ұрпақтарынан тараған басқа ханзадалармен ақылдаса отырып, өздерінен ұлы тақты тартып алғаны үшін Мөңке ханды өлтіру жайлы кеңес құрады. Ордаға келген оларды Мөңке хан үш күн жақсылап, құрметпен күтеді. Бірақ, төртінші күні Ширамунның кейбір адамдарынан қандай мақсатпен жиналғанын сұрайды. Олардың кейбірі өздерінің бүлік шығару үшін ниеттеніп келгенін өз еріктерімен мойындағаннан кейін барып, хан олардың 80-ін өлтіреді. Алайда, Ширамун мен онымен бірге болған Күйік ханның балаларын, сондай-ақ, олармен келісімде болған басқа да 420 адамды кешіреді». [4. 215 б], - деп нақтылай түседі.

Мөңке хан Ширамун мен 420 адамды өлтірмегенмен оларды жер аударады. Үкітай ханның ұрпақтарының өзіне жасаған қастандықтарына қатты шүйліккені соншалық, ұлы тақтың мұрагерлері саналған олардан бас көтеретін адам қалдырмады десе де болады. Мұның барлығы да Үкітай хан өлгеннен кейінгі тақ мұрагерлерінің арасындағы бабалары айтып кеткен Шыңғыстың «Жосық» заңының бұзылуынан өрістеді. Ұлы хан боп отырған Күйік ханның өзі де Шыңғысханның өсиет еткен «Жосық» заңдарын бұрмалай отырып, әр ұлысқа өз ханзадаларын тағайындау арқылы түбегейлі бетбұрыс жасаған-ды. О.Караев өзінің еңбегінде: «Шағатай өзінің мұрагері деп Мутугеннің ұлы Қара Құлағуды жариялайды. 1241 жылы Угедей, ал біраз уақыттан кейін Шағатай қайтыс болады.Өсиет бойынша, Шағатай ұлысының тағына Хара-Хулагу ие болды .... Үгедейдің мұрагері әрі ұлы Күйік хан (1246-1248) Хара-Хулагуды тақтан түсіріп, «Жосық» заңы бойынша ұлы тірі тұрғанда немересі тақ мұрагері бола алмайды деп жариялайды. Сөйтеді де тірі қалған Шағатай ұлдарының ішіндегі ең үлкені Есу Мөңкені Шағатай ұлысының билеушісі етіп тағайындайды» [5. 18 б], - деп дәйекті тұжырым жасайды.

Сөйтіп, Мөңке хан да Күйік хан тұсында өзгеріске ұшыраған ата-заңдарын бұрмалауды жалғастыра отырып, «Үгедей ұрпақтары саяси төңкеріс жасауға ұмтылды» дегенді сылтауратты да, барлығын жер аударып жіберді. Соның ішінде Үкітайдың беделді де белді ұрпағы Қайду да бар еді. Мөңке хан оларды бір жерге тоғыстырмай әрқайсысын әр жаққа жер аударады, ондағы ой да белгілі, әрине. Ал Қайдуды Еміл мен Қаялыққа қоныс аудартты. Себебі, Қайду бұл кезде әлі мемлекеттік саяси жүйеге араласпаған, жасы 17 жасар бозбала шақта болатын. Бірақ, Қайду хан мұнда да ұзақ болмай, ұлы хан тарапынан өзіне тағы қастандық жасалуы мүмкін екенін ескере отырып, ұлы хан ордасынан алыстау жүруді ойлайды да Шағатай ұлысының оңтүстік-батысындағы Тараз қаласына келіп тұрақтайды. Алғаш мұнда келген кезде Қайду ханда өзінің нағашы жұрты мекрин тайпасынан құралған 2, 3 мыңдай ғана әскерден басқа ешқандай күш жоқ еді. Өзінің жеке иелігі жоқ Қайдуға бұл оңай тиген жоқ. Мұның себебі, дәл сол кезде Үгедейден тараған ханзадалардың ешқайсының иелігінде толыққанды территория бомағандығынан болатын. Үгедей Ұлы қаған болып сайланған кезде, бүкіл мұғұл империясының территориясын тек өз иелігі санады да, ұрпақтары үшін Шағатай мен Жошы ұлысы сияқты орталықтандырылған хандық билікті қалыптастырмады. Үгедей, Күйік хандардың тұсында Үгедей ұрпақтары жоғары мәртебені иеленіп, әскери билікті қолдарында ұстады және әрқашан осылай бабасы Шыңғыстың өсиеті орындала береді деп ойласа керек. 1251 жылы Төленің ұлы Мөңке Ұлы қаған тағына отырып, Ұлы қағандық Үгедей ұрпақтарынан Төле ұрпақтарына көшкен кезде ғана олар өздерінде арқа сүйер нақты саяси құрылым (ұлыс) мен жеке биліктің жоқтығын сезінгенді.

Қайду ханның жеке билігінің қалыптасуы

Қайду хан – тарихшылардың айтуы бойынша 1233 жылдары ұлы ханның ордасында, Үкітайдың бесінші баласы Қашының шаңырағында дүниеге келеді. Анасы мекрин тайпасының қызы, есімі Себкина хатун болатын. Ол әкесінен

ерте айырылған соң моңғолиядағы ұлы ханның ордасында ер жеткенше тәрбиеленеді. Атасы Үкітай ханның, ағалары Күйік хан мен Мөңке ханның барлық басқару қабілеттерін көзбен көріп, әбден шыңдалып, ұлы ордада барлық былық пен қылмыстардың, ата заңы болған «Жосық» бітігінің бұзылуы мен бұрмалануының куәсі болады. Тақ мұрагерлігі бұл ұрпақтан басқа ұрпаққа ауысқанда жүрегі қынжылған дарынды жас ханзаданың бірі де осы еді. Ширамунның іс-әрекетін іштей қолдаса да оларға қосыла алмады. Себебі, олар мұны жас көріп, қолын қанға боямағанын ескерген сияқты. Ұлы ханның мұның аталастарын қуғындап, қарсыластарын өлімге қиғандарын, ұйымшылдықтың аса бір жетілген түрде болмағанын көрген бозбалаға өмірлік ой түюге тәжірибе жинақтап берді. Мұның барлығы да оның әскери шыңдалуы мен аталастарының тақ үшін бәріне дайын арам пиғылдарының арасынан дұрыс жолды таңдап шығуына керемет сабақ болып өрбіді. Осы уақытқа дейін Қайду хан ешқандай мемлекеттік іске араласпай келсе, ендігі іс-әрекеті тек өзінің әскери қуатын күшейте отырып, әрқашан барлық жағдайға дайын болуды, сонымен қатар, тақ мұрагерлігін қалпына келтіру тетіктерін ойластыруды қолға алуды көздеді де Арық Бұғы Құбылайға қарсы шыққан кезде бірден соны қолдап ең бірінші рет мемлекеттік іске араласады.

Міне, дәл осы кезеңнен бастап, біз сөз еткелі отырған, тарихта өзіндік ақиқи орны бар, Шағатай мемлекеті мен Моғолстан ұлысының негізін салушы қайраткер тұлға ретінде Қайду ханның тарихта сара жолы басталады. Арада бірнеше жыл өткенде Мөңке хан да қайтыс болып, Арық Бұғы мен Құбылай арасындағы тақ таласы басталғанда сол бір іштегі ыза-кектің жауабы ретінде бірден Арық Бұғы жағына шығып, оны қолдай жөнелді. Бұл кезде Қайду да біршама күшейіп, өзінің өмірлік қағидасын жетілдіріп үлгерген ірі стратег, қолбасшыға айналған кезі еді. Құбылаймен болған алғашқы ірі шайқас монғолияның оңтүстігіндегі сары жазықта өтеді. Бұл соғыс оларға оңай тиген жоқ және екі жақтың да жағдайы мәз болмады, көптеген әскер қырылды, қаншама қан төгілді. Бірақ, Арық Бұғы жеңіп шығады. Бұл жеңіс Төле ұрпақтарына кек сақтаған Қайду ханның рухын көтеріп тастады және оның болашақта өз хандығын құру мен жеңіске жету жөніндегі ниет-жігерінің айқын көзқарасын қалыптастырды. Өзіне деген нық сенімді арқалаған Қайду хан бірте-бірте айналасына аталас ханзадаларды жинап, әскер жасақтай бастайды. Оның көрегендігінің бір тұсы сол, ол - ең бірінші болып абырой-беделі жоғары, Мұғұл империясындағы азулы да айбарлы хандық – Алтын Ордадағы Жошы ұлысының ханы Беркемен достық қарым-қатынасты орнатты. Бұл достық Шыңғыстектілердің арасында оның беделін биікке көтерді. Осылайша абыройын тіктеп алған ол Шыңғыс ханзадаларының арасында Құбылайға қарсы бас қосып соғысуды үгіттеп, ашық насихат жүргізді. «Құбылайдың бабамыз Шыңғыс қалдырып кеткен «Жосық» заңын бұзып, ата-баба дінін тәрк етіп, бүкіл көшпенді дала ұлдарының қас жауы болған Қытай мәдениетінің ықпалында кетуі – біздің ата-бабамызға және бізге жасалған сатқындық. Ұлы қаһан Шыңғыстың өсиетін аяққа басып, мұғұл халқының салт-жоралғыларын ұмытуы – бізге істелінген қастандық» деп жаһанға жар салды. Оның бұл үндеуі Жошы, Шағатай, Үкітай ұлыстарының хандарынан үлкен қолдау тапты. Тіптен,

айналасына көптеген әмірлер мен нояндар, ханзадалар жиналып, оны қолдаған жасақтың да саны 100 мыңға жетті. Яғни, сонау құдалауға ұшыраған жылдардан бергі 7-8 жылдың ішінде осындай абырой-атаққа ие болып үлгерген Қайду, ендігі бар әрекетін Құбылайға қарсы пайдаланып, ұлы мұрагерлікті қайтару жолына жұмсады. Арық Бұғы Құбылаймен соғысқанда әрқашан оны қолдап отырды, әскери демеу де берді. 1264 жылы Арық Бұғы Құбылайдан толыққанды жеңіліп, оған бағынғанда да, Құбылайға қарсы ашық соғысудан қайтпады. Өзін ұлы қаһан санаған Құбылай да өзінің ең басты жауы Қайду екенін түсінді және өзінің ұлы хандар құрылтайына достық ниетпен Қайдуды сан мәрте шақырып, кешірім көзбен қарайтынын айтып бақты. Бірақ, ол оның арам пиғылынан қорқып, әртүрлі сылтау айтумен үш жыл бойы бармады, құрылтайына қатыспады. Мұның аяғы үлкен соғысқа әкелетінін Қайду хан сезді де, білді, сөйтті де өзінің әскери шебін күшейтуге тырысты. Бұл үшін ол алдымен өзінің территориялық аумағына жақын және өзінің иелігіне таласып жүрген Шағатай ұлысының ханы, Құбылайдың жақтасы Алғимен соғысқа шығып, оны жеңу арқылы ұлысын күшейтіп кеңейтуді, әрі іргесінде орналасқан олардан біржолата құтылып, жар астында жаудың болмауын ойлады. Бұл Қайду ханның ең мықты стратегиялық қисынды бағыты болды. Себебі, оған екі жақта бірдей соғысу мүмкін емес. Ал Алғи бұл кезде Беркемен соғысып жатқанды. Ал, Берке болса бұл уақытта Құлағу ханмен Кавказдағы иеліктері үшін қиян-кескі соғыстың үстінде еді. Сонысына қарамастан Алғимен де соғысуға тура келді. Өйткені, Алғи Құбылай тарапынан Шағатай тағына сайланысымен мауереннаһр өлкесіндегі Жошы ұрпақтарына тиесілі Алтын Орда иелігінің әмірлерін қырып, өз адамдарын қойғанды. Осыдан соң Алтын Орда мен екеуінің арасында соғыс өрті бұрқ ете түседі. Беркенің Қайдуды қолдауы, онымен бауырмалдық достықта болуының себебі де осы еді, яғни, Қайду ханды қолдай отырып, мауереннаһрдағы өзінің әскери шебі ретінде ұстау болатын жән Қайдудың да оңай шағылмайтын жаңғақ екенін де білетін. Есесіне, Алтын Орданың қолдауына ие болған Қайдуға ешкімнің тісі бата алмады десе де болады. Сол үшін Қайду оған көмек ретінде Алғи әскерінің бір бүйірінен келіп тиді. Сөйтіп, Шағатайлықтарды Берке мен Қайду жеңген соң, Берке хан оған деген ризашылығы мен достығы үшін мауереннаһрдағы өз иеліктеріне билік етуді тапсырады. Бұл – Қайдудың абыройын одан сайын асқақтатып жібергені соншалық, ол осы өлкенің бірден-бір әміршісіне айналады. Екінші рет Шағатайлықтармен соғысқанда Қайду жеңіліс табады, бірақ, Алғи да көп ұзамай қайтыс болады. Алғидың өлімінен соң Қара Құлағудың әйелі Ергене хатун баласы Мүбарак шахты Шағатай тағының мұрагері деп жариялайды. Бұл Құбылайға ұнамайды да, ол ұлы хан ретінде өз бетінше жарлық шығарып, Шағатайдың шөбересі, Мүтүгеннің немересі, Есен Дубаның ұлы Барақты тақ иесі деп жар салады. Ондағы Құбылайдың саяси ойы – Барақ арқылы өзінің қарсыласы Қайду ханды талқандау және оған дәл қасынан қарсылас тауып беру болатын. Аталған жарлықтан соң, Барақ Өзкент қаласында өзін хан жариялайды да, керісінше, мауереннаһрдағы Құбылайдың қойған әміршілерін алып тастап, өз адамын қою арқылы өз билігін күшейтіп, Құбылайдың өзіне қарсы шығады. Құбылай бұған қарсы Жошы ханның

немересі, Шейбанның ұлы Көніші бастаған 6 мыңдық жазалау әскерін жібереді. Барақ та бұған дайын тұрғанды, қалың әскермен қарсы алады. Мұны көрген Көніші жеңістің ауылы алыс екенін сезіп, соғыссыз кері қайтып кетеді. Құбылайдың шегінгеніне масаттанған Барақ, енді Қайдуға қарсы соғыс жариялайды. Себебі, бұл кезде мауереннаһрдың көп бөлігі Алтын Орда тапсырған Қайдудың билігінде болып, оған салық төлейтін. Екі әскер Амудария жағасында кездесіп, қиян-кескі соғыс басталады. Қайду хан жеңіледі. Бұл оқиғалар болып жатқан кезде Берке хан өмірден өтіп, орнына Батудың екінші ұлы Тоғанның баласы Мөңке Темір отырған болатын. Көп кешікпей Қайду өзінің одақтасы Алтын орда ханы Мөңке Темірден көмек сұрайды. Ол көкесі Беркенің өсиетіне берік болып, адал достығы үшін оған 50 мың әскер жібереді. Мұндай ірі көмек оның ерік-жігерін күшейтті. Сөйтіп, Барақ пен Қайду сырдария өзенінің жағасында екінші мәрте кездескенде Қайду Барақты быт-шытын шығара талқандайды. Барақ зорға дегенде қашып құтылып, оңтүстік мауареннаһрға қарай ығысады. Барлық иелігінен айрылып, ол билеген Жетісу, Мауереннаһр, Шығыс Түркістанның иесі жалғыз Қайду хан болып қалады. Яғни, бойына біткен дарынды қабілеті мен Алтын Орданың ханы Берке мен Мөңке Темірдің қолдауымен Қайду өзінің жеке билігі мен Шағатай ұлысының иесі болып шыға келеді. Дәл осы бір тұста Қайдуға қарсы шығатын ешкім болмайды, себебі, 1266 жылдары қатарынан ұлы Илхан Құлағу да, Алтын Ордалық Берке хан да, Шағатайлық Алғи хан да қайтыс болған кез еді. Ал, Құбылай болса алыста, қытай елін бағындырам деп әуре болып жатқан-ды, Алтын Орда болса өзінің досы, ал, Шағатай өзінің қол астында қалды, осылайша Еміл мен Тарбағатайдан бастап Мауереннаһр, Жетісу, Қашғардың бірден-бір иелігі соның қолында қалады. Осы күннен бастап оның билігі өзі аңсаған ұлы тақтың дәргейіне дейін көтеріліп, шексіз дәрежеге жетеді. Шыңғысхан тектілердің ішінде хан тағында ең ұзақ отырған және өмірінің соңына дейін шайқасып өткен, әрі елі мен жерін өле-өлгенше ешкімге бермей абыройы асқақ күйде көз жұмған хандардың бірегейі болып саналады. Дәл бұл сияқты ешкім ұзақ уақыт басқарған емес. Ортағасырлық мұғұл шежіресі жазылған **«Муизз ал-Ансаб»** атты еңбекте:«Қайду хан ұзақ өмір сүрді және 40 жылдай патшалық құрды. Оның қырық шақты ұлдары болды» [6. 60 б] - деп, біздің ойымызды нақтылай түседі.

Осылайша, аталған аумақтар мен Қарақорымдағы бірнеше аймақтардың иесі өзі болып, жеке де дара биліктің қожайыны атанып шыға келеді. Сөйтеді де өз иелігінің астаналық ордасы ретінде гүлденген Тараз қаласын таңдайды.

Талас құрылтайы, Қайду мемлекеті. Тараздың астаналық қалаға айналуы

Қайду хан талқандалған Барақтың артынан қумайды, қайта бауыры Қыпшақ сұлтанды онымен татуласу үшін қалайда тауып, сөйлесіп келуге жібереді. Оның мұндай көрегендігі мен Шыңғыс ұрпақтарының басын қосып, татулықта өмір сүруді қалаған саналы түрдегі ойы іске асады. Өзін ұлы тақтың мұрагері деп санайтын ол, барлық Шыңғыстектілердің ортақ құрылтайын жасап, бір мәмілеге келуді шынайы түрде қалап, бәріне өзінің астанасы Тараз

қаласының маңындағы Талас өзенінің көкмайсалы шалғынды даласында жиналуға ұсыныс жасаған үндеуін жолдайды. Мұның бұл әрекетін құп көрген барша хан ұрпақтары 1269 жылы Талас өзенінің жағасындағы Кенжек қаласының маңында жиналады. Мөңке ханның ұлы хандық тағына отырардағы өткен құрылтайынан кейінгі бірінші рет өтіп тұрған бұл жиналыс, тарихта - **Ұлы Талас құрылтайы** деген атақпен қалды. Рашид ад-Дин: «1269 жылы көктем шыға барлық ханзадалар Кенжек пен Таластың жағасына жиналды да, бір апта тойлаған соң, жетінші күні құрылтайды өткізді. Сөзді бірінші болып Қайду бастады: «Біздің даңқты бабамыз Шыңғысхан мына әлемді өзінің ақылдылығы мен батылдылығы арқасында, қылыш пен садақтың күшімен жаулап алып, өз ұрпағына мұра қылып қалдырды. Әке жағынан бәріміз бір-бірімізге туыспыз. Басқа ханзадалар да үлкенді-кішілі біздің бауырларымыз. Олармен арамызда ешқандай алауыздық пен дұшпандығымыз да жоқ. Онда неге арамызда араздық болуы керек? Сонда Барақ: «Иә, жағдай сондай болды. Мен де осы тектің баласымын ғой. Маған да өзіме тиесілі жұртым мен өмір сүруіме қажетті дүниелер берілуі керек... Сендер маған жаулықтыңдар. Бәрін ойлап қарасам менің кінәм жоқ деп ойлаймын. Сонда бәрі: «Иә, шындық сен жағында. Онда былай шешілсін: Енді өткенді еске алмаймыз. Барлық қыстық және жаздық жайылымдарды әділетті түрде бөлісейік, таулар мен жазық далаларға орналасайық, олар әлі бөлінбеген әрі бос жатыр» дей келе «Мауереннаһрдың үштен екісі Бараққа, үштен бірі Қайду мен Мөңке Темірге тиесілі болсын» деп шешеді» [7. 71 б].

Аталған Талас құрылтайы негізінде Мұғұл империясы ыдырап, әр ұлыс өзінің жеке билігі мен хандығын құрып, Еуразия даласында ұлттық мемлекеттердің қалыптасу негізінің бастамасы болып аяқталды. Ендігі жерде әркімнің өз территориялық мекені мен дара мемлекеттік заң құрылымы жасақталды. Осылайша бір шешімге келе отырып, келесі көктемде Барақ Амудария өзенінің арғы бетіндегі Абаға ханның жерлеріне жайылымдық жерлер мен иеліктерді кеңейту үшін жорыққа шығады деп құрылтайды аяқтайды. Себебі, осы құрылтайға дейін Барақта ештеңе жоқ болатын. Оның құрылтайда жалына сөйлегені мен Қайдудың ағалық бауырмалдығы оны жоқшылықтан құтқарып қалды. Осындай асылтекті ханзаданың туылуы Көк Тәңірінің қалауы ғой. Қайду туылғанда Үкітайдың өзі осы немересінен көп үміт күткен екен. Бұл туралы Қайдудың замандасы, ғалым, сол дәуірді өз көзімен көрген Жамал Қаршы былай дейді: «Кыстай (Қайдудың әкесі) Хорасанда әкесінің қасында жүргенде қайтыс болды. Артында баласы Қайду анасының құрсағында қалды. Қайду дүниеге келген кезде, оны атасы Ханға алып барады. Ол немересін кеудесіне қысып, бетінен сүйіп тұрып: «Менің мынау кішкентай ұлым менен кейін менің тақ мұрагерім болсын», - дейді. Сөйтіп, Қайдуды Алланың қалауымен жақсылып тамақтандырып, жақсылап өсіріңдер деп бұйырады». [8. 104 б].

Осы құрылтайдан байқайтынымыз сол кездегі Шыңғыс ұрпақтары арасында атағы асқақ Бату хан сияқты, Қайдудың да өз замандастары арасында абыройы сондай дәрежеде болғанын анық байқаймыз. Дербес мемлекетті құра отырып, оның астана қаласы ретінде Тараз қаласын таңдап алды. Ежелден

қаншама ұлыстардың тартысы мен таласына айналған, Түркі, Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Қарақытай сияқты ұлы қағанаттардың астанасы болған, білім мен ғылымның, мәдениет пен өркениеттің ордасына айналған қасиетті Тараз қаласын таңдауы да тегін емес еді. Таңдап қана қойған жоқ, шапқыншылықтан жартылай қираған қаланы қайта тұрғызып, Орта Азиялық Хорезмшахтардың сәнді қаласындай хан отыратын ұлы ордаға лайықты етіп салдырды. Қорғаныс қамалдары күшейтіліп, қала іші жаңаша өзгеріске еніп, шығыстың шынайы сұлулығындай құлпырды. Осыдан бастап қаланың атауы халықтың арасында Ианги Тараз, яғни, Жаңа Тараз деп аталды. Бұл - Қайду ханның өркениетке қосқан мәңгілік қолтаңбасы мен мемлекетінің астанасы ретінде тарихтың төрінен өз орнын алды.

Алысты болжай алатын, әрбір іске қайыр-қасиет көзімен қарай алатын саясаткерлігімен құрған мемлекетінің өзі кеткен соң Шағатай ұрықтарының иеленіп қалатынын қайран Қайду қайдан білсін?! Алтын Орданың дәуірлеуі мен дамуы, мәдениетінің өркендеуі мен өсіп-өнуі Бату ханға қалай байланысты болса, Шағатай ұлысы мен кейіннен пайда болған Моғолстан мемлекетінің де жарқырап тарих бетіне шығып қалыптасуы осы Қайдудың ақылдылығы мен көреген еңбегінің арқасы деп түсінуіміз керек. Қанша Бараққа жер беріп Шағатай ұлысына отырғызғанымен бұл аумақтың ұлы ханы Қайду болып қала берді. Осы өңірдегі хандар мен әмірлер тек Қайдудың бұйрығымен ғана тағайындалды. Жамал Қаршы: «Біздің елдің ханы - Кайду ибн Қыстаи ибн каан әл-кабир Үктай ибн Шыңғыс хан, ол 670/1271 ж. қыркүйек айының соңында Таразда таққа отырған. Ол әділетті, жомарт, жұмсақ мінезді, елдің мүдделерін түсінетін, білімді, мұсылмандарды қолдаушы, мейірімді, тапқыр хан еді, Алла оның тағдырын жеңілдетсін». [8. 104 б] - деп оны сондай биік дәрежеде мақтап сөйлейді және оның астана қаласы Тараз екенін, өзінің осы қалада хан тағына отырғанын тайға таңба басқандай сенімді баяндайды. Жамал Қаршының Қайду ханның Тараздағы сарайында екі мәрте болғанын ескерсек бұл нақтылық деп қабылдаймыз. Қайду тек ақылды басшы болып қана қойған жоқ, сол кездегі ғылым иелерін де қатты құрметтеген. Жамал Қаршыны өз ордасына екі мәрте қабылдап, оған ғылым мен білімнің дамуына үлес қосуын сұрап, ол үшін барлық жағдайды жасайтынын да айтқан екен. Жамал Қаршының өзі: «Мен оған қызметке екі рет қабылдандым: оның билігінің басында және билігінің соңында. Әрбір қабылданғанымда оның маған дарынды жан ретінде қарайтын жылы ықыласы мен игілігіне, рақымы мен құрметіне ие болатынмын. Ол өзінің ақсүйектері мен халқының жоғарғы топ мүшелері алдында маған ерекше назар аударып, мені атап өтетін. Оның билігі 33 жылға созылды, 701/1301 жылдың басында 68 жасында қайтыс болды». [8. 104 б] - деп мақтанышпен айтуы тегін емес.

Сонымен 1270 жылы көктем шыға Барақ хан Елхандықтардың иелігіне, құрылтай кеңесінің бұйрығы бойынша жорыққа аттанады. Оған Қайду хан да аталас бауырлары Қыпшақ пен Чапатты көп әскермен қоса аттандырады. Бірақ, Қайду хан бауырларына жасырын тапсырма береді: Егер Барақ пен Абаға хан соғысуға бетпе-бет келген жағдайда, екеуінің ол соғысты тастап шығуын тапсырады. Осылайша Барақтың жеңілуін тілеп, оның Шағатай ұлысын өзіне

мәңгілік қосып алып, Үкітай ұлысының жаңа мемлекетін құруды армандайды. Шынында да Қайду тапсырғандай шайқас басталар алдында екі бауыры майдан даласын тастап кетеді де, Барақ хан Герат түбінде оңбай жеңіліп, қырғынға ұшырайды. Сол сәтті пайдаланған Қайду Ташкент маңында жатқан Барақка оны тастап кеткен әмірлерді жазалау үшін көмекке келгенін айтып хабар береді. Бірақ, Барақ олармен өз есебі бар екенін жеткізіп, көмекке мұқтаж емеспін деген сыңай танытқанын естіген Қайду хан екі түмен әскерімен оның лагерін қоршауға алады. Не керек сол түні Барақ хан белгісіз жағдайда көз жұмады. Осымен Қайду хан өз иелігіндегі бақталас хан ұрықтарынан толығымен құтылады да, **1271 жылы өзінің жеке мемлекетін құрып, Тараз қаласында хан тұғырына отырады** да, мемлекетінде шексіз билікті иеленіп, өмірінің соңына дейін өзіне бағынатын қуыршақ хандарды тағайындаумен өмірін өткізеді. Қайду тарапынан Барақтың орнына сондай қуыршақ хан Шағатайдың немересі Никбай отырады. Бірақ, ол да ұзақ отырмай өлім құшқан соң оның орнына Шағатайдың шөпшегі Бұқа Темірді отырғызады. Жамал Қаршы былай баяндайды: «Бұқа-Темір ибн Кадағай ибн Бөрі ибн Мутуген ибн Шағатай таққа 671 / 1272-1273 жылдары Қайдудың бұйрығы бойынша түнгі шайқаста Никбаянды өлтіргеннен кейін барып, орнына отырды. Бұқа Темір 680 / 1281-1282 жылдары қайтыс болды». [9. 105 б].

Қарап отырсақ, Жамал Қаршы айтқандай барлығы да Қайдудың бұйрығымен тағайындалып отырған. Бұл ұлыстың ұлық ханы Қайду болғаны сол дәуірде белгілі еді. Күшейіп алған Қайду хан бүкіл қытайды жаулап алған Құбылаймен сан мәрте айқасқа шығады. Онымен терезі тең патша ретінде сөйлесіп, келісімдер жүргізеді. Өзін әлемнің әміршісі санайтын Құбылай бұған көне алмай екеуінің арасында қаншама жойқын жорықтар болып, қаншама жанның қаны судай ағады. Бұл әсіресе, Құбылайдың **1271 жылы өз мемлекетін қытайлық Юань** атауына ауыстырған кезде мүлдем өрши түсті. Себебі, Қайду хан әу бастан-ақ Құбылайдың ата-баба салтынан алыстап бара жатқанын, бабасы Шыңғысханның құрастырып кеткен мәңгілік елінің «Алтын жосық» заңының қытайланып бара жатқанын өте қатал сынға алып, оны өз аталастарына жасаған қастандық деп санайтынын айтып, мұндай сатқындықпен өмірінің соңына дейін келісе алмай кетті. Әсіресе, Шағатай тағына Жамал Қаршы айтқандай: «Қайдудың бұйрығы бойынша 681 / 1282-1283 жылдары Барақтың ұлы Дува әкесі мен атасы көтерген олардың тағына келіп отырды» [10. 106 б]. - дегендей, Барақтың ұлы Дубаны отырғызғаннан кейінгі екеуінің біріккен қолдары сан мәрте Құбылайдың қалың қолымен шайқасқа түсті.

Шыңғыс ұрықтарының ішінде дәл сол кезде осы Құбылайдан асқан адуынды империя болған жоқ, оның жай күндегі әскер санының өзі 300 мыңдай, ал соғыс уақытында 500-600 мыңдай әскер шығара алатын ең қуатты ел еді. Осындай айбынды Юань империясымен Қайдудың күресуі сол кездегі басқа ұлыс хандары үшін үш басты Аждаһамен айқасқандай қорқынышты көрінетін. Бірақ, бұл Қайдуды еш үрейлендірген емес, қайта ол «Ата заңның сатқыны» саналатын бауырын қалайда талқандауды, тіптен болмағанда оның бетін қайтаруды ойлайтын. Бар арманы Ұлы Мұғұл империясының алтын тағын

қайта қалпына келтіріп, бабасы Шыңғыстай бір тудың, бір шаңырақтың астына жинау болатын. Әйтсе де мұның бәрі оңай шару емес еді.

1286 жылы Құбылайдың сенімді әрі ұлық әмірлерінің бірі, қаншама жылдан бері қасында бірге жүрген өзінің аталасы, Шыңғысханның кіші інісі Отчигиннің ұрығы Ная әмірші, Құбылайға қарсы астыртын әрекетке көшеді. Қытайды жаулау барысында көрсеткен еңбектері мен адалдығы үшін Құбылай хан оған көптеген қалалары бар бір аймақты еншісіне берген. Осы аумақты билей отырып, өзінің барлық күш-қуатын көтеріп алған Наяның қол астында сол кезде 300 мыңнан аса әскері бар еді. Өзінің күш-қуатына сенген ол, билікке деген ойы өзгеріп, Құбылайға қарсы әскери төңкеріс жасауды ұйымдастырады да, ол үшін өзіне одақтас іздейді. Бұл туралы Марко Поло былай баяндайды: «Құбылайдың Ная есімді бір әміршісі болды. Жасы отыздан асқан жас болса да көптеген қалалар мен аудандарды иемденген аумақтың басқарушысы еді. Ол аумақ бұған 400 мыңдай атты әскер жинауға мүмкіндік берді. Бірақ, оның осы жастық албырт сезімі осыншама биліктің басында тұрған оның ойын өзгертіп, адал болу мен оған деген бағынушылықтан құтылу жөнінде ой салды. 1286 жылы ол қолындағы осы бір үлкен күшке сүйене отырып билікті басып алуға қадам жасайды. Осы мақсатпен ол жасырын түрде өзінің одақтасы әрі қолдаушысы бола алатын Қайду ханға елші жібереді». [11. 80 б].

Осы тұста оған одақтас болатын Қайду ханнан артық жан жоқты, оның үстіне Қайдудың онымен қас екенін де білетін. Сонымен бір түнде Қайдуға елші жібереді. Мұның бұл әрекетін Қайду хан қуана-қуана құп алып, 150 мың әскермен оған көмекке келетінін жеткізеді. Бәрі құпия түрде жасалады. Екі жақ астыртын хаттар алмасып, Ная Қайду ханмен бірігу үшін Шығыс Түркістанға қарай жасырын түрде қозғалады. Бірақ, бұл қылмыстың сырын біліп қойған Құбылай, қолындағы 300 мың әскермен жылдамдата жорыққа шығып, тыным таппастан күні-түні жүріп отырып, бір түнде Наяның ордасын қоршап алады да, оның көзін жояды және осы қастандығы үшін Отчигиннің ұрпақтарының есімдерін тарих бетінен мүлдем сызғызып тастайды. Қайдудың да Құбылайға қарсы ең маңызды қарсылығы болатын және оны Наяның қалың қолы арқылы талқандап, жеңіске жетем деген ұшқыр ойының тас-талқаны шығады. Әйткенмен бұл оны қынжылта қоймады. Өйткені, ол бұл кезде өз алдына жеке мемлекеті бар, ешкімге мұқтаж емес тәуелсіз хандықтың билеушісі еді.

Қайду құрған мемлекет Мауереннahp, Жетісу, Шығыс Түркістан мен Тарбағатай, Еміл өлкесіне дейінгі кең алқапты қамтыды. Осыншама үлкен территория **Қайду империясы** деп аталды. Мұның атағы дүркіреп тұрған шағында Шағатай ұлысы деген мүлдем ауызға алынбады. 1271 жылдардан бастап құрылған ұлы мемлекетін өзі өлген 1301 жылға дейін басқарды және аумағын кеңейте отырып, ұлдарына жаңа хандықтың негізін қалап берді. Осы 30 жылдың ішінде ол Құбылаймен, Құлағумен, ішінара Шағатай ұлысының хандарымен жер аумағы үшін айқасқа түсе отырып, өз мемлекетін биік дәрежеге көтерді. Негізінен, соғыстарының көбісі Құбылаймен өтті. Ол өз өмірінде Құбылаймен ашық шайқасқа 41 рет шығып, соның соңғы 42-ші қақтығысында қатты жараланып, бабасы Шыңғыстың атақонысы болған Қарақорым даласында сол жарақаттан қайтыс болады. Әділдік пен адалдықты,

елдік пен теңдікті, еркіндік пен татулықты аңсаған сайын даланың қайтпас-қайсар айбатты жолбарысына айналған тарихтың тағылымды тұлғасы осылайша көз жұмды. **Рашид ад-Дин:** «Денесін арулап, он күн жүріп, өзінің ордасы саналатын оңтүстіктегі Іле мен Шу өңіріндегі Шанхорлық аталатын биік тау етегіне жерледі. Бұл жер Тарсакент (Тараз) және Қаралық деп аталатын үлкен екі мекеннен тұрады» **[12. 16 б]** - деп хабарлайды.

Күйреу мен ыдырау: соңғы серпіліс

Оның жерлеу рәсімі өткесін, ол тұрғызып кеткен мемлекеттің алтын тағына оның үлкен ұлы Чапар (Джафар) отырады. Әкесінің ісін әрі қарай жалғастырған ол Құбылайдың немересі Темір қаһанмен соғысын жалғастыра береді. Чапар Қарақорымда, Барақтың ұлы Дува Амударияда Құлағу балаларымен екі жақтап үздіксіз жорықтар жалғасын тауып тұрады. Бірақ, айбынды Қайду хан кеткен соң, барлық хан ұрықтары бұлардан тайсалмайтын дәрежеде жан-жақтан қыспаққа алады. Чапар Темір қаһаннан жеңіліп, күші әлсірей түседі. Тарихшылардың айтуынша ол әкесі сияқты ақылды, айлакер, көреген болмай шығады. Оның сол бір әлсіздігінен Қайду құрған мемлекет енді жалтақ ұлдай Дуваның тәуелділігіне қарайды. Дува хан осы сәтті пайдалана отырып, қасиетті Қайду ханның ақылға қонар ісін жалғастырғысы келіп, барлық Шыңғыс әулетінің басын қосып, ұлы мұғұл империясын қайта қалпына келтіру жайлы құрылтай өткізуге ұсыныс жасайды. 1304 жылы Ғазан ханның ордасында барлығы бас қосып, өзара татулықпен өмір сүруді қолдайды да, Темір қаһанды ұлы хан деп тануға келісім жасайды. Бірақ, мұның бәрі кейіннен сөз жүзінде қалып қояды. Осы құрылтайдан кейін-ақ сыры белгісіз, құпия жағдайда Шағатай тұқымдары Чапармен әскери қақтығыстарға барады да Чапар жеңіліс табады. Бұған арашашы болған Дува барлығын Ташкент қаласына бас қосуға шақырып істің мән-жайын анықтамақшы болады. Бірақ, артынша тағы да бір белгісіз себептермен Талас даласындағы Шой-Балық деген жерде Чапардың кіші інісі Шаха ханзадаға шабуыл жасалады. Оған Дуваның кейбір әскербасылары да қосылып кетеді де Шаханы талқандап, Тараз қаласын басып алады. [13. 35 б]

Қайдудың астана қаласы Таразды кіші баласы Шаха иеленіп қалған болатын. Бірақ, осы соғыстан кейін Тараз қаласы олардың қолына өтіп, қаланың болашақ өркендеуінің жолы кесілді деуге болады. Ал бұл кезде Чапар Ертіс пен Алтай таулары жағында Темір қаһанның әскерімен соғысып жатқан болатын. Бірақ, өз әскері арасындағы әмірлер арасынан алауыздық шығып, ол да жеңістің дәмін тату арманынан құр алақан қалады. Қалған-құтқан шамалы жауынгерімен Дуваға келіп тығылады. Айналдырған бес, алты жылдың ішіндегі осы бір оқиғалардан соң Ұлы Қайду мемлекетінің тағы құлап, Шағатай ұлыстарының қолына толыққанды өтеді. Тарихтың сарқылмас сары бітіг көзімен қарасаң Қайду хан ұлысын Дува хан ешқандай қырғын соғыссыз-ақ өз қолына қаратып алады да Шағатай ұлысының негізін қалаушы тұлға ретінде тарих сахнасына шыға келеді. Осылайша Қайду мемлекеті мәңгілікке өшті.

Тәңірдің нұры түскен бір пендеден кейін тағы бір сондай пенденің өмірге келері тарихи ақиқат екенін өмірдің өзі дәлелдеп берді. Мәңгілік ешнәрсе жоқ,

болмайды да болмаған да. Қаншама өрелі істің үстінде тұрсаң да өрілмей қалар тірлігіңнің тіршілігін көргенде еріксіз тағдырға бас иетінің рас. Бірақ, пенде өмір емес, өмір пенде емес. Өмір жалғасын тауып жүре берсе, ал пенде өз тарихын сол өмірге айшықтап жазып өмірден өтіп кете береді.

Ұлы хан, ұлы тақтың иегері, ұлы мемлекеттің негізін қалаушы, ұлы жосықты жаңғыртушы, ұлы құрылтайдың себепшісі болған Қайду хан - өз тарихын осылай мәңгілік аспанының астында мәңгілікке жазып кеткен тарихи бірегей тұлғаға айналып қала берді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Инок Магакия «История монголов XIIIв (История народа стрелов)». Перевод и объяснение К.П.Патконова. Санкт-Петербург. Типография императорской академии наукъ 1871 г. 10 бет.
2. Фазлаллах ибн Рузбихан «Записки бухарского гостя» (Михманнама-йи Бухара). (История Казахстана в персидских источниках). Отв. ред. М.Х.Абусейтова; сост: М.Х.Абусейтова. алматы – «Дайк-прес», 2007 г. 144 бет.
3. Рашид ад-Дин «Сборник летописей» 2-том. Издательство Академии Наук СССР. Москва 1952. Ленинград. Перевод с персидского Л.А.Хетагурова, редакция и примечания проф. А.А.Семенова. 112 бет.
4. Почекаев Ю.Р. «Цары ордынские. Биографии ханов и правителей Залотой Орды». «Евразия» Санкт-Петербург. 2012 г. 215 бет.
5. Караев О.К. «Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан». Образование кыргызского народа.- Б.: Кыргызстан, 1995 г. 18 бет.
6. «Муизз ал-Ансаб» (Прославляющее генеологии). Алматы: «Дайк-Пресс», 2006 г, Отв. ред. А.К.Муминов. перевод с персидского, предисловие, примечания, подготовка факсимиле к изданию Ш.Х.Вохидова. 60 бет.
7. Рашид ад-Дин «Сборник летописей» 3-том. Издательство Академии Наук СССР. Москва 1952. Ленинград. Перевод с персидского Л.А.Хетагурова, редакция и примечания проф. А.А.Семенова. 71 бет.
8. Джамал ал-Карши «Ал-мулхакат би-с-сурах». Отв. ред. А.К.Муминов. Введение, перевод с арабско-персидского, комментарии,текст, факсимиле Ш.Х.Вохидова, Б.Б.Аминова.Алматы: «Дайк-пресс» 2005 г. 104 бет.
9. Джамал ал-Карши «Ал-мулхакат би-с-сурах». Отв. ред. А.К.Муминов. Введение, перевод с арабско-персидского, комментарии,текст, факсимиле Ш.Х.Вохидова, Б.Б.Аминова. Алматы: «Дайк-пресс» 2005 г. 105 бет.
10. Джамал ал-Карши «Ал-мулхакат би-с-сурах». Отв. ред. А.К.Муминов. Введение, перевод с арабско-персидского, комментарии,текст, факсимиле Ш.Х.Вохидова, Б.Б.Аминова.Алматы: «Дайк-пресс» 2005 г. 106 бет.
11. Марко Поло «Путешествие в 1286 году по Татари и другим странам востока». Санкт-Петербург. Типография П.П.Меркульева 1873 г. 80 бет.
12. Рашид ад-Дин «Сборник летописей» 2-том. Издательство Академии Наук СССР. Москва 1952. Ленинград. Перевод с персидского Л.А.Хетагурова, редакция и примечания проф. А.А.Семенова. 16 ст.
13. О.К.Караев «Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан». Образование кыргызского народа.- Б.: Кыргызстан, 1995 г. 35 бет.

Аннотация

Статья посвящена истории образования и развития государства Кайду хана, основанного во второй половине XIII века на территорий Средней Азии и Казахстана. Причастность к истории Казахстана таких событий, как взаимоотношения между Золотой Ордой, государством Кайду хана, Чагатайскими улусами и напряженные события в связи с преобразованием Тараза в столицу, подробно описываются в научных директивах. Также через средневековые источники систематически делается акцент на основную историографию образования Улусов.

Abstract

The article is devoted to the history of the emergence and development of the goverment of Kaidu Khan, founded in the second half of the XIII century in Central Asia and Kazakhstan. The relationship between the Golden Horde, the goverment of Kaidu Khan, the Chagatai ulus and the tense events associated with the transformation of Taraz into the capital are described in detail in Kazakh historical scientific data. In addition, thanks to medieval sources, regular attention is paid to the main historiography of the origin of the ulus.

2 СЕКЦИЯ

АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ МЕН ЭТНОСТЫҚ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

ИСТОРИЯ ЭТНИЧЕСКОГО СТАНОВЛЕНИЯ И КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ЭПОХИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

THE HISTORY OF ETHNIC FORMATION AND CULTURAL HERITAGE OF THE GOLDEN HORDE ERA

УДК 394.9

КАЗАХСКАЯ ЮРТА - САКРАЛЬНОЕ БЫСТРОВОЗВОДИМОЕ СТРОЕНИЕ КУЛЬТУРЫ КОЧЕВОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Утюшева Л.Д.
к.э.н., ведущий аналитик
ООО «Лаборатория знаний», г. Москва
Мунтаев С.К.
руководитель этнокультурного центра «Алтын-Нур», г. Волгоград
Рашид К.К.
Руководитель Юрточного визит-центра «Белое солнце пустыни», Кабардино-Балкарская Республика, Приэльбрусье

Аннотация

В связи с необходимостью сохранения национального исторического наследия, а также поддержания дружественных отношений между народами, особое внимание привлекает юрта – материально-культурный объект архитектуры кочевой цивилизации. Юрта также вызывает интерес с точки зрения развития этнокультурного и курортного туризма как способа передачи и трансляции национального опыта. В этой связи в исследовании представлен анализ практики использования казахской юрты в этнокультурном туризме России на примерах Юрточного визит-центра «Белое солнце пустыни», расположенного в Республике Кабардино-Балкария, в географическом районе Приэльбрусье, и этнокультурного центра «Алтын-Нур» в п. Эльтон Волгоградской области. Анализ строился на основе следующих критериев: история и предпосылки создания, категория посетителей, источники создания и развития центра, цель, особенность и уникальность работы центра.

Ключевые слова: юрта, казахская культура, традиции, этнотуризм, кочевая культура.

Введение

В настоящее время, в эпоху глобализации, в известной степени ослабляются национальные особенности, размываются этнокультурные

границы, происходит перемешивание и переоценка нравственных ценностей [1]. В связи с необходимостью сохранения национального исторического наследия, а также развития многостороннего диалога на международной арене, особое внимание привлекает юрта, которая относится к тюркскому (кыпчакскому) типу разборных решетчато-войлочных построек [2]. Учитывая экологические свойства юрты, данный тип жилища интересен относительно развития этнического и курортного туризма [3]. О важности и масштабе мирового значения казахской юрты свидетельствует включение ее в список нематериального культурного наследия ЮНЕСКО.

Как отмечал исследователь С. Руденко, «с точки зрения конструктивной не превзойдена ни одним из кочевых народов и является самым совершенным из переносимых жилищ» [4]. Куполообразное очертание крыши казахской юрты позволяет выдерживать ураганные ветры, дождь и снежные заносы. Юрта обладала целым рядом преимуществ: она не нуждалась в громоздких повозках для транспортировки, ее можно было быстро собрать и разобрать, сравнительно легко перевезти вьюком в малодоступные места. Юрта имела лишь один существенный недостаток: ее остов невозможно было создавать в каждом кочевом хозяйстве. Изготовление решеток было доступно лишь особым мастерам-ремесленникам [5]. Чтобы сделать юрту устойчивее, кочевники иногда накладывали камни на войлочное покрытие купола, а при ураганных ветрах эти покрытия вовсе снимали [6][3].

Обращая внимание на экологические и функциональные свойства юрты как вида кочевого жилья, назревает необходимость использования ее преимуществ втуристической сфере. Поэтому цель настоящего исследования заключается в представлении опыта использования казахской юрты в этнокультурном туризме России.

Литературный обзор

В последние годы роль туристической индустрии в экономике стран существенно возросла [7]. Потребители туристических услуг ищут более аутентичные, экологические и удобные варианты для отдыха и проживания. Хотя туризм относительно новый вид деятельности, особенно экотуризм, находящийся на начальной стадии развития [8], по данной теме сформировалась достаточно разнообразная научная база.

Возможности, перспективы и текущие проблемы развития этнического туризма в России исследуются в работах Кржижевского М.В. (2011) [9], Кускова А.С. и Д.А. Дирина (2012) [10].

Подробное представление о ценностях культурного наследия казахского народа дают работы Акижановой Д.М. и Сатеновой С.К. (2013) [11], Томилова Н. А. и Ш. К. Ахметовой (2014) [12], Утюшевой Л.Д. (2016) [1].

Особенности художественного оформления и декорирования казахской юрты приводятся в научных статьях Lichman, Y. Y., &Doroshenko, T. M. (2016)

[3]Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана / Отв. ред. Г. П. Васильева. М., 2000. С. 40.

[13], Yussupova, A. A. atal., (2017) [14]. Описание традиционных жилищ кочевых народов, в том числе казахских юрт, и вопросы их адаптации к природным условиям приводят Мелехова К.А. (2017) [2], Куксин К.В. и другие (2015) [15], Жукенова З.Д. (2011) [16], Ултургашева О.Г. и Ю.К. Тиникова (2013) [17], Турганбаева Л. (2008) [5].

Потенциал и возможности экокультурной практики Казахстана для привлечения новых посетителей, а также задачи оказания деятельной государственной поддержки подробно исследуют Tiberghien, G., & Xie, P. F. (2018) [8], Секен А., Чжаупин Ян, Шыаолян Ш. (2011) [18].

Необходимость развития и сохранение национальных культур, исторических традиций казахов, а также связанных с ними ценностей и общинных смыслов на примере юрты подробно обосновывают в своих изысканиях AljanovaN., Borbassova, K., &Rysbekova, S. (2015) [19].

Исследованию проблем культурного наследия номадов и кочевой цивилизации посвящены труды западных исследователей. К их числу следует отнести работыRancierM. (2009) [20], KemeryB. (2006) [21]. Отдельного внимания заслуживает статья KrebsM. (2012)[22], посвященная исследованию роли стационарных и передвижных юрт в жизни современных народов Средней Азии.

Перечисленные труды свидетельствуют о высоком уровне научного интереса к духовным и материальным объектамжизнеуклада кочевников и их адаптации для развития современной индустрии отдыха и развлечения. Между тем, вопрос использования казахской юрты в русле развития этнотуризма в России исследован недостаточным образом. В этой связи назрела необходимость исследовать сложившуюся практику использования кочевого жилища с современных моделях российского туризма.

Материалы и методы

Для исследования опыта использования казахской юрты в этнокультурном туризме России были проанализированыпрактики Юрточноговизит-центра «Белое солнце пустыни», расположенного в Республике Кабардино-Балкария, в географическом районе Приэльбрусье, и этнокультурного центра «Алтын-Нур» в п. Эльтон Волгоградской области. Изучение обозначенных этноцентров строилось с помощью описательного метода с помощью следующихпоставленных вопросов:

- история создания;
- причины и предпосылки создания центра;
- основная категория посетителей;
- финансовые источники создания и развития центра;
- цель деятельности, особенности и уникальность работы центра.

Исследование также включает методы вторичного анализа существующего научного материала. В литературный обзор вошли работы казахстанских, российских и западных исследователей. Авторами были использованы методы историзма, сопоставления, сравнения.

В целях формирования рекомендаций по развитию практики использования юрты в этническом туризме дополнительно был изучен опыт

гостиничного юрточного бизнеса в странах Европы и Северной Америки. В этой связи авторами были использованы методы кабинетного исследования данных веб-сайтов западных компаний.

Результаты

Этнокультурный центр «Алтын-Нур» начал свою деятельность в 2003 году в поселке Эльтон Волгоградской области. Основной предпосылкой создания центра было стремление довести до представителей разных возрастных, социальных и профессиональных групп сведения о традициях,обычаях и культурных ценностей казахского и русского народа.Для открытия центра были привлечены заемные средства, также была оказана поддержка со стороны районной администрации.

Сегодня в состав этнокультурного центра входит три музея казахская юрта, русская изба и краеведческий музей. Организация такого этнического комплекса позволяет достичь основной цели показать широкой общественности толерантное отношение к культурам разных народов.В данном случае речь идет о дружбе казахского и русского народов, живущих рядом на протяжении длительного времени, между которыми никогда не было вражды и воин. Известно, что взаимоотношения казахов Волгоградской области с гражданами других национальностей в регионе складываются положительным образом [23]. Частыми посетителями центра выступают школьники, студенты, а также жители различных российских регионов и зарубежных стран.

Уникальность центра «Алтын-Нур» заключается в его экскурсионной программе, предполагающей посещение трех музеев. Так, визит в казахскую юрту сопровождается увлекательными рассказами об истории и традициях казахского этноса. Гости знакомятся с особенностями кочевого образа жизниномадов, ихбытом, обрядами, а также с великими героями нации. Познавательную ценность экскурсии несут в себе повествования о казахских легендах, музыкальных инструментах и песнях.

Гостям предоставляется возможность примерить национальные казахские костюмы, которые доступны для мужчин, женщин и детей. В дополнение посетителям раскрываются детали этикета ношения национальной одежды с точки зрения возраста и социального статуса степного человека.

Как правило, экскурсии завершаются чаепитием в соответствии с казахскими традициями гостеприимства: подаются национальные блюда, в том числе: бешбармак, баурсаки,курган бидай,талкани, горячий ароматный чай. Во время трапезы посетители имеют возможность узнать об обычаях и особенностях приготовления традиционных блюд и правилах их подачи.

В Русской избе экскурсовод знакомит с бытом, культурой, традициями русского народа.На наглядном примере туристы узнают о тонкостях внутренней пространственной организации и архитектуре строения избы, расположения печи, лавок, сеней, предметов быта и кухонной утвари. Гости могут сфотографироваться у русской печи,самовара, прялок, расписных рушников,а также примерить русские национальные костюмы.

И, наконец,посещение третьего Краеведческого музеяпозволяет туристам узнатьо прошломпоселка Эльтон в довоенное,военное и послевоенное время.В

музее хранятся подлинные письма с фронта. Как правило, экскурсовод зачитывает их для посетителей. Особую музейную ценность составляет старинный патефон, который можно послушать. Отдельную часть визита в Краеведческий музей занимает знакомство с жемчужиной России – озером Эльтон.

В настоящий момент работа музеев поддерживается за счет собственных средств руководителя этноцентра, а также полученных доходов от туристической деятельности. Одно из ограничений работы «Алтын-Нур» заключается в том, что центр может работать только в летний период. При этом есть желание и есть запрос на ведение активнойдеятельности в течение всего года. Как поясняет руководство центра, это потребует привлечение дополнительных средств.

Идея создания Юрточного визит-центр «Белое солнце пустыни» зародилась после участия его основателя в экспедиции «По следам предков», маршрут которой начинался в городе Астана. В результате, в 2017 году в районе Приэльбрусье Кабардино-Балкарской Республики на высоте 2200 метров над уровнем моря был открыт центр.

Ключевой предпосылкой реализации идеи послужило создание в юрте малого музея кочевого каравана Великого Шелкового пути, атмосфера которой позволяет погрузиться в историю кочевья с элементами восточного гостеприимства и чайной церемонии. В ходе деятельности возник спрос на изделия ремесленных и ручных работ. В этой связи у центра стали складываться активные контакты с современными ремесленниками из Северного Кавказа, Казахстана и Кыргызстана.

Сегодня на местном уровне можно наблюдать создание региональных энтодеревень, но они, зачастую, в зависимости от расположения, не содержат целостной концепции «Караван-сарая ремесленников». Сохранение такого подхода позволит передать весь колорит азиатской самобытности и привлечь туристов, желающих познакомиться не только с историей и культурой Кавказа, но и Казахстана. С этой позиции в перспективе самыми активными туристами можно считать посетителей из Китая. Именно они будут проявлять к таким комплексам наибольший интерес, ведь это связано с историей Великого Шелкового пути и будущего развития Китая [24].

Основными посетителями Юрточного визит-центра являются туристы, спортсмены, альпинисты, лыжники, любители активного отдыха, а также экскурсанты из России и других стран мира. Одним из привлекающих факторов для посещения центра является гора Эльбрус — самая высокая вершина Европы. В этом заключается главная уникальность центра, а именно его размещение у подножия двуглавой вершины Эльбрус, притягивающий туристов своим величием и красотой.

«Белое солнце пустыни» был создан за счет собственных средств, а также с помощью организационной, материальной и технической поддержки лиц из личного окружения руководства центра. Сегодня работа караванного музея ведется при поддержи молодежи. Сохранение работы и развитие центра сопряжено с рядом трудностей, вызванных в основном недостатком ресурсов. В

этой связи вопрос создания новых туристических точек в местах исторического маршрута Шелкового пути от Каспия до Черного моря без финансовой поддержки со стороны правительственных и неправительственных организаций остается открытым. Развивать данное направление возможно с представителями туриндустрии Казахстана, Китая и других государств Средней Азии.

В настоящий момент уже известны примеры успешного применения юрт в гостиничном бизнесе в европейских и североамериканских странах. Так, во Франции и Великобритании юрты используются в организации кемпингов — оборудованных летних лагерей для автотуристов с местами для установки палаток или лёгкими домиками. Британская компания Cool Campingотмечает следующие достоинства юрты для кемпинга:

– просторное открытое пространство, что подходит для семейного отдыха;

– светлое и свободное помещение летом и, одновременно, теплое и уютное в зимнее время;

– удобна, универсальнаи мобильна с точки зрения изменения локации;

– неповторимая духовная атмосфера, которая создается дизайном юрты, используемыми деревянными изделиями, восточными коврами и подушками [25].

Подобные достоинства юрты отмечает канадская компания GroovyYurts, которая производит и поставляет юрты с 2003 года по Северной Америке и Европе. За 16 лет работы компания продала более 1000 юрт. Клиентов компании GroovyYurts привлекают следующие положительные свойства кочевой юрты: использование натуральных и органических материалов, естественная вентиляция воздуха внутри помещения, что обеспечивается ее уникальной конструкцией и материалами, простота перемещения и установки, искусная художественная ручная отделка помещения, а также «присутствие особого духа в юрте!» [26].

Важно заметить, что в Европе и Северной Америке юрты используются не только в теплое время года. Так, на северо-востоке США, в штате Мэн, свою деятельность ведет отель Frost Mountain Yurts. В комплекс отеля входит четыре юрты, которые предлагаются гостям для отдыха и проживания в зимнее время. Время пребывания в жилище кочевников для туристов сопряжено с различными видами активного зимнего отдыха, в том числе ходьба на лыжах, экскурсии в лес, катание на санях и снегоходах и т.д. [27]

Юрты в работе отеля позиционируются как жилье и развлечения в одном месте. Для сохранения уникального экологического подхода к проживанию, владельцы отеля специально не оборудуют юрты электричеством и водопроводом. Сами посетители отеля отмечают, что юрты Frost Mountain Yurts являются отличным вариантом семейного отдыха, способом восстановления связи с природой и отвлечения от беспокойного темпа современной жизни.

Компания из Великобритании YurtWorkshop также занимается изготовлением юрт. Владелец и специалист по изготовлению юрт Роб Мэтьюс основал свою мастерскую более 10 лет назад. Сейчас компания делает

высококачественные юрты, адаптированные для британского и европейского климата [28].

В этом же секторе работает совместное монгольско-голландское предприятие Euro-Yurts, основанное в 2008 году. Компания Euro-Yurts сочетает в себе европейские промышленные стандарты с лучшими монгольскими сырьем и традициями изготовления юрт. Представители компании заявляют, что в составе их юрт 95% натурального материала — отборная лиственная древесина и войлок [29].

Перечисленные примеры показывают, что юрта становится жизнеспособной моделью жизненного пространства, отдыха, бизнеса и развлечения. Западные производители юрт отмечают, что низкие расходы на техническое обслуживание, отсутствие высоких первоначальных инвестиционных вложений, использование натуральных экологических материалов, удобство перемещения делают юрту очень привлекательным альтернативным видомдля отдыха и проживания.

Обобщая обзор западных практик юрточного экотуризма и домостроения, необходимо подчеркнуть, что помимо проживания в юртах, гости и посетители имеют возможность ознакомиться с кочевой культурой, устройством быта, повседневным укладоми традициями народов Средней Азии.

Рекомендации и выводы

Проведенный анализ показал, что деятельность этнических центров вносит огромный вклад в укрепление отношений между народами и социально-экономическое развитие местных территорий посредством проведения открытых мероприятий, направленных на сохранение культурных особенностей местных этнических групп и национального многообразия российских регионов.

Сложившиеся модели кочевого этнотуризма служат подтверждением востребованности курортного и туристического бизнеса на основе экологических, культурных и материально-технологических особенностей казахской юрты.

Между тем, собственно развитие российских юрточных этноцентров испытывают некоторые ограничения в своем стремлении к расширению границ и направлений своей деятельности. Зачастую эти проблемы связаны с дефицитом ресурсов и недостаточной степенью институциональной поддержки [30]. В ходе анализа было установлено, что российские юрточные этноцентры имеют слабую информационную основу своего развития по сравнению с похожими европейскими комплексами, например, у них отсутствуют веб-сайты. Такие информационные ресурсы позволили бы повысить информативность о работе центра и привлечь большее количество туристов.

Перспективным направлением использования юрт в рамках российского этнотуризма может стать создание гостиничных комплексов и кемпинговых баз. Использование подхода «проживание в юрте» в летнее и зимнее время года позволит реализовать более объемные программы знакомства с кочевой культурой народов Средней Азии.

Проанализированные примеры дополнительно демонстрируют необходимостьсохранения и развития кочевой уникальности и самобытности казахской юрты в контексте международного проекта Великий шелковый путь. Это позволит использовать юрту не только как объект исторического наследия предыдущих поколений, но и актуализировать на практике целый комплекс ее духовных, социальных и архитектурных достоинств в мировом контексте [31]. Практическое применение юрты в качестве специального и уникального пространства в рамках международной программы по возрождению Великого шелкового пути будет способствовать достижению понимания в культурных, экономических и политических вопросах между странами [7].

Среди наиболее перспективных проектов XXI века международная программа по возрождению Великого шелкового пути по праву занимает особое место по своим историческим и общечеловеческим масштабам [7]. Проблема развития Шелкового пути активно обсуждается политиками, общественными деятелями и предпринимателями на международном уровне. Так, позитивные перспективы развития международного сотрудничества, в том числе в плоскости экономических и торговых отношений связывают с возрождением Великого шелкового пути [32]. По мнению исследователей, «Экономический пояс Шелкового пути» придаст новые черты в конфигурации международных экономических и политических отношений [33].

Заключение

Проведенное исследование показало, что юрта сегодня остается жизнеспособной альтернативой жизненного пространства, отдыха, бизнеса, развлечения и культурного просвещения. Низкие затраты на техническое обслуживание, использование натуральных экологических материалов, удобство перемещения делают юрту очень привлекательным видом отдыха и проживания.

Сложившиеся модели кочевого этнотуризма служат подтверждением востребованности курортного и туристического бизнеса на основе экологических, культурных и материально-технологических особенностей казахской юрты. Помимо проживания в юртах, гости и посетители имеют возможность ознакомиться с кочевой культурой, устройством быта, повседневным укладом и традициями народов Средней Азии.

Обобщая обзор практик юрточного экотуризма и домостроения, необходимо подчеркнуть, что деятельность этнических центров вносит огромный вклад в общественную жизнь и социально-экономическое развитие местных территорий посредством проведения открытых мероприятий, направленных на сохранение культурных особенностей местных этнических групп и национального многообразия российских регионов.

Список литературы:

1. Утюшева, Л.Д.История, культура и традиции казахского народа [Текст]: монография / Л.Д.Утюшева**.**– Волгоград: Изд-во «Панорама», 2016. – 208 с.

2. Мелехова К. А. Картина мира в Центрально-Азиатской юртообразной архитектуре // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. 2017. №41-1.

3. Talinbayi, S., Xu, H., & Li, W. (2019). Impact of yurt tourism on labor division in nomadic Kazakh families. Journal of Tourism and Cultural Change, 17(3), 339-355.

4. Руденко С. Очерк быта казаков бассейна рек Уила и Сагыза. Л.: 1927, С. 29.

5. Турганбаева Л.Р. К вопросу о роли шалаша в истории жилища кочевников // Омский научный вестник. 2008. № 4 (69). С. 56.

6. Кочевое жилище народов Средней Азии и Казахстана / Отв. ред. Г. П. Васильева. М., 2000. С. 40.

7. Жолдасбеков А.А, Конысова Ш.М. Актуальные проблемы развития туристского кластера на Южно-Казахстанском отрезке Великого шелкового пути // Сервис +. 2012. №3.

8. Tiberghien, G., & Xie, P. F. (2018). The life cycle of authenticity: neo-nomadic tourism culture in Kazakhstan. Journal of Tourism and Cultural Change, 16(3), 234-247.

9. Кржижевский Михаил Владиславович Этнический туризм в Самарской области: особенности и перспективы развития // Современные проблемы сервиса и туризма. 2011. №2.

10. Кусков А.С., Дирин Д.А. Туризм в Саратовской области: возможности, современная ситуация, проблемы // Географический вестник. 2012. №3 (22).

11. Акижанова Диана Муратовна, Сатенова Сериккуль Купешбаевна Культурные ценности казахского народа и деловые переговоры в Казахстане // ПНиО. 2013. №5.

12. Томилов Н. А., Ахметова Ш. К. Казахи в евразийском пространстве: история, культура и социокультурные процессы // Вестник ОмГУ. 2014. №4 (74).

13. Lichman, Y. Y., & Doroshenko, T. M. (2016). Traditions of art and craft decoration and architecture of kazakh yurt as a source of modern art. European Journal of Science and Theology, 12(3), 221-232.

14. Yussupova, A. A., Songfu, L., Namazbay, A., Rahimian, F. P., & Nejad Ebrahim, A. (2017). Ornamental art and symbolism: activators of historical regeneration for Kazakhstan's landscape architecture. International Journal of Architectural Research: ArchNet-IJAR, 11(3), 193.

15. Куксин К.В., Гордеева З. И. Традиционные жилища кочевых народов и их адаптация к ландшафтным условиям (на примере юрт монголов и казахов) // Социально-экологические технологии. 2015. №1-2.

16. Жукенова Ж.Д. Горизонтальный план в структуре традиционного казахского жилища - юрты // Театр. Живопись. Кино. Музыка. 2011. №1.

17. Ултургашева О.Г., Тиникова Ю. К. Юрта хранительница традиционных обрядов кочевых народов Азии (на примере хакасской юрты) // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. 2013. №22-2.

18. Секен А., Чжаупин Ян, Шыаолян Ш. Изучение моделей развития казахского национального культурного туризма // Вестник АГАУ. 2011. №9.

19. Aljanova, N., Borbassova, K., & Rysbekova, S. (2015). A Semiotic Analysis of the Yurt, Clothing and Food Eating Habits in Kazakh Traditional Cultures. The International Journal of Critical Cultural Studies, 14(1), 35.

20. Rancier, M. (2009). Resurrecting the nomads: Historical Nostalgia and modern nationalism in contemporary Kazakh popular music videos. Popular Music and Society, 32(3), 387-405.

21. Kemery, B. (2006). Yurts: Living in the round. Gibbs Smith.

22. Krebs, M. (2012). From a Real Home to a Nation's Brand: On Stationary and Traveling Yurts. Ab Imperio, 2012(2), 403-428.

23. Утюшева Л.Д. Региональные социокультурные особенности этнической группы казахов-букеевцев России. Сборник материалов VIII Международной научно-практической конференции «Астраханские краеведческие чтения», 27.05.2016 г. в рамках работы конференции. Астрахань, 2016.

24. Цзюнь Ч. Проблемы реализации проекта Экономического пояса Шелкового пути // Управленческое консультирование. 2017. №2 (98).

25. Сайт компании CoolCamping. [Электронный ресурс]. URL. www.coolcamping.com(Дата обращения: 03.09.2019).

26. Сайт компании GroovyYurts. [Электронный ресурс]. URL. www.groovyyurts.com (Дата обращения: 03.09.2019).

27. Сайткомпании FrostMountainYurts.[Электронный ресурс]. URL. www.frostmountainyurts.com(Дата обращения: 03.09.2019).

28. Сайт компании YurtWorkshop. [Электронный ресурс]. URL. www.yurtworkshop.com(Дата обращения: 03.09.2019).

29. Сайт компании Euro-Yurts. [Электронный ресурс]. URL.www.euro-yurts.com(Дата обращения: 03.09.2019).

30. Утюшева Л.Д., Такмашева И.В. Исследование перспективных зарубежных практик развития социального предпринимательства // Экономика: вчера, сегодня, завтра. 2019. Том 9. № 5А. С. 468-484.

31. Мухамедиулы А. Музыкальная культура Казахстана в новых контекстах «Шелкового пути» // Культура и образование: научно-информационный журнал вузов культуры и искусств. 2009. №2 (6).

32. Айтходжаева Г.И., Жексенбиева Д.Б. Таможенный союз между Россией, Казахстаном и Беларусью: первые шаги на пути возрождения великого шелкового пути // Инновационная наука. 2015. №5-1.

33. Ягья Ватаняр Саидович, Ли Минфу Центральная Азия в условиях сопряжения экономического пояса Шелкового пути и Евразийского экономического союза // Управленческое консультирование. 2016. №3 (87).

ӘОЖ 94:821

МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

Нағымов Ш.Н. п.ғ.к., профессор
Жұмабаев А.Ж. тарих магистр
Абдулов А.Д. тарих магистр
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада Алтын Орда тарихына байланысты Мұрат Мөңкеұлы шығармаларындағы деректер берілген.

Негізгі сөздер: Алтын Орда, жұрттар, елдер, хандықтар, қазақ хандығы.

Қазіргі кезде Қазақстан тарихын зерттеу,зерделеу ісіне үлкен мән беріліп келеді. Бұл орайда тың тұрғыдан, тың әдістерді,тың деректерді пайдалана отырып қазақ тарихының әлі де болса ашылмай жатқан жақтарын жарыққа шығарудың маңызы зор. Қазақ тарихын тың тұрғыдан зерделеу үшін өлкемізде өмір сүрген жыраулар шығармашылығын пайдалану ісі кезек күттірмейтін маңызды мәселе болып табылады. Бұл тұрғыда,Шынияз шығармаларында кездесетін деректердің негізінде Сарайшық тарихи кешеніне жеті ханның есімдері таңбаланған кесененің қойылуын пайдалы тәжірибе ретінде айтуға болады. Ал Мұрат шығармашылығы жөнінде сонау 1924 жылы профессор Х.Досмұхамедов: «Қазақ тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды» деген болатын.[1]

Мысалы, Мұрат ақынның «Үш Қиян», «Сарыарқа» толғауларында «жеті жұрт» тіркесі кездеседі.Сонда «жеті жұрт» дегендер кімдер? Олардың Алтын орда тарихына қатысы бар ма? Қай кезеңде өмір сүрген халықтар? Бір ерекшілігі ақынның «Үш Қиян» толғауында «жеті жұрт» тіркесі бір емес бірнеше жерде бар.Мысалы:

«Жеті жұрт кеткен жер,
Көшіп талақ еткен жер,
Сол секілді неткен жер?
Адыра қалғыр Ақ жайық,
Көпір салып өткен жер. [2]

Жырдағы тіркестердің бәрі ұқсас.Жеті жұрттың көшіп кетіп қалғаны айтылады.Жеті жұрт бұл-жеті хандықпа? Бұл жеті жұрт ақын жырлауы бойынша:Еділ,Жайық,Маңғыстауаралығын мекендеген.Жеті жұрт ұғымын тек осы толғауда емес, «Сарыарқа» толғауынан да кездестіреміз.

«Бұл қонысжеті жұрттан қалған қоныс,
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
Қазтуған,Асан қайғы,Орақ, Мамай
Біз түгіл солардан қалған қоныс»[3]

-деп жырлайды.Ақынның осы толғауын толық оқи отырғанда,жеті жұрттың жетеу емес алтау деген өлең жолы да кездеседі.

«Бұл жерден дін мұсылман жеті кетті,
Біреуі екі келіп,екі кетті.
Бұл жұрт жетеу емес алтау екен,
Біреуін екі санап жеті депті»[4]

-деген жолдардың өзінде шешілмес құпия сыр жатыр. Екі келіп, екі кеткен халық кім? Бұл өте ойландыратын сұрақ.Ақынның қай сөзін құптаймыз. Жеті жұрт ұғымын енді, алты жұрт ұғымымен ауыстыру керекпе? Бұл халықтар барлығы мұсылман болғаны анық.

Ақынның соңғы «алты жұрт» ұғымы, белгілі жерлес ақынымыз Шынияз Шанайұлының «Жаңа Низам» толғауында кездеседі:

«Алты жұрт Асанменен анық кетті,
Жетеу деп білмегендер жалғап еді,
Еділден қара табан қалмақ босып,
Қозғаған ноғай артын солар еді.»[5]

Бұл жыр жолдарыалты жұрт мекендегенін дәлелдей түседі.

Сондай-ақ Шынияз ақынныңқалған жыр жолдарында «жеті жұрт» ұғымы көп кездеседі. Мысалы:

«Көк Нарын жаман болса енді болды,
Мөр ұстап,қағаз жазған шенді болды,
Алдырып жеті жұрттыбізден бұрын,
Бишара қалғандарға үлгі болды.
Соңғысы ойлап тұрсаң жалған екен,
Жеті жұрт бізден бұрын алған екен»[6]

-деп жырлайды. Осы өлең жолдарын келтіре отырып, нақты жұрт санына тоқталу қиындау.

Осы жеті жұрт ұғымына өлкетанушы Берік Қорқытов берген түсініктемені келтіре кетсек: «Алтын Орда Хандығында мекен еткен негізгі ұлттар бүгінгі тілмен айтқанда түрікпен, өзбек, қазақ, қырғыз, татар, башқұрт. Басқалары көшіп, қонған жерлерінде қалып қойып қазақтың ескі жұртына екі келіп,екі кетуі де ғажап емес. 1990 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 14-ші қыркүйектегісанында Ш.Құдайбердіұлының «Қазақтың қайдан шыққаны» деген еңбегі жарияланды. Еңбекті Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар» деген 1911 жылы Орынборда басылып шыққан кітабынан алып жариялатқан жазушы-ғалым Қ.Мұхамеджанов.Сол еңбегінде Шәкәрім былай деп жазыпты: «Жошы нәсілінен Өзбек хан мұсылман болғанда барша Жошы ұлысы өзбек атанып онан кейін Әз Жәнібек ханға еріп, Ноғай ханынан бөлінгенде қырғыз-қазақ атанған елміз. Ол кезде ол атпен атанған ел жалғыз ғана біздің үш жүздегі қазақ емес, көп ел еді. Оның көбіотырықшы өмірге кіріп, әр жерге барып, бір талайы ноғай, башқұрт атанып, бір талайы өзбек, сарт атанып кеткен.Ақырында қазақ деген ат бізде қалған» Онда Мұраттың айтқаны дұрыстыққа шығады. Дегенмен бұл әлі анығы ашылмай жатқан тың мәселе. Мұны ашу әдебиетшілердің емес, тарихшылардың міндеті.[7]

Қорытындылай келе жеті жұрт біздің тұжырымдауымызша бұл-ноғайлар, қалмақтар, башқұрттар, татарлар, өзбектер, қарақалпақтар, қырғыздар. Жеті жұрт ұғымын жеті хандық ұғымымен ауыстырғанда Алтын Ордан ыдырыганнан кейін пайда болған хандықтарға сәйкес келеді. Олар: Сібір, Өзбек, Астрахань, Қазан, Қырым, Қазақ, Ноғай хандықтары. Жырда жұрттардың көшіп кеткенін, қазақтардың қалғанын айтса, жоғарыда аталған алты хандық қазақ жерінен көшіп өзге жерге өз хандықтарының іргесін қалаған. Мұрат жырларында жеті жұрт ұғымын енді жеті хандық түрінде тарқатып келтірсек.

Сібір хандығы - 15 ғасырдаБатыс Сібірде құрылған феодалдық мемлекет. Алтын Орданың құлдырауынан және одан Шайбани ұлысының бөлініп шығуынан пайда болған хандық. Сібір ханы Көшім.

XIII-XV ғасырлардағы Батыс Сібір. Сібірдің жерінде біршама түрік тайпалары мекен етті. Батыс Сібір алдымен Жошы ұлысына, кейіннен Шайбани хандығына қарайды. Батыс Сібірдің орталығы – Тұра қаласы. 1428 жылы Батыс Сібірді Әбілқайыр басып алды.Көшім тұсындағы Сібір хандығы. Территориясы: Батыс Сібір, Орал өңірі, Ертіс, Тобыл өзендерінің алабы. Құрамындағы тайпалар: керей, қыпшақ, найман, арғын, жалайыр, ханты, мансы т. б. Астанасы: Искер қаласы.1563 жылы хан тағына Көшім отырды. Алты ұл тайпасынан шыққан Көшім 1510 жылы Ноғай ордасында дүниеге келген. Ол 1555 жылы Сібірде билік жүргізген Тайбұғанмен соғысып, оны жеңеді. Экономикасы мен мәдениеті. Көшімнің кезінде Сібір хандығында көптеген қамалдар мен бекіністер, ғимараттар салынады. Көшімнің тұсында Сібір халқы ислам дінін қабылдайды. Сібір хандығы кейінРесей империясының құрамына кіреді.[8]

Өзбек хандығы немесе Әбілхайыр Ордасы - 15 ғ. алғашқы ширегінде Қазақстанның солтүстік-батыс және орталық аймағында пайда болған. Қазақстанның орталық, батыс және солтүстік-батыс бетінде бірнеше тәуелсіз феодалдық иеліктер құрылып, олардың арасында билік үшін күрес толассыз жүрді. Ноғай Ордасы мен Әбілхайыр хандығының пайда болуына әкелді.Осындай жағдайда Жошы әулетіндегі Шайбанның ұрпағы Дәулет Шайхтың баласы Әбілхайыр саяси өмір сахнасына шықты. 1450 жж. Әбілхайыр МәуранахрдағыТемір ұрпақтарының ішкі тартысына араласып, Самарқан пен Бұқараға жорық жасайды.1456–57 жж. ойраттармен болған шайқастарда жеңіліске ұшыраған Әбілхайыр елдің бірлігін қамтамасыз ете алмады. Оған наразы Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған халықтың бір бөлігі Моғолстан жеріне қоныс аударып, Шу мен Қозыбасы (Талас) өзендерінің бойына орнықты.1468 ж. Әбілхайыр көп жорықтарының бірінде қайтыс болып, «Көшпелі өзбектер мемлекеті» ыдырап кетті.[9]

Астрахан хандығы - Алтын Орда ыдырағаннан кейін құрылған дербес мемлекеттердің (1465 – 1556) бірі. Тақ үшін күресте туысы Ахмет ханнан жеңілген Үлкен Орда ханы Махмуд (1459 –1465) ата-бабасының иелігі Қажы Тарханға (Астрахан) қашып келіп, дербес хандық құрды. Оның аумағына Каспийдің солтүстік-батыс жағалауы, төменгі Еділ бойы, Солтүстік Кавказ енді. Халқы 100 мың адам шамасында болды, түркі тілдес тайпалардан тұрды.

Көшпелі мал шаруашылығымен, аң, балық аулау, тұз өндіру, қолөнер, Бұзан бойындағылар аздап егіншілікпен айналысты. Батыс пен шығысты жалғастырған Астрахан хандығы Русьпен, Қазанмен, Қырыммен, Хорезммен, Армениямен, Иранмен, Әзербайжанмен, Сібірмен, Ноғай Ордасымен, Қазақ хандығымен, Түркиямен саяси және сауда байланыстарын орнатты. Билеушілер Жошының кіші ұлы Тоқа-Темір ұрпақтары болды. Астрахандық ханзадалар Қазан мен Русьте маңызды қызметтерге ие болып, олардың тарихына елеулі ықпал етті. Бай сауда орталығы болғандықтан Қажы Тархан көршілерінің шапқыншылығына жиі ұшырап отырды. 1492 жылы қаланы Сібір билеушісі Айбек хан басып алды. Үлкен Орда, Ноғай Ордасы мен Қырым хандығы да Астрахан хандығының ішкі істеріне араласып отырды. 16 ғасырдың ортасында Астрахан хандығын Ресей жаулап алды.[10]

Қазан Хандығы – Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде Еділ – Кама бұлғарларының аумағында құрылған (1438 – 1552) мемлекет. Оған қазан татарлары (Еділ бұлғарларының ұрпағы), марийлер, чуваштар, удмурттар, сонымен бірге ішінара мордвалар мен башқұрттар кірген. Астанасы – Қазан қаласы. Қазанның географиялық жағдайының тиімділігі оның Русьпен, Сібір, Иран, Кавказ, Орталық Азия елдерімен сауда-саттық қарым-қатынасын жасауына мүмкіндік берді. Қазан Хандығында жоғары өкімет билігі ханның қолында болды, бірақ оған ірі ақсүйектер кеңесі(диуан) бағыт сілтеп, бақылау жүргізіп отырды. Ақсүйектердің ең ықпалды жоғары тобы, негізінен, 4 рудан шыққандар болды. Олардан кейін сұлтандар мен әмірлер, бұлардан төменіректе мырзалар, ұландар, жауынгерлер тұрды. Аса маңызды мемлекеттік мәселелерді шешу үшін хан ақсүйектердің құрылтай жиналысын шақырды. Ислам дінінің өкілдері де Қазан Хандығында зор рөл атқарды, олар ірі жер иеліктерін пайдаланды. Әкімшілік тұрғыдан Қазан Хандығы даруг (округ), ұлыстарға (уәлаят) бөлінді. Русьтегі бөлшектенуді, өзара қырқысуларды пайдаланып Қазан Хандығы 15 ғ-дың 1-жартысында Мәскеудің ұлы князі Василий II Темный тұсында орыс жерінің шығыс бөліктеріне ықпал жүргізуге тырысты. Бір орталыққа бағынған Ресей мемлекеті біріккеннен кейін, Иван III Васильевич тұсында Қазан Хандығына қарсы күрес күшейді. Мәскеуліктердің тарапынан 1467 – 69 ж. Қазан мен Вяткаға жасалған шапқыншылықтарынан соң Қазан Хандығы орыс жеріне шабуылын тоқтатты, Алтын Орда құлағаннан кейін (1480), Иван III Қазан Хандығына шабуылды қайта бастады. 1487 ж. 9 маусымда орыс әскерлері Қазанды алды. Әли хан тақтан түсіріліп, оның орнына інісі Мұхаммед Әмин (Иван III-нің қол жаулығы) хан болып тағайындалды, Қазан Хандығы Ресейге 1521 жылға дейін вассалдық тәуелділікте болды. 1545 – 52 ж. Қазан жорықтары Қазан қаласын орыс әскерлерінің басып алуымен (1552) аяқталды. Қазан Хандығы жойылып, оның бүкіл жері Ресей мемлекетінің қарамағына көшті.[11]

Ноғай ордасы, Маңғыт ұлысы – Алтын Орда ыдырап, Ақ Орда әлсірегеннен кейін Бат. Қазақстан жеріне іргелес аймақта пайда болған мемлекеттік бірлестік. Негізгі аумағы Еділ мен Жайық аралығы болғанымен, шығыста Жайықтың сол жағасына, солт.-шығыста Бат. Сібір ойпатына дейін, солт.-батыста Қазанға дейін, оңт.-батыста Арал, Каспий т-не дейін, кейде

Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі алқапты қамтыды. Ноғай ордасы алғашында осы бірлестіктің негізін қалаған маңғыттардың атымен “Маңғыт Ордасы” аталған. “Ноғай” атауы бұдан кейініректе, алғаш орыс жылнамаларында (1479), кейін шығыс деректерінде (1500) пайда болған. Бұл атаудың шығу тегі туралы көптеген зерттеушілер 13 ғ-дың 2-жартысында Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай иелігіне қараған ұлыс халқы “ноғай”, “ноғайлы” аталғандықтан деп санайды. Тарихи жазба деректерге қарағанда Ноғай ордасының негізін Едіге қалаған. Қазақ, қарақалпақ, өзбек, татар, башқұрт, т.б. түркі халықтарының ұлт болып қалыптасуында Ноғай ордасына кірген тайпалардың үлесі өте мол. Олардан аса үлкен мәдени мұра қалды.[12]

Қазақ хандығының құрылуы – Әбілхайыр (1428-1468) Жошы-Шайбан-Дәулет-Шайх оғланның ұлы хандығы өте нашар еді. Әбілхайыр билік еткен кезде халық өзара қырқыс пен соғыстан шаршады. 30 жж. ол Тобыл бойында Шайбани ұрпағы Махмұт Қожаханды талқандады. Сыр бойындағы далада Жошы әулетінің Махмұтханы мен Ахметханын(Тоқа Темір тұқымы) жеңді. 1446 жылы Әбілхайыр Темір ұрпақтары мен Ақ Орда хандары ұрпақтарынан Сыр бойы мен Қаратау баурайындағы –Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзгент, Аркүк сияқты қалаларды басып алады. 1457 ж. Үз-Темір тайшы бастапан ойраттардан (жайылым жер іздеген) Түркістан өңірінде жеңіліп қалды. Масқара ауыр шарт жасасып, ойраттар Шу арқылы өз жерлеріне кетті. Ал Әбілхайыр өз ұлысында, қатал тәртіп шараларын орнатуға кіріседі. Бұл халық бұқарасының оған деген өшпенділігін күшейтті. Нәтижесінде халықтың жартысы Шығыс Дешті ҚыпшақтанТүркістан алқаптарына және Қаратау бөктерлерінен Жетісудың батыс өңіріне көшіп барулары еді. Оны Жәнібек пен Керей басқарды.

Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы көшпелі бұқара феодалдық қанаудың күшеюіне, соғыстарға наразылық ретінде, хандар мен феодалдардың қол астынан көшіп кетіп, қоныс аударды. Сөйтіп, 15 ғ. 50-70 жж, яғни 1459ж. Әбілхайыр хандығынан Жетісудың батысына Есенбұға хан иелігіне Шу мен Талас өзендерінің жазықтығына көшіп келді. Олардың қоныс аударуының бір себебі, оларды Шыңғыс әулетінен шыққан Керей хан мен Жәнібек ханның жаңа қалыптасып келе жатқан қазақ халқының дербес мемлекетін құру, оның тәуелсіз саяси және экономикалық дамуын қамтамасыз ету жолындағы қадамы мен қызметі өз ықпалын тигізді. Жетісу рулар мен тайпалар мемлекет бірлестігінің орталыпына айналды. Олардың саны 200 мың адамға жетті. Моголстан ханы Есенбұға өзінің солтүстік шекарасын қорғату үшін, сондай-ақ өзінің бауыры Тимурид Абу Саид қолдап отырған Жүністің шабуынан батыс шекарасын қорғату үшін пайдаланғысы келді. Жәнібек қазақ хандығының тұңғыш шаңырағын көтерген Барақ ханның ұлы, ал Керей оның ағасы Болат ханның баласы. Барақтан басталатын қазақтың дербес мемлекеттігі жолындағы күресті оның туған ұлы мен немересінің жалғастыруы табиғи құбылыс. Мырза Мұхамед хайдар ДулатиҚазақ хандығының құрылған уақытын хижраның 870 жылына (1465-1466 жж.) жатқызады.

Қазақтың алғашқы ханы болып Керей жарияланды (1458-1473 жж.). Одан кейін қазақ ханы болып Жәнібек сайланды (1473-1480 жж.). Бұлардың тұсында

Жетісу халқы, 1462 жылы Моғолстан ханы Есенбұға өлгеннен кейін ондағы тартыстың күшеюіне байланысты, өзара ынтымақтықты нығайтуға үлес қосты. Әбілхайыр хандығынан көшіп келушілер Жәнібек пен Керейдің қазақ хандығын күшейте түсті.

70-жылдары Сауран, Созақ түбінде, үлкен шайқастар болды. Ассыны (Түркістанды), Сығанақты біресе қазақ хандары, біресе Мұхамед Шайбанибасып алып отырды. Осындай шайқастардың бірінде көрнекті қолбасшы Керейдің ұлы Мұрындық болды. Ол 1480 жылдан бастап хан болды. Соның нәтижесінде 15 ғ. 70-ж-да қазақ хандығының шекарасы кеңейе берді. Оңтүстік қазақстан қалалары үшін Шайбани әулетімен арадағы соғыстар Жәнібек ханнан кейін қазақ хандығын билеген Бұрындық хан (1480-1511 жж.) тұсында да толастамады. Батыс Жетісудағы иеліктеріне оңтүстіктегі өздеріне қараған қалаларға (Созақ, Сығанақ, Сауран) сүйене отырып, алғашқы қазақ хандары Дешті Қыпшақтағы өкімет билігіне талаптанушы барлық хандарды жеңіп, өз иеліктерін ұлғайтты. Дешті Қыпшақта қазақ хандары билігінің орнығуы, Мұхаммед Шайбаниды Дешті Қыпшақтағы тайпалардың кейбір бөлігін соңына ертіп Мәуереннахрға кетуге мәжбүр етті. Мұнда ол Темір әулеті арасындағы өзара тартысты пайдалана отырып, өкімет билігін басып алды.

Сонымен қазақ хандығының құрылуына ұйтқы болған себептер – саяси және этникалық процестер болды. Оның басты этапы – Керей мен Жәнібектің қол астындағылармен бірге көшпелі өзбектердің басшысы Әбілхайырдан кетіп, Моғолстанның батысына қоныс аударуы. Мұндағы маңызды оқиға – Керей мен Жәнібекті жақтаушылардың өзбек-қазақтар, кейін тек қазақтар деп аталуы. Әбілхайырдың өлімінен кейін Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына келіп, үкімет билігін басып алуы. Жаңа мемлекеттік бірлестік Қазақстан атана бастады. [13]

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұрат.Құрастырған Б.Қорқытов.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2001ж. 130-бет.

2. Мұрат.Құрастырған Б.Қорқытов.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2001ж. 130-бет.

3.Сонда,148-бет.

4. Сонда,151-бет.

5. Шынияз: «Тарихтың шежіреші хабарымын» Атырау қаласы,1996 жыл 4-бет

6. Сонда, 9-бет.

7. Мұратану 1992 жыл 10 қараша, 7-бет.

8. Уикипедия - ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

9. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.

10. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.

11. Қазақ Энциклопедиясы.

12. Отырар. Энциклопедия. – Алматы. «Арыс» баспасы, 2005

13. “Қазақ Энциклопедиясы”, 9-том

Аннотация

В статье рассказывается о некоторых сведениях из истории Золотой Орды, описанных в произведениях Мурата Монкеулы.

Ключевые слова: Золотая Орда, журты, страны, ханства, казахские ханства.

Abstract

This article represents the information about Zolotaya Orda described in the books written by Murat Monkeuly.

Keywords: Golden Horde, Zhurts, countries, Khanates, Kazakh Khanates.

ӘОЖ 929

Ш.УӘЛИХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛЫТАУ ӨҢІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Искаков А.Ш.
«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-музейі және М.Төрегелдин атындағы Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы музейінің ғылыми қызметкері
Жезқазған қ., Қазақстан Республикасы

Негізгі сөздер:Ұлытау, Архитектура, Алтын Орда
Ключевые слова:Улытау, Архитектура,Золотая Орда
Key words: Ulytau, Architecture, Golden Horde

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов өзінен кейін мол тарихи мұра қалдырды. Өзінің қысқа ғұмырының барысында Шоқан Уалиханов европалық ғылым үшін «белгісіз», «жұмбақ» болып келген Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы, географиясы мен этнографиясына арналған бірсыпыра еңбектері мен қоғамдық саяси тақырыптағы толып жатқан шығармалар жазып үлгерді.

Шоқан Уалиханов қазақ тарихында ерекше орын алатын Ұлытау өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері мен тарихын зерттеп құнды жазбаларын қалдырды. Сондай құнды еңбектерінің бірі 1855 жылы жазылған «О Киргиз-кайсацких могилах (молах) и древностьях вообще» атты мақаласы. Бұл мақалада қазақ тұрмысы тілсіз ескерткіштерінің тарих және этнографиялық тұрғыдан қарағанда анағұрлым маңызды екенін көрсетті. Ғылым мола тұрғызу неліктен шыққанын, олардың түрлерін, айта келіп осы өңірдегі атақты адамдарға қойылған ескерткіштерге сипаттама беріп өтті. Ұлытау ескерткіштері туралы Шоқан Уалиханов жазбасында: «Бұдан кейін Ұлытау даласында, Кеңгірде өзінің құрлысымен таңқалдыратын Қамыр хан, Алашахан,

Домбауыл, Болған ана және басқалардың, көптеген молалардың болуы заңды, бұлардың барлығы кірпіштен қаланған, сыртынан әр түсті сырмен боялған. Қаражардағы Қаракеңгірдің саласындағы Болған ананың моласы ақ түсті, күмбезі шағын ғимарат және басқалары да осылай салынған. Алашахандікі сәл өзгешелеу: күмбездің іргетасы мазардан кішкентай, сондықтан төбесі жабылған, ал қабырғалары жоғары қарай тарыла келген шығын баспалдақпен шығуға болатын балкон құрған».

Халқымыздың ел болып қалыптасуына, бірлік-тірлігіне діңгек болған, исі қазақтың айналып соғар түп қазығындай қара шаңырақ қасиетті мекен Ұлытау өңірінде бағзы заманнан белгі болып қалған үш жүздей ескерткіш, жәдігерлер бар. Солардың бірі өзінің сәулеттік құрылысымен, ерекшелігімен таңдай қақтыратын «дың», «үйтастар». Шоқан еңбектеріндегі осы мәселеге байланысты келісті сюжеттердің бірі – ежелгі дәуірдегі халықтың рухани тіршілігін елестетін сол кездегі әлеуметтік-тұрмыс суреттері, олардың ішінде өлікті жерлеу, оны қадірлеумен байланысты басынабелгі орнату, ас беру, сауын айту, ат шаптыру. Бұлардың барлығы үлкен эпикалық сарынмен аса шалқыта берілген. Өлікті қадірлеу, оның тірі күнінде пайдаланған қымбат бұйымдарын (қазанын, киімін, ер-тұрманын, мінген атын) өзімен бірге қою, болмаса бір тайпа ел болып жиналып, оны зор салтанатпен шығарып салу дала сахарасын қоныс еткен көшпелі елдердің ежелден келе жатқан дәстүрі болатын. Бұл дәстүрдің әдемі, салтанатты, көркем түрін Еділді (Аттила) қойғандағы Рим жазушысы Иорданның барлауынан көруге болады. Иорданның жазуынша, Еділдің денесін мақпал жібекке орап, биік жерге қойып, алдымен оның даңқты істерін еске түсіріп жоқтау жырын айтады. Еділді жерлеп, оның үстіне «зәулім дың» орнатқан соң, сәйгүлк атқа мінген жас жігіттер дыңды бірнеше айналып, тағыда жоқату жырын айтады. Бұл айтылып отырған жерлеу қағидасы ислам дінінің заңынан бүтінде басқа, ол оған барлық болмысымен қиғаш келіп тұр. Өйткені, бұл жосықтар ислам дәуірінен анағұрлым бұрын Орта Азия сахарасын қоныстанған көшпелі тайпалардың салт-санасынан туған жоралар.Тап осы сияқты жерлеу ерте заманда Жетісуды, Тарбағатайды, Алтай, Саян тауларын, Орталық Қазақстанды мекендеген, қоныс қылған көшпелі елдердің (сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, қырғыз) бәрінде болған. Оған дәлел Орталық Қазақстандағы Домбауыл дыңы, Қара дың, Қос үй тас жәдігерлері. [1, 68]

Шоқа сипаттамасында дың ескерткішінің пішіні пирамида тәріздес болып келіп, жоғарғы жағы жіңішкере түседі және олар қара тастан салынады. Ескерткіштің сол жағында тастан жасалған азият түр-әлпетіне келетін мүсін тастар болады. Олар кей жағдайда ыдыс ұстаған кейіпте қойылады.

Алашахан ескерткіші жайында ғалым, Тұран ханы Абдолланың немесе Абдул-азиз ханның алапес ұлы Алаша болған. Көне дәстүр бойынша алапестігі үшін Алаша қуғын көріп, Сырдың солтүстік өңіріндегі далаға қуылған. Бұл жақта Алаша күш жинап, жігіттерін үш жүзге жеткізеді. Бірақ төңірегіндегі елдің шабуылы, аштық пен суық қаңғып жүрген үш жүз жігітті әбден титықтатады. Осындай қиын шақта Алаша есімді дана қарт ұшырасады да, ақыл береді. Қаңғып жүрген жігіттер мұнан кейін бас құрып, ел жинап, Алашты батагөй рубасы етеді, ал Алашаны хан сайлайды. Бірақ көршілері бұрынғыша

қаңғыбас деген мағынаны беретін «қазақ» атауымен атап кетеді. Кейін, 1392 жылы Ақсақ Темір Тоқтамысты шабуға бара жатқан жолында Алашаның ұрпағы Амет пен Сәмет есімді екі ұлын өлтіреді. Демек, Алашахан 14 ғасырдың орта тұсында өмір сүрген болуы керек дейді.

Ұлытау өңіріндегі Аяққамыр ескерткіші ауқымды ескерткіштерінің бірі. Шоқан кесенені пішіні жағынан Болған ана ескерткішіне ұқсас екенін және Камырханның күмбезі деп жазады. Бірақ бұндай есімді адам, тарихта кездеспейді. Аталған кесене күйдірілген кірпіштен салынған және осы күнге дейін күмбезінен басқа жерлері жақсы сақталған. Әлкей Марғұланның болжамы бойынша, кесене ақсүйек, төре Темір-Құтлықтың моласы болып есептеледі.

Жұбан ана мазары қайсақтар қасиетті әулиенің моласы деп құрмет тұтатын мазар. Сарысу өзенінің сол жақ жағасында, осы аймаққа мәлім Қарағаш сайынан 57 шақырым, ал Ақтау бекінісінен 100 шақырым қашықтықта, Сарысу өзеніне сүйірлене тірелген тас-құмды жерде едәуір биіктікте тұр.

Ол он қырлы пирамидалды төбелері бар төртбұрыш түрінде, күйдірілген кірпіштен салынған. Оның биіктігі он жарым аршын, қабырғаларының ұзындығы бірдей – ішкі жағынан сегіз жарым аршын.

Онда оның әулиелігі дәлел болатын «жалаулар» көп. Осы жерден өткенде қайсақтардың кез келгені құдай жолына берілгендік түйсікпен әрі діни сезім жетегінде түрлі діни салттарды орындайды, мінжат қылады; осы арқылы тақуаның көңілін тауып, Мұхаммедтің рақымын алғылары келеді.

Айболат мазары Дабысын - құм құмдарының оңтүстік –шығыс бөлігінде Сарысу өзенінде, Қаракемерге құятын жерінде, Қаражардан 100 шақырым қашықтықта жатыр. Оның биіктігі 9 жарым, қабырғасының ұзындығы сегіз аршын.[2.168 б]

Шоқан Уалиханов академик А.И. Шренкпен Орталық Қазақстанға сапарында Ұлытау ескерткіштерінің суретін салып сипаттама берді. Ал Шоқан Уәлиханов: «... Ұлытау шыңдарының бірінен Маңғыт ордасының негізін қалаушы Едіге моласын таптық. Оның моласы – жай ғана ұсақ тас үйіндісі, бұрын оның белгілі бір формасы болуы мүмкін, бірақ құлап қалған ; оның құзыры өзі орналасқан тау қиясының биіктігімен сәтті ұштасып тұр», - тұр деп жазды.[3.105-106 б]

Ш. Уәлихановтың «Сказание об Едыге и Токтамыса» деген еңбегі 1905 жылы Санкт-Петербургте баспада басылып шығады. «Едіге» жыры XIV ғасыр соңындағы оқиғаларға қатысты, бірақ XV ғасыр басында құрастырылған. Бұл жыр-дастандағы ескі сөздер мен сөз тіркестері қазіргі тілде жоқ. Ең бір таңқаларлық жай, бүкіл жырда бірде-бір парсы, араб сөзі кездеспейді – деп жазады.[4. 163-164 б]

Шоқан Уәлихановтың мұрасы – қазақ тарихын зерттеудегі құнды дерек көзі. Ұлы Шоқанды қай қырынан да жан-жақты терең зерттей түсу - бүгінгі және кейінгі ұрпақтың ең қасиетті міндеттерінің бірі болып қала береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аршабеков Т., Жұмабеков Ж.А., Толеуов Т.С. «Ұлытау – Нұра өңірлерінің тарихи-мәдени ескерткіштері» Қарағанды . 2007, 68 бет

2. Ш. Уәлиханов Көп томдық шығармалар жинағы, 2-ші басылым, 4-ші том, Алматы. 2010, 168 бет)

3. Ш. Уәлиханов, «Таңдамалы». Алматы.1985, 105-106,беттер

4. Ш. Уәлиханов, «Таңдамалы». Алматы.1985, 163-164 беттер



Алашахан кесенесі



Аяққамыр кесенесі



Болған-ана кесенесі



Жұбан –ана кесенесі



Домбауыл дыңы



УДК 94.726:822

МАВЗОЛЕИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ ВИРТЫШО-ИШИМСКОММЕЖДУРЕЧЬЕ

Нуртаев Ж.Н.
заведующий отдела археологии мультимедийного музея "Ertis" при Павлодарском областном историко-краеведческом музей им.Г.Н.Потанина
г.Павлодар, Республика Казахстан

Аңдатпа

Баяндамада Ертіс пен Есіл өзендерінің арасындағы ортағасырлық археологиялық ескерткіштерді зерттеуде үлкен жетістіктерге жеткен археологтардың зерттеулері келтірілген. Ортағасырлық археологиядағы оңғы жетістіктерді атақты археологтар М.К. Хабдулина, Т.Н. Смағұлова, Ж.Е. Смаилова және басқалары жасаған болатын, әсіресе Алтын Орда дәуіріндегі көшпенділердің сәулет құрылысын зерттеудегі қосқан үлесізор. Табылған және зерттеген ескерткіштер жүйелеуді қажет етеді. Баяндамада сонымен бірге жаңа зерттелмеген ескерткіздер жайлы айтылады.

Негізгі сөздер: Мазар, Алтын Орда, оба, ислам, жерлеу дәстүрі, Ертіс, Есіл.

Исследование золотоордынских памятников на территории Казахстана все еще остается актуальной темой для современных ученых. Особый интерес исследователей проявляется к памятникам Сарыарки и Павлодарского Прииртышья. Несмотря на длительную историю накопления научной информации, на сегодняшний день остается слабо изученной темой в

археологии Казахстана. В археологическом отношении эти территории изученынеравномерно.

Изучение средневековых памятников междуречья Иртыша и Ишима, как одного из важных политических и культурных центров Золотой Орды было не случайным. Поскольку ранее этим никто еще не занимался.

В середине XVII и в начале XVIII вв. начинается изучения казахских земель русскими исследователями. Касательно исследования исторических памятников междуречье Иртыша и Ишима, в хронологическом порядке выглядит таким образом. В 1654 году русский посол Ф. Байков обнаружил на левом берегу Иртыша сооружение из обожженного кирпича, отождествленное с Калбасунской башней. Этот же объект привлек внимание академика Г.Ф. Миллера и рисовальщика И. Люрсениуса направленные на научную фиксацию данного памятника. Военный инженер-топограф И И.Г. Андреев в конце XIX века, так же оставил сведение о Калбасунской башне. Н.П Рычков, И. П. Шангин в конце XVIII и вначале XIX вв. вели исследования по берегам рек Иртыша, Ишима, Нуры и их притоков. В XIX веке В.П. Никитин и Н. Коншин, которые оставили ценные сведения о Аулиекольском мавзолее, на реке Оленты. Известный исследователь XX века А.Х. Маргулан открыл и выборочно исследовал руины свыше десяти поселении и средневековых городищ по долинам Центрально-Казахстанских рек. Из них особенно следует отметить реки Шидерты, Селеты и Ишим.

Если взять по отдельности и разложить по степени изучения, то есть «визуально изученные» и «осмотренные», то картина вырисовывается таким образом. К изученным памятникам золотоордынского периода относятся комплекс Калбасунской башни на левом берегу Иртыша, Аулиекольский археологический комплекс на месте впадения реки Оленты в озеро Аулиеколь (Акколь) и городище Бозок на реке Ишим. К осмотренным мавзолеям имеющий сходство с вышеуказанными памятниками можно отнести мазары, обнаруженные в ходе разведывательных работ. В 2003 году Институтом археологии им. А.Х. Маргулана совместно с вузами города Павлодар, велись разведывательные работы в долине реки Селеты и в районе озеро Жалаулы.

В Селетинском микрорайоне наибольший интерес ученых привлек мавзолей в урочище Мортык, а так же остатки поселении и мавзолеев в урочище Байнияз и Кызылоба, расположенным между п. Изобильный и Кызылоба на границе Акмолинской и Павлодарской областей. В урочище Жантай Актогайского района Павлодарской области, в районе озеро Жалаулы, обнаружены руины еще одного мавзолея из жженого кирпича [10]. В 2019 году Северо-Казахстанский государственный университет им. М.Козыбаева совместно с археологическим центром «Margulancentre» при Павлодарском государственном педагогическим университете провели первичные археологические раскопки в урочище Кызылоба. Исследования дали богатый археологический материал. Была расчищена северная стена и часть погребальной камеры с четырьмя склепами.

Что касается изученных памятников Павлодарского региона, то первым следует отметить Калбасунскую башню, расположенную на левом береге среднего течение Иртыша, в Майском районе Павлодарской области.

В результате поисков первых сведениях о Калбасунской башни, выяснил, что первые источники о данном памятнике встречаются в архивном документе 1616 года. И то, что русский посол Ф. Байков в 1654 году обнаружил сооружение из обожженного кирпича, а за фиксацию памятника на карте взялся Ремезов [9].

В 1734 году экспедиция Г.Ф. Миллера берется за научную фиксацию древних архитектурных сооружений в среднем Прииртышье. Сотрудники Г.Ф. Миллера во главе с рисовальщиком И. Люрсениусом, посетили развалины Калбасунской башни [10].

С помощью академика Г.Ф. Миллера оно прочно вошло в российскую, а затем в советскую историографию. Опубликованные Г.Ф. Миллером рисунки и описания позволяют рассматривать Калбасунскую башню как мемориальный памятник, конструктивно схожи с образцами золотоордынского зодчества.

Раскопки на археологическом комплексе Калбасунской башни проводились в течении 2003-2005 гг. В ходе работ выяснилась, что исследуемый объект отождествленный с Калбасунской башней, был практический полностью разрушен при строительстве автодороги Павлодар-Курчатов. Найденные здесь элементы архитектурного декора, образцы кирпича форматом 22х22х5 см, фрагменты красноглиняной посуды, позволяет датировать этот памятник второй половиной XIV-XV вв. [10].

К концу столетия известный летописец Прииртышья И.Г. Андреев, в конце XVIII в., отмечал, что «Колбасункая Башня» «…была из кирпича жженого складена но ныне разрушилась» [2]. Эту информацию дополняет «Записки» Г.М. Броневского (1830 г.) где автор сообщает о том, что «башня Колбасунская …временем до основания разрушена», а «…кирпичи и камни разнесены на могилы киргизския коих близ башни очень много» [3].

Следующий объект представлял из себя группу захоронении, обнаруженных под кирпичными руинами средневекового мавзолея. В центре окруженного рвом площадки выявлены 2 погребения в грунтовых могилах и 3 погребения в склепах из обожженного кирпича форматом 25х25х5 см. За пределами рва, к востоку от погребений, обнаружен жертвенник в виде грунтовой ямы, выложенной по дну жженым кирпичом. В заполнении ямы найдены кости лошади [10].Аналогии обнаруженным склепным погребениям имеются в материалах Водянского городища [5] некрополь городища Жайык, датируемых XIV-XV вв. [4].

Из средневековых памятников особый интерес ученых проявляется к некрополю «Аулиеколь». Некрополь представляет собой мемориально-культовое сооружение, характеризуется как мавзолей.

Первые сведения о наличии в низовьях реки Оленты древнего памятника встречаются еще в досоветский период. В «Кратком описании памятников древности Семипалатинской области» В.Никитина содержится информация о том, что в Павлодарском уезде «на речке Уленты на летовках имеется большая

древняя могила, называемая Кор-оба»[10]. Данный весьма лаконичный текст дополняет информация Н.Коншина о наличии в Аккульской волости Павлодарского уезда, на урочище Кара-оба развалин некоего здания из обожженного кирпича. Согласно отзыву волостного управителя «внутренняя сторона этого здания была облита стеклянной массой синего цвета»[6].

С 2007 года на Аулиеколе ведутся стационарные исследования по Государственной программе «Культурное наследие». В ходе раскопок собрана большое количество артефактов. Среди которых можно выделить керамический комплекс имеющий аналоги городищ Сарайчик и Жайык. Остеологические материалы, представленные в виде костей лошади, овцы, рыб и дикой птицы, а так же обломки чигирных сосудов от водоподъемных механизмов.

В ходе археологических работы, удалось обнаружить остатки производственных сооружений мастерской, где изготавливался архитектурный декор, осуществлялось изготовление глазури, которой покрывались изразцы, служившие для украшения стен и куполов мавзолеев. Найдены и печи, в которых древние мастера обжигали строительный кирпич.

После работ на некрополе, были получены новые данные о погребальном обряде, искусстве и архитектуре средневековых кочевников Прииртышья. Где изучены раннемусульманские подкурганные погребения и захоронения в сырцовых оградах. Собраны интересная коллекция украшений, вооружения, предметов быта и конского снаряжения.

Основное внимание исследователей концентрировалось на элитную часть некрополя с захоронением средневековой знати. В течение 2007-2009 гг. велись работы на двухкамерном мавзолее, сооруженного из жженого и сырцового кирпича, размером в основании 19х12 м. Внутри здание имела два помещения. Первое помещения – зиаратхана (место оплакивание) расположенный в центре мавзолея и имела восьмигранную форму. Второе помещение – гурхана (усыпальница) в плане имело квадратную форму и содержало 3 захоронения в деревянных гробовицах. Из них 2 помещенный на полу, 1 в грунтовой могиле. Кроме погребения исследован жертвенник из черепов лошадей, обнаруженный с левой сторона стороны от входа. А сам вход в мавзолей был ориентирован в южную сторону[10].

Еще один не мало важный памятник золотоордынского периода городище Бозок, находящийся в 5 км на юго-запод от города Астана и состоит из трех разрозненных, но близ расположенных комплексов.

В 1771 году капитан Н.П. Рычков, обследовавший Ишимские и Тургайские степные просторы, оставил первые сведение о местных архитектурных сооружениях. Более подробные сведения о памятниках сообщает горный инженер И.П. Шангин, посетивший Акмолинское Приишимье сорока пятью годами позднее Н.П. Рычкова. А так же ценную информацию о средневековых городищ можно найти в трудах А.Х. Маргулана [1].

На городище Бозок Ишимская Археологическая экспедиция работала в течение 1999-2001 гг. Ученые выяснили, что городище состоит из трех обособленных частей и занимает площадь примерно 35 гектар. Научно-

исследовательские были выполнены на основных участках площади, занимаемой центральными, северными и южными руинами городища. Получены артефакты, обосновывающие реконструкцию структуры и архитектурного облика средневекового города. На площади раскопов обнаружены и планиграфически изучены: пять мавзолеев, двух кирпичеобжигательных печей с коробовым и с боковыми вентиляционными люками, 37 погребальных камер, большое количество кирпича размерами 25х25х5 см., многие из них с барельефным резным орнаментом.

По результатам раскопок городища Бозок, ученые пришли к некоторым научным выводам. Они предположили, что Бозок – крупный культовый и ремесленный центр, построенный в X-XI вв. (возможно, в VIII-X вв.) как город-крепость и военная ставка на трассе Степного шелкового пути. Бозок – это город типа ордакент – сезонная административная резиденция правителя, священном месте, где располагались три мавзолея с могилами предков и высокий минарет – башня, возведенные из качественно обожженного кирпича квадратной формы [1].

Выбор местности для сооружения мавзолеев было не случайным. На территории степных рек как Нура и Ишим, Шидерты и Оленты, после весеннего спада вод, окрестность превращалась в изобильное пастбища, насыщенное кормовыми угодьями, заливными лугами. Так же и Калбасунская башня локализована там, где широкая пойма реки Иртыш. Особенность местностей позволяет не только вести кочевое хозяйство, но и позволяет заниматься земледелием, охотой и рыболовством. Об этом свидетельствуют найденные кости рыб и диких животных в некрополе Аулиеколь.

По историко-этнографическим источникам нам известно, что в летнее время кочевники прибывали на зимние стаянки-кыстау, соответственно в летнее время на стаяки-жайлау. А междуречье Иртыша и Ишима были благоприятны для ведения летнего хозяйство. Именно по этому местность была более привлекательным для Джучидской знати, что позволяет расположить ставку-орды на этих землях. Со временем для них воздвигаются и мавзолеи.

Созданные условия дают возможность для проведения общегосударственных и общеродовых мероприятий. Поэтому расположение средневековой ставки-орды в центре летних кочевий выглядит закономерным, и было обусловлено социально-экономическими потребностями.

По результатам всех исследованных мавзолеев можно придти к выводу что выше сказанные памятники золотоордынского зодчество имеют сходство в конструкции, в строительном материале и архитектурном декоре. Например, как кирпичи стандарта того времени форматом 25х25х5 см. Это лишний раз доказывает связь с Центральной Азией и с центром государство – Поволжьем.

Обратим внимание на одну общую особенность – практически во всех рассмотренных мавзолеях, захоронения либо были совершены с отклонениями от мусульманских канонов либо сопровождались разнообразным погребальным инвентарём.

Список литературы:

1. Акишев К.А. Предварительные итоги раскопок средневекового городища Бозок (1999-2001 гг.)
2. Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы, 1998. 54-56-б.Смагулов Т.Н.Калбасунская башня. - Алматы, 2012. - 160 с
3. Байпаков, Смагулов, Ахатов // Ортағасырлық Жайық қала жұрты. – 2005 ж., 168-184
4. Егоров, Федоров-Давыдов, 1976, с. 108-167; рис. 35,38,44
5. Коншин Н. О памятниках старины в Семипалатинской области // Записки Семипалатинского п/о Зап. Сиб. отделения Русского географического общества, вып. 1. Семипалатинск, 1903., С. 11
6. Никитин В.П. Краткое описание памятников древности Семипалатинской области // Известия Археологической комиссии, вып. 2. С.103-111
7. Смагулов Т.Н. Отчет о археологической работе на городище Аулиеколь за 2011 год.
8. С. Ремезовт «Хорографическая» 1882
9. Смагулов Т.Н. Новые материалы к изучению археологических памятников кочевников Золотой Орды в Среднем Прииртышье, // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: материалы международной научной конференции, посвященной 20-летью Независимости Казахстана и 20-летью Институту Археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы, 2011. С.118-125

Аннотация

В докладе представлены исследования археологов квалифицированных в изучении средневековых археологических памятников в междуречье Иртыша и Ишима. Последние достижения в области средневековой археологии проделаны известными археологами, таких как М.К. Хабдулиной, Т.Н. Смагулова, Ж.Е. Смаилова и др.Особенно их вклад в изучение архитектурных сооружении кочевников эпохи Золотой Орды. Были исследованы многие архитектурные памятники, которые требуют дальнейших исследовании. Также с докладе представлены места где предположительно могут находится новые объекты исследования.

Ключевые слова: Мавзолей, Золотая Орда, курган, ислам, погребальный обряд, Иртыш, Ишим.

Abstract

The report presents the research of archaeologists skilled in the study of medieval archaeological sites between the Irtysh and Ishim rivers. Recent advances in medieval archeology have been made by renowned archaeologists such as M.K. Khabdulina, T.N. Smagulova, J.E. Smailova et al. Especially their contribution to the study of the architectural construction of the nomads of the Golden Horde era. Many

architectural monuments have been investigated that require further research. The report also presents places where new objects of research are supposed to be located.

Key words: Mausoleum, Golden Horde, mound, Islam, funeral rite, Irtysh, Ishim.

3 СЕКЦИЯ

«АЛТЫН ОРДА» АТАУЫ: ЗЕРТТЕЛУІ, ЖОШЫ ҰЛЫСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

ТЕРМИН «АЛТЫН ОРДА»: ИССЛЕДОВАНИЕ, СВЯЗИ С УЛУСОМ ДЖУЧИ

THE NAME "GOLDEN HORDE": RESEARCH, CONNECTION WITH THE JUCHI ULUS

ӘОЖ 93/94

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мұқтар Ә.Қ.
т.ғ.д., профессор,
«Сарайшық» мемлекеттіктарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы № AP 05134572 «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV-XIX ғ.)» тақырыбында 2018-2020 жылдарға арналған гранттық жобасы аясында жазылды.

Әлемдік тарих ғылымында Жошы Ұлысы немесе Дешті Қыпшақ даласы атанған сонау Ертіс пен Дунай аралығын қамтыған ұлан байтақ территорияда мемлекеттік ролге ие болған қалалар көп емес. Зерттеушілер осы аралықта бұрынғы жылдары 15-20 қала көрсетсе, ендігі жағдайда оның саны 150-ге жуықтады. Белгілі тарихшы К.Байпақов: «көптеген зерттеушілер жазбаша деректерге арқа сүйеп, моңғол шапқыншылығы кезеңінде қалалық мәдениеттің дамуын тоқтатқанын» атап өткенімен, Алтын Орда мен Шағатай мемлекеттерінде интеграциялық процесстер дамығанын, сауда-саттық және халықаралық байланыстар күшейгенін де жазған болатын[1, с.14].Ғалымның соңғы пікірін кейінгі жылдары жарияланған ақпараттар толық растайды. Жошының саясатын жалғастырған Бату хан да қала құрылыстарына, ол арқылы ел басқаруға айырықша күш салған. Мәселен, Батусол заманда аты әлемге

белгілі болған Қырым, Маджар, Үкек, Қазан, Қажы-Тархан (Астрахан), Сарайшық қалаларының негізін қалауымен дараланды. Ортағасырлық зерттеуші Әбілғазыбаһадүр Берке хан туралы жаза келіп: «Бір күні аттанып, ағасының (Батудың – Ә.М.) салдырған Сарайшық атты шаһарына барды» деп анық көрсетеді [2, 115б.]. Қала арқылы Бату хан оларды экономика мен қалалық мәдениет орталығына айналдырып, мемлекеттік саясаттың бөлшегі жасады. Дегенмен қалалардың барлығы бірдей астана деңгейіне жетпеді. Бүгінде көпшілікке мәлімі **Жошы Ұлысы астаналарықатарында Бұлғар, Сарай-Бату(Сарай Әл-Махрус-Тәңірдің қорғауындағы Сарай), Сарай-Берке(Сарай Әл-Жадид-Жаңа Сарай) және Сарайшық** аталады. Құрбанғали Халид өзінің «Бес тарихында»: «Сарай, Сарайшық пен хан ордасы қалаларының айналасына орналасқандықтан хан, ханзадалар билігі үзілмей жалғасып отырды» деп көрсетеді. [3, 50б.]. Тарихшы В.Л.Егоровжазғандай: «В результате в монгольском обществе выделяется специфическая чиновничья прослойка, которая не кочует вместе с ханом, а оседает на постоянное жительство вокруг его стационарной зимней ставки. Таким образом, создается ядро оседлого населенного пункта, формирующееся вокруг дворца верховного правителя. Именно о такой схеме зарождения столицы Золотой Орды города Сарая свидетельствует и его название, которое переводится словом «дворец». Такое же название носила и вторая столица государства — Сарай ал-Джедид (Новый Дворец). Можно вспомнить и центр Крымского ханства Бахчисарай и город Сарайчик на Яике. Все эти населенные пункты возникали по одной схеме» [4].Осылайша Жошы Ұлысы тарихындағы Сарай атауымен басталатын қалалар империя саясатында басты рол атқарды. Алдымен ол Жошы Ұлысы хандарының билігінің орнығуымен, хандар ордасының аталған қалаларда орналасуымен ерекшеленді. Біздіңше, Сарайшық қаласы Берке ханның тұсында аты шыға бастағандай. Ол алдымен қаланың Ұлы Жібек жолында орналасып, қайнаған сауда-саттықтың және Азия мен Еуропаны қамтыған халықаралық орталық болуына қатысты. Әбілғазы баһадүрдің Сарайшыққа «Мұнда Бұхарадан көп керуен келіп жатыр» [2,115 б.] деген пікірлерідәлелдей түседі.

Осылайша Сарайшық XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Еділ бойындағы қалалардан кейінгі негізгі орталықтардың біріне айналды.

Сарайшық қаласыЖошы ұлысы хандарының таққа отыратын маңызды саяси орталығы - астанасы болды. Сарайшық хан сайлану дәстүрімен, алтын тағымен аты шықты. Ол турасында Әбілғазы еңбегінде: Өзбек хан өлгеннен соң оның ұлы Жәнібекті хан көтерді, Жәнібек хан ғажайып мұсылман патша болды, өзі ғұлама, ибалы, ақылды кісі еді, Сарайшық шаһарында таққа отырды», «Жәнібек хан өлгеннен соң Тебризден Бердібек хан Сарайшыққа келді. Үш күн аза тұтып, азадан соң барлық ханзадалар мен әмірлер жиналып, Бердібекті хан көтерді» деп жазады[2,114-115 б.]. Белгілі ноғайтанушы В.В.Трепавлов осы тізімге Өзбек ханды да қосады[5, с.589].Тарихи деректер хандар «Алтын таста», «Алтын тақта» отырды деп жазады. Мәселен, 1332 жылы Жошы Ұлысы иелігіне жеткен араб саяхатшысы Ибн Баттута: «Біздің келіп жеткен жеріміз дешті Қыпшақ деп аталады. Дешті түркі тілінде далалық дегенді білдіреді», «Қырым шаһары ұлы Сұлтан

Мұхаммед Өзбек ханға(1312-1342) қарайды. Хан бізше сұлтан деген сөз. Бұл сұлтанның тағы бір әдеті: ол әр жұма күні намаздан соң өзінің «Алтын тас» деп аталатын үйінде отырады» деп жазады[6, 7 б.]. Неміс түркітанушысы Бертольд Шпулер Ибн Баттутаның тарихи еңбегін саралай келе Жаңа Сарайдағы: «Алтын тас (золотой камень) представлял собой величественное здание, башни которого украшала полная луна весом в два египетских киккара(один киккар был равен примерно 42,5 кг). Трон правителя первоначально был деревянным. Вокруг дворца распологались жилища татарской знати» деп толықтыра түседі[7, с.238].Яғни, мұндай «Алтын тас» Сарайшықта да болған.

Жошы Ұлысы Сарайларында «Алтын таспен» қатар «Алтын тақ» та болуы заңды. Мәселен, зерттеуші И.Мустакимов Жошы ұлы астаналарының бірі болған Бұлғар қаласындағы «Алтын тақ» мәселесін талқылап, «Термин «Золотой престол» в форме «Алтын тахт» стал сравнительнораспространенным и приобрел оттенок официальности, по-видимому, лишь в Среднем Поволжье и только после фактического распада Улуса Джучи, когда утвердившейся в Казани династии Улуг-Мухаммадовичей потребовалось обоснование своих великодержавных притязаний. Их отголоски могли сохраниться в отдельных письменных источниках, происходящих из Волго-Уральского региона, вроде упоминавшегося «Фарханг-наме» деген тоқтамға келеді [8]. Біздіңше автормен толық келісуге болады. Өйткені тарихи деректерде Жошы Ұлысы хандары Бұлғар қаласын өз жорықтарының бастапқы кезеңінде астана ретінде пайдаланды және ол кезеңде Ұлысқа ортақ бір хан Бату(1227-1256) болатын. Зерттеушілер сол тұста Бату астанасының да көшпелі болғанын талай жазды.

XVI ғасыр басында Жошы Ұлысы хандары дәстүрімен Қасым хан Сарайшықты Қазақ хандығыныңастанасы ретінде мойындатып Шыңғыс хан ұрпақтары атынан сөйлеген. Қасым ханның хандық тағы туралы ортағасырлық «Алам-ара-йи Шах Исмаил» еңбегін талдаған тарихшылар қазақ ханына келген Шейбандық Жәнібек сұлтанның «Приглядевшись, он [Джанибек-султан] увидел Касим-хана, который, как свирепый див, восседал на Чингизхановом троне, сделанном из чистого золота; и четыре угла этого трона были сделаны в виде льва, леопарда, тигра и дракона. На голове у него была украшенная драгоценными камнями корона Чингиз-хана стоимостью в семьдесят тысяч туманов. У него были очень светлые глаза, густые черные брови, длинные усы и несколько длинных волосин на подбородке, и еще три очень длинных волоса – один на правом соске, другой на левом, и третий над пупком, и все это – признаки настоящего преемника Чингиз-хана. У кого из потомков Чингиз-хана волосы растут таким образом, тот и становится его преемником. Тысяча двести эмиров сидели вокруг на скамьях. Бирум-аталык, советник, сидел по левую руку, а справа на красивом сиденье, поджав ноги, сидел сын его [Касим-хана], Абу-л-Хайр-хан. На голове у него была узбекская шапочка, обернутая чалмой с желтой каймой, куда была вставлена булавка, украшенная драгоценными камнями». Конечно, это описание внешности казахского хана, трона, деталей костюма, при явной склонности писателя к преувеличению и вымыслу, очень любопытно и требует дальнейшего изучения. Однако не менее интересен и следующий пассаж, описывающий представление автора нашего источника о

владениях казахского хана: «Там присутствовали и другие эмиры Страны Востока и Туркистана, простирающейся на север до берегов реки Идил (Итиль) по ту сторону Степи, а с запада [на восток] до Китайской степи тысячи и одного луга, начиная с Аг-и Джайран, где водится китайский олень, обладающий благовонным мускусом, и [на юг] до равнины Ташкентских гор и Баркента, граничащих со Степью на юге; там лежит около тысячи городов и селений, хаким области назначается Касим-ханом, а подданные наполовину кафиры, наполовину – мусульмане». Таким образом, мы имеем описание территории Казахского ханства: с запада на восток от Волги до Китая, и с севера на юг от никак не устанавливаемой границы Степи до Ташкента и Баркента, включая область «тысячи городов и селений» (очевидно, область присырдарьинских городов?), наместник которой назначается правителем Степи» деп тамсанғанын әңгімелейді[9].

Сарайшық қаласы мұсылман дінін Жошы Ұлысының мемлекеттік діні деңгейіне көтерген рухани астанасы болды. Осында Берке (1257-1266), інісі Тоқай-Темір 1263 жылы мұсылман дінін қабылдады, ал Өзбек хан Ұлыстың мемлекеттік діні жариялады. Неміс ғалымы Б.Шпулер Берке хан ислам дінін XIII ғасырдың 40-шы жылдары қабылдады және ханға Бұхара оқымыстысы 1261 жылы қайтыс болған Шамсуддин әл-Бұхари ықпал жасады деп есептейді. [7, с.188]. Ол турасында Әбілғазы Берке хан Бұхарадан келген керуеншілермен сөйлесіп «Мұсылманшылықтың шарттары мен тарихын сұрады. Бұл кісілер мұсылманшылықты жақсы баян қылды. Берке хан таза жүрегімен мұсылман болды. Сосын ол халқын исламға сенуге шақырды», Өзбек хан «Елдің ұлыс-ұлысын исламға кіргізді, халықтың дәулеті артты» [2, 99,116 б.], Ибн Баттута Сарайшықта «Бұл қалада түркіден шыққан құрметті тақуа діндар кісінің тұраржайы бар, оның аты – Ата. Ол бізді қонақ қылып әрі батасын берді» деп толықтырады.Араб саяхатшысы суфиилік мекемеге – завияға барған.

Ортағасырлық сарай шежірешілері мен атақты тұлғалардан естігенін жазған Абдулғаффар Қырыми «Үмбет әл-ахбар» еңбегінде: «Историк Хаджи Тарханлы Эль-хадж Нияз передает, что почтенный хан и еще восемь человек направились в Хорезм, затем пришли Сарайчик. Он оповестил о том, что является Берке ханом бин Джучи ханом.Однако из-за новости, которую они отправили Хулагу были удивлены. Было получено известие о том , что воины Хулагу в это время направлялись по дороге в Ширван. Все были ошарашены и хотели отвернуться от Берке хана. Берке хан сказал им: «Истинная религия – Мухаммеда, путь Ахмеда. По воле аллаха, с чудесной помощью любимого друга Аллаха и шейха» [10, с.46]. Өтеміс қажы«Чингиз-наме» зерттеуінде Берке хан: «из Ургенча пошел в Сарайчук. Рассказывают. Пока он шел из Ургенча до Сарайчука, вокруг него собралисьпятьсот человек. Покаже они, пройдя через Сарайчук, дошли до берега реки Идил, то собрались уже было тысяча пятьсот человекдеп толықтыра түседі»[11, с.97]. Мұсылмандыққа адал болған Берке хан өз айтуымен Құдыс қаласындағы Әл-Ақса мешітіне жерленген[12].

Осы тұста Сарайшықта мешіт-медреселермен бірге қоғамдық монша, әжетхана, кәріз жүйесі, су құбырлары, қауыздар, бұрқақтар салынды.Осы

мақсатта елдің оңтүстігінен діни ғалымдар шақырылады. Сарайшықта сейіттер, молдалар, қожалар, хафиздер қызмет ете бастады. В.Трепавлов Ноғайлы кезеңінен Естерек тұсында сейттердің басшысы ретінде Ибрагим б. Калеват, Сайф ад-Дин б. Калеватты атайды. Олар сауатты тұлғалар болғандықтан мемлекет басшысына ақыл-кеңес беріп, халықаралық байланыста шешуші рол атқарған[5, с.569-571].

Сарайшықта бірнеше діни орталықтар қызмет жасаған. Оларда әр түрлі діни миссионерлер өз діндерін уағыздаған. Миссионерлер қала арқылы Азияға жол тартқан. Өз зерттеуінде В.В.Бартольд 1338 жылы миссионер Пасхалияның Сарайшыққа келгенін жазады [13, 31-32 б.].

Сарайшық Жошы Ұлысы билеушілерінің, даңқты тұлғалардың пантеоны. Ол 1459 жылғы венециялық монах Фра Мауроның картасында Жайықтың оң жағалауына салынып, күмбезбен белгіленіп, «Билеушілер қабірстаны» аталады[5, с.589]. Кейін ол П.И.Рычков[14], П.С.Паллас[15], XIX ғасырда А.И.Левшин[15], 1861 жылы топограф А.Е.Алексеев[15] еңбектерінде анық көрініс табады. Сарайшықта археологиялық қазба жүргізген Н.Арзютов(1937 жылы) «Алтынорда хандарының жерленген жері»[15], Г.И.Пацевич(1950 жылы) «Сарайшықта Жошы ұлысының астанасы және алғашқы Алтын орда хандарының жерленген орны болғандай»[15], Ә.Марғұлан (1950 жылы): «Жазба қайнар көздерінен байқауымызша, XV-XVI ғасырлардағы тамаша сәулет ескерткіштері қазақ хандары Жәнібек пен Қасымханға Сарайшықта тұрғызылды. 1524 жылы Сарайшықта қазақ ханы – Қасымның қаза тауып, жерленгені қайнар көздерінен белгілі»[15] деген тоқтамға келеді. Оларға негізгі дерек Қадырғали Жалайыридің «Жылнамалар жинағы»[16] мен XVII ғасырдың екінші жартысындағы Әбілғазының «Түрік шежіресі» [2] және эпикалық жырларымыз болады[17]. Қадырғали Жалайыри Қасым хан жөнінде: «Оның хикаясы әр жерде айтылады, сондықтан мәлім, мәшһүр болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» [16, 121 б.], ал Әбілғазы Алтын Орда хандары Тоқтағу хан «патшалық өмірі алты-ақ жыл болды, Сарайшық шаһарында жерленді», Жәнібек хан Өзбекұлын «ол он жеті жыл патшалық құрды. Сарайшықта жерленді» [2, 116-117 б.] деп жазады. Біз оларға қосымшаӨтеміс қажының, Абдулғаффар Қырымидің жанама деректеріне сүйене отыра СарайшықтаАлтын орда хандары Жошының Батуынан тарайтын ұрпақтары **Тоқтағу, Мөңке Темірулы**, **Жәнібек Өзбекұлы**, **Бердібек Жәнібекұлы**, Жошының Тоқай Темірінен тарайтын **Тоқтамыс Тайқожаұлы**, Жошының Орда Еженінен тарайтын қазақ хандарының атасы Ақ орда ханы **Барақ Құйыршықұлы**, Қазақ хандығының билеушісі **Қасым Жәнібекұлы** Сарайшықта жерленген деген қорытынды жасаймыз. Бұл бағытта түрлі тұжырымдар болғанына қарамастан болашақта зерттеулер жалғасын табады деп сенеміз.

Ортағасырлық Сарайшық Азияны Ұлы Жібек жолы арқылы Еуропамен байланыстырған алтын көпір, Шығыс пен Батыс арасындағы сауда-саттық орталығы болды. Жайық өзенінен өткен Ибн Баттутаның «Біз Сарай қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарай-жук қаласына жеттік. Бұл «Ұлысу»деп аталған үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің

жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Багдаттан кейін екінші жүзбелі көпір осында екен» деуі көп нәрсені аңғартса керек[6]. Еуропадан Қытайға баратын негізгі керуен бағыты Қырым, Астрахан, Сарайшық қалалары арқылы, Сағыз, Уіл, Ембі өзендерінің аңғарлары арқылы, Каспий маңы ойпаты бойынша, Үргеніш, Сырдария өзенінің төменгі бойы арқылы Отырарға дейін, одан әрі Алмалыққа, Қамсуға, Ганчжоуға, Ханбалыққа барады. Флоренция көпесі Франческо Пегалоти Сарайшыққа дейінгі жолды жақсы білген. Оның жазуынша Сарайшықтан Үргенішке дейін түйе жегілген арбамен 30 күн жүрген. Сауда айналасында шикізат – жүн, тері, түбіт, бидай және т.б. болған[15, 138 б.].

Тоғыз жолдың торабы түйіскенСарайшық XIII-XIV ғасырларда Еділ-Жайық аралығындағы ірі қалалардың біріне айналды. Ортағасырлық Сарайшық қаласының аумағын 1861 жылы Сарайшық құландыларын зерттеген топограф А.Е.Алексеев 3 верст 350 сажен (бүгінгі өлшеммен 4,5 км^2)[15, 54-55 б.], Жайық бойы қалаларын ұзақ жылдар бойы зерттеген археолог Л.Л.Галкин бұл кезеңде Сарайшық халқы 50 мыңнан көп емес деп анықтайды[18].

Сарайшық Сарай-Батумен салыстырғанда шағындау қала болды. Зерттеуші В.Л.Егоров В.Г.Тизенгаузеннің еңбегіне (Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. СПб., 1884) сүйеніп, Сарай-Бату қаласының көлемі шамамен 10 км^2,ал халқы 75 мың шамасында болғанын дәлелдеді[19, с.115]. Мұның өзі Сарайшықтың Алтын Орданың кіші сарайы болғанын да айғақтайды.

Сарайшыққа 1950 жылы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген Ә.Марғұлан: «Сарайшық, Ескі Сарай және Жаңа Сарай – бір-біріне жақын орналасқан үш алтын орда қалалары. Сарайшықтың атаулары, оның сарайлары, мешіттері бар бай феодалдық қаланың мәртебесін білдіреді. Сарайлардың, мешіттердің, медреселердің іздері кесілген тақталармен, сәнделген, алып қабырғалар түрінде сақталған. Сарайшық, сондай-ақ қолөнершілердің қаласы болған» деп сипаттайды[15, 140 б.]. Сарайшықтағы қала құрылысы мен архитектураның жоғары деңгейін соңғы жылдардағы қазбалар да толықтыра түсті. Оны Сарайшықта ұзақ жылдар археологиялық қазба жүргізген белгілі археолог З.Самашев пен В.Плаховтың: «Қала құрылысының ешбірі жоспарсыз жүзеге асырылмаған, онда көшпелі елдің қаласына тән дәстүрлер ескеріле отырып, белгілі бір жүйеге бағындырылып салынған. Үй сәулетіне, оның ішкі интерьеріне Төменгі Еділ жағалауы, Хорезм және Сырдария өңірі қалаларының дәстүрі де біте қайнаған» [20, 13-14 б.], немесе «Полевые работы на Сарайчике вскрыли относительно хорошо сохранившийся архитектурный комплекс, имеющий много общих черт с сооружениями типа среднеазиатского «ханака». Такие монументальные сооружения могли выполнять и роль резиденций для правителей и их дворов» деген тұжырымдары дәлелдейді[21, с.60-78]. Ал Алтын Орда тарихының жетекші маманы ресейлік В.Трепавлов: «Результаты раскопок ордынских городов (в том числе волжских столиц – двух Сараев) показали, что в XIV веке в государстве сформировался сложный комплекс культурных элементов, которые отразили как влияния и заимствования из мусульманских стран и Китая, так и традиции, присущие жителям кочевых

степей. Такое разнообразие проистекало еще и из полиэтничности населения Орды. Поэтому ордынскую культуру обоснованно называют синкретической, т.е. включавшей разнородные компоненты» деп толықтыра түседі [22, с.31]. Қорыта айтқанда тарихи деректер мен археологиялық қазба материалдары Сарайшықтың әлемдік мәдениеттің тоғысқан орталығы болғанын айғақтайды.

Сарайшық Алтын Орда хандарының атынан теңге соғылатынақша сарайы орталығы болды.Бүгінде ақша сарайларының саны 60-тан асады. Сарайшықтағы қазба жұмыстары кезінде табылған тиындардың ең көнесі Менгу-Темір ханның теңгесі (1266-1282), ал кейінгісі 1515-1600 жылдары [13, 24 б.] болса, Алтын Орда нумизматикасының негізін салушы Х.М.Френнің анықтауынша Сарайшықтың өзінде соғылған тиындардың ең ертесі Елбан ханнан бастап Дервіш хан тиындарына дейін [23, с.44-45].

Дегенмен бүгінде 1359-1361 жылдары Қызырханның тұсында Сарайшықта теңге соғылғаны анықталды. Қызыр тұсында осында «Сарай әл-Жадид» атымен теңге шығарылған. Ал 1370-1374 жылдары Сарайшық шайбанилық Айбекке бағынған түста теңге Әли-қожа мен Елбан хан атымен соғылған.

Алтын Орданы Тоқтамыс билеген жылдары оған бағынған барлық тиын соғатын орындар хан атымен тиын шығара бастады. Оның билігінің бас кезеңдерінде ақша реформасы жүргізіледі. Содан Хорезмнен тыс мемлекеттің барлық жерлерінде 1,30 грамм, Хорезмнің өзінде 1,50 грамм салмақты күміс тиындар соғылған. Осы тұста Сарайшықта қайтадан мыс, күміс тиындар соғыла бастады.

1400-1417 жылдардағы Шайбан, Тоқа-Темір, Орда-Ежен ұрпақтарының өзара күресі кезеңінде де Сарайшықта тиын соғу жалғасты. Соғылым сапасы нашар болғанымен оның көптеп табылуы ханның экономикалық әл ауқатын анықтайды. Тиындарды Болат хан (1406/1407-1410-1411), Дервіш хан (1413/1414-1419/1420) соқтырған [24, 22-25 б.].

Сарайшықтағы теңге сарайы оның сауда-экономиаклық қарым-қатынастағы ролінің өскенін және саяси белсенділігінің өскенін көрсетеді.

Сарайшық әлемдік тарихта аты қалған атақты тұлғалардың кіндік қаны тамған жер. Олардың арасында 1549-1554 жылы Үлкен Ноғай ордасының билеушісі болған Едіге әулетінің ұрпағы Жүсіптің қызы, Қазан Хандығының ханшайымыСүйімбике(1516-1554), Қазақ Хандығының негізін қалаушы Жәнібек ханның Жәдігінен тарайтын Ондан сұлтанның ұлы, Қазақ Хандығы мен Москва мемлекеті арасындағы дипломатиялық байланыстың негізін қалаушы Оразмұхамед сұлтанның, Бөкей Ордасы ханы Жәңгір ханның туған жері.

Ресей тарихшысы А.В. Беляков:«...Ораз-Мухаммед мог появиться на свет в ногайских улусах. казахский султан, возможно, родился на территорииКазахстана. ... один из архивных документов, в котором Ондан, отец Ораз-Мухаммеда, назван «ногайским царем». .... он был назначен номинальным ханом правителем Ногайской Орды биемДин-Ахмедом (Тинехмат).Хотя можно высказать идругое предположение. Ондан-султана мог поставить ханом над частью подчинившихсяемуногайских племен правитель Казахского ханства Хакк-Назар-хан.Став около1551 г. верховным правителем казахского

государства сталонповел активную борьбу за укрепление позиций государства, восстановление его территории в рамках времени Касым-ханаи добился в этом значительных успехов. Успехам Хакк-Назар-хана способствовала и междоусобная борьба, развернувшаяся в Ногайской Орде в середине 50-х гг.XVIв. МеждубиемИсмаилом и детьмиего братаЮсуфа.Благодаря этому Хакк-Назар-хан подчинил часть ногайских улусов и включил в состав своего государства земли Ногайской Орды. ... Но если даже Ондан-хан был ставленником ногайского бия, то логично предположить, что он, как хан, жил в столице Ногайской орды – в Сарайчике. В этом случаеОраз-Мухаммед мог появиться на светв этом городе, который находился на территории современной Атырауской области Республики Казахстан» депжазады [25, с.23].

Қорыта келгенде ортағасырлық Сарайшық тарихы жаңа ізденістерге шақырады. Оған қатысты шетел архивтерінен материалдар іздестіріліп, Қазақстанға әкелінсе қала тарихы туралы тың тұжырымдар жасалатына кәміл сенеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1.Байпаков К.М. Города Казахстана XIII-XY вв. // Средневековая городская культура и кочевая цивилизация бассейна реки Урал / Материалы международной научной конференции. / Под общей редакцией профессора Сдыкова М.Н. –Уральск, 2012. -464 с.

2. Әбілғазы Түрік шежіресі. –Алматы, Ана тілі, 1991. -208 б.

3. Халид Құрбанғали. Тауарих Хамса (Бес тарих). Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. –Алматы: Қазақстан, 1992. -304 б.

4. Егоров В.Л.Золотая Орда: мифы и реальность. – М.: Знание, 1990.- 64 с.

5. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. / Отв. ред. М.А.Усманов. 2-изд., испр. и доп. –Казань: Издательский дом «Казанская недвижимость», 2016. -764 с.

6.Мұқтар Ә. Ибн Баттута: әлемдік саяхат және Дешті-Қыпшақ даласы // «Ибн Баттутаның Ұлы Жібек жолымен саяхаты: Мәдениеттер арасындағы диалогты алға бастыру» Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы (8 қараша 2017 жыл) / Жалпы редакцияны басқарған Қайырғалиева Г. –Атырау: Х.Досмұхамедов атндағы Атырау мемлекеттік университетінің баспасы, 2017. -202 б.

7. Шуплер Бертольд. Золотая Орда. Монголы на Руси. 1223-1502 / Пер. с нем. С.Ю.Чупрова. –М.: ЗАО Центрполиграф, 2018. -415 с.

8.Мустакимов И. Термин «Золотой престол» в Поволжье по данным арабографичных источников (к вопросу о статусе г. Булгара на ордынском и постордынском пространстве) // Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.

9. Атыгаев Н., Джандосова З. Новый источник по истории КазахстанаXVI века: предварительные результаты изучения Алам-ара-йиШахИсмаил // https://ehistory.kz/ru/contents/view/novii_istochnik_po_istorii_kazahstana_xvi_veka_predvaritelnie_rezultati_izucheniya_lamrii_shh_isml__383

10. Абдулгаффар Кырыми. Умдет ал-ахбар. Книга 2: Перевод. Серия «Язма Мирас. Письменное Наследие. –Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2018. -200 с.

11. Утемиш-хаджи. Чингис наме / Факсимиле, перев, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П.Юдина. Комментарии и указатели М.Х.Абусейтовой. –Алма-Ата: Ғылым, 1992. -296 с.

12. Сейтқали Е. Берке хан Құдысқажерленген // https://elana.kz

13. Қасенов М. Сарайшық қаласының тарихы. –Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы АМУ баспасы, 2007. -80 б.

14. Труды П.И.Рычкова. Топография Оренбургская, то естьобстоятельное описание Оренбургской губернии, сочиненное коллежским советникоми императорской академии наук корреспондентом Петром Рычковым / Научно-популярное издание под ред. С.В.Богданова. Серия «Труды П.И.Рычкова». –Оренбург, Печатный дом «Димур», 2012. -432 с.

15. Сарайшық - бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / Құр. Ж.К.Жұмабаева, М.Қ.Кипиев / Ғыл. ред. Ж.К.Жұмабаева. –Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. -224 б.

16. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. –Алматы: Қазақстан, 1997. -128 б.

17. Эдиге: Ногайская эпическая поэма / под ред. Н.Х.Суюновой; Карачаево-Черкесский институт гуманитарных исследовании при Правительстве КЧР. –М.: Наука, 2016. -512 с.

18. Байнекеева З. Разрушитель легенд // Ақжайық. -2011. -29 сентябрь

19. Егоров В.Л. Историческая география Золотой Орды в XIII — XIV вв. М.: Наука, 1985. -75 с.

20.Сарайшықтың қыш бұйымдары / З.Самашев, О.Кузнецова, В.Плахов. -Алматы, 2008. -264 б.

21. Самашев З., Плахов В. Об одном архитектурном комплексе Сарайчика. // Материалы пленарного заседания международной научно-практической конференции «История цивилизации и духовной культуры кочевников», посвященной 100-летию академика А.Х. Маргулана. Павлодар. 2004.

22. Трепавлов В.В. "Золотая Орда была не варварским захолустьем ойкумены, но ярким и своеобразным явлением в ряду средневековых цивилизаций" // Историческая экспертиза. -2019. -№2.- с.26-34

23. Френ Х.М.Монеты ханов Улуса Джучиева или Золотой Орды. –СПб.,Изд.: Императорская академия наук, 1832. -46 с.

24. Сарайшық тиындары / З.Самашев, Р.Бурнашева, Н.Базылхан, В.Плахов. –Алматы, 2006. -184 б.

25. Беляков А.В.Ураз-Мухаммед ибн Ондан и ИсинейКарамышев сын Мусаитов. Опыт совместной биографии. –Алматы: АО «АБДИ Компани», 2019. – 23 с.

ӘОЖ 94 (574)

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бердіғожин Л.Б–тарих ғылымдарының докторы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада қазақ хандығы туралы зерттеулерге тарихи-тарихнамалық талдау жасалады. Рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасы аясындағы соны зерттеулер көрсетіледі.

Негізгі сөздер: Қазақ хандығы,Мұхамед Хайдар Дулати, Керей хан,Жәнібек сұлтан,Бұрындық хан,Қазақ этнонимі.

Қазақстандық тарих ғылымында терең тамырлы мемлекеттілік мәселесі тың деректер арқылы зерттеліп,қазіргі күні бірнеше пікірлер қалыптасқанын айтқан орынды.Қазақ мемлекеттілігі тарихының терең саяси және тәрбиелік мәні бар.Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз еліміздің жаңа тарихындағы маңызды белеске жақындап келеміз.Отыз жылға жуық уақыт бұрын халқымыз өзінің Тәуелсіздігін жариялап, бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындады.Баянды бірлігіміздің арқасында тәуелсіздігімізді нығайтып, халқымыздың жағдайын жақсартуға жол аштық. Бұл жасампаздық пен ілгерілеу, бейбітшілік пен келісім кезеңі болды» деп атай отырып,елімізде Алтын Орданың 750 жылдығын мерекелеудің тарихи-экономикалық мәніне ерекше назар аударды [1].

Тәуелсіздік алғаннан кейін ерекше бір қызығушылық туғызған мәселе, ол Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюінің мәселелері болды. Бұл мәселелер бойынша М.Әбусейітова, Т.Сұлтанов, Ә.Хасенов, З.Қинаятұлы, С.Жолдасбайұлы, Б.Кәрібаев, Ә.Қ.Мұқтар сияқты тарихшыларымыз өз пікірлері мен тұжырымдарын жарыққа шығарды. Жүсіпова Лаура Қуандыққызы: «Қазақтың ауызша тарихи дәстүріндегі XV-XVII ғғ. Қазақ хандығы тарихы» атты докторлық, Гулмира Сәбденова Қазақ хандығының тарихнамасын арнайы зерттеп осы мәселеге байланысты кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеушілер арасында Қазақ хандығының қашан құрылғандығы туралы мәселеде қарама-қайшылықты пікірлер бар. 16 ғасыр тарихшысы Мухамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» еңбегінде [2] қазақ сұлтандарының алғаш билік жүргізуінің басы 1465-1466 жж. басталды деген дерегіне көптеген тарихшылар күмәнмен қарайды. Бұл мәселе бойынша Т.Сұлтанов Қазақ хандығы 1470-1471 жж. құрылды деген пікірді ұсынды [3]. Сонымен қатар, Қазақ хандығының құрылу мерзімін Н.Масанов көрсеткен мерзімнен де арыға апарушылық. Мысалы, Н.Мыңжан хандықтың құрылған жылын қазақтардың Жетісуға қоныс аударған жылымен сәйкестендіріп 1456

жыл деп көрсетеді [4]. Ә.Хасенов болса бұл мерзімді 1445 жылдан, яғни Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммедтің қайтыс болуынан бастаған жөн дейді [5].Қазақ хандығы Шу бойында 1458 жылдан бастап құрылды деген пікірді Б.Кәрібаев ұсынды.Берекет Бақытжанұлы «Қазақ хандығының құрылу тарихы» атты докторлық диссертациясында (Алматы,2010), Қазақ хандығының қалыптасуын екі онжылдыққа созылған және бірнеше кезеңдерден тұратын едәуір созылмалы процесс ретінде қарастырды және алғашқы қазақ хандары Керей мен Жәнібек туралы келелі пікірлер білдірді [6]. С.Жолдасбайұлы өзінің зерттеуінде 1465-1466 жылдарды Қазақ хандығының күшейе бастаған мерзімі ретінде қабылдауды ұсынды.Қазақ хандығының құрылған мерзімін анықтауда осы мәселемен көп жылдан бері тұрақты айналысып келе жатқан қазақстандық зерттеуші К.Пищулина еңбектерінің орны бөлек. Ол ғылыми негізі берік тұжырымдар жасай отырып, Қазақ хандығының құрылуына байланысты Мұхаммед Хайдар Дулати көрсеткен 1465-1466 жылдарды толық мақұлдайды [7]. Қазақ хандығының құрылу тарихына байланысты жазылған тарихи зерттеулер мен әдебиеттердің бәрінде хандықтың негізін салушылар - Керей мен Жәнібек хандар деп айтылатыны белгілі. Дерек мәліметтерінде көрсетілгендей, «олардың Әбілқайыр ханнан бөлініп, Жетісудағы Моғолстан атты хандыққа келуімен Қазақ хандығы құрылды» деген пікірді зерттеушілердің бәрі мойындайды.19 ғасырдың ортасында айтылған бұл пікір қазіргі күндерге дейін тек даму үстінде болды. Бірақ та осы саяси үрдісте жетекші рөл атқарған тұлғалар - Керей мен Жәнібек хандар туралы зерттеулер толық жүргізілмей, олар туралы біліміміз тек дерек мәліметі деңгейінде қала берді. Тарих ғылымында 19 ғасырдың 60-шы жылдарынан бері Қазақ хандығының негізін қалаған екі тұлғаның - Керей мен Жәнібектің есімдері анықталып, белгілі болған. Орыс ғалымы В.В.Вельяминов-Зернов алғаш рет орыс мемлекетінде 16-ғасыр аяғы мен 17-ғасыр басында «Қасым хандығының» негізін қалаған Оразмұхаммед сұлтанның шығу тегін анықтау барысында «Тарих-и Рашидидің» мәліметтерін айналымға енгізе отыра, былай деп жазған болатын: «Тарих-и Рашидиде» Мұхаммед Хайдар айтқан мәліметтер хижра бойынша 860 жылдан 944 жылға дейінгі, яғни 1456 жылдан 1537-38 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Осы 80 жыл ішінде Мұхаммед Хайдар бойынша қазақтардың ең басты тұлғалары: жошылық Керей мен Жәнібек, Керейдің ұлы Бұрындық, Жәнібектің ұлдары Әдік пен Қасым және Әдіктің ұлы Тахир болды». Міне, осы кезден бастап Керей мен Жәнібек хандардың Қазақ хандығының құрылуындағы тарихи рөлі анықталып, қазіргі күндерге дейін оны ешбір зерттеуші теріске шығармайды. Жазба деректер мен тарихи зерттеулерде алғашқы қазақ ханының есімі - Гирей, Герей, Кирай, Керей түрінде кездеседі. Қазақ тілінде жазылған әдебиеттер мен зерттеулерде соңғы есім жиі және тұрақты пайдаланылатындықтан, біз де осы есімді өз зерттеуімізде қолданамыз. Бұл сөздің түп-төркіні мен мағынасына келсек, В.В.Бартольд ол жөнінде былай деп жазады: «Өзінің деректерін көрсетпей, Ахмед Вефик-паша өз сөздігінде «гирей» - моңғол сөзі, моңғолша «гарай» делініп, «еңбегі сіңген», «лайықты», «құқылы» деген мағынада қолданылады». Керей ханның шығу тегі, бұған дейін айтылғандай, Жошы ханның үлкен ұлы - Орда Еженнен бастау алады. Орда

Ежен, оның ұлы Сасы бұқа, оның ұлы Ерзен, оның ұлы Шымтай және оның ұлы Орыс хан болып жалғасады. Орыс ханнан Керейге дейінгі шежіре ортағасырлық деректерде жақсы сақталған. Т.И.Сұлтанов аударған «Муизз ал-ансабтың» мәліметінде «Орыс ханның 15 баласы: 8 ұл және 7 қызы болған делінеді де: «Бірінші ұл - Тоқтақия, ол хандық билікте болған. Оның үш қызы және үш ұлы болған: 1) Анике-Булад, 2) Бугучак, 3) Тенгриберди» деп айтылады. Ал «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Тоқтақияның ұлдары «Тенгри-Берди, Йагуджак-анеке, Пулад» деп беріледі. Анике-Булад немесе Болатта бір ғана ұл болған, оның есімі - Керей. Сөйтіп, Орыс ханнан бері қарай таратсақ, Орыс-хан, оның ұлы Тоқтақия, оның ұлы Анике Болат және оның ұлы Керей хан болып жалғасады.Зерттеулердің бәрінде де Орда Еженнен бастап Орыс ханға дейін Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулеті билігінің үзілмегендігі айтылады. 1377 жылы Ақ Орда билеушісі Орыс хан қайтыс болғаннан кейін таққа оның үлкен ұлы Тоқтақия, яғни Керейдің атасы келеді де, 2 ай ғана билік құрады. Т.И.Сұлтановтың жазуы бойынша, Керей ханның атасы Тоқтақия «жұмсақ мінезді және әділетті» адам болып, Әмір Темір мен Тоқтамысқа қарсы күресте қайтыс болған. Ал Керейдің әкесі Анике-Болат немесе Болатқа келсек, ол - Тоқтақияның үш ұлының бірі. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама» бойынша Керей хан - Болаттың (Анике Болаттың) жалғыз ұлы. Тоқтақияның Болаттан басқа Тәңірберді және Бұғышақ атты екі ұлы болып, Бұғышақтың Мұхаммед, Ахмет және Әли атты үш ұлы және Имен би атты қызы болғандығы белгілі. Керейдің қай жылы дүниеге келгендігін деректер айтпайды, бірақ оны салыстыру әдісі арқылы болжап, шамамен айтуға болады. Орыс ханның үлкен ұлы Тоқтақия да, кіші ұлы Қойыршақ, олардың жас арасын шамамен 15-20 жыл деуге болады. Тоқтақия ұлы Болат болса, Қойыршақтың ұлы - Барақ. Барақтың 1428 жылы қайтыс болғаны белгілі. Барақтың үш ұлының үлкені - Жәнібек хан. Ал Жәнібек хан мен Болаттың ұлы Керейдің бір тарихи кезеңде өмір сүргені және белгілі. Олардың да арасындағы жас айырмашылықтары 10-20 жыл деп санауға болады. Керейдің есімі 15 ғасырдың 60-шы жылдарының соңынан, ал Жәнібектің есімі 15 ғасырдың 70-ші жылдарының ортасынан бастап жазба дерек мәліметтерінде кездеспейді. Соған қарап оларды 60-70 жыл өмір сүрген деп есептесек, онда олар 15 ғасырдың басында дүниеге келген болып шығады.

15 ғасырдың 50-ші жылдарында, яғни Қазақ хандығының құрылар қарсаңында Орыс ханнан тараған Керей мен Жәнібек секілді шөберелерді санағанымызда, Темір Мәліктің ұрпақтарынсыз олардың саны 20-ға жуықтаған. Олардың ішінде жасы жағынан ең үлкені Керей болған. Сондай-ақ Орыс ханның үлкен ұлы - Тоқтақия, ал оның үлкен ұлы - Анике Болат, ал оның жалғыз ұлы Керей болғандықтан, 15 ғасыр ортасында Шығыс Дешті Қыпшақтағы Орда Ежен әулетінің, Орыс хан ұрпақтарының арасында ата жолы жағынан Керейдің мәртебесі жоғары болған. Сол себепті Керей Махмуд бен Уәли айтқандай, Әбілқайыр хандығы бөлініп кеткенде жасы мен жолына қарай хан болып сайланды. Ол оншақты жылдай хан болып, Қазақ хандығының іргетасын қалаған хандардың қатарына жатады. Жазба деректер оның нақты қай жылы қайтыс болғанын айтпаса да, жанама мәліметтер арқылы оны

анықтауға болады. Әбілқайыр хан қайтыс болып, оның орнына отырған Шайх Хайдар ханға қарсы күрескен қарсыластарды шайбанилық деректер нақтылай атайды. «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Шайх Хайдардың жауларына: «Қажы Мұхаммед ханның ұлы Сейтек, Қажы Мұхаммед ханның немересі, Махмудектің ұлы Ибақ, Барақ ханның ұлдары Жәнібек пен Керей, Арабшахтың ұрпағы Буреке сұлтан, маңғыттан Аббас, Мұса, Жаңбыршы билер жатқызылады». Ал «Фатх-наме» мен «Шайбани-наме» деректерінде Керейдің есімі аталмай, тек Барақтың ұлы Жәнібек ханның есімі басқалармен бірге айтылады. Соңғы екі дерек мәліметін негізге ала отыра, біз Керей хан есімінің оларда кездеспеуін, сол тұста, яғни 1469-1471 жылдары Керей хан өмірде болмаған. Жәнібек ханға келсек, оның тарихи рөлін алғаш анықтап берген В.В.Вельяминов-Зернов болды. Ол Ораз Мұхаммед сұлтанның шығу тегі мен ата-бабаларын анықтау барысында көптеген мұсылман деректерінің мәліметтерін ғылыми айналымға енгізе отыра, Жәнібекті Кереймен бірге Қазақ хандығының алғашқы 80 жылдық тарихындағы ірі тұлғалар дей келе, Жәнібекті Әбілқайыр хан дәуірінде Орта Азия тарихында өзіндік маңыз атқарған және одан кейін қазақтардың билеушісі болған дейді де, «одан басқа біз бұл екі тұлғаның қазақ халқын құрушылар екендігін білеміз» деп нақты көрсетеді. Жәнібек ханның шығу тегі мен ата-бабаларына келсек, ол Керей ханның шөберелес туысы болғандықтан, олардың Орда Еженнен Орыс ханға дейінгі бабалары ортақ болып келеді. Т.И.Сұлтановтың аудармасымен және түсінігімен ғылыми айналымға енген 1426 жылы жазылған «Муизз ал-ансабтың» Париждегі ұлттық кітапханада тұрған қолжазбасынан алынып, «Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды» атты жинақтың екінші томына енгізілген Шыңғыс хан ұрпақтарына қатысты мәліметтерде Жәнібек ханның ата-бабалары жайлы былайша беріледі: «Орыс ханның бірінші ұлы - Тоқтақия. Ол билік құрған... Орыс ханның сегізінші ұлы - Құйыршық. Оның Пайанде-сұлтан, Рукйиа деген екі қызы және Барақ атты бір ұлы болды. Барақ билік құрған. Барақта төрт бала: Саадат-бек деген қызы және Әбу Сайд, Мир Қасым, Мир Сайд деген үш ұлы болған». «Тауарих-и гузида-йи нусрат-намада» Әбу Сайд Барақ ханның үш ұлының кішісі және Жәнібек хан деген қосымша есіммен берілсе, Оразмұхамедтің кеңесшісі болған,жылнамашы Қадырғали Жалайыр ол туралы Барақтың ұлы «кіші Жәнібек хан» деп дәлірек түсіндіреді. Осылайша деректердегі Жәнібек хан туралы айтылатын шежірелік мәліметтерде оның шын есімі - Әбу Сайд, ал лақаб есімі – Жәнібек. Мұхаммед Хайдар Дулати мен Махмұд ибн Уәли екі сұлтанның Моғолстанға келуін, Есен Бұға ханның оларға Шу мен Қозыбасы жайлауы арасында орналасқан жерді бергенін жазады. Не себепті Есен Бұғаның бұл өңірді екі сұлтанға бергенін «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» авторы былай түсіндіреді: «Бұл кезде Моғолстанда Шыңғыс ханның ұлы, Шағатай хан ұрпақтарының бірі Уәйіс хан ұлы Есен Бұға хан билік етіп тұрды. Дәл осы тұста Әмір Темір курэканның ұлы Мираншахтың, оның ұлы Сұлтан Мұхаммед-мырзаның, оның ұлы Әбу Сайд мырза жоғарыда аталған ханның ағасы Жүніс ханды Ирактан алдыртып, көмек береді және қолдау көрсетеді, сөйтіп, оның бөлігіне қауіп төнеді. Екі сұлтанға ол Моғолстанның батысынан жер берді, ол Есен Бұға ханның иелігі мен Жүніс

ханның қол астындағы жердің арасында орналасқан еді. Бұл жер - Шу мен Қозыбасы деген жерлер болатын». Қазірде бүкіл әлем мойындап,алдағы дамуын қуатты 30-іргелі елдің қатарында болжап отырған еліміздің мемлекет болып қалыптасуы мен алғашқы хандарымыз туралы тарихи мерекені атап өту туралы шешімі өте маңызды.Бұл тәуелсіздігіміздің іргесінің беріктігінің ғана емес,ата-бабалар аманатына деген адалдық пен құрметтің белгісі. Ұлттық тарихты жаңаша зерделеуде Қазақ хандығы проблемасымен өте тығыз келесі мәселелерді де ұмытпауымыз керек. Олар: қазақ эгнонимі, яғни қазақ сөзінің қалыптасу мәселесі және қазақ хандығының жүздерге бөліну процессі мәселесі. Белгілі зерттеуші Виниамин Юдин[8] қазақ этнонимі туралы зерттеушілер Марғұлан, Ақынжанов,Аманжолов,Сабырханов т.б еңбектерін зерделей отырып қазақ сөзі «ерікті», «еркін» адамдар мағынасын береді деп пікір білдіреді. Қазақ тарих ғылымында көне әдеби дәстүр мен көшпелі өмір салтын ұстанған көршілес халықтар тарихының да мәліметтері бар. Қазақ хандығының жүздерге бөлінуін Шәкәрім Құдайбердіұлы 18 ғасырдың 20-шы жылдарынан бастайды [9].Жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі «Ақтабан шұбырынды» жылдары қазақтар үшке бөлінді. Ұлы жүзде Болат ханның ұлы Әбу Мұхаммед, яғниӘбілмәмбет, орта жүзде Болаттың ұлы Сәмеке, кіші жүзде Жәнібектің Үсектен тарайтын немересі Әбілқайыр хан болды. Мемлекеттілік тарихында қазақ хандығының негізін салып, алғаш хан болған Керейдің ұрпақтарынан тек Бұрындық ғана хан болды.Бұрындық хандығы кезінде қазақ хандығы астанасы Сарайшық қаласы болып, өзінің гүлдену кезін бастан кешті. Бұрындық өмірінің соңында Самарқантта қыздарының қолында бақилық болған.

Әдебиеттер тізімі:

1.Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев**.** Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі.Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан.02 қыркүйек, 2019 жыл.

2. Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. –Алматы. -2003. -616 с.

3. Султанов Т.И. О первом казахском государстве (К.525-летию Казахского ханства) // Кунсткамера. Этнографические тетради. СПб. 1995. – Вып. 8-9. с.31-388.

4.Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.).

5.Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – Алматы: Мектеп, 1996. -296 б).

6.Кәрібаев Б.Б.Қазақ хандығының құрылу тарихы.-Алматы,2014.-520 б.

7. Пищулина К.А. образование Казахского ханства во времена Мухаммеда Хайдара Дулати // Материалы международной научно-теоретической конференции, посвященной известному ученому-историку М.Х. Дулати. – Тараз, 1997. – с. 54-52.

8. Юдин В.П. Орды:Белая,Синяя,Серая. Золотая. //Казахстан, Средная Азия в 16-18 вв. -Алма –Ата. -1983.-192 с.

9. Тынышбаев Ш. История казахского народа. – Алма – Ата. -1993.-224 с; Шакарим Кудайберди - улы. Родословная. -Алма –Ата. -1990.-120 с.

Аннотация

В статье сделан историко-историографический анализ Казахского ханства. Последние исследования по государственной программе «духовного возрождения».

Ключевые слова: Казахское ханство, Мухамед Хайдар Дулати, Керей хан, Жанибек султан, Бурындык хан, этноним казах.

Abstract

The article makes a historical and historiographic analysis of the Kazakh Khanate. Recent research on the state program of "spiritual rebirth."

Key words: Kazakh Khanate, Mohamed Khaidar Dulati, Kerey Khan, Zhanibek Sultan, Burindyk Khan, ethnonym Kazakh.

ӘОЖ 94(574)

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ХАННЫҢ РӨЛІ

Ахмет А.Қ.
т.ғ.д., профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

1465 жылы құрылған Қазақ хандығы бір мезгілде жүзеге асқан акті емес, ұзақ уақытқа созылған процесс екендігі белгілі. Оның құрылуы ұзақ жылдары бойы Ұлы далада қалыптасқан мемлекеттердің өзара байланыстылығын дәлелдейді. Түрік қағанаты, Қыпшақ мемлекеті, Шыңғыс хан империясы, Ұлық Ұлыс, Ноғай Ордасы сөз жоқ Қазақ Хандығының қалыптасуына ықпалын тигізді.

Ұлық Ұлыста қалыптасқан дәстүр бойынша Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның ұрпақтары, Ақ Орда ханы Ұрыс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Қазақ хандығының алтын тағына отырды. Ол турасында Қадырғали Жалайыр: «Әуелі үлкен ұлы Жошы еді, барлық патшалар, ханзадалар Дешті Қыпшақтағы оның нәсілінен болады», «Ей ұлдарым, тыңдаңыздар, маған бұл дүниеден сапар шегі мәулеті келіп тұр. Құдайдың құдіретімен көк тәңірі жәрдемімен менің мемлекетім шексіз болды... Сіздер мемлекеттеріңізге, ұлықтарыңызға барыңыз, себебі уәлаяттарыңыз басқарушысыз болып тұр» деп жазады[1, 46, 77 б.б.].

Хан – Қазақ мемлекетінің ең жоғары билік иесі болып табылады. Қазақ қоғамында хан – мемлекет, қоғам, халық бірлігін сақтайтын, елдің басын қосып ұстайтын ең жоғары дәрежелі басшысы. Ханға халық сенген, оларды бір мақсат, бір мүддеге жұмылдыра білген тұлға ретінде құрметтеген. Қазақ халқының дәстүрлі басқару құрылымында ханның алатын рөлі өте жоғары. «Ханда қырық кісінің ақылы бар» «Хан – қазық, қараша – азық», «Хан – бас,

Халық – кеуде, Жер таусыз, ел хансыз болмас» деп халық даналығы айтқандай, ол – бейбіт, ел тыныш кезде кемел ақыл иесі, елдің шетіне жау тигенде қол бастайтын батыр, көрші мемлекеттермен де ірі бедел иесі, мәмілегер бола алды. Осындай ірі тұлғаны халық құрметтеп, оның елі мен халқына сіңірген зор еңбектерін мақтан тұтып, ұрпақтан ұрпаққа үлгі ретінде тарихта есімдерін өшпестей етіп қалдырған. Оның жарқын мысалы, XV ғ. Керей мен Жәнібек, XV – XVI ғ. Бұрындық, Қасым, Хақназар, Тәуекел, XVII-XVIII ғ. Есім, Жәңгір, Әз Тәуке, XVIII ғ. Әбілқайыр, Абылай, XIX ғ. Кенесары хандар және қазақ мемлекеттілігін, ұлт бірлігін ұйытып, оны сақтай білген басқа да хандардың атқарған еңбектері төл тарихымызда орасан зор.

Тарихтан белгілі ханды халық сайлаған және сайланған ханға халық тарапынан зор құрмет көрсетілген.

Белгілі ғалым Р.Почекаев өзінің берген сұхбатында хан сайлау мәселесін талқылай келе Ұлы далада интронизацияның (хан тағына отырғызу) екі түрі бар. Біріншісі XIII – XIV ғасырлардағы деректер бойынша белгілі моңғолдық дәстүр. Екіншісі моңғолдық кезеңнен кейінгі көптеген мемлекеттер қабылдаған түркілік дәстүр. Моңғолдық салтанат бойынша бірнеше Шыңғыс хан ұрпақтарынан беделді тұлғалар хан тағына үміткердің қолынан және белдігінен көтеріп таққа отырғызады. Дегенмен түркілік салтанат ханды аққиізге отырғызып көтеру көпке белгілі. Біздіңше, осы екінші дәстүр ылайықтырақ, өйткені оған көп қатысады, әрі көппен мойындалады. Міне осыдан соң хан билігі ресмиленеді. Ол жарлық етіп, билікке тұлғаларды тағайындайды» деп тарқата түседі [2].

Қазақ хандығында ақ киізге көтеру арқылы жүзеге асқанын біз жақсы білеміз. Қазақ хандары тегінен шығып, орыс жеріндегі Касимов хандығына хан сайланған Ораз-Мұхаммед те осы дәстүрді сақтады. Оған қатысқан Қадырғали Жалайыр: «Тамаша үшін шектен тыс үлкен жиын болды. Шейх Әли ханның салдырған тас мешіті ішінде молдалар, данышпан хафиздар, билер, бектер, мырзалар, барлық (жұрт) ислам еді. Осынау жамағаттар мешіт ішінде бас қосып, одақтасып, мүбәрәк алтын сандалды (тақты) келтірді, оны мешіт ішінде құрды. Ескі жұрттың жәдігері Бөлек Саид хұтба оқиды. Төрт кісі төрт жақтан хазіреті ханды алтын сандалдың үстіне көтерді». Әрине Ораз-Мұхаммедің хан сайлануы Москва мемлекетінің территориясында, Қасым хандығында өткенімен белгілі дәрежеде Ұрыс хан дәстүрінің сақталғанын дәлелдейді. Хан тағының екі жанында ханның оң қолы, Маймене, Жалайыр Қадырғали бек, Саманай бек, сол қол, Майсара, Арғын Шаш бек, Қыпшақ Төкей бек тұрған», - деп жазады [1, 124 б.].

Сайланған ханға Ақ Орда тігіліп, тақта отырған. Хан ордасының ішкі тәртібі қатаң сақталған. Хан ордасына ерекше рұқсатпен кірген, атпен баруға тиым салынған. Мәселен, 1736 жылы Әбілқайыр ханға келген Дж. Кэстль ханның қабылдау сәтін былайша сипаттайды. Дж. Кэстль оны өз күнделігіне: «Жарты сағат өткеннен кейін жиналған қарақұрым халықтың көзінше Байбек пен тағы бір кісі екі жақтан қолтықтап, жетектеп мені ханға алып кетті. Хан отырған үйге он адым қалғанда, бір минут қимылсыз тұруымды сұрады. Содан кейін адъютант немесе олардың тілінде жасауыл маған дыбыс беріп, мені тағы

алты адым жерге апарып, тағы бір минут жасауыл келгенше тұрғызып қойды. Артынша мені тура есіктің алдына алып барды, тағы біраз тұрғаннан кейін, жергілікті жердің сый-құрметімен демеп ішке кіргізіп жіберді. Хан киіз үйдің есігіне тура қарама-қарсы төрде отыр екен. Есіктен кіргенде басымдағы қалпағымды алдым, ханның алдында француздарша үш рет құрметпен басымды иіп, қошемет көрсеттім...» деп жазады [3, 20-21 б.].

Халық тарапынан сайланған ханға аса зор жауапкершілік жүктелді. Ханға біріншіден, мемлекеттің тұтастығын сақтау және қорғанысын күшейту, көршілес елдермен қарым-қатынас орнату, екіншіден, қол астындағы халыққа қамқорлық жасау, шаруашылық, әлеуметтік істерді жүзеге асыру, үшіншіден, әділ билік орнату, әділетсіздікті жазалау сияқты ірі мемлекеттік міндеттер жүктелген. Бұл ауқымды міндеттерді хан уәзірлері мен билер арқылы бақылауға алып, оны орындап отырды.

Хан халықтан бөлінбеген. Хан ордалары әр замандарда қасиетті де берекелі жерлерде тігілгені белгілі. Мысалы, киелі Түркістанда, ұлтты ұйыстырған Ұлытауда, жер жәннаты Жетісу мен Көкшеде, ерке сұлу Ақжайық бойында қазақ хандығының сән-салтанаты асқақтады.

Негізінен ханды халық асырады. Оның мемлекеттік істерде барлық қажеттіліктерін ел жұмыла көтерген. Осыған орай хандар мал мен мүлік жинауға әуестенбеген. Қоғамда ханның әмірін екі етпеген қағида үстемдік құрды. Дәстүр бойынша ханның сөзін бөлуге, жолын кесуге, тіл тигізуге және ар-намысына тиюге болмайтындығы жөнінде қағидат ерекше орын алды. Осыған байланысты хан да ел мен жұртшылық алдында өзін талапқа сай ұстай білген. Хан екі сөйлемейді, берген уәдесін орындайды, халықтың талап-тілегіне құлақ асады, орынсыз жаза қолданбайды, елдің құрметті ақсақалдары мен адамдарын сыйлайтын болған. Халық ауызында хандардың өзін де, ісін де дәріптейтін өнегелі сөздер мен мақал-мәтелдер қалды. Мысалы, «Хан азса халық адасады, халық азса хандыққа таласады», «Хан халықтан үлкен емес», «Ханның басын хан алар, қардың басын қар алар», «Халық қаласа, хан түйесін сояды», «Ханның ісі қараға да түседі», т.б.

Дәстүрлі қазақ қоғамында хан мен халық арасындағы ғасырлар бойы сақталған тепе-теңдік отаршылдық заманда бұзылды. Оның айғағы хандарды дәстүр бойынша халық сайламады, керісінше отаршыл Ресей патшасы тағайындады. Бұл қасіреттің негізгі түп төркіні отаршылдық саясатта жатқандығы болып табылады. Халықтың қамқорына айнала алмаған тағайындалған хандардың қара бастарының беделі мен қолдарында билігі болмағаны тарихи шындық.

Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан аумағындағы әлеуметтік-экономикалық және этносаяси дамудың заңды нәтижесі болып табылады. Қазақ хандығы құрылған кезеңінен бастап, тез аяғына тұрып, Европа кеңістігіндегі елеулі факторға айналуының астарында ғасырлар бойғымемлекеттілік дәстүр мен түркілік негіздегі қазақ халқының этногенезі үрдісіндегі сабақтастықтардың қабаттаса, бірін-бірі алға сүйреген күштер жатты. Көрнекті орыс тарихшысы В. В. Трепалов Қазақ хандығын көне дәуірден бері келе жатқан мемлекеттік дәстүрдің заңды жалғасы деп есептейді.

Қазақ қоғамында жүзді – кіші хандар басқарды. Бұл лауазым иелерінің басқару құрамына би, батыр, абыз, жыраулар кірді. Хан елді жалпы басқарса, билер – дау-дамайды реттеумен, батырлар – елді қорғау сияқты мәселемен айналысты. Ақын-жыраулар мен абыздар идеологиялық жұмыстармен айналысып, елге үгіт-насихат жүргізді. Үш жүзді ұлы хан басқарды. Олар ішкі жыне сыртқы жағдайлармен шұғылданып, мемлекеттік ірі де маңызды мәселелермен тікелей айналысты. Хан ордасында «Халық кеңесі», «Билер кеңесі» өткізіліп, хан қасында әскербасы, уәзірлері, шабармандары, төлеңгіттері болды. Хандық лауазымға қалыптасқан дәстүр бойынша Шыңғыс ханның ұрпақтары мұрагер болып, бірақ оны сайлаған. Хандық басқару құрамында қазақтың дәстүрлі құқық жүйесін қалыптастыруға және дамытуға билер ерекше рөл атқарды. Ал сыртқы саяси жағдай қиын сәттерде хан батырларға арқа сүйеді және олардың рөлі ерекше болды. Оларда ханмен бірге елді, халықты қорғауда, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ерен еңбек атқарды. Көшпелі қазақ қоғамының сан ғасырлық тарихында хан ел басқаруды қарапайым, бірақ өте беделді де пәрменді, әрі халыққа етене жақын жүйелермен жүргізді. Сондықтан да басқа елдердегідей ханды өлтіру, таққа таласып қырқысу, ханға қарсы көтерілістер мүлдем болмаған десекте болады. Хан басқарған қазақ қоғамының ауызбіршілігінің нығаюына көмектескен көптеген институттар жүйеге келтірілді. Мемлекетті нығайту мақсатында жылу, асар, жұртшылық, соғым, сыбаға, сауын айту т.б. институттары тиімді жолдармен жүзеге асты.

Көшпелі қазақ қоғамында басқарушылық пен билік жеті сатыдан құралды. Ұлы хан – Үш жүзді биледі, кіші хандар – жүзді биледі, ұлыстарды – сұлтандар, тайпаларды – билер, руларды – ру ақсақалдары, әулеттерді – ақсақалдар, соңғы жетінші сатысын ауыл ағасы басқарды. Жалпы алғанда қазақ қоғамының ел басқару жүйесі қиынға түспеген. Мемлекетті басқару Ұлы хан мен кіші хандар қолына шоғырланып, бұлардың ордасында әскер басы, билер, ақылгөй-кеңесшілері, уәзірлері, шабармандары, төлеңгіттері ішкі шаруашылықты атқаратын жүйелері болды. Ел тағдырына қатысты маңызды мәселелерді шешуге хан өз тарапынан «Халық мәжілісін», «Билер кеңесін» шақырып отыр. Ал ханды халық сайлады. Тағы бір ерекшілік төменгі буыннан басқарылған мемлекеттік жүйе алдында хан өктемдікке ие бола алмады. Оның да өзіндік себептері де болды. Атап айтсақ, қазақ қоғамында билер институты көне дәуірлерден қалыптасып, олар заң шығару мен ғана емес, ел басқарушылықпен де айналысып, хан алдында өте беделді болды. Хан билігін көпшілік бұқара әкім билігі деп таныды. Қазақ хандығы кезеңінде мемлекет басқарудың құқықтық ережелері мен ұлттық әдет-ғұрыптары заңдастырылды.

Батыс зертеушілері Қазақ хандығындағы билік бөлінісінің дәстүрлі қазақ қоғамының өмір сүру және даму ерекшеліктеріне байланысты екендігін, қайта қоғамды тұрақтандыруға, нығайтуға бағытталғандығын ескере бермейді. Себебі, сан ғасырлар тарихы бар көшпелілік, өзіндік өркениет ретінде, абсолюттік жүйені, ешқандай шектеу қойылмаған билікке ұмтылушылық үрдісін қабылдамады. Хан мен халық арасындағы барлық билік тепе-теңдігінің сақталуы көшпелі қоғамның дамуына қолайлы жағдайлар туғызды. Қазақ

мемлекеттілігі функцияларының жүзеге асырылуы негізінен әдеттік ғұрыптар басым түрлі құқықтық нормалар жүйесімен реттеліп отырды. Оның жарқын мысалдарының бірі 1680 жылдары Тәуке ханның Күлтөбеде хан кеңесін шақырып, жеті би ат салысып құрастарған қазақтардың «Жеті Жарғы» ата заңында жүйеленді. Бұл туралы А.И.Левшин: «Билердің ертеден келе жатқан Қасым хан мен Есім хан тұсындағы әдеттік-құқық жүйелері «Жеті Жарғы» заңында жинастырылды», - деп жазды.

«Жеті Жарғы» әдеттік құқықтың басымдылығы қазақ халқының басын біріктіріп, Қазақ хандығының нығаюына жұмыс істеді.

Алаш жұрты Қасым ханды қазақ ордасының керегесін кеңейтіп, ұлы дала төсінде хандықты нығайтқан, қол астындағы халқын көбейтіп, жерін өсірген, қазақ хандығының атағы мен айбынын алысқа жеткізіп, дабылын даңғайыр биікке көтерген жеке-дара билеуші деп бағалайды. Тарихта ол «Қасым ханның қасқа жолы» деген атаумен ел жадында қалған қазақтың тұңғыш конституциялық құжаттың негізін қалған хан. Оның өзі қазақ халқының хандық басқару дәуіріндегі әдеп-ғұрыптың заң ережелерінің жиынтығы болып табылады. Қасым хан туған халқының этникалық аумағын кеңейту ісінде әдет-ғұрыптық заңдарға ерекше назар аударған. Қасым хан халықтың өзінде бар жарғылық баптарды жаңғырта отырып, оны сақтап, бұлжымас заңға айналдырды. «Қасым ханның қасқа жолының» негізгі ұстыны мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңы болды. Хан заңдарды бұлжытпай орындауға да ерекше көңіл бөлді. Мысалы елшілік жораларындағы халықаралық қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалық сияқты шарттарды қатаң сақтаған. Оның айқын дәлелі Мұхаммед Хайдар Дулати «...Саид хан жолға шығып, Моғолстанның мәшһүр жүрі – Шуға келіп жетті. Қасым ханның сол уақытта жасы алпыстан асып, жетпіске таяп қалған кезі. Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы ала алмайтынына кешірім өтініп, Жошы әулетінен тараған кейбіреулерінің жасы елу мен алпысты алқымдап қалған отыз-қырық сұлтанды, солардың ішінде Жаныш хан, Тыныш хан, Мамаш хан, Жанайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және тағы басқаларға тізе бүгіп, құрметпен қарсы алсын деп бұйырды. Қасым хан Саид хан алдына келгенде жылы жүздесіп құрметтегені сондай, хан өмірінің соңғы сәтіне шейін оның кішпейілдігін ұмытқан жоқ. Әрқашан сырласа қалғанда хан оны еске алып /Алла тозақ отынан құтқарғай /: «Қасым хан асқан мәрт адам болған», - деп отыратын және онымен қалай танысқанын баян ететін-ді», - деп жазды[4, 361 б.].

Қазақ хандығының мемлекеттік атрибуттарының бір дипломатия саласыболып табылады. Отандық тарихнамада қазақ мемлекетінің сыртқы саясат мүдделері, мемлекетаралық мәселелерді шешу әдістері мен стратегиялық мақсаттары біршама зерттелді. Қазақ хандары түркі мемлекеттерінің дипломатиялық қатынастар орнату, басқа елдермен келіссөздер жүргізу жөніндегі сан ғасырлық дәстүрін жалғастырды. Хандықта өзіндік дипломатиялық рәсімдер мен ережелер қалыптасты.

XVIII ғасырда ханға бас ию, тізерлеп отырып сәлем беру рәзімдері қазақтарда сақталып қалды. Шетелдік елші хан ордасына кірерде

табылдырықты баспай аттап өткеннен кейін тізесін бүге отырып сөз алған, сұрақтарға жауап берген. 1736 жылы жазда Орынбор экспедициясында жұмыс жасаған ағылшын Джон Кэстль Әбілқайыр хан ордасында елші рәсімдерін сақтай отырып, қабылданды. Д.Кэстль өз «Күнделігінде» былай дейді: «Олар (қазақтар) ханға барғанда қалай тізерлеп отыруды, маңдайды жерге үш рет қалай тигізуді көрсетті... Жарты сағат өткеннен кейін жиналған қарақұрым халықтың көзінше Байбек пен тағы бір кісі екі жақтан қолтықтап, жетектеп мені ханға алып кетті. Хан отырған үйге он адым қалғанда, бір минут қимылсыз тұруымды сұрады. Содан кейін адъюдант немесе олардың тілінде жасауыл маған дыбыс беріп, мені тағы алты адым жерге апарып, тағы бір минут жасауыл келгенше тұрғызып қойды. Артынша мені тура есіктің алдына алып барды, тағы біраз тұрғаннан кейін, жергілікті жердің сый-құрметімен демеп ішке кіргізіп жіберді.

Хан киіз үйдің есігіне тура қарама-қарсы төрде отыр екен. Есіктен кіргенде басымдағы қалпағымды алдым, ханның алдында французларша үш рет құрметпен басымды иіп, қошемет көрсеттім...» [3, 20-21 б.б.]. Қазақ хандығы халықаралық мәселелерді шешуде күш көрсетуге емес, бейбіт жолмен шешуге ұмтылды. Қазақ хандары көршілермен қарым-қатынастарында әдеттік құқыққа сүйенді. Оның мысалы Барақ хан: «Сығанақ жайылмдары заң мен әдеттік құқық бойынша маған тиеселі, себебі менің атам Орыс хан Сығанақта құрылыс салды», - дейді[5]. Тарихта Қазақ хандығының одақтастық қатынас орнатқан тұңғыш мемлекеті – Моғолстан болды.

XVI ғасырдың ортасында Қазақ хандығымен Русь те, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы мен Орта Азия хандықтары да санасуға мәжбүр болғандығы белгілі. Бұхар хандығы мен Хиуаға барып қайтқан ағылшын көпесі Э.Дженкинсон: «Мен мұнда келгенге дейін үш жылдай уақыттан бері соғыс жүріп жатты... Ташкент үшін соғысып жатқан мұсылман діниндегі халық – қазақтар деп аталады, олар – өте қуатты», - деп жазды [6, 46 б.].

Қасым ханның өзі дүниеде жылқы малын өте жақсы көріп, тұлпар таңдау жүйрікті бағалау жөнінде алдына жан салмаған. Әскери заң бойынша тұлпар ат, қосын жасақтау, ердің құны қиын заманда сәйгілік тұлпар, қасжүйрек жылқы ер жігіттің жан серігі іспетті болды. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати: «Қасым хан: «Ең қымбат байлығымыз – жылқы және ең дәмді тағамымыз – оның еті, әрі сүйкімді сусынымыз – оның сүті және оның өнімдері. Серуендейтін жеріміз – малдың жайлауы, жайлауға барып, жылқыларды тамашалаймыз, бірге сонда барып, бірер сағат қызықтаймыз, - деп Саид ханды ертіп, үйірге жақындатып алып барды. Барлық шаруа мен жылқыларды көрсетті. Сосын Қасым хан тағы да ханға қарап: «Менің екі арғымағым бар, екеуі бүкіл үйірге татиды», - деп арғымақтарды алып келді. Саид хан мына екі сәйгіліктей жылқыны ешқашан көрмегенін талай рет сүйсіне әңгімеледі.Қасым хан: «Дала халқы – жылқының күш-қуатына қарай тіршілік етеді. Мен де осы екі арғымақтан басқа лайық сенімді ат жоқ. Сондықтан екеуін бірдей сізге тарту ете алмаймын. Енді сіз қадірлі қонағым болғандықтан екеуінің бірін таңдап, қабыл алыңыз да біреуін маған қалдырыңыз», - деді. Ол әрқайсысын сипаттап

шықты. Қасым хан тағы бірнеше атты сол үйірден таңдап тартты», - деп жазды [4, 361-362 б.б.].

Қасым хан заңдарын қазақ қоғамы ілтипатпен еске алып «Қасым ханның қасқа жолы» деп атады. Еш өзгеріссіз XVII ғасырға жетуінің өзі, оның қазақ хандығы дәуіріндегі айтулы тарихи маңызы бар заң екендігінің бұлтыртпас айғағы. Қасым хан билік құру кезеңіндегі кейінгі жылдары Қазақ хандығының астанасы деп Сарайшық қаласын таныды. Осы жерде ішкі-сыртқы саяси бірлікті нығайтты. Ел басқару ісінде артына «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталатын із қалдырды. Қасым хан тұсында Қазақ хандығының атақ даңқы Батыс Европаға дейін жетіп, бұл дәстүрді ұлдары Мамаш пен Хақназар жалғастырды.

Ал Есім хандық құрған 1598-1628 жылдары «Есім ханның ескі жолы» деген жаңа атауға ие болды. Тарихта Есім хан «Еңсегей бойлы ер Есім» деген атпен қалды. Бұл дәуірде ел ішіндегі алауыздық, ру-тайпалар арасындағы қатынастарды күшпен ұстап тұрудың мүмкін еместігін Есім хан жақсы түсінді. Сондықтан да заманына сай әдет-ғұрыптар заңын өз билігінде пайдаланып, жүзеге асыруды ойластырды. Ол Қасым хан жасаған әдет-ғұрып заң нормаларын қайта қарастырып, сол дәуірге ылайықты етіп түзуге қол жеткізді. «Есім ханның ескі жолы» құн дауы, мал дауы, жер дауы, жесір дауы сияқты күрделі тараулардан тұрды. Бұл заңда Есім хан өзінен бұрын ел билеу мен басқару ережелерінен ауытқымады деуге болады. Ол өзінен бұрын қазақ қоғамында қолданып келген заң қағидаларына толықтырулар мен өзгерістер енгізді. Ханның өзі бас болып, сұлтандар мен билер, елдің игі жақсылары әр жылы көктем айында «Билер кеңесін» өткізіп отырды, ал күз мезгілінде «Халық мәжілісі» шақырылды. Осы жиындарда қаралып шешілген мәселелерді келесі өткізілетін кеңес пен мәжіліске дейін бұзуға ешкімге құқық берілмеді. Ханның өзі қарап шешкен қандай да бір дау ең соңғы тұжырым болып саналды.

Көшпелі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының ең шоқтығы биік, құқықтық ескерткіші Тәуке ханның Жеті жарғысының орны бөлек екендігібелгілі. Ол туралы заң ғылымдарының докторы, профессор Н.Өсерұлы Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» сыртқы саяси жағдайдың күрт шиеленісуіне байланысты, әсіресе Ресей мемлекетінің ұлан байтақ қазақ жеріне көз тігуі, қазақтарды өзгелер арқылы әлсіретіп өзіне қосып бодан етуді мақсат еткені, сол үшін де қалмақтарды қарсы қойғаны нәтижесінде, бұл алапаттан қорғану жолында заң деп санайды [7, 103 б.]. «Жеті Жарғыда» сыртқы саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты ірі-ірі жеті жарлық қабылданған. Олар жер мәселесі, хан сайлау, тұрақты әскер ұстау, кісі өліміне қатысты заңдар, отбасына қатысты заңдар, мал және мүлік мәселесі, алым-салық жайлы. Тәуке ханның билігімен әрбір тайпа-рулар жерді және таңбаларын бекітіп берілді, оны «Жеті Жарғы» заң нормаларымен бекітіп берген. Жарғы бойынша хан сайлауда сыртқы саяси жағдайлардың шиленуісуіне ішкі жағдай да әсер етті. Сол кезеңде әрбір сұлтандар мен жүздің кіші хандары тәуелсіз, жеке билік жүргізуге тырысып, ел ішінде алауыздықты қоздырды. Хан сайлау негізінен бұқара халық өкілдері билер мен ақсақалдар, батырлар қолына беріліп, алайда «Жеті Жарғыда» хан сайлаудың дәстүрлі жолы сақталды. Өзге сұлтандар мен хандар ұлы ханға екі

етпей бағынатын болды. Қай кезде де көшпенділер арасында сабақтастық, үндестік үзілмеген. Бұл тіршіліктің даму заңы іспеттес. Мемлекеттің бірлігін, тұтастығын қоғам мүшелерінің азаматтық құқықтарын қорғаған заңдар Шыңғыс ханның «Яссасынан», Тәуке ханның «Жеті Жарғысынан» көрініс табуы соның бір дәлелі.«Жеті Жарғы» Тәуке хан тұсында көшпелі қоғам өмірінің сан-саласын қамтыған, Қазақ хандығының, ел-жұртының тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз етуге бағытталған конституциялық құжат болды.«Жеті Жарғы» ережелер жинағында бұрыннан басшылыққа алынып келе жатқан «Қасым ханның қасқа жолындағы», «Есім ханның ескі жолындағы» жосықтар ғана емес, «Яссадан» да кейбір баптар пайдаланылды. Айта кететін жағдай соңғылары қазақ халқының тұрмыс-салтына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына орай бейімділіп алынды. «Жеті Жарғы», Моңғол империясы немесе Алтын Ордадағы секілді, жоғарыда түсірілген құқық емес, құқықтық әдет-ғұрыпты жаңа саяси жағдайға бейімдеудің нәтижесі болды. Тарихшы-ғалым К. Л.Есмағамбетов өз мақаласында мұны неміс ғалымы Г.Дёрфердің көшпелілердегі моңғолдық және түркілік элементтерді зерттеуге арналған еңбегінен айқын көруге болады деп тұжырымдайды[8].

Медисондағы Висконси университетінің профессоры А.М. Хазанов «Тұтас қазақ хандығы Шыңғыс ұрпағынан тараған хандар басқарған үш ордаға бөлінді. Жүздер мен олардың құрамына енген тайпалар саяси-аумақтық жағынан тұрақтылықты сақтады. Бірақ оларды басқарған хандар билігі әлсіздеу болса, әсіресе отырықшылдық аймақ пен қалалардан айырылған хандардың билігі әлсіз болды. Дегенмен XVIII ғасырдың 30-шыжылдары Жоңғариямен соғыста Тәуке мен Абылай сияқты күшті де беделді, ықпалды хандар билікке келді», - деп жазды[9, с. 294].

Қасым хан алғашқы қазақ заңы – «Қасқа жолды» жарыққа шығарған тарихи тұлға ретінде тарихымызда алатын орны ерекше. Қасым хан тұсында саны миллион адамға жеткен қазақтар дербес халық ретінде Батыс Еуропаға белгілі болуы халқымыздың тарихи тамыры тереңге тартатындығының жарқын айғағы. Қасым ханның басшылығымен Қазақ хандығы берік құрылып, қазақ халқының ұлттық қалыптасу процесі аяқталды.

Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашидиінде»: «Қасым хан Қыпшақ даласын түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы әскерінің саны мың-мыңнан (миллион) асатын еді», - деп жазды [4, 358 б].

Кейінгі жылдары Иран елінің архивтерінен қазақ шежіресіне, Қасым ханға байланысты құжаттар табылды.XIV ғасыр соңында – XV ғасырдың басында Дешті-Қыпшақта, Қазақ хандығы құрылуының ең шиеленіскен кезеңінде орын алған саяси оқиғалар тарихы бойынша жинақталған «Тарих-и Кипчак-хани» фактілік материалы Қазақстан мен Орта Азияның XIV – XVIII ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихын зерделеу үшін үлкен маңызға ие.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейін оның нығаюы мен халықтың қалыптасу жолдарының жетілуі өзара ықпалдастықта орын алды. Қазан төңкерісіне дейінгі кейбір орыс ғалымдары Қазақ хандығы жөнінде объективті пікір білдірді. Мысалы «Далалық облыстардың қырғыздары туралы заңдар жинағы» деген

еңбекте: қырғыз-қайсақ ханы Тәуке тайпалар арасында тыныштық, рулар арасында жерді әділ бөліп беріп, оны пайдалану тәртібін орнатты, жалпы ол заңдылық негізде әрекет етті; бәрін де ақылмен істеп, тәжірибе меен шеберлігінее сүйенген Тәуке үш қырғыз-қазақ ордасына билік жүргізді; әрбір ордаға өз өкілдерін: Ұлы жүзге Төлені, Орта жүзге Қазыбекті, Кіші жүзге Әйтекені тағайындады делінеді [10, с.12].

Қазақ мемлекеттілігін зерттеуде бұрмалаушылықтарға ұшырап келе жатқан тақырыптардың бірі – қазақ дәстүрлі қоғамының саяси жүйесі екендігі белгілі. Дәстүрлі қазақ қоғамында билік жүргізу бірнеше деңгейде жүзеге асырылды. Қазақ қоғамындағы бір ерекшелік ең жоғары билік жүргізу құқы Шыңғыс хан ұрпақтарының әлеуметтік тобынан сайланатын ханға тиесілі болуы. Аталған қоғамда билік жүргізу бірнеше деңгейде жүзеге асырылды.

Хандық биліктің негізгі функцияларына ру-тайпалар арасындағы өзара келіспеушіліктерді шешіп, реттеу, әскери-саяси және сот қызметтері, сонымен бірге экономикадан тыс қайшылықтарды шешу сияқты қызметтер жатты. Сыртқы саясаттағы ең басты функциясы – халықты сыртқы шапқыншылықтан қорғау және ел мен жердің тұтастығын сақтау болды. Қоғамдық санада хан билігі мемлекеттіліктің, қоғамдық ұйымдастыру ісіндегі тарихи сабақтастықтың, қауіпсіздік пен игіліктің нышаны ретінде қабылданды. Бұл – сонау Түрік қағанаты заманынан бері келе жатқан хан мен халық тұтастығының бір көрінісі болатын. Сондықтан да хан Қазақ мемлекетінің ең жоғары билік иесі болып табылады. Ол мемлекет, қоғам, халық бірлігін сақтайтын, елдің басын қосып ұстайтын ең жоғары дәрежелі әрі халық сенген, оларды ортақ бір іске, бір мақсат-мүддеге жұмылдыра білетін әділдік жолынан таймаған бірегей ел басшысы. Мысалы Әз Жәнібек (XIV ғ.), Қасым хан (XV ғ.), Ақназар (XV ғ.), Әз Тәуке (XVII-XVIII ғғ.), Абылай (XVIII ғ) т.б. хандар қазақ мемлекеттілігін, ұлт бірлігін ұйытып, оны сақтай білген әрі кемелдендірген хандар болды. Бір ғана мысал М.Х.Дулати «Тарих-и-Рашидиде»: «Қасым хан Қыпшақ даласын түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалық Жошы ханнан ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес», - деп жазды [4, 358 б.]. Тарихта ол қазақтың тұғыш конституциялық құжаттың негізін қалған дана хан.

Қазақ хандары халықтан бөлінбеген әрі шеттелмеген. Осындай мақсатпен хан ордалары әр замандарда әр жерлерде тігілген. Бұл ордалар Түркістанда, Ұлытауда, Жетісуда, Көкшетауда, Сарайшықта тағы басқа халыққа қасиетті де беркелі жерлерде, ірі, күшті тайпалар мен рулар арасында, халық ортасында тігілді. Халық ортасында қасиетті жер – Күлтөбе. М.Х.Дулати Күлтөбені Моғолстанның әйгілі аймағы деп жазды. Күлтөбе басында ел бірлігі мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қиын-қыстау кезеңдерде халық жиналысы бірнеше рет өткізілді.Онда қабылданған шешімді ханның бұлжытпастан орындау қажеттілігі қағидатты ешбір өзгеріске ұшырамады.

Марта Олкотт: «Қазақтарда екі сатылы әкімшілік құрылым болды: хандар мен сұлтандар аристократиясы рулық қағидатқа негізделген әкімшілік жүйесінен биік тұрды», - деп жазды **[**6, 60 б.**]**.

Алайда, американдық профессордың пікірін белгілі тарихшы-ғалым К.Л.Есмағамбетов бұл пікір үстіртіндеу секілді, ол қазақ қоғамындағы билер

институтының орны мен рөлін жеткілікті түсінбеушіліктен туындаған деп тұжырымдайды. Хандық билік және оның мәртебесі мен функциялары, сұлтандар мен билермен қарым-қатынасы, хандық биліктің пәрмендігі мен беріктігі секілді мәселелер шығыс авторларының еңбектерінде кеңінен зерттелді.

Қазақ хандығы құрылғаннан кейін оның нығаюы мен халықтың қалыптасу тіндерінің жетілуі өзара ықпалдастықта орын алды. Қазақ халқының қалыптасуы, Қазақ хандығының құрылуына және тұңғыш қазақ хандарының елі мен жері үшін атқарған ұланғайыр істері тарихта алтын әріптермен жазылып қалды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы. –Алматы: Қазақстан, 1997. –128 б.

2. Шишкин М. Выборы хана: почему проигрывали потомки Чингисхана, а Москва поменяла правила игры https: // realnoevremya.ru/articles/92859-vybory-hana-intervyu-romana-pochekaeva-chast-2. 07.05.2020.

3.Джон Кэстль 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы – Алматы: Атамұра, 1996. – 96 б.

4.Мұхамед Қайдар Дулат Тарих-и Рашиди – Алматы: ҚАЗақпарат, 2017. - 672 б.

5. Пищулина К.А. Казахское ханства во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века / Казахстан в эпоху фодолизма (проблемы этнополитической истории) / Отв. Ред. А.Х. Маргулан. А-А., 1981.

6. Есмағамбетов К. Қазақтар шетел әдебиетінде – Алматы, 1994 ж. – 240 б.

7. Өсерұлы Н. Қазақтардың дәстүрлі құқық жүйесі –Алматы: Арыс, 2010. – 128 б.

8.Doer G. Turkische and mongolischen elements im neufersischen. Bd. I. Wiesbaden, 1963. S. 264-265.; Есмағамбетов К. Елдік белестері // Егемен Қазақстан, 23 қаңтар 2015 жыл.

9.Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 604 с.

10.Сборник узаконений о киргизах степных областей / Сост. И.И.Крафт. – Оренбург, 1898. - С. 145.

ӘОЖ 94(574)

ҚАСЫМ ХАНДЫҒЫ МЕН НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ ҚАТЫНАСЫ

Касенов М.С.,т.ғ.к.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада батыс жерін мекендеген қазақ пен ноғай елінің қарым - қатынасы баяндалады. Қасым хан XV ғасыр басында ноғай елі мен жерін,қазақ хандығына қосу саясатын жүргізді. Жем, Сағыз, Ойыл Жайық және Еділ өзендері алқаптарын мекендеген ноғайлардың қазақ хандығына кейде бейбіт, кейде қарсылық көрсету арқылы қосылу себептерін ашып көрсетеді.

Алтын Ордадан тарайтын қазақ пен ноғайдың шаруашылығы, тілі және дінінің бір болуы олардың бір хандық астына біргуіне себеп болды.

Ноғай ордасының Маңғыт ұлысы - Алтын Орда ыдырап, Ақ Орда әлсірегеннен кейін қазақ хандығының батыс жеріне, іргелес аймақта пайда болған этникалық бірлестік.

Негізгі аумағы Еділ мен Жайық аралығы болғанымен, шығыста Жайықтың сол жағасына, солтүстік-шығыста Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батыста Қазанға дейін, оңтүстік-батыста Арал, Каспий теңізіне дейін, Маңғыстау мен Хорезмге дейінгі алқапты қамтыды. Ноғай ордасы алғашында осы бірлестіктің негізін қалаған «маңғыттардың» атымен аталған.

«Ноғай» - атауы бұдан кейініректе, алғаш орыс жылнамаларында 1479 жылдары, кейін шығыс деректерінде 1500 жылдары пайда болған. Бұл атаудың шығу тегі туралы көптеген зерттеушілер XIII ғ. 2-жартысында Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай иелігіне қараған ұлыс халқы «ноғай», «ноғайлы» аталғандықтан деп санайды[1].

Тарихи жазба деректерге қарағанда Ноғай ордасының негізін Едіге қалаған. Ол, 15 жыл 1396–1411 жылдары Алтын Ордадағы билікті түгелдей өз қолына ұстаған тұста иелігіндегі ноғай ұлысы даралана бастады[2].

XVI ғ.2-жартысында Қазанмен Астрахан хандықтарын Ресей жаулап алғаннан кейін Ноғай ордасы әлсіреп, бірнеше ұлыстарға, ордаларға бөлінді. Солтүстік Кавказда Кіші Ноғай ордасы, ал Жем, Ойыл жағалауларында Алты Ұлыс ордасы құрылды. Исмаил мырзаның қарамағындағы тайпалар Үлкен Ноғай ордасын құрып, 1557 жылы орыс мемлекетіне бағынды.

Қазақ пен Ноғай арсындағы қатынас сонау XIV ғасырдың соңында, Ақ Орданың ханы Орыс пен Ноғай Ордасының билеушісі Едіге би замандарында басталған еді.

Ноғайлар Шайбанилермен одақтасып Қазақ хандығына қарсы шайқасты. Қазақтар мен Ноғайлар арсында шайқастар болды. Олар негізінен жер бөлісу үшін жүрді. Алғашқы шайқастың бірі, Бұрындық ханның 50 мың әскерімен маңғыттармен шайқаста жеңіліс табуы болды[3].

Сонымен бірге ноғайдың кейбір шығыс рулары қазақтармен одақтаса бастады. Ноғай Мұса мырза қазақтарды өзінің одақтасы ретінде қабылдады.Ноғайлының өзге ұлыстары да қазақтармен жақсы қарым-қатынас жасады. Қазақ халқының шежірелеріндегі мәліметтерге қарағанда, ноғай билеушісі Уақас өзінің ағайыны Қожастың қолынан қаза табады [4].

Мәскеу мемлекетінің елшілік құжаттарында, Уақас өлтірілген уақыт 1492 жылы болған [5].

Мұса мен Қожас арасындағы қақтығыс туралы хиуалық Әбілғазы Баһадүр хан шежіресінде мәлімет бар. Қожастан жеңіліс тапқаннан кейін Мұса мырза Хорезм билеушісі Бүреке сұлтаннан көмек сұраған. Кейін Қожас мырза қапыда қолға түсіп, сұлтан оны өлім жазасына бұйырған. Ал, қол астына қараған жұртты сарбаздар тонап, қалғандарын қырып кеткен [6].

Маңғыттар (ноғайлар) XV ғасырдың 80 жылдары Сырдария өзеніне жақын маңда қоныстана жүріп, шайбаниліктерге қарсы күресте қазақтарды қолдады. Мұхаммед Шайбани Үзгент және Сығанақ қалаларын басып алған кезде, Бұрындық хан Жәнібектің ұлдары Қасым және Әдік сұлтандармен маңғыт Хамза бектіңәскери күштері бірікен.

Үш мың жауынгерСығанақ қаласын қоршауға алып, күніне екі уақыт шайқасып, көп шығынмен кері шегінген.

Келесі жылдың көктемінде Бұрындық хан мен Жәнібектің барлық ұлдары маңғыттармен бірлесіп, Сығанақты азат ету үшін жасаған жорығы нәтижесінде қала билеушілері Садр-Ислам-Қазы, Чикмек өзбегі, Сыддық-шейх қаланы қазақтарға қайтарған.

Бұрындық хан және Жәнібектің ұлдары, маңғыттармен Мұхаммед Мазид тарханмен бірлесіп, қырық күн бойы Аркөк қаласын қоршауға алған [7].

Қазақтар мен ноғайлар тарапынан жасалған қысым шайбаниліктердің өзіне қарасты «өзі-бек» жұртымен 1501 жылыМәуереннахрға кетуге мәжбүр болды.

1502 жылы қырымдықтар Үлкен Орданы талқандады. Осының салдарынан Дешті Қыпшақ даласында жаңаша саяси жағдай қалыптасты.

XVI ғасырдың алғашқы жылдарында қазақтар Солтүстік Арал жерлері мен шайбаниліктер тастап кеткен жерлерді өздеріне қаратты.

Шығысында Қазақ хандығының ықпалықүшейді. Қасым хан қалалардың сауда-экономикасын өзіне қаратып, Ноғай Ордасындағы саяси қатынастарды да өз бақылауында ұстады.

Абдаллах Балхтың жазбасына қарағанда, Қасым хан Ташкентке жорық жасағанда әскери сарбаздарын қазақтар мен маңғыттар (ноғайлар) құрады деген мәліметтер келтірілген[8].

Қасым хан әскерінің Ташкент қаласына жорық жасаған уақытын М.Хайдар мырза 1513 жыл деген.

Қазақ хандары Қырым хандығы мен ноғайлықтардың және ноғайлар мен Астрахан хандығының ара қайшылығын пайдаланып, Дешті Қыпшақ даласында өз ықпалын күшейте түскен. 1513-1514 жылы қыста ноғай ұлыстары қазақтардан ығысып, Еділдің оң жағалауына қарай жылжыды.

Мұстафар және Хозяк сұлтандар оған одан бөлініп шығуын, талап етті. Жаугершілікке ұшыраған ұлыс жеріндегі 10 мың адам екі сұлтанның қол

астына өтті. Астрахан ханы Алшағырдың талабын орындамағасын Жайық жеріне көшіп кетті. Жеңіліс тапқан Шиғым мырза кінәлі болыпАлшағырға келді. Ол оны Сарайшық қаласына басшылыққа тағайындады.

Сарайшық қаласына Қазақ хандығы да қоныстана бастады. Сонымен ол қазақ пен ноғайлардың ортақ қаласына айналды.

Сарайшық қаласында Бұрындық хан тұрған. М.Х. Дулати былай жазады: «Бұрындық хан Сарайшыққа қоныс тепті. Қасым хан одан мүмкіндігінше қашық жүрейін деп моғолстан шекарасына кетіп қалды. Қасым хан Қараталда қыстап, ерте көктемде өзінің туған өлкесіне қайта оралмақ болған еді, - дейді [9].

Бұл деректі М.Тынышбаевта келтіреді. «Бурундук считавшийся главным ханом, проживал обычно в Сарайчике»[10].

Хандықты басқара алмай халық қолдауына ие болмаған, Бұрындық хан қызына Самарқанд қаласына кетеді де, тақа Қасым хан отырады.

Бұл уақыта ноғай елінде өз ара қақтығыстар басталды. Рулар арасында жер мен билік үшін талас - тартыс жүріп, олар бірнеше ұлыстарға бөлінді.

Мамай (Мұса ұлы Шейх-Мамай) мақсаты Шиғым мырзаға азаттық әперу болды. Шиғым мырза он мың адамымен келіп қол астына өткен Мұстафар және Хозяк сұлтандармен келіспей, солтүстік-шығысқа көшті. Ондағы Төмен (Тюмень) Мұртазаның еліне хан болды да, Шиғым «князь» немесе бек (би) лауазымын сақтап, ноғай жұртына басшылық жасады.

Алшағыр мырза ұлысы Қазақ хандығының қысымына ұшырап қалғанда, Шиғым Қырымға елші жіберіп, Алшағыр мен қазақ басшыларының арасын татуластыруды сұраған [11].

Алшағыр мырзада, Шиғым мырзада Қырым ықпалын мойындады. Шиғым Астрахан хандығының басты қарсыласы ретінде күрес жүргізіп, Қырым хандығын қолдады.

Қырым хандығы ықпалын одақтас ретінде пайдаланғысы келген Шиғым өз қарындастарын ханға ұзатып, ал, ұлдарына хан қыздарын әперген.

Ханның жазған мәліметтерінде Шиғым батыс жерлерге көшіп келгісі келетіндігін де баяндаған: «...Біздің үлкен ағаларымыз бен ұлыс халқы да өзінің жұртында, Еділ мен Днепр аралығында қоныстануға рұқсат тілейді», - дейді.

1516 жылы Қазақтар мен Шиғым арасындағы әскери қақтығыстар болып тұрды. Тарихшы Қадырғали Жалайыр былай дейді: «Қасым хан билік құрған тұста ол Жәдік ханмен бірге ноғайларға жорыққа аттанған. Нәтижесінде, Жәдік және оның ұлы Шиғым мырза әскерінің қолынан Иманлы-Төбе шайқасында қаза тапқан»[12].

Ноғай ордасының ыдырауынан Жайық пен Еділ арасы иесіз жатты. Бұл қазақ хандығының жерін батысқа ұлғайтуға және жаңа ру-тайпаларды қосуға мүнкіндік туғызды.Қасым хан Сарайшық қаласына қоныстанып, Еділге дейінгі жерлерді және ру-тайпаларды қазақ хандығына қоса берді.

Тарихшы А.Исиннің зерттеулерінде - «...кейбір ноғай мырзаларының 1519 жылы Еділдің оң жағалауына ығыстырылғандығы жөнінде айтылады. Ал сол жағалауда Қазақ хандығының билігі жүре бастайды да, ол енді Астрахан хандығымен шектеседі.

1519 жылдары Сарайшық қаласы қазақ хандығының тұнғыш астанасы болды. Қасым хан қаладағы сарайында отырып бүкіл хандығын басқарды. Бұл қала Қазақ хандығына Евразиякеңестігінде өз үстемдігін жүргізіп, керуен жолдарын бақылауға алуға мүнкіндік берді. Қаланың географиялық қолайлы жерге орналасуы Қасым ханға тиімді болды. Қаланы астана ретінде таңдауы да осыған байланысты болды.

Вельяминов -Зернов В.В. - Қасымхан туралы еңбегінде былый дейді: «При Брундуке – хане и Касым – хане власть их распространятся до Урала и даже до Волги (1519 г.). Своей столицей они сделали город Сарайчик на Яйке»[13].

Жайық өзені жағалауына орналақан Сарайшық қаласы сол кезде Европа мен Азияның қақпасы болды. Бүкіл керуен мен елшілік Жайық өзеніне салынған «өткел» арқылы өтті. Қаланың орналасуының саяси және экономикалық маңызы зорболды.Сарайшық қаласының мәдениеті, саудасы, қолөнері және өркениеті дамып, шарықтау шегінде болды.

Сарайшық ірі сауда орталығы болғаны туралы академик Ә.Х.Марғұлан былай дейді: «Феодализм туып, көркею заманында және осыған байланысты халықаралық сауда мен айырбастық жандануына сәйкес, сауда жолдарының бойынан елді мекендер пайда болып отырған. Бұлар тіпті географиялық қолайлы орналасу жағдайларына байланысты экономикалық жағынан іріленіп, көрікті қалаларға да айналып, тарихи дамуымызда елеулі із қалдырған. Сондай жолмен Қазақстан территориясында пайда болған «Ортағасырлық қалалардың бірі – Сарайшық»[14].

Қазақтар 1519 жылдары Жайық мен Еділ аралығына дейін қоныстанды. Ал ноғайлар Еділдің арғы жағына көшті.

1519-1520 жылдары Шиғым мырза Қасым хан әскерінен түпкілікті жеңіліс тапты. 1520-1521 жылы қыста өз ұлысынан айрылған Шиғым астрахандықтардың қолына түсіп, сонда қаза тапты, ал Шүкүм және Құлушу мырзалар Азов жеріне кетті[15].

Қазақ хандығына Ноғай Ордасының қосылуы оның саяси-экономикалық, мәдени және демографиялық өзгеруіне өз әсерін тигізді. Қазақ хандығымен Ноғай Ордасының Дешті Қыпшақ жеріне таласқан күрестері Шығыс Еуропа жеріндегі саяси жағдайларғада әсері болды.

Қасым хан 1521 жылы қаңтар-ақпан айларында қайтыс болып, Сарайшық қаласына жерленді.

Қадырғали би Қосымұлы Жалайыр «Тарих-и Оразмұхаммед» шежересінде жазды: - «Ең алдымен айтылатыны Қасым хан, Жаған бегімнен (бәйбішеден) туған еді. Біраз жылдар бойы атасы басқарған ұлысында патшалық құрды және өз тұсында әр тараптағы уәлаяттарды бағындырды. Оның есімі көп жерде мәлім болды. Ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күндері оның қабірі Сарайшықта жатыр» [16].

Шежіреші Ораз-Мұхаммедте осы деректі жазады: «Әрқайсысы (Жәнібек ханның ұлдары мен немерелері) өз ордасын құрды, сонда билеуші болып, атақ-даңққа бөлене білді. Олардың есімдері әлі күнге дейін ел есінде. Солардың бірі Жаған-бегімнен туған Қасым хан еді. Ол біраз уақытқа дейін әкесінің ұлысында билік құрды және көптеген көрші елдерді бағындырды, оны бүгін де барлығы

есте ұстайды. Ол, Сарайшықта қайтыс болды және оның зираты қазірде сонда орналасқан»[17].

Сарайшық қаласы мен хандар кесенелерікейінгі жылдары бірнеше рет бүліншілік пен тонаушылықты басынан өткізді. Сондықтан Қасым хан кесенесі біздің заманымызға жетпеді.

А.П.Чулошниковоның мазары XVII ғ., басында, дін аман болғанын баяндайды: «...он умер еще за несколько лет до этого (около 1518-20 г.), г. Сарайчике где и был похоронен, уже как повелитель и Дешт-Кипчака», (Еще в начале XVII в.в. гг., Сарайчике можна было видеть гробницу хана Касима) [18].

Қасым хан өлгеннен кейін қазақ хандығы ішіндегі сұлтандардың өзара тақа таласу күресі басталды. Бұл ақыры хандықтың әлсіреуіне әкеліп соқтырды.

Азов князі З.Зудов арқылы Мәскеуге «грамоталар» жіберген. 1521 жылы астрахандықтардың төрт айлық тұтқынынан босап келген З.Зудов сәуір айында Ресей патшасы В.Шуйскийге жолдаған хатында: «Қазақ хандағындағы Қасым хан қыста қайтыс болды. Ал, оның екі сұлтаны өзара билікке таласуда. Таққа әлі ешкім отырмады» делінген [19].

Қасым хан өлген соң Ноғай Ордасы қазақ хандығына бағынбайды. Шейх-Мамай мен Жүсіп бастаған мырзалар, бұрынғы ноғай жерлері мен руларына өз биліктерін жүргізе бастады.

Еділдің оң жағалауында қазақтардың қысымымен қоныстары тарылған ноғай мырзалары, дәл сол тұста Қазақ хандығына қарсы тұратындай қуаты болмағандықтан, Астрахан хандығының Қырымға қарсы ұйымдастырған саясатына қосылды.

1502 жылы Қырым хандығымен бірлесіп, Үлкен Орданы талқандағаннан кейін ноғайлықтар сол жерлерде тұратын.Ноғай Ордасы, Астрахан және Қырым хандықтарының арасындағы тартыстарды пайдаланып ноғайлардың әйгілі мырзалары олардың екеуінің арасынан қоныстанды. XVI ғасырдың 20-жылдары ноғай көштері батысқа бет бұрды.

Ноғай Ордасы Қазақ хандығымен қақтығысып Еділдің оң жағалауына ығыстырылғанымен, Астрахан, Қырым және Мәскеу патшалығымен қарым-қатынаста болды. Ноғайлар Қырымға қарай ығысуына байланысты қырымдықтардың ноғайлармен бірлесіп, Ресей патшалығына қарсы болды.

Қасым ханан өлгенен кейінқазақ сұлтандарының өзара қақтығысын пайдаланып, Ноғай ұлыстары өзара бірігіп, Қырым хандығына қарсы жорықта жеңіске жетті.

1524-1525 жылдары Ноғай Ордасы өз билігін қолына алып, бұрын Қазақ хандығының құрамына өткен Еділ мен Жайық арасындағы жерлерін және Сарайшық қаласын қайтарып алды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. - М.: Восточная литература, 2002.

2. Аманбай Қ. Едіге би және Ноғай ордасы. - Алматы, 2013.;Эдиге: Ногайская эпическая поэма. М.: Наука, 2016.

3. «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», «Шайбани-наме», «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар». // МИКХ. С. 21,103, 366. (МАТЕРИАЛЫ ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХАНСТВ XV-XVIII ВЕКОВ. - Алма- Ата, 1969).

4. РФ ЦНБ АН РК, папка №1745, тетрадь I. С.28.; Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. -Ташкент, 1925. С. 20.

5. РГАДА. Ф. 127. Оп. I. Кн. IЛ. 28; Посольская книга по связям России с Ногайской Ордой. 1489-1508 гг. -М., 1984. С. 46.

6. Абуль-Гази. Родословное древо тюрков./ Перевод и предисловия Г.С.Саблукова, с послесловием и примечаниями Н.Ф.Катанова.// Известия Общества археологии, истории и этнографии при императорском Казанском университете. –Казань, 1906. Т. XXI. Вып. 5-6. С. 68.

7. МИКХ. С.29. Библиотека восточных историков ... С. 77

8. Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымом, ногаями и Турциею. Т.2. 1508-1521 гг. // Сб. РИО. - СПб., 1895. Т.95. С.70, 80.

9. Мұхаммед Қайдар Дулат. Тарих-и рашиди. - Алматы, 2015. 257 б.

10.Мухамеджан Тынышбаев. Материалы к истории киргиз казакского народа. -Ташкент, 1925. С.45.

11. Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымом,ногаями и Турциею. Т.2. 1508-1521 гг. С.292.

12. Памятники дипломатических сношений Московского государства с Крымом, ногаями и Турциею. Т. 2. 1508-1521 гг. С. 290.

13. Вельяминов–Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. СПб, 1864. С.146.

14. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. - Алма - Ата, 1950. С. 8.

15. РГАДА. Ф. 127. Оп. I. Кн., I. Л. 127 об.

16.Қадырғали би Қосымұлы Жалайыр. Тарих-и Оразмұхаммед. – Алматы, 2007. 178, 272 б.

17. Вельминов–Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. СПб., 1864. С.145.

18. Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского нрода. - Оренбург, 1924. С. 127, 294.

19.История Казахстана в русских источниках. I том. Посольские материалы русского государсва (XV–XVII вв.). – Алматы: «ДайкПресс» 2005. С. 61.

Аннотация

В статье освещаются отношения казахов и ногайских народов, населяющих западные земли. Касым хан в начале XV века ведет политику аннексии ногайской страны и земель в Казахское ханство. Объясняются причины аннексии ногайцев - живущих в долинах рек Джем, Сагиз, Уил, Урал и Волга, к Казахскому ханству мирно, иногда сопротивления.

Ключевые слова:Общая экономика, язык и религия казахов и ногайцев, выходцев из Золотой Орды были общими, это послужила причиной объединения в одно ханство.

Abstract

The article highlights the relations of Kazakhs and Nogai peoples inhabiting the western lands. Kasim Khan at the beginning of the 15th century pursued a policy of annexing the Nogai country and lands to the Kazakh Khanate. Explains the reasons for the annexation of Nogais - living in the valleys of the rivers Dzhem, Sagiz, Will, Ural and Volga, to the Kazakh khanate of the world, sometimes resistance.

Key words: The common economy, language and religion of the Kazakhs and Nogais, immigrants from the Golden Horde, were combined into one khanate.

ӘОЖ 94(574)

АЛТЫН ОРДА: ЖОШЫ ХАН ҰЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНА ТИГІЗГЕН ӘСЕРІ

Шаизхан Ұ.Ш.
«Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени
қорық-музейдің кіші ғылыми қызметкері
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада Қара шаңырағы алғаш қазақ даласында көтерілген Жошы ұлысы мен Жошы ханның қазақ елінің қалыптасу мен дамуына тигізген әсері жайлы жазылған.**Қазақстан мемлекетінің пайда балуына үлкен септігін тигізген Жошы ханға өзінің дүниеден өткен жеріне мазары салынған.** Сол Ұлытаудағы «Жошы мазары» оның алғаш жерленген жері емес, ұрпақтары хан атасына арнап XVI ғ. соңы XVII ғ. басында тұрғызған болуы мүмкін, сондықтан бұл мәселені әлі де зерттей түсу қажет екендігі көрсетілген. Онымен қоса әлем тарихында Жошы ұлысының рөлі қарастырылған.

Қазақ тарихын оқығандардың ішінде Жошы ханды білмейтіні жоқ шығар. Жошы хан әлемді тітіреткен Шыңғысханның төрт ұлының үлкені, «Ақсақ құлан» күйінің дүниеге келуіне түрткі болған тұлға. Шыңғыс хан ұлдарына билеуге жер бөліп бергенде, Қазақ даласында билік құрған. Моңғол билеушілерінің ішінде жергілікті халықтың тілі мен мәдениетіне оң көзқараспен қарап, қол астындағыларға деген жақсы қарым-қатынасымен ерекшеленген. XIII ғасырда өмір сүрген парсы тарихшысы Әбу Омар Минхадж ад-Дин Осман ибн Сирадж ад-дин әл-Жузжани 1260 жылы жазылған «Табанат-и-Насири» тарихнамасында: «Жошы қыпшақтарды жақсыкөріп кеткені сонша, ол Хорезмде моңғолдарға қандай да бір қыпшақ баласының маңдайынан шерткізбейді» деп жазып кеткен. Жошы хан оның ұлдары мен кейінгі

ұрпақтары Жошы ұлысы державасын құрып, оның ұзақ өмір сүруіне елеулі ықпал етті. Моңғол Империясының Батыс шебін қалыптастырып, онда билік жүргізу, батыс пен шығыстың ара жібін жалғау тек Жошы ұрпақтарының тікелей ықпалымен жүргізілді. Жошы аса дарынды әскери қолбасшы. Ол алғаш 22 жасында бес қаруын асынып, атқа қонады. Алғашқы шығыс жорығында қол бастады. Орман жұртын бағындырды. Елінің Батыс шекара шебін басқарды. Батыс Хорезм жорығы тұсында Сыр бойы қалаларын бағындырып, Үргеніштi қолға түсірді. Ол жорық жолында әлемнің 90 қамалын бұзып, 200 қаланы қолға түсірген әскери стратег, ірі әскери қолбасшылардың бірі.

Жошы хан құрған мемлекеттің аты «Жошы Ұлысы» тіптен «Қыпшақ хандығы» десе де жарасады. Ресей зерттеушілері мемлекеттің атын 1564 жылы шыққан «Қазан хандығының тарихында» «Алтын Орда» деп атап жібергендіктен зерттеушілерді көп адастырды, мемлекет алғаш Қыпшақ даласында бой көтерді. Әскери оң, сол екі қанаттан құралды. Батый хан Батысқа көшкенде мемлекеттің қара шаңырағы – Ақ Орда Жошының тұңғыш ұлы Орда Еженнің билігінде қалды. Сондықтан ол ежелгі түркі – моңғол салты бойынша Ақ Орда (қара шаңырақ) немесе «үлкен үй» («Ulug UB») деп аталады. Ордана (Орда ежен) Жошы ұлысының әскери сол қанаты Ақ Орданың әскери қолбасшысы, жеке дара билеуші «Хан-оғлы» (моңғ.Khan huu) еді. Ежелгі Түркі және Моңғолдық мемлекеттік үрдіс-салты бойынша «хан оғлы» немесе «хан хүү» жеке дара билік иесі болып табылады. «Ежен» (Эзэн) моңғол-тунгусша хан лауазымымен парапар [1]

Орта ғасырдағы тарихи шығармалардың авторлары Қазақ хандығын белгілеу үшін әр түрлі терминдерді қолданған. Сол терминдердің кейбіреулері осы аумақтағы бұрынғы саяси білімдердің белгісі ретінде жұмыс істеді. Көптеген дереккөздер қатарында қазақ хандардың иеліктерін моңғол кезеңіне дейінгі Дашты қыпшақ немесе жай Дашт-Дешт деп этногеографиялық терминмен аталынған (Қыпшақ даласы. Бұдан әрі – Дешті Қыпшақ – Ред.). Бүкіл Жошы Ұлысын (Алтын Орданы) немесе оның далалық облыстарын белгілеу үшін мұсылман (араб, парсы, түркі) тарихи шығармалардың авторлары осы терминді кең қолданған.

Қытай тарихшысы Су Би Хай «Ақ Орданың бірінші ханы Орда ежен еді» деп жазды [2].Қазақ хандары осы Орда еженнен тарайды. Ақ Орданы шынға шығарып, Жошы Ұлысы державасын билеген Шымтайұлы Орыс хан Орда Еженнің VIII ұрпағы әрі «Қазақ хандарының атасы» саналады. Қазақ хандығын құрған Керей мен Жәнібек Орыс ханның шөберелері. Сондықтан қазақ мемлекеті үшін Жошы хан Орда ежен, оның ұрпақтарының алатын орыны ала бөтен[3].

Әрине Жошы ұлысы Шыңғысхан және оның ұрпақтары Шығыс- Қыпшақ даласын жаулап алуының жемісі екені рас. Сондықтан болар, Орыс және Орталық Азия тарихшыларының арасында Жошының тарихи рөліне оны тек жаулап алушы, нәсілдік қарсыласы тұрғысынан бір жақты баға берушілік орын алып келді. Жошының жаулаушы рөлі Жошы ұлысы тарихының бастапқы кезеңіне жатады. Шапқыншылық талай қиямет әкелді, мәдениет ошақтары жойылып, талай жанның басы жұтылды. Бірақ Жошы ұрпақтарының Қыпшақ

даласында билік құрған соңғы кезеңін (әсіресе XIII ғасыр соңынан XVIII ғасырға дейін) алғашқы жаулап алған кезеңімен салыстыруға болмайды. Моңғол империясының орталығы Қарақорымнан Бэйжиңге аударылған 1264 жылдан бастап Жошы ұлысы империалдық билікке бағынбайтын дербес мемлекетке айналды. Жошы ұрпақтары Қыпшақ даласына Орта ғасырлық мемлекеттік басқару жүйесін әкелді. Мемлекеттіліктің басты нышандарын қалыптастырды. Алып далада ара қақтығыстан арып шаршаған дүйім жұрттың басын біріктіріп, әрқайсысы ел болып қалыптасуына өктемдік ықпал етті. Жошы ұлысы державасы ыдырағанда, оның шекпенінен Ұлттық бірнеше жаңа мемлекеттер туып шықты. Мысалы, солардың бірі Ресей. Тарихшы С.М. Соловьев, М.Н. Покровский, В.Г. Вернадский, Лев Гумилевтер бұл шындықты мойындайды. С.М. Соловьев «Моңғол билігі тұсында Орыстың күш-қуаты нығайды» – деп жазса [4], М.Н.Покровский Татарлар орыстың әлеуметтік өміріне «терең өзгерістер әкелді» [5]деп ой түйеді. В. Вернадский және Лев Гумилевтің қисыны одан гөрі тереңірек. «1480 жылғы оқиға төңірегінде сөз болғанда, - деп жазды Лев Гумилев, - «басқыншылықтың күйреуі» туралы емес, керісінше Алтын орданың жұртында ұлы Москва княздігі, Қырым және Қазан хандығы, Ноғай ордасы сияқты бір-біріне қарама-қарсы мемлекеттік жаңа одақтардың пайда болу жайы сөз болғаны дұрыс»[6] «Шығыс Русь Алтын Орда хандары билігінен басы босағанда сонау Монғол шабуылы кезеңіндегісінен әлдеқайда қуатты, қабырғасы қатайған мемлекет болып шықты» деп жазды В.Г. Вернадский [7]. Жошы ұлысы жүйесінің Орыс жұртына тигізген саяси ықпалы жайлы ағылшын тарихшысы Чарльз Гальперинның «Орыс және Алтын Орда: Орта ғасырлық орыс тарихындағы моңғолдардың үлесі» атты еңбегінде біршама толық талданған. Ал Астархан, Қырым, Қасым, Ноғай ордасы, Өзбек және Қазақ мемлекеті осынау Жошы ұлысының туындысы. Өздерін әлдеқашан Моңғол деп атаудан қалған Жошы ұрпақтары аталған мемлекеттердің қалыптасуы, ел болып шыңдалуы, тәуелсіздігі, ұлтының бірлігі үшін қажымай талмай күресті. Әрине, тарихта бұл деректер ұлы Шыңғысханның саяси ұпайына жазылғаны болмаса, Еуразия даласында 250 жылға жуық сұлтанат құрған Жошы ұлысының шаңырағын көтерген Жошы және оның ұрпақтары, болды. Бірақ Жошы, оның әйгілі хан ұлдарының өмірбаяны, атқарған ісі әйгілі әкенің (Шыңғысханның) көлеңкесінде қалып келді. Жошы ұрпағынан ұлы қаған шықпады демесек, ол құрған Қыпшақ хандығы өз алдына әйгілі держава болатын. Сондықтан Жошы ханның атқарған ісін оның әйгілі әкесінің рөлінен, Жошы құрған Қыпшақ хандығының тарихын Моңғол империясының тарихынан бөліп қарауға болмайды.

Ендігі мәселе, Жошы ханның тарихи рөлі жайлы. Жошы хан - әуелі артына текті де, өскелең ұрпақ қалдырған адам. Ол алғаш 1197 жылы 17-18 жас шамасында Керейт Жақамбының қызы Никтимиш-фуджинмен (моңғол жазбаларында - Бедешөміш) бас қосып, өз шаңырағын көтереді. Араға екі жыл салып Орда еженнің анасы, Қоңырат қызы Сартақты, және екі жылдан соң нағашысы Алшы ноянның қызы Үкі-фуджинді айттырады. Тарихшы шежірешілер Баты хан осы Үкі-фуджиннен туды деп жазады [8]. Менімше, соңғы екі деректің қай-қайсысы да сенімсіздеу. Юань әулетінің алғашқы қағаны

әйгілі Құбылай қаған ата - бабасының атақ даңқын мәңгіге қалдыру үшін, Бэйжиңдегі (Пекин) қаған ордасы жанынан сегіз Үй-Музей тұрғызып, оның төртіншісін ағасы Жошы, оның бәйбішесі Бедешөміштің ескерткішіне арнаған [9]. Егер Үкі-фуджин Жошының бас бәйбішесі, Баты ханның анасы екені рас болса, әуелі сол аталуы тиіс еді.

Ежелгі және орта ғасырларда әулеттік билікпен бірге мемлекеті жойылып, орнына принципиалды түрде жаңа мемлекет келіп отырды. Ақ Ордаға дейінгі қазақ тарихында да сондай. Ал шаңырағын Жошы көтерген Ақ Ордадан бастап Қазақ хандығын күшпен жойғанға дейін Қазақ мемлекеттілігінің жалғастығы үзілген емес. Әрине орыс отаршылары қазақтың дербес мемлекеттік жүйесін бұзды ғой. Бірақ Кеңестер одағы ыдырағанда халық та, жер де, қазақтың рухы мен тіл, мәдениеті де өз орнында қалды. «Орнында бар оңалар» деген рас екен, қазіргі тәуелсіз Қазақ мемлекеті соның жемісі ғой.

Қара шаңырағы алғаш қазақ даласында көтерілген Жошы ұлысы Европа мен Азияны жалғап жатқан ұлы дала тарихындағы өте сирек құбылыс. Бұл адамзат тарихындағы ұзақ уақыт сақталған державалардың бірі. Александр Македонский құрған баянсыз держава оның өзімен бірге кетті. Юли Цезарь құрған держава өзінен соң 10-12 жылға ғана жарады. Ал Жошы ұлысы державасы 260 жыл салтанат құрды. Кейде маған «егерде Орталық Азияны моңғол аттылары жаулап алып өлкеге батыстан келетін қауіпті – батысында, шығыстан келетін қауіпті – шығысында, оңтүстіктен келетін қауіпті – оңтүстігінде жүгендемегенде ұлы даланың бүгінгі саяси картасы қалай болар еді?» деген ой келеді. Мүмкін шығысынан Қытай, батысынан католиктер, оңтүстігінен Араб халифаты келсе біздің көшпенділер сайда саны, құмда ізі қалмай солардың біріне жұтылып кетер ме еді, қайтер еді?!

Төрт мың моңғол әкелген моңғолдыңұлыстық жүйесі жергілікті халықтың ру-тайпалық құрылымына айтулы өзгеріс әкеле қойған жоқ. Керісінше, мықты билік жүйесі арқылы олардың ұлт, ел болып ұйып қалыптасуына ықпал ете жүріп өздері сол халықтың саяси-элитасына айналып сіңісіп кетті. Жошы ұлысы державасы билік жүйесінің осалдығынан емес, әулет аралық, ру-тайпа арақатығыстардан ыдырады. Державаға (Тоқтамысқа қарсы) Әмір Темірдің жасаған соңғы (1392) жорығы державаның соңғы демін үзді. Держава шаңырағы астынан бірнеше жаңа мемлекет қанат жайып шықты. Солардың бірі – Ресей. Бұлар Жошы ұлысы державасынан өздерін азат ету арқылы құрылған мемлекет.

Ал қазақтың Ақ Ордасы сол алғашқы мағынасында, сол өлкеде тәуелсіз мемлекет ретінде қала берді. Сондықтан Ақ Орда, кейін Ақ Орданың орнында қайта шаңырақ көтерген Қазақ хандығы Жошы ұлысының заңды мұрагері болып табылады. Меніңше, Жошы хан, оның ұрпақтарының қазақ тарихынан алатын баға жетпес құндылығы да осында.Жошының жалпы тарихтан алатын орыны белгілі сияқты. Ал қазақ үшін Жошы кім? Қазақ тарихында қандай орынға ие? Енді осы мәселеге тоқталып көрсек. Тарих әркімге тиісті бағасын береді. Ол үшін тарихи тұлғаға деген сүйіспеншілік (симпатия) немесе қарсылық (антипатия) сияқты интуициядан арылу керек. Ұлы адамдардың шыққан тегін, қанының тобын анықтаймын деп әуреге түсу – барып тұрған

тұрпайылық. Мысалы, Шыңғыс хан, Темір, Жошы, Батый хандар ұлттық шеңберге сыймайтын тұлғалар. Олардың тарихтан алатын орыны тек ұлтымен емес, атқарған тарихи рөлімен өлшенеді. Тіптен Жошы меркіттің ұлы болды дегеннің өзінде, оның қазақ тарихынан алатын орны меркіт тайпасы шеңберінде емес, қазақ тарихына сіңірген еңбегімен немесе сол жолда тартқан тауқыметімен өлшенеді. Айталық, Шыңғыс ханның Еуразияны бағындыруда Жошының және оның ұрпақтарының атқарған істерінің қазақ ұлтының қалыптасуы мен Қазақ хандығының құрылуына белсенді рөл атқарғандығын қалай жоққа шығармақпыз. Біз тарихи оқиғалардың қоғамдық тарихтың процессіне тигізген әсеріне назар аударуымыз керек. Шыңғыс ханның шапқыншылығы мен оның келешек ұрпақтарының ел үшін еткен еңбегін бір-бірінен ажырату үшін қазақ тарихының моңғол дәуірін екі кезеңге бөліп қарастыру қажет. Міне осы қазақ халқының қалыптасуы мен дамуының, Қазақстан мемлекетінің пайда балуына үлкен септігін тигізген Жошы ханға өзінің дүниеден өткен жеріне мазары салынған. Қайтыс болғанда денесі Ұлытау жерінде тыныс тапқан. Бүгін біз тарихын жазғалы отырған Жошы хан күмбезі Жезқазған қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Халық аңызында «Жошыны жерлегенде бір қолы жоқ болған» немесе «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шына шағын ғана тапқан» деген әр түрлі жорамалдар бар. Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырылханның інісінің қызы) Бектумыштікі болуға тиіс. Қабірастына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошы Хан Күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекет тізіміне енгізілген.

Қазақ мемлекетінің бір қайнар көзі Жошының тұңғыш ұлы Орда (Орда ежен) және оның ұрпақтары басқарған Ақ орда болды. Бірақ кейбір ғалымдар Жошы ханның мазарында оның сүйегі жоқ екендігі туралы мәлімет келтіреді.

Біріншіден, Қағанның өзі және ұрпақтары о дүниеде де жауының көзіне түсіп қалмас үшін барлығы мұқият жасырын болсын деген Шыңғыс ханның өз өсиеті бар. Жошы өлгенде қаған тірі болатын. Әкесінің көзі тірісінде Жошы ханға мазар тұрғызылуы мүмкін емес. Тіптен атасынан 19-20 жыл кейін дүние салған кіші держава билеушісі Баты ханның өзі қайда жерленгені қазірге дейін белгісіз.

Екіншіден, Мазардан 1946 жылы Марғұландар тапқан сүйек 70-72 жас шамасындағы ер адамға тән. Ал Жошы 46 жасында о дүниелік болған адам.

Үшіншіден, Мазардың жер асты және жер үсті архитектуралық конструкциясы, қолданған құрылыс материалы XY-XYI ғасырларға жатады.

Сондықтан В.Бартольд айтқандай мазарды Жошының мұсылманданған хан ұрпақтарының бейітсіз қалған хан бабасына (Жошыға) арнап кейінірек тұрғызылған болуы әбден мүмкін. Мұндай салт біздің мұсылман жұртында қазірде жалғасып жатыр ғой. Жошының кейінгі бірер ұрпағының сүйегі осы маңда жатыр. Мазарды тұрғызған адам бабасының сүйегі тура осы нүктеде болмаса да осы аумақта жатқанына шүбә келтірмеген болар. Қазақ хандарының түп атасы Жошы хан оның ұрпақтары Қазақ мемлекетін құрып, қазақты ұлт

ретінде, Қазақ елін ел ретінде қалыптастырып қабырғасын қатайтуға ерекше үлес қосты. Сондықтан Президентіміз бір сөзінде Жошы ханның мазарын ұлықтаумен қоса оның жасаған игі істерін болашақ ұрпаққа жеткізуді тапсырған болатын. Міне осы игі бастаманы насихаттау қорық-музей қызметкерлерінің басты парызы болып есептелінеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Су Би Хай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы: ДЖҚҚ, 2001. – С.142.

2.Түркі әлемнің көшбасшылары: Өткені мен бүгіні. І кітап. Ұжымдық монография. – Астана: Сарыарқа баспасы. 2011. – С. 103.

3. Соловьев С.М. История России. – Т.1. – С. 1345.

4. Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М-Л: 1950.– С.250.

5. Гумилев Л. От Руси до России. – М: Аирис Пресс, 2000. – С. 187.

6. Вернадский В.Г. Монголы и Русь. пер. с англ. Е.П. Беренштейна, Б.Л. Губмана, О.В. Строгановой. – М.: Аграф, 1999. – С. 391.

7. 36 Halperin Ch.J. Russia and the Golden Horde. The Monqol impact in medieval Russian history. - London. Ib. Tauris and Co LTD. 1987.

8. 27 Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – С. 87. Қадырғали Жалайыр Сартақ-хатунды бас бәйбіше деп көрсеткен

9. Сайшаал Б. Чингис товчоон. Доод дэвтэр. - Хөх хот. – С. 919.

Аннотация

В статье упоминается влияние УлусДжучивпервые появившихся в казахской степи, на формирование и развитие казахской земли. Памятник Джучи-хану, который во многом способствовал развитию государства Казахстан, был заложен по месту его жительства. Мавзолей "Джучи" в Улытау является не его первым захоронением, а его потомками отца XVI века. конец XVII века было возможно использовать его в самом начале, поэтому его еще предстоит изучить. Кроме того, роль УлусДжучирассматривается в мировой истории.

Abstract

The article mentions the influence of the Ulus Juchi first appeared in the Kazakh steppe on the formation and development of the Kazakh land. The monument to Jochi Khan, which largely contributed to the development of the state of Kazakhstan, was laid at his place of residence. The “Jochi” mausoleum in Ulytau is not his first burial, but his descendants of the father of the 16th century. the end of the XVII century it was possible to use it at the very beginning, so it remains to be studied. In addition, the role of Ulus Jochi is considered in world history.

ӘОЖ 9-05

ЕСІМ ХАН НҰРАЛЫҰЛЫНЫҢ ОРДАСЫ

Мираш С.А.
Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы
Касенов М.С.
Х.Досмұхамедов атындағыАтырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Есім хан Нұралыұлы 1739-27.3.1797 жылдары өмір сүрген. Ол 01.01.1795 - 27.03.1797 жылдары Кіші жүз ханы болды. Нұралы ханның үлкенбаласы, Ерәліханның мұрагері,Әбілқайырханның немересі. Шешесі Орта жүз ханы Күшік ханныңқызы.

Алғашында Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының бір руын басқарған. 1795 жылы күзде Орынбор генерал-губернаторы С.К.Вязмитиновтың қолдауымен хан болып сайланды. Есім іс жүзінде Орынбор шекарасына дейінгі Жайық өңірінің далалық жерін қоныстанған жетірудың бір бөлігі мен байұлының кейбір руларына ғана билік жүргізді.

Есімді хан сайлауға Байбақты руының старшыны, батыр Сырым Датұлы мен оны жақтаушы Кіші жүздің басқа да старшындары қарсылық білдіреді. Бұған себеп: 1788 жылы Есім Сырым батырды Ерәлі ханға ұстап беріп, ол бір жыл қамауда болады. 1794 жылы Сырымның үзеңгілес серігі, Есентемір руының старшыны Мыңбай қамауға алынғаннан кейін Сырым батыр бастаған старшындар тобының Есімге қарсы наразылығы күшейе түседі.

1797 жылы 27 наурызда Есім хан Кердері Тілеп Қорбасұлы, Шекті Үтеғұл, Кете Қосбаймырза, Шөмекей Баймырза, Алаша Шолақ, т.б. старшындардың қолынан қаза табады. Ханның туған-туыстары Жайықтың арғы жағына қашып, Орал қаласын паналайды. Есім қалмақ бекінісіне қарама-қарсы Орал қаласы маңындағы далада жерленген. Есімнің әйелінен 9 ұлы болған.

С.И.Вязмитинов П.А.Зубовқа жазған хатында - «1795 жылы 17 қыркүйекте менің шақыруыммен Орынборда хан сайлау өтті. Сұлтан, би, батыр, мырзалар бір ауыздан Есім сұлтанды таңдады» - деп сайлаудың Ресейлік талаппен өткізілгендігін жеткізді[1].

1795 жылдың 22-қыркүйегінде Симбирск және Уфа генерал-губернаторын басқарушы сенатор, генерал-порутчик С.Вязмитинов Орынбор шекаралық істер Экспедициясына жазған хатында: - «Ұлы мәртебелі император қолдауымен Орынбор маңына Кіші Орда сұлтандары, старшындары, билері, батырлары, мырзалары және басқа да белгілі адамдары жиналып 17- қыркүйек күні бірауыздан Орда ханы етіп, Ералының орнына Нұралы ханның ұлы Есімді хан сайлады» делінген[2].

Есім хан сайланған соң, оның билігі нығайып жүйелі болу үшін оған тұрақтап тұрып елді басқаруға «Хан ордасын» салуға рұқсат беріледі. Бұл елдің ақсақалдары қатысатын, «кеңестік келісім» орталығы қызметін атқаратын сарай болуға тиіс еді. Сырым бастаған қарсылықтан соң, хандық билік берік болмады.

Патшалық Рессейге Кіші жүзде бағынышты хан мен отарлық билікті мойындаған ел қажет болды. Сондықтан «Хан мекенін» салуға рұқсат, берілді.

Есім ханың «Ставкасы» туралы А.И. Левшин былай жазады:- «Возвышение Ишимане уменьшило его преданности к власти, даровавшей ему новый титул. Будучи ханом, он не переставал по возможности исполнять требования России вопреки желаниям большей части своего народа, в котором чрез то приобрел множество врагов. В отвращение опасности, навлеченной благонамеренною его взыскательностью за преступления и козни Сырымас сообщниками, [277] императрица Екатерина решилась послать ему военный отряд, который бы охранял его и вместе служил для исполнения приговоров над виновными.

Сверх того положено было учредить при Ишиме для удобнейшего управления Меньшею ордою *диван,* или совет ханский. Члены оного, избранные народом из отличнейших султанов и старейшин, должны были исполнять волю хана, помогать ему, делать представления и вместе с ним жить в домах, которые велено было построить им в степи на урочище *Тайсугане.*

Предположения сии не исполнились, потому что в ноябре 1797 года Сырым-батыр напал на Ишима под форпостом Красноярским и, злодейски умертвив его, разграбил потом все имущество, ему принадлежавшее»[3].

Бұл жерде Ишим, ол Есім хан, ал «Диван» (диван, дуван) – атауы мемлекетік кеңес, атқарушы билік ұйым маганасын береді. «Хан ордасы» деген ұғымда айтылады.

Бірақ 1797 жылы Сырым батырдың көтерілісі Есім ханың өлімімен аяқталып, бұл «құрылыс» салынбай қалған. Бірақ бір қызығы, бұл ставка орны сол кездегі картаға белгіленіп салынған.Ол «Ставка»деп белгіленген. Ол сол кезеңдегі картограф Я.П.Гавердовскидің 1803-1804 жылдардағы зерттеуіне сүйене отырып А.Левшиннің 1816 жылдағы картасында*«Зимнее ханское жилище»*деп белгіленіп кеткен.1,2 сурет.

Ол жер атауы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы жеріндегі Тайсойған құмының теріскей бетіндегі жиегінде, солтүстік - батыс жағында Сорқуыс деген жерде жатыр.

Ханың қысқы тұрғын үйі туралы, алғаш ғалым этнограф С.Е. Ажигали өзінің Арал- Каспий аймағына жасаған экспедициясында атап өтеді[3].

Есім ханның іс жүргізушісі Г.Феткуллин - «Қазақ даласы ұлы қырғынға ұшырады», осындай жағдайда өрши түсетін өзара барымтадан сақтану үшін хан шекара бойында жайлауға шешім қабылдады деп жеткізеді».

Жұтқа ұшыраған қазақ ауылдарының әлеуметтік-экономикалық жағдайы Сырым бастаған қозғалысқа ықпалы болды. Ол билеген жылдар Кіші жүздің Есімге қарсы тұтастай көтерілген кезеңі ретінде сипаттайды.

Есім ханың «Қысқы тұрғын үйі» салынатын аудан, хандықтың ең шұрайлы жері болған. Тайсойған құмы құнарлы жайлым болған. Тоғыз жолдың торабы, тұшы судың мол қоры бар жерді, Есім хан құты қонысы үшін арнайы таңдап алған. Бұл аймақты ерте кезден халық жапай қоныстанған.

Картадағы салынбаған құрылыс орныРесей өкіметінің құпия жоспары болуы мүмкін. Бұл ауданға форпост (әскери бекініс) салу жоспарланған секілді.

Дейтұрғанмен 1941 жылдан бастап шыққан КСРО Қорғаныс күштерінің топографиялық карталарында бұл жер атауы «Ставка» деп берілген.3 сурет.

Бұл ауданды келешекте жүйелі түрде зерттеу қажет. Есім хан қонысына белгі қою керек деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:


1. Мұқтар Ә. «Азаттық таңы жолында». Алматы: Ғылым, 2001. 163 б.
2. ОрОММ. 5-қор., 1-тізбе., 58-іс., 95 пп.
3. Алексея Левшина. ОПИСАНІЕ Киргизъ - Казачьих, или Киргизъ Кайсацкихъ ордъ и степей. Часть II. С. Петербургъ, «Въ типографіи Карл Крайл». 1832. 316 стр.
4. Ажигали С.Е. Из истории изучения памятников народного зодчества, «древностей и развалин» Арало-Каспийского региона в досоветский период (в связи с подготовкой библиографического указателя по этнографии казахов). // Отантарихы. 2016. № 2. 138–139 бет.



1 сурет. Есім ханның ордасы (Зимнее ханское жилище, Я.П.Гавердовский)



2 сурет.Есім ханның ордасыорналасқан жердің картасының үлкейтілген түрі(Фр. карты с зимнее ханское жилище-Я.П.Гавердовский)



3 сурет. Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі Штаб бастықтары комитетінің картасы (Составлено карте масштаба 1:100 000, с данной по материалам съемки 1962-64,75 г.г.и обновленной в 1980 г.)

ӘОЖ 94 (574)

ҚОҚАН ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНАН

Қожақұлы Ө - тарих ғылымдарының докторы
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада Қоқан хандығы туралы жаңа мәліметтер баяндалады.Қазақ-Қоқан қатынастарындағы Қоқан билеушілерінің экспансиялық әрекеттері көрсетіледі.

Негізгі сөздер: Қоқан хандығы,Қазақ хандығы, Омар хан,Ташкент шайқасы,Шымкент,Сайрам қалалары.

Әлім хан сөзіне берік және жолы болғыш қолбасшы болды және жас болсада тәжіктердің жалдамалы әскерлерінің арқасында хандықта тәртіп орнатты [1, 17-49 бб].Бұл жеке әскер хандықтағы саяси элитадан және тайпа көсемдеріне бағынбай, тек ханға ғана бағынышты болды. Бірақ Әлім ханның таққа келуі хандықтағы бәсекелестіктің жаңа қарқынына әкелді. Ол билеуді хандықтағы інісі Рүстем бидің жақтастарын жоюдан бастады. Кейбір билер мен төрелер, соның ішінде Хаджи би ұсталып дарға асылды [2, 95 б]. Хакім ханның айтуынша Әлім хан бірінші Хаджы биді (оның жақындарымен) өлтіріп, ал оның балаларын қырғыздарға жіберді. Кейбір туыстары Бұхараға қашты. Бірнеше күннен кейін әлі жас Рүстем биде өлтірілді. Хакім хан жақын туыстарын өлтіру осы уақыттан бастап ережеге кіргенін айтады [1, 53-54 бб]. Бірақ біздің білгенімізше бұл ереже хан отбасында ертеден бар еді. Осыдан кейін Әлім хан

жалданып жұмыс жасайтын жаңа әскерден құралды. Олар қазіргі Тәжікстан мен Ауғанистанның құрамындағы Дарбиздан, Күхістаннан, Клобадан келді. Галчалар мемлекеттік қызметкеде орналасты [2, 13 б]. Өзге-этникалық топтардан құралған хандықтағы жалдамалы әскерлердің қызметі ханның ақша беруіне байланысты олар тек ханның айтқанымен жүрді. Олар әскерлерді «жабайы таулықтар» дейтін халыққа да «жаттықтар» болды. Басқаша алғанда әскердің әртүрлі этникалық топтан құралуының өзге де бар еді. Бастапқысында ферғаналық емес қолдарында оқ ататын қарулары бар әскерлер (Нарбота бидің кезіндегінен жаңашыл) Әлім ханның дәрежесін күшейтіп, негізге шайқастарда жеңіске жетіп отырды. Әлім хан Мингтердің ішінен өзін хан ретінде ресми жариялап осы титулы атынан тиындар шығара бастады. Маған белгілі күміс емес тиындардың ең ертесі 1221/ 1806-1807 жж. мерзімделеді. Осыған дейін тиындар әкесінің кезіндегідей «бик» титулымен шығарылған. Өзінің атынан тиынның шығуы Әлімханның билігінің күшейгендігін көрсетті.Ол Құрамы мен Ташкентті (1806) жаулап алғаннан кейін хандық екі есе ұлғайды. Жаңа тиын өзінің салмағымен, жаңаша әсемденуімен және аңызға ацналуымен сол заманғы стандартқа жауап берді. Бұл тиынды хандықтың барлық жерінде және одан бөлек жерде қолданатынын білдірді. Негізгі жаңа тиын салықты реттеп отырды. Бұл тиын Қоқан хандығының Бұхарадан тәуелсіз екенін көрсететін символ болды. Бұл кезде Бұхарада Әмір Хайдар (1800-1826) билікте болды. Қоқанда Мырза Бабырдан тараған (оның атақты ұлы Алтын Бешік арқылы) Мингтер билігінің аңызға айналған уақыты болды. Осы кезеңде Т.К. Бейсембиевтің («Тарихи-Шахрухи») пайымдауынша Әлім ханға Әмір Темірдің (1370-1405) – «Сахыб-қыран» деген атағын берген болуы керек. Бұл болжау Әлім ханның әжесі Кегенес Айымның Темір руынан екені дәлелдейді. Мингтердің Тимуридтерден тарағаны туралы қасиетті аңыз Ұмар ханның кезінде тоқтайды. Ендігі «жер жинаудың» алдында бұл кезде Жүніс қожа басқарған Ташкент тұрды. Басында Әлім хан Ходжендтің басшысы Хан-қожаның көмегіне жүгінгісі келді. Әлім хан Хан-қожаға Ташкентке шабуыл жасау үшін әскерімен екі әскербасын жіберді. Бірақ бұл әрекеті сәтсіз болды. Нәтижесінде босатылған Ходжентті Баба-бек Дивангі мен Бек Мұрат би бірігіп өз иеліктеріне алады. Осыдан кейін Әлім хан мен Ташкент билеушісі Жүніс арасында шайқас болады. Шайқас барысында Жүніс хан жеңіліс тауып Ташкентке қашып құтылады. Бірақ Әлім хан оның артынан Раджаб-Диванбекті жібермейді. Себебі Әлім ханның алдында Ходженд пен Ұратөбені алу болды. Нияз-Мұхаммедтің пайымдауы бойынша Әлім хан бірден (20-40 күндер аралығында) Құрамаға шабуыл жасап (Сырдарияның орталық ағысы) жаулап алады. Осыдан кейін Ташкент маңындағы бірнеше қамалдарды кейін Ташкентті де алады (1806). Жүніс қожа Бұхараға қашты, ал басқа мәліметтер бойынша ол Ташкент жаулап алынғанша дейін қайтыс болды делінген. Әлім ханның келесі шабуылы Ходженд болды. Оны Раджаб күшбегінің көмегімен оңай бағындырды. Қала тұрғындары бұған дейін білмеген ұрлық пен зомбылықты басынан кешірді. Көбірек Мұрат бей орналасқан қала цитаделі қарсылық көрсетті. Цитадел бес күннен кейін алынды. Ходжендті жаулап алғаннан кейін бір айдан соң Бұхараның билеушісі Әмір Хайдар мен Әлімхан өздерінің оңтүстік-шығыс

шекарасын қорғау үшін Ұратөбеге барды. Ұратөбеден оларды Мұрат би күтіп алды. Бірақ бұл сапарда Мұрат бей дарға асылып орнына Назар бейді қойды. Осыдан кейін Әмір Хайдар Бұхараға кетті. Кейіннен Әлім хан Ұратөбеге өзі шабуыл ұйымдастырып қаланы алды. Ұратөбені жаулап алынғаннан кейін Әлім хан мен Әмір Хайдар арасында шайқас болады. Бірақ сол кезде Ташкент билеушісі Жүніс қожа өліп Әлім хан енді Ташкентке көз салады. Оны жаулап алуға ағасы Омар қожаны жібереді. Дегенмен Ташкенттіктер таққа Жүніс қожаның баласы Сұлтан қожаны отырғызып оларға қарсы соққы береді. Соғыс нәтижесінде Омар қожа жеңіске жетіп, Сұлтан қожа ұсталынып, орнына отырған Хамид хожа жеңілісін мойындайды. Омар қожа Хамидті кешіріп оны вассал ретінде билеуші етіп орнында қалдырады. Бірақ кейіннен бір шайқаста жаралы болып емделіп қалады. Хандықта емделіп болғасын ішімдікке салынады. Ханның бұл тірілігі халыққа ұнамай, қоластындағылары орнына інісі Омар қожаны қойғысы келді. Ұзақ демалыстан шаршаған хан қайтаған жер эспансиясына шығады. Бұл әрекетінің дұрыс еместігінен Әлім хан барлық қызметшілерінен айырылып, жалданған қыпшақтар қолынан қаза табады. Кейінгі деректерде Әлім ханның Ташкентке жасаған соңғы жорығы толық бұрмаланған. Мысалы, молда Нияз Мұхаммед айтуынша: жорық барысында Қоқандықтардың әскерінде суыққа байланысты дау шығып көптеген жауынгерлер қолдары мен аяқтарын үсіріп алды – дейді. Оның айтуынша: Шариғатта Аллах тағала мен оның елшісі Мұхаммед с.а.с құлды қолынан келетін іске жұмса делінген. Одан әрі автор әдеби мысал келтіреді: «Бұл не деген құлым осы қақаған қыста бізді жорыққа шығарған?». Наразы әмірлер Шымкент пен Сайрамдағы қоршаудан кетіп кері қарай Ташкентке қайтады. Көтерілістің басшылары Омар ханды әскерді алып қайтып таққа отыруына кеңес берген Ырысқұл би, Жұма би және Момынбек еді. Олар Омар ханға алдынан тосқауыл көрмейтінін айтты. Осыдан кейін Омар хан Ташкентті тастап қоқанға қайтты. Айтылуы бойынша бұл жағдай 1809 жылдың наурызында болуы мүмкін. ХХ ғасырдың басында өмір сүрген өзге Қоқандық тарихшы Фазылбек осы оқиғаларды сипаттай отыра ТШ-ны қолданады. Ол Әлім хан Қашқар мен Бұхара арсында достық қатынас орнатып Ташкентке шыққан жорығын Россияға қарсы жихад деп жариялайды. Автор Әлім хан бірінші 300 түйеден тұратын караван жіберген дейді. Әлім ханның өлігі Қоқанға әкелінгенде халық қаптай жылап оны жерледі. Ағасының денесін алып келе жатқанда Омар хан сырт көзге қуанышты болғанымен ішінде қайғарды. Дегенмен, Хакім ханмен бейнеленген барлық кейіпкер солай әрекет жасаған болар себебі бұл қалыпты адамның көріністеріне жа нәрсе еді. Бірақ хандыққа таласқан сұлтандар арасындағы жағдай анық көрініп тұр. Осыдан кейін улемдер мен шейхтар Омар ханды ақ киізге отырғызып және фатиха сүресін оқып (құран, 1 сүре) хан сайлады. Әлім ханның билігі, оның жаужүректілігі, қызметшілеріне шыншылдығы туралы Мунтахав ат-таварих авторының көзқарасы оң. Бірақ автор ханның жаужүректілігі уақыт өте келе қатыгездікке айналып, қызметшілеріне құрметтен гөрі қорқынышқа айналғанын қосады. Әлім хан өзінің замандас ақындарының жырында керісінше бейнеленеді. Соның арасында Махмурдың шығармашылығын айтуға болады [3, 162-211 бб].

Ақын Әлім ханның билік еткен уақытын «езгі дәуірі» және ханның шамадан тыс қатаңдығын айтып, оны Алла өліммен дұрыс жазалағанын айтады [3, 198-201 бб]. Дәл осындай теріс сипаттаманы Омар ханның ресми тарихынанда көреміз. Оның авторы өзінің билеушісі билік еткен уақытты әділ дәуір деп көрсетіп Омар ханның ағасына қарсы көтерілісі мен оның өліміне қатыспағанын ақтайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мустафад ал-ахбар Шихаб ад-дин ал Марджани. Мустафа ал- ахбар фи-ахвали Казан ва Булгар-Казань типография Б.Домбровского (издания второе, исправлённое) т.1,1897

2. Беисембиев Т.К «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник – Алма-Ата,: Наука, 1987

3. Қаюмов А.П Қуқон адабий мухити (XVII-XIX асрлар) –Тошкент : Фан,1961

Аннотация

В статье представлены новые сведения о Кокандском ханстве, показаны экспансионистские действия правителей Коканда в казахско-кокандских отношениях.

Ключевые слова: Кокандское ханство, Казахское ханство, Омар хан, Ташкентская битва, Шымкент, Сайрам.

Abstract

The article provides new information about the Kokand Khanate, shows the expansionist actions of the rulers of Kokand in Kazakh-Kokand relations.

Keywords: Kokand Khanate, Kazakh Khanate, Omar Khan, Tashkent battle, Shymkent, Sairam.

4 СЕКЦИЯ

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ

СРЕДНЕВЕКОВЫЙ ГОРОД САРАЙШЫК

STUDYING THE MEDIEVAL CITY OF SARAYSHYK AND EDUCATION AT SCHOOLS

ӘОЖ 631.471

ОРЫС ТОПОГРАФЫ А.Е. АЛЕКСЕЕВТІҢ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАРЫН ТАЛДАУ

Жұмабаева Ж.К.
т.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Кеңес заманында «табу» қойылған қазақ тарихын зерттеуге үлкен бетбұрыс тәуелсіздік жылдарында жасалды. «Өркениеттің арамтамағы» саналған көшпелі қазақ халқының тарихи қайнарлары Еуразияның Далалық империяларымен тығыз байланысты екендігі қазіргі тарихи зерттеулерде тұжырымдалуда. Соның титімдей бір бөлігі ретінде 2015 жылы Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдығына орайластырылған « Сарайшық–бабалар мұрасы» атты комментарияланған деректер жинағы шықты. Кітаптың аз тиражбен шығарылуына байланысты қалың оқырманға жетпеу мүмкіндігін ескере отырып, сондағы орыс зерттеушісі А.Е. Алексеевтің Сарайшық қалашығы тарихына қатысты XIX ғасырдағы жазбаларына қатысты кітап авторларының түсіндірмесін береді.

«Сарайшық–бабалар мұрасы» атты комментарияланған деректер жинағында[1] алтын ордалық Сарайшық қалашығын өз көзімен көрген, ол туралы құнды мәліметтер қалдырған және қазба жұмыстарын жүргізген зерттеушілердің деректері мен жазбалары тұңғыш рет жинақталып басылып, оқырман қауымға таныстырылды. Ондағы Жайық казак әскерініңтопографы А,Е. Алексеев 1861 ж. атаман А.Д. Столыпиннің тапсырмасымен Сарайшық бекінісі маңындағы көне қала қирандылары және ондағы мұсылман зиратының құландыларын зерттеуінің нәтижелері «Орал әскері ведомостілерінің» 1867 жылғы №30 санында 2-7 пп., «Татар қаласы-Сараиль-Джадиттің құландылары туралы ("О развалинах татарского города Сараиль-Джадита»)»[2] деген мақаласын назарларыңызға ұсынамыз.

Бұл мақаланыңмаңыздылығы ондағы мәліметтердің Сарайшық қиратылғаннан кейінгі деректер қатарын толықтыруында. Көне қала Сарайшықтың XIX ғасырдың екінші жартысындағы жағдайын айғақтайтын бұл жазба бүгінде саман үгіндіге айналған, ерте ортағасырда Хазар қағанатының

керуен қаласы, кейін Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығының бас қалалары – астана болған Сарайшықтың сән-салтанатына күмән келтірушілер күдігін сейілтуге, Сарайшықты ғылыми зерттеуге ықпал етеді деген ойдамыз.

А.Е. Алексеевтің көне қаланы «Сараиль – Джадит» деп атауының сыры қала орнын қазу кезінде табылған монетадағы араб тіліндегі жазуға байланысты екендігі белгілі, зерттеуші монетаның соғылған қаласын дәл тапқанмен, «Сараиль-Джадит» – Сарайшықтың бұрынғы атауларының бірі болар деп қателескен[1,181]. Топограф А.Алексеев Сарайшықты онда табылған монетадағы жазуға байланысты «Сараиль-Джадит» (Жаңа Сарай) деп атайды, онысы қате сияқты, өйткені Сарай Джадит – Алтын Орда хандарының астанасы –Сарайда жаңа құрылыстар салынуына байланысты аталған болуы керек. Осы Сарай қаласы мәселесінде орыс тарихшылары арасында біраз пікірталас бар. Тарихнамадағы «Сарай-Бату», «Сарай-Берке» атауларына орай ғалымдар екі астана болған деген пікірді ұстанады.Енді оған Сарай-Джадид атауын қоссақ, 3 астана туралы мәселе туындайды. Осыған орай, Рудаков В., Евстратов И. В., т.б. тарихшылар осы атаулардың бәрі бір астана –Сарай екендігін, тек хандар ауысқан кездегі атаулары деген пікірге келіседі[3].

Біздіңше, Сарай-Джадид атауы Жәнібек ханның Сарайда жаңа ғимараттар салуына байланысты айтылған болуы керек(пікір біздікі-Ж.Ж.). Осыған орай, көне Сарайшық қалашығынан табылған монета Алтын Орданың жаңарған астанасы – «Сарай аль – Джадитте»(Жаңа Сарайда) соғылған, сауда айналымындағы ақша болғандықтан, оның Сарайшықтан табылуы да қисынды деп ойлаймыз. Тек монетадағы жазудың тәржімасын араб тілінен аударуда Сарайшықтағы діндар (молда) қателік жіберген сияқты [1,181].

Зерттеуші А.Е. Алексеев өз жазбасында көне қаланың қоршауының (цитаделінің) орнын көргенін, тотығып жасыл тартқан мыс теңгелер және түрлі –түсті қыш ыдыс сынықтарын жинағанын келтіреді. Орыс-казактардың «үлкендерінің» естеліктеріне сүйеніп, қаланың бұрынғы тарихы туралы деректер жинақтайды. Ол сол кезде 120 жастағы орыс-казак кемпірі Толстовамен кездесіп, одан көне қала құландыларының орны ертеден Можар деп аталғанына назар аударады. Кейуананың айтуынша, бұл жерде нөсер жаңбырдан кейін күміс, мыс ақшалар, мен қымбат тастармен көмкерілген алтын және күміс сақиналар, тас моншақтардан тізілген алқалар (барка) табылатын [1,182].

Кейуананың ес білген кезі мен Алексеевпен кездескен 1861 жылмен уақыт айырмасы шамамен 110 жыл деп есептесек, кейуана айтқан уақыт –1750 жылға сәйкес келеді. Сонда Сарайшықтың қиратылуынан шамамен 160-170 жыл өтсе де, одан қалған жәдігерлердің көптігі қаланың саяси- экономикалық, тарихи-мәдени маңызының жоғары өте болғанын айғақтайды. Сарайшықтың қазіргі жай- күйі онда саманннан өзге құрылыстар болмағандай әсер қалдырғанмен, А. Алексеев деректерінде көне қала қирандылыры арасында күйдірілген қызыл кірпіштер, үлкен шаршы ақ тастардың көп болғандығы, оларды казактар бекініс салуға, кейінгі ғасырларда Гурьев қаласын салуға қолданғаны туралы деректер бар. Оны Рычков жазбалары да растайды.П.Рычков Сарайшықты Ұлы қаланың белгісі деп, сол кездің өзінде шатырлары, яғни, мазарлар тұрғандығын, олардан

қабір мен сүйектердің шығып жатқанына қарап, бұл жерде атақты адамдардың зираты болған деп топшылайды. Сондай-ақ, Гурьев қаласын тұрғызу барысында Сарайшықтан қызыл кірпіштер тасылғанын және «қазірдің өзінде жергілікті казактар үйдің пешіне т.б. құрылыстарға қажетті кірпіштерді аталған зираттан қазып алады»- деп жазды [4,260-261]. Бұл мәліметті Гурьев (Атырау) қаласының тарихын жазған, белгілі тарихшы Х.Б. Табылдиевтің «Гурьев қаласының тарихы» еңбегіне[5] де көре аламыз.

Көне қала орнының ежелден «Можар» деп аталуы туралыАлексеев берген мәлімет біздің назарымызды еріксіз аударды, өйткені айтылуы «мажар» сөзінің орыс тілінде «можар» деп жазылатыны рас. Ойымызға қазіргі венгер халқының негізін құраған "мажар" немесе "мадияр" атты тайпаларының қазақ даласынан, дәлірек айтсақ, венгерлік және орыс деректерінде айтылғандай, оңтүстік Орал далаларынан кеткені, олардың IX ғасырда Карпатқа, қазіргі Венгрияға қоныс аударғанға дейін көшпелі өмір сүргені, венгерлердің IX ғасырда көшпей, осында қалған тайпаластарын, ата-жұрты-Ұлы Венгрияны іздеуі [6] есімізге түсті.

Тарихи деректерде оңтүстік Орал өңірін (қазіргі Ақтөбе, Атырау облыстары да сол аймаққа кіреді, Батыс Қазақстандағы Мұғаджар мен Индер таулары – Орал тауларының оңтүстік сілемдері саналады- Ж.Ж.) мекендеп, кейін Еуропаға қоныс аударған, онда венгер атауымен белгілі болған «мажар», «мадияр» тайпаларына қатысы бар ма екен деген сауал мазалады. Бұл ізденісті қажет ететін жаңа проблеманың бірі деуге негіз бар[1,182].

А.Е.Алексеевтің Сарайщықтағы мұсылман зиратының құландылары арасында Бөкей Ордасы ханы Жәңгір қоршатқан зираттар туралы мәліметі айрықша құнды, бұл онда қазақ хандарының жерленуі туралы ақпарды растайды. Алексеев осы зираттарды қаздырып, одан осы болжамды айғақтайтын жәдігерлер тапқан. Ол «Хан моласын» былайша суреттейді: “...ішкі жағы киіз үйге ұқсаған, шығысқа қараған бір есігі бар, және батыс, солтүстік, оңтүстік жақтарында 3 терезе бар, зиратта 2 үлкен, 4 кіші орындардың болуы, мұнда бір отбасы жерленгенін көрсетеді. Осындай 2 зират көне қаланың шығыс жағында да бар. Оның біреуін қаздырғанда онда кірпіштен қаланған, алебастр мен бормен құйылып жабылған 2 үлкен табыт шықты”.

А.Е.Алексеевтің пікірінше осы зираттардағы кірпіштер мен тастар Орынбордан, Гребен тауларынан әкелінген. Сонымен қатар зерттеуші көне қала құландыларының сыртында қала қоршауының (вал) оңтүстік-батысында, Сарочинка өзені жағалауында осы қаланың үлкен зираты болғанын, оның біреуінен басқа барлығы Сарайшық тұрғындарының айтуынша, көктемгі су тасқыны кезінде Сарочинка өзеніне құлап кеткенін келтіре отырып, Алексеевтің өзі жарқабаққа құлаған зираттардан 60 – тай адамның бас сүйектерінің қаңқасын көргенін жазады. Осы жалғыз зиратта әулие жерленгенін, оған тұрғындар ауруынан жазылу үшін түнейтіні айтылады. Зерттеуші пікірінше, цитадельдегі бір зират және қаладағы бір зиратты қала тұрғындары айрықша құрметтеген.

Дегенмен зерттеушінің Сарайшық қаласының құландыларын көріп, бұл қаланың кірпіштен және үлкен ақ тастардан, мрамордан салынған құрылыстары болғаны туралы мәліметтері ерекше құнды. Ол осы құландылар арасынан салмағы 9 пұт мрамордан жасалған терезе мен есік жақтаушаларын(косяк), фарфор, мрамор, шыны және қыш ыдыс сынықтарын, әртүрлі қалыпта жасалған бүтін 3 көне қыш құмыра тапқанын жазады. Алексеев жүргізген қазба нәтижесінде бағалы тастармен көмкерілген әшкейлер, алқалар, сырға – сақиналар (2 коралл, 2 сапфир, 1 изумруд, 2 бирюза, 1 аметист, 1 маржан, янтарь, сердолик, топаз,) әртүрлі шыны моншақтар мен әшекейлер, араб жазуы бар ақшалар, алтын түйме, ханның аты мен соғылған қаласы,уақыты жазылған 9 күміс, 36 мыс монеталар, монғол жазуы бар 18 мыс ақшалар табылғанын және ол монеталардың ең көнесіне 417 жыл болғанын жазады[1,184].

А.Е.Алексеев келтірген бұл деректер Сарайшықтың XV ғасырдан арғы тарихының дәлелі. Тұзды жерде орналасқан қала орнынан табылған бұл жәдігерлердің арасынан кейбір мыс, күміс ақшалардың жарамсыз боп қалғанының туралы да айтылады.

Алексеев жүргізген қазба жұмыстары Сарайшық тұрғындарының мұсылман дінін ұстанғанын негіздеуге мүмкіндік береді. Оның өз сөзімен айтсақ, қазба жұмыстарының төртінші күні құландылардан табылған көп ақша мен заттар арасынан көк мрамор тақтайшаларға жазылған араб тіліндегі жазулар Камиль-аль-Хан, Сеид-Хасан Касавий ғұламаларының адамдарға ізгілік пен ғылымның, даналық пен хақиқатқа жетудің жолын көрсетуші пайғампар ұрпақтарықожалар болғаны туралы мәлімет береді. Мұндағы Касавий сөзі олардың Иасауи ілімін таратушылар екенін дәлелдейді. Зерттеуші тапқан келесі бір ақ мрамор таста да осы кісілердің аттары беріліп, олардың(Ходжа Камелы-хаке и Сенд-Хосян из Туркестана) Түркстаннан келгені жөнінде мәлімет бар. *Мұның өзі Алтын Орда, соның ішінде, Сарайшық тұрғындарының суфистік исламды ұстанғанын тағы бір дәлелейді. Қазақ халқының ата бабаларына ислам дінін таратушы Қожа Ахмет Иасауидің де Түркстанда ілім таратқаны белгілі[1,184].*

Алексеев жазбаларын жариялаған «Орынбор ведомостері» редакциясы оқырмандарға Сарайшық қаласының салыну уақытын дөп басып айта алмайтынын, оның Алтын Орда хандарының резиденциясы болған кезден бастап тарихқа белгілі болғанын, ал Орал казактарының алғашқы легінің бұл қаламен танысуы 1580 жылдеп көрсетеді. Дон казактарының орыс өкіметінің қуғынынан қашқан ұры (воровские) казактар дегендері өз қайықтарымен Жайыққа түсіп, оны жоғары бойлай, Сарайшыққа жеткенін, оны талауға ұшыратқаны соншалық, оның тұрғындары Хиуаға көшуге мәжбүр болғанын баяндайды. Левшиннің мәліметін сүйеніп, олардың қаланы талан-таражға салудағы айуандық әрекетерінің шектен шыққанын, тек тірі адамдарды өлтіріп қоймай, молалардағы өліктерді қазып шығарғанын келтіреді[7,179-190].Осы жылы зерттеуші Рябининнің пікірінше, казактардың Жайыққа орныққан уақыты саналады[1,185]

Осы уақыттан190 жыл өткенде (1769 ж.) Сарайшыққа келген ғалым – саяхатшы Паллас көне қала орнын төмендегіше суреттейді: «Қала айналасын

қоршаған орлы биіктік (вал) орны әлі бар, оның аумағы 5 шақырымды құрайды. Ол форпостыдан шақырым жарымдай, Сорочин өзені мен Жайықтың қосылатын бұрышынан басталып, өзеншікті бойлай, форпост айналып, Жайыққа тіреледі. Осы жердің ортасында құрғақ ор-сай бар. Валдың ішкі жағында тас құрылыстардың іргетастары мен сұлбасы көрінеді, оған қарап, қалада бай сәулетті үйлер болғаны туралы тұжырым жасауға болады. Құрылысқа қолданған кірпіштер ұзынша және біршама үлкен. Сонымен қатар табиғи, ұлутас белгілері бар кесек сұр тас қолданылған, бірақ бұл тас осы айналада кездеспейді. Қазір бұл жерде ақ және сары түсті бояумен боялған көне ыдыстар сынықтары табылып жатыр. Қаланың орны саз, әрі сулы болғандықтан, темір бұйымдардың қалдықтары таттанып, әзер танылады. Мыс бұйымдардан жасыл түс қалған,(яр-медянка - мыс пен уксустың әрекеттесуінен пайда болатын жасыл түс), ал күміс заттар ақ жұқа материя түрінде сақталған. Сонда тұратын казактардан мен топаз, кровавик сияқты ұсақ тастардың әртүрін көрдім. Мұнда кірпіштен салынған зираттар өте көп, олардың ішінде көңіл аударатын нәрселер бар. Жалпы қаланың орны нашар жерге салынған»[8, 610-612].

Паллас жазбаларына қарағанда, зерттеуші Алексеев деректерінеғұрлым толымды, десек те бұл деректер Сарайшық тарихының әр кезеңдерінен хабардар етеді. А.Е.Алексеев өз сипаттамасында Сарайшық (Сараиль-Джадит) қаласымен замандас болған, одан батысқа қарай 20 шақырым жердегі Солянка өзені маңында тағы құрылыс қирандыларын көргенін, мұнда құлаған мұнараның белгілері бар, ыдыс-кірпіш қалдықтары Сарайшықтағыдай деп көрсетеді. Оның айтуынша, Карабау көлінде Темір қаласы (*Темирово-Городище) деп аталған қала қирандылары да бар. Алексеев Жайық өзенінің сол жағалауында*Гурьев қаласынан 8 км жердегі қала құландысына назар аударып, онда да Сарайшықтағыдай жәдігерлер барлығын айтады[1,186].

Жергілікті қазақтардың мәліметтеріне сүйеніп, бұл қаланың Алтын Орданың (моңғолдың) портты қаласы болғаны, теңіз тасуына байланысты қаланың жойылғаны туралы болжам жасайды. Бұл қазіргі кезде ашылған Актөбе – Лаэти қаласының орны болуы керек. Алексеев дерегінің біз үшін маңыздылығы теңіз орнының қалыпты болмауы туралы дерек [1]. Алтын Орда кезінде Сарай – Бату мен Сарай – Беркені Еуропамен байланыстыратын сауда жолы Еділден Каспий теңізіне, одан Каспий арқылы Жайық өзеніне түсіп, жоғары бойлап, Сарайшыққа жететін, Сарайшықтан әрі Жайықтан қайық - көпір арқылы арғы жағаға шығып, қазіргі Мақат ауданындағы «Тас кешу» керуен сарайы арқылы, Қайнар, Жылой ауданындағы Ұшқан, одан әрі Үстірт арқылы көне Үргенішке, одан Бұхараға жететін. Бұл XIV ғасырдағы итальян көпестері Пеголетти мен Пацигани қағазға түсіріп кеткен мәліметтер[1,186].

Тек біз бұл жерде Каспий теңізі мен Жайық өзенінің құйылысы мен орналасу шеңберінің бүгінгідей болмағанын есепке алуымыз қажет. Алексеевтің портты қала дегені Актөбе – Лаэти орнына сәйкес келеді, ендеше Каспий тасуынан суға батып, тартылғанда қайта құрылыққа шыққан бұл ескерткіш өлке тарихының ақтаңдақтарының бірі.

Бүгінде орны жоғалуға айналған бұл тарихи жәдігер де зерттеушілер жазбалары арқылы бізге жетті. Тек қазақ тарихы мен мәдениетіне, өркениеттер ықпалдастығының куәсі болған бұл көне қалалардың жете зерттелмеуі көңілге кірбің ұялатады. Біздің мақсатымыз А.Алексеев сынды зерттеушілер жазбаларына түсіп, зерттеушісін күтіп жатқан тарихи жәдігерлерімізді көпшілік қауымға таныстырып, ғылыми ізденіске жол ашу. Еліміз бен өлкеміздің этнографиясы мен антропологиясына өлшеусіз үлес қосатын зерттеулерді күтеміз[1.186] .

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаева Ж.К., Кипиев М.Қ Сарайшық- бабалар мұрасы(Қазақ хандығының 550 жылдығына орай) атты комментарийленген деректер жинағы /Жұмабаева Ж.К., Кипиев М.К,// Ғылыми редактор Жұмабаева Ж.К.-Атырау. «Ағатай» баспасы. 2015. -224 б.

2.Алексеев А.Е. О развалинах татарского города Сараиль-Джадита // Уральские войсковые ведомости. 1867. №30. С.2-7

3. Рудаков В. Г. Вопрос о существовании двух Сараев и проблема локализации Гюлистана// сборник: «Ученые записки» («Гыйльмиязмалар») Татарского государственного гуманитарного университета. Казань. 1999 г. Выпуск 7. Отв. редактор Ф. С. Хакимзянов. Стр. 92-120.; Евстратов И. В. О золотоордынских городах, находившихся на местах Селитренного и Царевского городищ // Эпоха бронзы и ранний железный век в истории древних племен южнорусских степей. Саратов. 1997.Источник:Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.

4. РычковП.Топография Оренбургская. Ч.1. Спб. 1762. 331с.

5.Табылдиев Х.Б. Атырау қаласының тарихы. Алматы. 2018. 205 б.

6. Дьени Г. Протовенгры на Уралев первом тысячелетии нашей эры в российской и венгерской историографии. Автореферат канд., диссертации. Екатеринбург.2007.248 с.

7. Левшин А. Известия о древнем татарском городе Сарайчик // Северный архив. 1824. №4. С.179-190

8. Паллас П.С.Путешествие по разным провинциям Российской империи. Ч.1. Спб., 1773. 657 с.

Аннотация

Запрет на изучение национальной истории казахов в годы советского тоталитаризма, породил множества «белых» пятен в казахской истоиографии, которые в годы независимости постепенно преодолевается. В 2015 году, атыраускими историками и краеведами в связи с 550-летием образования Казахского ханства был опубликован сборник источников с комментариями по истории золотоордынского городище Сарайчик, куда вошли путевые записки путешественников, торговцев и ученых-исследователей, представителей колониальных учреждений, посетивших развалины средневекового городища. В настоящее время казахстанские ученые склонны рассматривать историю своей страны в тесной связи со степными империями Евразии. Учитывая

ограниченный тираж данного сборника, в этой статье автор нацелен ознакомить читателей с исследованием российского топографа А.Е.Алексеева о городище Сарайчик, опубликованным в XIX веке, сопровождая ее со своими комментариями.

Abstract

The ban on the study of the national history of the Kazakhs during the years of Soviet totalitarianism gave rise to many "white" spots in Kazakh history, which during the years of independence was gradually overcome. In 2015, in connection with the 550th anniversary of the formation of the Kazakh Khanate, atyrau historians and local historians published a collection of sources with comments on the history of the Golden Horde settlement Saraichik, which included travel notes of travelers, traders and scholars, researchers, representatives of colonial institutions who visited the ruins of a medieval settlement. Currently, Kazakhstani scientists are inclined to consider the history of their country in close connection with the steppe empires of Eurasia. Given the limited edition of this collection, in this article the author aims to familiarize readers with the study of the Russian topographer A.E. Alekseeva about the fortress Saraichik, published in the 19th century, accompanying her with her comments.

УДК 930.2

ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА В РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА: НОВЫЙ ВЗГЛЯД НА СОДЕРЖАНИЕ

Ужкенов Е.М.
к.и.н., ВНС
Завотделом древней и средневековой истории
Казахстана и сопредельных стран
Института истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова
г.Алматы, Республика Казахстан
Шотанова Г.А.
к.и.н., ВНС
Завотделом истории Казахстана нового времени
Института истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова
г.Алматы, Республика Казахстан

Дореволюционное изучение древней и средневековой истории казахских степей в российской историографии имеет богатое наследие и важное, непреходящее значение. Данный период исследований довольно четко структурирован: от путевых заметок путешественников до полноценных,

носящих академический характер исследований. По мере колонизации Степного края, колониальные власти и администрация все более осваивают не только хозяйственное значение вновь обретенных земель, но и их культурное прошлое. Понятное дело, что исследование проводились в русле имперской научной мысли, когда потомки некогда грозных для будущей империи кочевых народов, в глазах исследователей представлялись как общества с крайне низкой стадией общественного развития. Так, классик российского источниковедения, будущий губернатор Астрахани Татищев, ища историческую канву в знаменитом «Слове о полку Игореве», вносил свои «корректировки» в летописях, по меткому замечанию О. Сулейменова, «дописывал и додумывал». Подобная трактовка тех или иных исторических сюжетов, персоналий и мест, так или иначе сказывались на общем качестве работ того времени. Данная трактовка не должна вводить современного исследователя в затруднение, поскольку данные исследователей той поры по многим белым пятнам нашей истории остаются в единственном числе, что подчеркивает их важность, значимость и актуальность.

Бытовавшее и зародившее именно в этот период представление об монголо – татарском иге странным образом контрастирует с академической точностью и научной ответственностью ученых тех лет. Одним из примеров подобного диссонанса являлась проблема изучения золотоордынского периода в российской истории в дореволюционный период. Несмотря на примитивное представление о всей тяжести ордынского ига, ряд ученых тех лет, совершенно правильно определив ряд народов родственных населению Золотой Орды, начали системное изучение прошлого кочевников.

Исторический фон, на котором шло формирование научной мысли и знания, общеизвестен и в дополнительном представлении не нуждается. Высокомерие и снисходительность, столь характерное для исследователей на раннем этапе, во многом подогревались становлением чувством имперского превосходства, осознанием своей цивилизаторской миссии в среде «диких», некультурных народов, а такженезнанием/неприятием чуждой им культуры. Данное отношение к объекту изучения - истории кочевых народов - находилось вполне в общеевропейских рамках понимания цивилизации и общехристианской морали. Поверхностное отношение к историческим данным, отсутствие научной критики источника и прочие детски болезни науки, сопровождали не только российских исследователей, а являлись своего рода мировой нормой научного познания того периода. К российской исторической науке в полной мере можно отнести и справедливое замечание того же О. Сулейменова, что к дореволюционным историкам и их детским болезням, примешивалась и обида за «подлое прошлое».

Кроме того, нельзя забывать, что в период написания ряда работ, в состав Российской империи прочно вошли лишь окраины казахской степи. При изучении и оценки памятников, личностей и событий, так или иначе откладывались личностные эмоции или злободневная повестка. Особенно это заметно на примере межэтнических отношений сред кочевых народов. Так симпатии или антипатии российских исследований проявляются при

изложении истории взаимоотношений казахов и башкир, казаков, туркмен, калмыков и так далее. Этот политический окрас обуславливается тем, что востоковедение долгое время была наукой прикладной, ее основным предназначением была помощь при колонизации степных регионов. Отсюда и особое отношение к путевым заметкам и дневникам. Обязательное упоминание местности, пригодной для ведения будущих боевых действий, детализация маршрута с упоминанием достаточного количества хорошей (питьевой) воды, колодцев, бродов и так далее. Особый упор на местных жителях с описанием быта, традиций, воинским снаряжением и тактикой. Понятно, что истории и культуре в этих условиях уделялось сравнительно мало места. Как будет представлено ниже, несмотря на изложение состояния древности, как правило в путевых заметках содержалась «научно-практическая значимость»: состояние торговых путей, указание мест для отдыха, колодцев, удобных переправ. Понятное что подобный интерес был вызван актуальностью сегодняшней повестке дня.

Тем не менее, вышеуказанное не в коем образе не должно повлиять на оценку научного вклада и деятельности первых российских ученый, оставивших свой след в отечественной науке. Более того, можно утверждать, что ко времени академического, научного познания кочевых народов, российская научная школа достигла новых высот и надолго стала определяющей в мировом кочевниковедении. Не секрет, например, что именно советская тюркология стала лидирующей научной школой в мире. Успехи российской и советской тюркологии, в частности, и кочевниковедения вообще, обязаны историческим соседством, обилию контактов в средневековье, сохранению источниковой базы и другими сопутствующими факторами. Кроме того, находясь в общем русле европейской научной школы, российские дореволюционные исследователи как правило обладали широким кругозором, широтой научного познания, имели хорошую филологическую подготовку. Выбор предмета исследования, а именно анализ работ широко известных в нашей историографии исследователей отнюдь не случаен. Доступность редких прежде источников в интернет пространстве привело не только к росту интереса к ним, но и позволило облегчить проведение аналитического исследования их содержания Новые и ранее неизвестные факты, находки, теории в условиях нашего информационного века появляются с ранее невиданной скоростью, что должно сопровождаться процессом переосмысления. Именно этим обстоятельством объясняется выбор в качестве основного - метода критического анализа ранее опубликованных работ.

Первыми исследователями богатого культурного и исторического наследия кочевников выступили путешественникиП. Паллас и П.И.Рычков, которые в своих путевых заметках упоминали о древнем и богатом городе, чьи развалины находились выше современного им города Гурьева. Казачья станица Сорочинка или Сарайчинский форпост к тому времени стали частью Уральской пограничной (военной) линии, чьим назначением было отражение набегов казахов. Широкий научный кругозор позволил первым исследователям совершенно правильно определить данные развалины как руины ногайской

столицы, Сарайчика. Упомянутые свидетельства дают нам возможность увидеть степень сохранности памятника на тот исторический отрезок времени.

Более подробное описание памятника оставил А.И. Левшин, в своей статье «Известия о древнем татарском городе Сарайчик», где указал не только все известные источники по истории города, но и приводит правильную датировку его появления, что согласуется с современными датами нумизматического материала. Богатый источниковый материал средневековых европейских путешественников, привлеченный Левшиным при написании этой статьи, а также сочинения мусульманских авторов, были дополнены устными преданиями и легендами «казанских и оренбургских татар». В приведенном абзаце, нас заинтересовало характеристика Сарайчика как местопребывания кыпчакских ханов на период 3-4 месяцев в летний период времени.Данное упоминание о Сарайчике как кратковременном месте, временной ставке тем примечательно, что А.И. Левшин приводит свою интересную догадку о Шейбани – хане как основоположнике Сарайчика. О большом влиянии кочевников на этот город указывает и его археологическая специфика: характерное для золотоордынских городов широкое расселение, остатки юртовых сооружений, содержание мусорных ям и так далее.

Кроме данных по его состоянию, нас заинтересовало описание уважительного отношения казахов к развалинам Сарайчика. Трактуя его, Левшин упоминает о неком святом мусульманском угоднике, чье захоронение находилось в пределах тогдашних развалинах. Историческая память, как общеизвестно, у кочевников всегда являлась маркером для определения прав на ту или иную местность. Здесь уместно вспомнить претензию Барак хана на город Сыгнак, где его предок, Урус хан возвёл там постройку. Погребальные сооружения у кочевников всегда играли роль определения прав древности на территорию. Могила святого по-видимому выполняла ту же роль, поскольку, зная политическую ситуацию тех лет на Уральской линии, иначе чем правом местных казахов на выпас скота, трудно дать объяснение той практики жертвоприношения, которую упомянул А.И. Левшин. Значимость работы Левшина конечно не ограничивается приведенными замечаниями, поскольку она по сути является первой обзорной научной работой по истории и культуре Сарайчика, заложившей дальнейшие исследования.

Уникальной по своим приведенным свидетельствам является работа К.Ф. Гебеля, чья книга «Обзор путешествия в степи Южной России» может послужить фундаментом при изучении палеоботаники нижнего течения Урала. В своих описаниях исследователь постоянно подчеркивает благодатную почву данной местности, и указывает широкую культивацию растений. Подобный характер почвы благоприятен не только для нужд животноводства, но и земледелия, а также указывает на достоверность источников, подчеркивавших развитую земледельческую культуру Золотой Орды.

Успешные и постоянные исследования химического состава почвы в этой местности помогут лучше понять принцип функционирования Сарайчика не только как транзитного центра, но и самодостаточного города, независимого от временных колебаний в течении года. Если рассматривать Сарайчик в

контексте всего Улуса Джучи, становится понятным его значимость. Поскольку частота караванной торговли была ограниченный от времени города, ее временной характер не мог стать фундаментом для столь длительного существования города в резко континентальном климате. Отсюда следует рассматривать Сарайчик в ряду прочих городов золотоордынского периода, чье хозяйство по-видимому было комплексным: земледельческое, ремесленно-торговое и кочевое начала в равной мере служили основой для функционирования города. Данный тип хозяйства был продиктован не только географическими условиями, но и политическим единством и экономическом развитии, а также общественным строем государства Джучидов. Ведь как известно, кочевники в Улусе Джучидов не только выполняли охранные и военные повинности, но и находились в привилегированном положении.

Интересно, что подобные предположения доказываются и в описании Сарайчика оставленным А.Е.Алексеевым Его указания на благодатный климат, наличия огромного количества артефактов той эпохи и богатство его современников ценны тем, что пробные раскопы показалибогатый культурный слой. По сути первый археологический раскоп Алексеева породил огромный интерес к руинам Сарайчика. По описанию, Сарайчиковская крепость и сами руины отстояли друг от друга на приличном расстоянии, что наблюдается в его заметках «…..*мы усевшись на рыдван, отправились в дорогу….так как развалины … находятся от крепости не более 150 саженей*..». Интерес здесь представляет контраст по сравнению с описаниями прежних исследователей, которые располагали крепость в шаговой доступности от руин Сарайчика. Кроме того, именно Алексееву мы обязаны за описание хорошо сохранившийся части Сарайчика, что важно для изучения ежегодных колебаний Урала. Не менее важным для последующих исследований представляются указания на два факта: поведение нанятых казахов при раскопках и упоминание заботы Джангир хана о руинах города. «*На другой день ко мне явилось много рабочих киргизов (казахов), и из них едва только 20 человек я уговорил наняться, разрывать возвышенности города, который они считают святым, особенно те его части, которые огорожены Джангир ханом*». Плохое состояние казахов, вынужденных заниматься разнорабочим трудом, представление о святости Сарайчика и связанных с ним легенд и суеверий, забота кочевой элиты о сохранении культурных ценностях, меценатство Джангирахана - неполный список тех интересных выводов способных пролить свет на «белые пятна» истории края.

Еще одним важным свидетельством, оставленным Алекскеевым для историков, является упоминание мнения и легенд казаков: «*….развалины эти исстари называются ими «Можары» (мазары?), и прадеды их, первыми пришедшие в Сарайчик, брали из этих развалин кирпичи и строили из них свои дома и службы..*». Кроме этого упоминания есть и свидетельства того, что местное население охотно использовало разрушенный материал для постройки новых сооружений. Известный интерес для этнографов представляет и упоминание об одежде на шестах, находившихся в склепе, а также обилие кувшинов и другого инвентаря, продолжавших использоваться в быту. Кроме

того, именно свидетельства описания Алексеева позволили нам приблизительно характеризовать остатки Сарайчика в наши дни как всего лишь 60% от описания Сарайчика в 1860-е года.

Данными, важными для исторической науки, является упоминание о других городищах, расположенных неподалеку от областного центра города Атырау. Наличие караван сараев недалеко от Сарайчика – факт не вызывающий удивление, однако на картах того и предшествующих периодов то и дело фигурируют многочисленные поселения, что в корне меняет прежде устоявшееся представление о процессах урбанизации и номадизма в данном регионе.

Изучение картографии разных периодов – актуальная не только для периода функционирования данного города, но и в целом по истории Казахстана. Именно районирование Северного Прикаспия указывает на существовавшую здесь обширную цепь разноплановых памятников оседло-земледельческой культуры. Городища Жайык, Актобе – Лаэти, Мангыстау все еще ждут своего исследователя.

Транзитное положение Сарайчика опытным путем доказал и В. Григорьев в своей работе «Описание Хивинского ханства и торговой дороге туда из Сарайчиковской крепости». Данная работа представляет собой все тот же путевой дневник, в котором путешественниками откладывались достойного рода воспоминания и наблюдения. Интересный нам отрывок, касательно Сарайшика и его окрестностей, включает в себя описание посещения крепости и развалин. Особенно необходимо отметить значимость древность удобной и торговой дороги, указанной в комментариях: «*..этой дорогой известной под именем Старой ногайской, тем важнее, что, судя по остаткам больших и прочных путевых по ней сооружениям, каковы мосты, колодцы, караван-сарай, укрепления, - должно с полной достоверностью заключать, что это во времена монгольского владычества и процветания Сарая на Волге, а быть может и ранее того – еще в период Итиля и хазарского владычества – был главный путь, коим ходили караваны из Средней Азии в Восточную Европу и обратно, переправляясь через Урал у Сарайчика, нынешнего Сарайчиковского форпоста*». Из данной длинной цитаты мы можем понять важность данного торгового маршрута, а также «неизбежность» появления Сарайшика. Удобная для осуществления транзитной торговли местность, переправа, обилие кормовой базы – все эти преимущества должны были привести к появлению/закладке города. Другое дело, бытовавшая на заре независимости гипотеза о многочисленном городе, способном сравняться с Багдадом и Константинополе – потерпела закономерное фиаско.

Краткий экскурс следует завершить предложением критического разбора всего того историографического материала, накопленного за долгие годы исследования жемчужины медиевистики всего Казахстана – города Сарайшика.

Список литературы:

1. СулейменовО.О.АЗиЯ. Алматы, 1975. с. 303

2. ЛевшинА.И.Известия о древнем татарском городе Сарайчик.// Северный архив. Ч. 4. № 4. СПб., 1824. С. 179–190

3. ГебельК.Ф. Обзор путешествия в степи Южной России.// Журнал Министерства народного просвещения, 1835, №6.

4. АлексеевА.Е.О развалинах татарского города Сараиль – Джадита. // Уральские войсковые ведомости. — 1867. — 23 июля (№ 30)

5. ГригорьевВ. Описание Хивинского ханства и торговой дороге туда из Сарайчиковской крепости. // Труды Оренб. учён. арх. комиссии, 1908, т. 19, с. 183–193

ӘОЖ 94.069.9

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫН ДӘРІПТЕУДЕГІ САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНЫҢ РӨЛІ

Диярова Ж.
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы»
Ғалым хатшы
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Сонау Ертістен Еуропадағы Дунай өзеніне дейінгі аралықты иеленіп, жаһандық дамуға түбегейлі әсерін тигізген, 8 ғасыр өтседе әлем жұртшылығының назарынан түспеген Жошы Ұлысы - Алтын Орданың рухани астанасы, Ноғайлы мен Қазақ хандығының астанасы болған Сарайшық қаласы тарихына арналып отыр [1, б. 114]. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаев «Ұлытау-2019» Халықаралық туристік форумында «біз Алтын Орданың негізін қалаушы Жошы ханға құрмет көрсетуіміз керек. Өте маңызды міндет: назар аудару қажет» деп нақты тапсырма берген болатын [2].

Алтын Орда өркениетінің мұрагерлерінің бірі болып саналатын Сарайшық қаласы орнында орналасқан «Сарайшық» музей-қорығының орны ерекше.

Қазақ даласының тарихи орындарының бірі Сарайшық қаласы. Тарихшы ғалымдар оның пайда болуын XIII ғасырда, яғни Шыңғыс ханның немересі Бату ханмен байланыстырады [3, б.12].

Сарайшық қаласының маңыздылығын айшықтау мақсатында 1999 жылы 3 қыркүйекте ел зиялыларының қолдауымен «Хан Ордалы Сарайшық» музей – қорығы құрылады. Кешен құрамына сол кезде мешіт, музей және ортағасырлық ел билеушілеріне арналған пантеон тұрғызылады. Себебі сарайшық Алтын Орданың рухани орталықтарының бірі болып саналған. Оны Берке ханның 1262 жылы ислам дінін қабылдап, мұсылмандық жолына түсуімен байланыстырады [4]. Алтын Орда хандарының пантеонының осында орналасуы да осы жағдаймен байланысты болуы керек. Сарайшықта Алтын Орда 3 ханы- Мөңке Темір, Тоқта, Жәнібек, Ноғай Ордасының 3 биі-Әмір Оқас, Ших Мамай, Жүсіп және Қазақтың ханы Қасым хан жерленген.

Атақты хандар пантеонын көрем деушелір, ел тарихымен танысамын деген тарихқа қызығушылығы бар адамдар Сарайшық музей-қорығына бет алып отырды. Сарайшық музей қорығы, кейін Атырау өңірі ғана емес, алыс –жақын шетелдерден келетін көптеген туристердің назарына ұсынылып отырған тарихи орынға айналды.

2018 жылы республикалық деңгейде 1 музей және 3 қорық-музей құрылды.

Олар: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Бейбітшілік және келісім музейі» РМҚК, «Ботай» республикалық музей-қорығы» РМҚК, «Бозоқ» республикалық музей-қорығы» РМҚК, «Сарайшық» республикалық музей-қорығы» РМҚК.

Сарайшық музей-қорығы әрқашанда Үкімет назарынан тыс қалған емес. 2018 жылы 4 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 162 қаулысы жарияланады. Қаулы бойынша «Атырау облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы – Сарайшық» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылады [5].

Қаулыдан соң 1999 жылы ашылған Атырау облысы мұражай қорығы «Хан Ордалы - Сарайшық» коммуналды мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны аталып, мүліктік кешен ретінде республикалық меншікке Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі қарамағына қабылданады. Міне осыдан соң оның Жарғысы бекітіледі. Ал 2018 жылы 27 қыркүйекте ҚР Мәдениет және өнер істері департаментінің ұсынысы бойынша тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Мұқтар музей-қорық директорының міндетін атқарушы болып тағайындалады. Сөйтіп жаңадан ұйымдастыру жұмыстары басталады.

Ендігі Сарайшық музей-қорығының алға қойған мақсаты– мәдени-білім беру, экспозициялық-көрме, қор-сақтау, ғылыми-зерттеу, қалпына келтіру, жинау, есепке-алу, редакциялық-баспа, ақпарат және басқа да қызметтер бойынша нәтижелі жұмыс атқарып, алыс-жақын шетелдермен ынтымақтастық байланыс орнатқан, мемлекетіміздің бүгінгі таңда жүргізіп отырған саясатын мәдениет пен ғылым саласына енгізу.

Жұмыс жоспары ҚР «Тарихи-мәдени мұра обьектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңына және министрліктің қойған талаптарына байланыстыруға, ғылыми бағыттағы жұмыстарды дамыту үшін музей-қорықта құрылған Ғылыми Кеңес құрылады. 2019 жылы 9 қаңтарда Ғылыми кеңес құрамына сайланған 17 адам қатарында 4 ғылым докторы, 2 ғылым кандидаты, облыстық мекеме басшылары мен жергілікті өлкетанушылар енгізілді.Ғылыми кеңес қолдауымен 1-ден, «Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру айналысуға» лицензия, 2-ден, 2019 жылы 31 шілдеде Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет

және спорт министрлігі «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді. Ғылыми кеңес қолдауымен ортағасырлық Сарайшық қаласы тарихының білгірлері археологтар: т.ғ.д., профессор Зайнолла Самашев, т.ғ.д., профессор Мадияр Елеуов,Семей мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.к., ноғайтанушы Амантай Исин, Алматылық ғалым, т.ғ.к., профессор, ортағасырлар тарихының маманы Нұрлан Атығаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры, т.ғ.д. Ұлжан Ахметова, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің географ ғалымы, PhD докторы Эдуард Имашев ғылыми кеңесші ретінде белгіленді. Қорытындысында алғаш рет музей қорық атынан 2020-2022 жылдарға арналған Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурсқа 4 жоба тапсырады.

Музейдің ел ішінде танымалдығын арттыру және оның мәселелеріне ел назарын аудару мақсатында, облыстық, республикалық және халықаралық көлемде конференциялар ұйымдастырады. Оның барлығы музей-қорықтағы ғылыми зерттеулердің сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

Музейлер жұмысының көрсеткіші бұл –көрмелер болып табылады. Музей қорық экспозиция-көрме ұйымдастыруға да айырықша мән берді. 2019 жылға жоспарға сәйкес Сарайшық музей-қорығы 2 республикалық, 7 облыстық көрме жоспарлаған болатын. Жыл ішінде 1 халықаралық, 2 республикалық, 10 облыстық жылжымалы көрме ұйымдастырды. Өткізілген көрмелер ғылыми және мәдени іс шаралар аясында өткізілді. Көпшілік арасында үлкен қызығушылық тудырып, республикалық, облыстық БАҚ-да жарияланып отырды.

Осы атқарылған жұмыстардың барлығы, музейді ел арасында кеңінен насихаттау. Осы арқылы музейге келушілердің және қызығушылардың санын арттыру. Осы салада музей өз жұмысында ілгері дамыды. Мәселен, музейге келушілер саны жылға артып отыр. 2017 жылы 68, 2018 жылы 110, 2019 жылы 532 шетелдік турист музей қонағы болса, 2018 жылы 12468, 2019 жылы 18501 көрермен музей-қорықты тамашалаған.

2019 жылы музей-қорық директоры Ә.Мұқтардың ғылыми жетекшілігімен Сарайшықта археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Дегенмен облыс бюджетінен бөлінген қаржының иесі Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі болғанын атап өтуге тиіспіз. Қазба шілдеден қазан айына дейін созылды.

Ерекше атап өтер жайт, 2019 жылы археологиялық зерттеулер кезінде алғаш рет Сарайшық қазбасында адам сүйектерімен астаналық антрополог А.Раисова жұмыс жасап, ғылыми жұмыс қорытындысын берді. Археологиялық жұмыстар соңында қазба орындарына сақтау-тұмшалау жұмыстары жасалды. 2019 жылы қазба жұмыс нәтижесінде табылған қала цитаделінің солтүстік қақпасының орны, өндірістік цех орындары, толық сақталған көрхана қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу ұсынысы көтеріліп, ол турасында Мәдениет және өнер істері департаментіне нақты ұсыныс берілді. Бұл ұсыныс министрлікте қолдау тапты. 2019 жылдың ақпан айында сарайшық музей-қорығында «Ортағасырлық Сарайшық қаласы цитаделіндегі археологиялық

нысанды қайта қалпына келтіру жұмыстары» тақырыбында белгілі археолог З. Самашев, М.Елеуов облыс, аудан басшылықтарымен бірлесе ғылыми-әдістемелік кеңес өтті.

Кеңес қаулысыменортағасырлық Сарайшық қаласы цитаделінің бекініс жүйесін: бекініс мұнарасын, орды, қақпа дарбазасы мен бекініс қабырғасын реконструкциялау жобасын «Қазқайтажаңарту» РМК мамандарына ұсынып, қайта қалпына келтіруге бірауыздан шешім қабылданған болатын. Бұл жұмыстар алдағы уақытта жалғасын табатына толық сенімдеміз.

Тағы да бір көтеріліп, айтылып жүрген ұсыныстардың бірі – бұл Сарайшықта Қасымханға арналған фильмді түсіру.

Себебі, барлығымызда білеміз Сарайшықтың Жошы Ұлысы мұрагерлерінің бірі екенін, және Алтын Орда тұсында рухани астана болып, бұл жерде Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандарының пантеоны болғандығын. Осы қазақтың хандарынан Сарайшықта билік етіп, өзінің мәңгілік мекенін тапқан Қасымхан. Сондықтанда осы ұсынымыз ел алдында аяқсыз қалмайды деп ойлаймыз.

Халқымыздың кешегі тарихынан тәлім алып, мәйекті мұраларды келешекке аманаттайтын музей ішіндегі қор жұмысы ерекше. Музей қоры әрбір халықтың байлығы мен ерешелігін көрсететін жәдігерлер арқылы әлемдік дамудың негізгі сатыларынан байқауға болады. Музей қорына тәуелсіздік жылдары Ә.Марғұлан атындағы Қазақ Археология институтының жетекші ғалымы, археолог З.Самашевтың 1996 жылдан бері үздіксіз жүргізіп келген қазба нәтижелерінде толықтырылып отырылды. Музей қорынжа бүгінде қорда 3866 жәдігер бар, оның 1430-ы негізгі, 2436-і қосымша қорда.

Музейдегі жәдігерлер негізінен орта ғасырды, Алтын Орда дәуірін қамтиды. Сарайшық қолөнершілерінің қолынан шыққан әдемі керамикалық ыдыстар, темірден жасалынған тұрмыстық бұйымдар, қыш құбырлар бөлшектері, сан ғасыр өтсе де сапасы жоғары күйінде сақталған кірпіштер қаланың кезінде мәдениетті, өркениеті зор болғандығының дәлелі. Ғажайып бояулар уақыт өткен сайын өз тартымдылықтарын жоймағанын байқалады.

Сарайшықта нумизматикалық қорда баршылық. Сарайшықта тиын соғу осында жерленген Алтын Орданың ханы Мөңке Темір билік еткен тұстан басталған [6]. Қазба кезінде тек қана Сарайшықтың соғылымы емес, Хорезм, Қырым, Иран, Үндістанда соғылған тиындар да жиі кездеседі. Бұл арқылы Сарайшықтың Алтын орда қалаларының гүлденген, өркениеті дамыған қалаларының бірі болғандығын байқауға болады.

Ұлы Дала төсінде жүздеген қалалар бой көтергені, Азия мен Еуропаның арасын жалғап, керуендер мен саудалардың орталығына айналғаны, сол қалалардың әлемдік саяси-әлеуметтік оқиғалардың ортасында негізгі шешуші рөл атқарғаны тарихтан мәлім. Соның бірі һәм бірегейі Сарайшық қаласы еді. Жошыұлысы – Алтын Орданың астанасы болған Сарайшық жайлы тарихи деректер өте мол. Алтын Орда хандары мен Қазақ хандығының baha дүрлері жерленген киелі шahардың бүгінгі тынысы кімге болса да ой салмай тұрмайтындығы анық. Сарайшық музей-қорығының осы тұрғыда атқарар жұмыстары әлі алда.

Халықтың тарихи санасын қалыптастыру, ұлттар бірлігін нығайту және елімізді әлемдік қоғамдастыққа ықпалдастыру аясында Сарайшық музей-қорығының алатын орны ерекше.

Әдебиеттер тізімі:

1. Федоров-Давыдов Г.А. Искусство кочевников и Золотой Орды. – Москва: 1976.- 228 с.

2. Қасым-Жомарт Тоқаев: Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі // «EgemenQazaqstan» газеті.- 2019. - №163 (29642)

3. Тасмағамбетов И., Самашев. З. Сарайшық. Saraichik. Сарайчик. – Алматы: ОФ «Берел», 2001. – 320 б.

4. Ұлық Ұлыс тарихындағы Сарайшық // https://egemen.kz/article/233346-ulyq-ulys-tarikhyndaghy-sarayshyq

5. Сарайшық музей –қорығы архиві

6. Сарайшық тиындары. Монеты Сарайчика. З.Самашев, Р.Бурнашева, Н.Базылхан, В.Плахов. – Алматы, 2006. - 184 б.

ӘОЖ 069.51

САРАЙШЫҚ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЖӘДІГЕРЛЕР, ОЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Сағынбаева О.
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы қор сақтаушы
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Мақалада «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында сақталған жәдігерлер қоры, оның өзіндік ерекшеліктері талданады. Сонау XX ғасыр бас кезінен табылған хұмдардан бастап кейінгі археологиялық қазбалар кезінде тапсырылған жәдігерлер зерделенеді, өзге аймақтардағы жәдігерлермен салыстырылады.

Негізгі сөздер: Атырау, Сарайшық, музей-қорық, археология, жәдігерлер, қор

Биыл құрылғанына 20 жыл толған «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығының жәдігерлер қоры 1996-2007 жылдары жүргізілген Ә.Марғұлан атындағы Қазақ археология институтының Батыс филиалының археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлерден тұрады. Осы уақыт аралығында қала орнына жүргізілген жұмыстар нәтижесінде керамикадан, темірден, сүйектен, ағаштан, шыныдан, теріден жасалған көптеген бұйымдардың үлгілері шықты. Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан ортағасырлық қала қызған сауда-саттықтың орталығы

болғандығымен қатар дамыған қала және дала мәдениетінің, өркениетінің озық үлгісі бола білді.

Сан ғасырлық тарихы бар, «сыры кетсе де сыны кетпеген»сол жәдігерлер қазіргі таңда бізге жеткен құнды ақпарат, ұлттық қазынамыз. Тарихымызға тереңінен үңіліп, сайын даламыздың төрінде атойлатқан бөрі байрақты алып ордалардың асыл мұрасын зерттеп-зерделеу, олардың бүккен сырларын көпшілік қауымға паш ету біздің басты міндетіміз.

Ұлы Жібек жолы Сарайшықта қала мәдениетінің қалыптасуына зор ықпал етті. Қазбадан табылған керамикаларға назар салсақ, жергілікті қыш бұйымдары өндірісінің туындыларымен бірге керуен жолы арқылы алыс мемлекеттерден әкелінген сан алуан керамикалық бұйымдарды кездестіруге болады.

Сарайшық қазбасынан табылған үлкенді-кішілі құмыралардың ішінде 1909 жылы табылған үлкен хұм ерекшеленеді. Орал казак әскерінің атаманы, генерал Н.Дубасов Ресей Императорлық Археологиялық Қоғамының Шығыс бөлімшесіне осы ыдыстың сипаттамасы мен суретін жолдай отырып, оның Сарайшық бекінісінен табылғандығын, 24 дана сынықтан тұратындығын және ыдыстың бүйірінде араб-парсы тілінде жазылған жазу бар екенін көрсеткен [1].

Қазіргі таңда Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінде тұрған бұл хұмның бүйіріне

«Адам көркі жүз, бұл жүз көркі көз
Ауыз көркі тіл, бұл тіл көркі сөз.
Тағы көркі кісіге білім мен өнер,
Жанын құрбан етер білім үшін ер» дегенXI ғасырдың философы, ақыны, ағартушысы*Жүсіп*Хас Хаджыб*Баласағұнның*«Құтадғу білік» дастанынан шумақ жазылған.

Ескі Сарайшықта жүргізілген қазба жұмыстары кезінде бояулы қыш бұйымдардың көптеген сынықтары табылды. Бедерленген, көк және жасыл бояумен боялып, мөлдір сырмен әрленген әсем ыдыстардың музейде тұрған сынықтарының өзі көздің жауын алады. Белгілі бір кәсіпорынның көптеп шығарып жатқан өнімі емес, әрқайсысына шебердің қолы тиген, дайын әдемі ыдысқа айналғанша қанша тер төгілген теңдесі жоқ әсем бұйымдар Сарайшыққа жан жақтан әкелініп қана қоймай, жергілікті жерде де дайындалған. Сырлы бұйымдарға негіз болған кашин балшығының ақ түсіне түрлі бояуларды қосу арқылы бізге тарих болып жеткен бұйымдар дайындалды. Бояулар Ұлы Жібек жолы керуендерімен Үндістаннан, Иранннан, Еуропадан жеткізілген. Сан ғасырға төтеп беріп, жер астында жүздеген жылдар жатса да өңін бермеген бояулардың қасиеті табиғилығында болса керек. Себебі, көк бояуды Үндістанда өсетін бұршақтұқымдас индигофера өсімдігінен, қызыл түсті балшықтан алған.Қазба материалдарына назар салсақ, бұл бұйымдар тек бояуымен ерекшеленіп қоймайды, бұйымның маңызды бөлшектері бедерленген. Осы бедерлерді көк, жасыл бояулармен айқындап, ноқаттар салып, жалпылама төсегі болған сұр, қоңыр негізгі түсі шығарылған. Кейбір бұйымдарда құстың бейнесі, арабша жазулар кездеседі. Көптеген бұйымдар алтын түстес сырмен әрленген.




1950 жылы Сарайшықта қазба жұмысын жүргізген Ә.Марғұлан тапқан түбінде самұрық құс бейнеленген ыдыс сынығы әйгілі археолог атамыздың Сарайшықтың болашағынан мол үміт күткен арманының орындалуын ақиқатқа айналдырғандай. Сол аңыздағы самұрықтай өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп, Сарайшықтың тарихын зерттегіміз келсе әр жәдігеріне құлақ түрсек болғаны.

Қазба барысында қала дамуының жоғары деңгейде болғандығының дәлелі – суға арналған және жылу пештерінің қыштан жасалған құбырлары табылды. Сол кезеңдегі, яғни XIII-XIУ ғасырларда бір тұрғын бөлменің көлемі 5мх6мнемесе 6,2мх6,8 м шамасында болған. Бөлме қабырғаларын бойлай шикі кірпіштен жалпақ сәкілер (суфалар) жүргізіліп, олардың үстіне кілемдер төселген. Сәкінің ішімен күйдірген кірпіштерден немесе қыш құбырлардан жылу өткізгіш – каан жасалған. Канның г-пішіндес, п-пішіндес болып келуі үй бөлмелерінің орналасуына қарай жүзеге асқан. Пешке жаққан отынның қызуы кан арқылы бөлмелерді жылытып тұрған. Қазіргі кезде үй жылытуға пайдаланып жүрген «жылы еден» жүйесінен айырмашылығы жоқ.



Ал суға арналған құбырлар қаланы сумен қамтамасыз етуге қолданылған күрделі жүйенің құрамдас бөлігі ғана. Өзен жағасында тұрғанмен егін шаруашылығына, қаланың сумен қажеттілігін өтеуге су шығару үшін түрлі суару жабдықтары қолданылды. Ғасырлар бойына бұл жабдықтар ең қарапайым түрінен күрделі жүйеге дейін дамыды. Оған қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайының өзгеруі де әсер етті. Адам күші жұмсалып келген су тасу біртіндеп жылқы, түйе, есек, өгіз сияқты жануарлардың күшін пайдалану

арқылы жүзеге асырылса, өзен жағасына орнатылған «конвейерлік» тәсіл-шығырмен су шығару бұл жүйенің дамуын көрсетті. Шығыр немесе «парсы доңғалағы» суармалы егін үшін таптырмас тәсіл болды. Шығырдың доңғалағы ені 5-7 см, қалыңдығы 2 см тақтайдан жасалған, оның ұзына бойына шығыр шөлмектері байланады. Қазба жұмыстары барысында табылған шығыр құмыралары сопақша келген бүйірі кең, түбі үшкір болып біткен ыдыстар. Шығыр доңғалағының диаметріне қарай ұлы(үлкен) шығыр, кіші шығыр аталған. Үлкен шығырларға 28-30 құмырадан, кіші шығырға 12-16 құмырадан байлаған. Ұлы шығырды атан түйелер, аттар айналдырса, кіші шығырды айналдыруға есектерді пайдаланған. Шығырмен шығарылған су әрі қарай арықтармен немесе құбырлармен керекті жеріне жеткізілген.

Сарайшық музей қорындағы көрермен қызығушылығын туғызатын тағы бір жәдігер –сынапкөзе (сфероконус). Тарихи жазбаларда сынапкөзеге сынап құйып сақтағандығы айтылады. Сынапты адамдар өте ертеден пайдаланған. Сынап табиғи қалпында, яғни тау жыныстарындағы сұйық тамшы күйінде табылған. Гректер мен римдіктер сынапты алтын тазартуға қолданған, ал алхимиктер сынапты барлық металдың басты бөлшегі деп қабылдаған. Музейдегі сынапкөзелер түр-түсі жағынан да әркелкі. Себебі табылған бұйымдардың бәрі бірдей жергілікті жерде жасалмаған, керуенмен басқа елдерден әкелінгендері де бар. Сынапкөзелердің жасалу техникасының да өзіндік ерекшеліктері бар, олар отқа төзімді ұсаққұмды балшықтан су өтпейтіндей тастай тығыз етіп, сапалы қыштан жасалады және температурасы өте жоғары пеште күйдіріледі [2].



Қазақ археологы Е.Ш.Ақымбек «Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынапкөзелер» мақаласында бұл конус тәріздес ыдыстың шығыс жазбалары бойынша «симаб-кузаче»(симаб-сынап, кузача-тар мойынды ыдыс) деп аталғанын, яғни қазақша сынапкөзе болатынын дәйектейді. Сынапкөзенің аузы тар, бүйірі жарты шар тәрізді, түбі сүйір болып жасалынуы оның сұйықтық сақтауға, оның төгілмеуіне, аузын тығындауға ыңғайластырған.

Табылған сынапкөзелердің ешқайсысының тығыны болмауы оның ағаштан жасалғандығын дәлелдейді [3].

Музей жәдігерлерінің жиі кездесетіні бала бөлеуге пайдаланған бесіктің түбектері мен шүмектері. Жалпы ата-бабамыз бесікті қасиетті, құтты мүлік деп есептеген. Бесіктің құрылымы алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Ол баланың таза жатуына көмектеседі, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың кіші дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына септігін тигізеді. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді. Аңызға сүйенсек, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған. Айдархан бидің әкесі, төңірекке белгілі Мизам баба, қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтумен айналысса керек. Елге сыйлы Мизам баба 150 жыл өмір сүріпті. Өзі сүрген ғұмырында еккен көшет-талдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты.

Мизам бабаның о дүниеге сапар шеккенінен хабардар қытайлар, бақилық бабаның еңбегін көреалмаушылықпен өртеп жіберіпті. Сол уақытта Мизам бабаның баласы, Айдархан би, алыс ауылға сапар шегіп кеткен екен. Би түсінде әкесін көреді, лезде бір сұмдықтың болғанын сезген ол, үйге қарай аттың басын бұрады. Ауылға асығыс жетіп, ну орманның орнында шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапаланады…Бірақ жылдар өте береді… Айдархан би үйленіп, ең тұңғышы туылады. Бірақ туыла сап, сәби тоқтамай жылай береді. Оған шартарапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өрттен аман қалған сынық бұтақтарға жатқызып, сәбиді тербетіп отырады. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Оның орнында қалған ағаш бұтағымен Айдархан, қазіргі «бесік» деп айтылып жүрген бұйымды жасайды.Осылайша, «бесік» қазақ халқының ажырамастай мұрасына айналады.

Төле би бабамыздың заманынан қалған мына әңгіме де бесіктің қасиетін ашқандай: Жоңғарлар шапқыншылығынан тоз-тоз болған ел таулы жаққа қарай босып, көшіп келе жатқанда, екіқабат жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай», –дегенде, Төле би: «Баланың бесігі – кең дүниенің есігі ғой», – деген екен[4].

Қазіргі таңда қорында төрт мыңнан астам жәдігері бар Сарайшық музей қорығының аздаған ғана жәдігерлеріне тоқталып, оларды сөйлетуге тырысқанымыз. Қорда тұрған қыш құмыраның, саз балшықтан жасалған әрбір бұйымның айтар сыры бар. Себебі саз балшық жады мықты, тілін тапса сөйлей жөнелетін тірі организм. Ол ғылыми тұрғыда дәлелденген. «Құмыралар сөйлейді. Олардың әрбірі өз дәуірі туралы, сол замандағы адамдардың тіршілігі жөнінде сыр шертеді. Ғалымдар алғашқы қауымда жасалған, сондай-ақ орта ғасырда және менің қолыммен істелген құмыраны қатар қойып, үшеуін де заманауи дыбыс жазушы құрылғылармен тыңдаған. Сонда алғашқы қауым кезінде жасалған құмырадан үңгірлерде күбірлеп сөйлеген адамдардың үндері есітілген. Ал орта ғасыр құмыраларынан ұрыс даласында қақтығысқан

қылыштар мен найзалардың және ұрандап жауға шапқан жауынгерлердің дауысы шыққан. XXI ғасырдағы менің туындыларымнан техниканың, зулаған көліктер мен ғарыш кемелерінің дыбысы білінеді», дейді Ерболат Кендебайұлы Қарабдалов, дәстүрлі құмырашы [5].

Саз балшықтың қасиеті мұнымен ғана шектелмейді. Ол сан мыңдаған жылдар сыр-сипаты мен сымбатын сол қалпында сақтаумен бірге, отқа да өте төзімді. Мәселен, қас-қағымда сан мың шақырым қашықтыққа заулайтын зымырандар моторы саз балшық керамикасынан құйылатынын біреу білсе, біреу білмес. Себебі, мыңдаған градус ыстық шығаратын ғарыш кемесінің моторында жанған отқа ешқандай темір заты төтеп бере алмай, балқып кететін көрінеді. Ал, керамика, керісінше оттың қызуы күшейген сайын қатая түсетіні мәлім.

Ендеше, көне қаланың қазбасынан шыққан әрбір қыш құмыраның сынығын өткен тарихымызды келешекке жеткізетін ақпараттық жады деп қарағанымыз абзал.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кипиев М. жеке қорынан. «Среднеазиатско-турецкие надписи на глиняном кувшине из Сарайчика» А.Самойлович. СПБ. 11 октябрь 1911 г

2. Пацевич Г.И. Раскопки на территории древ. г. Тараз в 1940 г. //Труды ИИАЭ. Том1.Археология. -Алма-Ата,1956. -С-70-80.

3. Ақымбек Е.Ш. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан табылған сынапкөзелер//ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының хабарлары.Қоғамдық ғылымдар сериясы. -2011.-№3(282).-мамыр-маусым. -53-56 б.

4. Ғалымқызы К. Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығының әдіскері // Ана тілі. -2017. - 27 наурыз

5. Ермұратов Н.«Саздың саналуан сыры» // Егемен Қазақстан.21 наурыз 2015.

ӘОЖ 93/94

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ ЖӘНЕ САРАЙШЫҚ


Жумабаев А.Ж.
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы РМҚК
ғылыми қызметкері, магистр
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі аясындағы № AP 05134572«Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV-XIX ғ.)» тақырыбында 2018-2020 жылдарға арналған гранттық жобасы аясында жазылды. Мақаланың мақсаты Ноғай ордасы, Қасым хан тұсында Қазақ

хандығының астанасы болған Сарайшық қаласына Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген зерттеулерге талдау жасау болып табылады.

Еуропа мен Азияны жалғастырған Ұлы Жібек жолының бір керуен сарайы және Алтын Орданың мәдени орталығы Сарайшық қаласы Атырау қаласынан 50 шақырым жерде орналасқан.

Ортағасырлық Сарайшық қаласына іргелі археологиялық зерттеулер кеңестік заманда басталды. Оның бастамасын археолог Н.К. Арзютов қалады. Ол «моей первой и главной на 1937 г. задачей было отыскание жилой части города...» деп нақтылап көрсетеді. Оның назарын осы аймақтан табылған мыс және күміс теңгелер аударады. Зерттеуші қазба жұмыстарын жүргізбес бұрын жер бетінен жиырмадан астам монеталарды тауып алып, оларды тексеруге жібереді. Оның ішінде 11-і тазалынып, теңгелердің хронологиялық мерзімін анықтауға көңіл қояды. Табылған монеталардың 9-ы Өзбек ханның кезінде қолданылған теңгелер болса, ал 1-і Қызыр ханның кезінде соғылған теңгелер екенін анықтаған. Осылайша бұл табылған теңгелердің уақытын XIV ғасырдың екінші жартысына сәйкес деген тұжырымға келеді. Археологиялық қазба барысында Н.К. Арзютов 13 ор қазып, орлардың құрылымын сипаттайды. Қазба қортындысында алғаш рет «Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. на месте развалин золотоордынского города Сарайчика» ғылыми есеп дайындалады [1]. Ғалым мұрасы тарихшы Ә.Мұқтардың мақаласында жан-жақты талданды [2].



Сарайшық.1930 жыл.

Сарайшыққа жасалған келесі ресми археологиялық экспедицияны Ә.Х.Марғұлан басқарды. Осы екі экспедицияның зерттеу жұмыстары биік шыңына жетпеді. Н.К.Арзютов репрессияға ұшыраған болса, Әлкей Хақанұлына саяси қуғынның салқыны тиді. Жалпы Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы сол кездегі ҚазКСР Ғылым академиясы президенті Қ.И.Сәтбаевтың ерекше қамқорлығы арқасында болған еді.

Қазақ КСР Ғылым Академиясының «Тарих, археология және этнография» институтының 1950 жылғы 5 маусымдағы №54-інші бұйрығы бойынша институттың жоспарына сәйкес осы жылдың 28 мамырынан бастап Батыс Қазақстан (Сарайшық) археологиялық экспедициясын ұйымдастыру жолға қойылды.Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының басты міндеті - XIII-XIV ғасырлардағы қыпшақтардың материалдық мәдениеті мен әлеуметтік жүйесін зерттеу және өткен жылы болған Орталық Қазақстан экспедициясымен байланыстыру үшін Сарайшықтан Ырғыз (Торғай) даласы арқылы Ұлықтауға дейінгі керуен жолының орнын нақтылау. 1950 жылы Сарайшықтың орналасқан жерін топогорафикалық анықтау, Жайық өзені мен ежелгі керуен жолдары бойынша барлау, қалашықтың жоспары мен стратиграфиясын анықтау мақсатында қала шегіндегі алдын-ала қазба жұмыстары жоспарланды. Экспедиция құрамы - 5 адам. Экспедиция жұмысының мерзімі - 1950 жылдың маусым-шілде айы [3, 22 п.].

Экспедицияға басшылық жасау ҚазКСР ҒА корреспондент-мүшесі Марғұлан Әлкей Хаканұлына жүктелді. Экспедиция бастығының орынбасары болып аға ғылыми қызметкер Пацевич Героним Иосифович тағайындалып, оған экспедиция бойынша қаржылық және материалдық жауапкершілік жүктелді. Попов Александр Александрович фотограф, 830 руб жалақымен, П.В. Агапов - аға зертханашы 10 маусымнан бастап Батыс Қазақстан (Сарайшық) экспедициясының құрамына суретші қызметіне 2 ай мерзімге қосылды [4, 33-35 пп.].

«Отчет о научно-исследовательской работе Института за 1950 год и заключение по отчету» №67 ісінде 1950 жылғы Сарайшық қаласына жүргізілген экспедиция жұмысының есебі кездеседі. Жетекшісі - ҚазКСР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі - Ә.Х. Марғұлан. Экспедиция құрамына 2 ғылыми және 2 ғылыми-техникалық қызметкер кірді.

Экспедициялардың ғылыми нәтижелеріне жатқызуға болады:

1) Сарайшық қаласының топографиялық келбетін және стратиграфиясын белгілеу, қалашықтың егжей-тегжейлі топографиялық жоспарын жасау.

2) Алғаш рет қаланың мәдени өмірінің ерте кезеңдерінде Сарайшықтың дамуын сипаттайтын мәдени қабаттарын анықтауға мүмкіндік беретін стратиграфиялық қазба қаланды [5, 15-16 пп.].

Ә.Х. Марғұланның 1950 жылдың 22 қыркүйегінде Қазақ КСР Ғылым Академиясының «Тарих, археология және этнография» институтының Ғылыми кеңесінде жасаған есебінде Сарайшық қалашығына жүргізілген есебі келтіріледі. Есептен қысқаша үзінді келтірсек: Экспедицияның мақсаты қираған қаланы зерттеу болды. Экспедиция солтүстік маршрутпен Жезқазған, Торғай далалары, Шалқар стансасы арқылы шықты. Сарайшық қаласы Гурьев қаласынан 48 км Жайық өзенінің жоғары жақ бөлігінде орналасқан. Барлау кезінде Орал өзенінің сол жағалауында ежелгі керуен сарайдың қалдықтары табылды, оның қарсысында Ибн Батута жазған көпір болған болу керек. Қаланың оң жақ бөлігі жеке төмпешіктерден (бугра) тұрады, олардың биіктігі 2 м.

Сарайшықтың үйінділерінде Орта Азия қалаларындағыдай нақты конфигурация жоқ. Оның ауданы Оңтүстік-Шығыстан солтүстік-батысқа қарай 1,5 км, ал солтүстік-батыстан шығысқа - 1 км.Қала жер үйіндісімен қоршалған, оның іздері біздің күнге дейін сақталған.

Қалада екі қақпа болды, Біріншісі батыстан, келесісі - оңтүстік-батыстан, қақпа бағыты керуен жолдарының бағытына сәйкес келеді. Материалдық мәдениеті және топографиясы жағынан да ортаазиялық қалалардан ерекшеленеді. Кеңес уақытында қаланың үйінділерін алғаш рет Н.К. Арзютов зерттеді, ол қираған жерлердің әр түрлі жерлерінде тек 13 шурф жасады, ең тереңі 1,5 м жетті.

1950 жылғы далалық маусымда экспедиция 5 жерге қазба орнын белгіледі, одан қыш күйдіретін пештер, көрігі бар шеберханалар, сырлы қыш ыдыстардың көптеген бөліктері, темір, қалайы, қола бұйымдар мен метал шлактары, шыны және сүйектен жасалған заттар, зергерлік бұйымдар және т.б. заттар табылды [6, 13-14 п.].

ИнститутыңАрхеология секторының 1951 жыл бойынша Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының есебі төмендегідей мақалалардан тұрды: Ә.Х. Марғұлан - «Итоги работ Западно-Казахстанской археологической экспедиции - 3 п.л.»; Пацевич - Описание раскопов на городище Сарайчик - 2,5 п.л.; Развалины городов и поселений в долине среднего течения реки Эмбы и ее притоков - 1 п.л.; Керамическая печь древнего города Сарайчика - 0,5 п.; Агеева - Керамика Сарайчика - 1 п.л. [7, 15 п.].Бұл есептердің барлығы қазіргі таңда Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтында сақталған.

Тарихшы Ә. Мұқтардың «Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі» мақаласында Ә. Марғұланның Сарайшықтың зерттеудегі еңбегі орасан зор екенін келтіреді. Ә.Марғұлан қазба қорытындыларын 1951 жылғы КСРО-дағы Бүкілодақтық археологиялық кеңеске шығарады. Бір ерекшелігі, ғалым баяндамасын 21 шағын тезиске бөліп баяндайды. Жаңадан топографиялық түсірілім жасалып, ежелгі қаланың орнын қазу бары-сында қала дамуының үш кезеңі анықталады: Моңғолға дейінгі (XI-XIII -ғғ.), Алтын Орда заманы (XIII-XIV ғғ.) және Қазақ-Ноғай заманы (XY-XVI ғғ.). Ғалым осы арқылы Сарайшықтың бай тарихын, оның Қытай-Орталық Азия-Шығыс Еуропа аралығындағы аса маңызды керуен орталығы болғанын дәлелдеп, өзеннің оң жағасындағы қала орнының батыс шетінен керамика күйдіретін үлкен пешті ашады. Ол: «Қазба жұмыстарын жүргіздік. Жұмыстар қаланың солтүстік-батысындағы Жайық өзені жарқабағынан басталды. Нәтижесінде мол керамика мен тұрмыстық материалдар табылып, Сарайшықтың қолөнершілер аумағы анықталды» дей келе, қаланың моңғол шапқыншылығына дейін қалыптасқанын жария етеді. Ә.Марғұлан Сарайшық қирандыларының болашақ зерттелуін сол уақыттағы орасан зор құрылыс Сталинград каналымен байланыстырып, Қазақстан ғалымдарын жаңа ізденіске шақырады. [8, 8 б.].

Ғалым хатшы Г.Ф. Дахшлейгердің Қазақстан Орталық музейінің директорына жазған хатында Сарайшықтан табылған коллекцияларды камералық өңдеуге беруге сұраған. Хатты түпнұсқа түрінде келтірсем: «В ноября месяце 1950 г. по личной договворенности с зав. историческим отделом

Вашего музея тов. Нифонтовой был выдан для временного экспонирования материал из раскопок Сарайчика, который не был еще окончательно камерально обработан. Еще раз просим выдать для окончания камеральной обработки следующие номера коллекции: 79 (сфероконус), 82 (сверильник), 343 (сфероконус), 83 (подсвечник), 84 (кувшин)» [9, 127 п.].Бұл коллекциялардың қайтадан өңдеуге берілгені туралы дерек мұрағат қорында кездеспеді.

Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының 1951 жылға жоспарланған бағдарламасы бойынша Сарайшық қаласына кешенді археологиялық қазба жұмыстары жүргізілуі керек болған. Жұмыстың аннотациясына тоқталсақ.

Жоба тақырыбы: «Сарайшық - Жайық өзені бойындағы ірі қолөнер орталығы» (Меридиандық көшпелі бағыттар және ежелгі Қазақстандағы отырықшы және көшпелі мәдениеттің мәселелері). Жетекшісі профессор - Ә.Х. Марғұлан, профессор М.Е. Массон; орындаушылар Г.И. Пацевич, Е.И. Агеева, П.В. Агапов, Т.Н. Сенигова, А.Г. Максимова, Х.Алпысбаев.Күтілетін нәтижелер және олардың маңызы: Сарайшықтағы қазба жұмыстары кезінде қаланың орналасуы мен сәулеттік келбетін, қолөнердің дамуын, XIII-XV ғасырларға арналған қыш өндірісі, қыпшақтардың мәдениеті мен өнері, олардың экономикасы мен әлеуметтік жүйесі, сонымен қатар қыпшақ тайпалық бірлестіктерінің этногенезі туралы бай материалдар ұсынады.

Экспедиция жұмыстарының қорытындысы Тарих, археология және этнография институттарында пайдаланылатын болады. Соның ішінде, Қазақ КСР ҒА, "ҚазКСР тарихы" көптомдығының жекелеген бөлімдерін жазу үшін және Қазақстан археологиясы бойынша монографиялық зерттеулері мақсатында пайдаланатын болады [9, 139 п.].

Экспедицияның негізгі міндеттері келесі мәселелерді құрады:

Жайық өзені бойында орналасқан Сарайшық қаласында қазба жұмыстарын жалғастыру:

А) су басу аймағында орналасқан үлкен сарай ғимаратын ашу;

Б) қыш фаянсты заттар мен глазурленген сәулет плиталарын дайындаған кермаикалық шеберхананы тазалау;

В) Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың бейінін анықтау, қала мен қалалық орамның жоспарлануын анықтау мақсатында қалашықтың орталық бөлігіндегі үлкен алаңды қазу;

Г) қалалық фортификациялық құрылыстардың қақпаларын тазалау;

Д) монументалды сәулет ескерткіштерін қазу.

Осы күрделі міндеттерді табысты жүргізу үшін экспедиция кемінде 2,5 ай болуы тиіс.

Экспедиция құрамы: экспедиция бастығы -1; жасақ бастығы -2; сәулетші -1; аға ғылыми қызметкер -2; Кіші ғылыми қызметкер -3; Фотограф-1; суретші-1; Коллектор-2; жұмысшылар -40; Шофер-2 [9, 140 п.].

Бірақ, өкінішке орай, Сарайшық қаласын күрделі зерттеуді мақсат еткен жоба жүзеге аспады. Ә.Х. Марғұлан бастаған экспедиция Орталық Қазақстан территориясындағы қола дәуірі қоныстарын зерттеген болатын. Сарайшық қаласын кешенді түрде зерттеу 1989 жылға дейін тоқтады.1989-1992 және 1996

- 2008 жж. Сарайшықта З.Самашев басқарған Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы нәтижелі жұмыс жасады. Археологтардың Сарайшық қаласындағы қазба жұмыстары нәтижесінде, қаланың сәулеттік ансамблі көз алдымызда көріне басталды: жерлеу құрылыстары (көрханалар), монша құландысы, сырлы керамиканы күйдіруге арналған пештер, қаланың тұрғын үйлері, «ханака» қоғамдық ғимараты ашылды. Қаланың ортағасырлық тұрғындарының өмірлік циклін қолөнер шеберханалары қамтамасыз еткен, оларда қышшылар, шыны үрлеушілер, ағаш пен сүйек оюшылар, зергерлер, тері илеушілер, құрылысшылар және басқа да шеберлер жұмыс істеген [10].

2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануымен Сарайшық қалашығына зерттеу жұмысы ерекше жүргізілді. Жүргізілген қазба жұмыстары бірқатар жаңалықтар әкеледі. Қалашықтың төменгі мәдени қабатынан шақпақ тас жаңқалары, қола дәуірінің тас келсабы, ерте темір дәуірінің қола жебе ұштары табылған. Бұған қоса XI-XII ғасырлардағы тұрғын үй іздері мен қыпшақ дәуіріне жататын шала күйдірілген қара түсті қыш ыдыстың бөлшегі табылған және Жайық төменгі ағысында Сарайшықтан басқа жерлерде XII ғасырдың қыш ыдысы кездеспеген. Осыған орай, зерттеушілер қаллашықтың өмірін төрт кезеңге бөліп, алғашқысын XIII ғасырдың ортасына дейін қамтитынын көрсеткен. Осы кезең Сарайшық қалашығы орнында археологиялық жұмыстардың жандануымен ерекшеленеді З.Самашев 2017 жылғы Сарайшықтағы қазба жұмыстары Есебінде 2004-2007 жылдардағы қазба жұмыстарын тағы бір сын көзбен саралайды. Ғалым: «Мощный толчок в проведении мероприятий по исследованию, сохранению и популяризации исторического прошлого края дала Государственная программа «Культурное наследие», в ходе реализации которой в 2004-2007 гг. исследовалось и городище Сарайчик. Именно в этот период проводились полномасштабные работы по изучению древнего города. В этот период исследовался комплекс погребальных сооружений (корхана), остатки бани, печь для обжига поливной керамики, городские жилые постройки, архитектурный комплекс общественной постройки «хана». Применение тогда методик комплексного исследования памятника позволило получить интересные материалы по питанию и жизнеобеспечению средневекового населения города, выявить особенность технологии гончарного производства, денежного обращения, архитектурные особенности формирования древнего города» деп жасалған жұмыстарға бағасын береді [11, 109-110 бб.].

Қорытындылай келгенде, Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясы жүргізген археологиялық зерттеулер Сарайшық Алтын Орданың экономикалық, мәдени және саяси орталығы ғана емес, сонымен бірге халықаралық сауданың маңызды буыны болатындығын көрсетті. Бүгінгі таңда Сарайшық ортағасырлық тарихымыздың құнды тарихи-мәдени ескерткіші саналады, оның шикі кірпіштен тұрғызылған құрылысын сақтай отырып ашық аспан астындағы музей құру ескерткіштің ішкі және халықаралық туризм жүйесіне енуіне жол ашар еді.



2019 жылғы Сарайшық қаласы орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары

Әдебиеттер тізімі:

1. Арзютов Н. Отчет о раскопках, произведенных в 1937 г. На месте развалин Золотоордынского города Сарайчика//Известия Академий наук Казахской ССР. Серия археологическая.– Алма-Ата, 1949. -Вып. 2. – с. 126-134.

2. Мұқтар Ә., Сарсенбаев Е., Н.К.Арзютов Ортағасырлық Сарайшық қаласын зерттеуші // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - 2018. №4. -279-289 б.

3. ҚР БҒМ «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1, 65 іс.

4. ҚР БҒМ «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1, 64 іс.

5. ҚР БҒМ «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1, 67 іс.

6. ҚР БҒМ «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1, 70 іс.

7. ҚР БҒМ «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1, 80 іс.

8. Мұқтар Ә. Әлкей Марғұланның Сарайшықты зерттеуі // EGEMEN QAZAQSTAN. -2019. -№44(29523). -6 наурыз.

9. ҚР БҒМ «Ғылым Ордасы», Қ.11, Т.1 ж., 558 іс.

10. Отчет археологической экспедиции (рук. З. Самашев) Института истории, археологии и этнографии им Ч. Валиханова. 1990

11. Диярова Ж.К. Ортағасырлық Сарайшық зерттеушісі - З. Самашев// «Жошы ұлысы жәнеСарайшық- қазақ мемлекеттілігінің бастауында» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (10 қазан, 2019 жыл) / Жалпы редакциясын басқарған Ә.Қ.Мұқтар, Ө. Қанай - Алматы, 2019. - 310 б.

5 СЕКЦИЯ

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫН НАСИХАТТАУДАҒЫ РӨЛІ ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНІҢ РӨЛІ

РОЛЬ МУЗЕЕВ КАЗАХСТАНА В ПРОПАГАНДЕ И ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ

THE ROLE OF MUSEUMS IN PROMOTING THE HISTORY OF THE GOLDEN HORDE

УДК 902.2:069.1

РОЛЬ МУЗЕЯ «ERTIS» В ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ИСТОРИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ ПО МЕСТНЫМ АРХЕОЛОГИЧЕСКИМ ОТКРЫТИЯМ

Муслимов С.С.
специалист отдела археологиимультимедийного музея "Ertis" при Павлодарском областномисторико-краеведческом музей им. Г.Н. Потанина
г.Павлодар, Республика Казахстан

Аңдатпа

Бұл мақалада дамыған орта ғасырлар дәуіріндегі Қазақстанның орталық, солтүстік-шығыс және солтүстік бөліктеріндегі сәулеттік мәдени-ескерткіш ескерткіштері қарастырылады. Осы бағытта жұмыстар жүргізген және Алтын Орда сәулетін зерттеуде айтарлықтай жетістіктерге жеткен ғалымдардың еңбектері қарастырылады. Мақалада Алтын Орданың тарихын насихаттауда музейлердің рөліне назар аударылды.

Негізгі сөздер: Алтын Орда, археологический памятник, мавзолей, зодчество.

Этно-политическая история Золотой Орды является хорошо изученным направлением в отечественной историографии, обусловленная богатыми письменными источниками. Поиск археологических источников начались в начале XX века. С тех пор накопилось большое количество материалов, которые плодотворно систематизируются казахстанскими и зарубежными учеными.

Основным изученным видом источника Золотоордынских археологических памятников степной зоны Казахстана являются погребальные памятники в виде курганов. Исследованные поселенческие объекты крайне малочисленны, больше всего они локализованы в Западном и Центральном Казахстане.

В древних письменных источниках нет информации о мемориально-культовых сооружениях периода Золотой Орды на территории северного и

северо-восточных частей Казахстана. Таким образом, данная территория долгое время оставалась белым пятном в современной историографии.

Одним из первых исследователей Золотоордынского зодчества был А.Х.Маргулан исследовавший мавзолей Жошы-хан в 1946 году. Дальнейшие исследования культово-мемориальных памятников не проводились.

После приобретения независимости казахстанские ученые археологи начали проводить плодотворные изучения в данном направлении. Работы А.Х.Маргулана продолжил Ж.Е.Смаилов в рамках государственной программы по исследованию реставрации и музеефикации мавзолеев Жошы-хан и Алаша-хан Жезказганской археологической экспедицией в 1997-1998 годах, были сделаны некоторые выводы, связавшие эти памятники с историческим прошлым нашего государства.

История памятника Бозок тесно связана с историей становления Астаны как столицы. Все началось в 1997 году, когда с переносом столицы в центр Казахстана, встала задача изучений древностей Сарыарки. Существование этого памятника было известно по публикациям и архивным источникам, однако поиски его были довольно продолжительными. Осенью 1998 года памятник был открыт К.А.Акишевым, раскопки памятника ведутся Есильской археологической экспедицией Евразийского национального университета им.Л.Н. Гумелева с 1999 года. Городище Бозок расположено на южной окраине города Астана. Памятник находится среди болот левой пойменной долины р.Ишим. После смерти Кемаля Акишева его труд продижжила не мениее известная к.и.н. М.К. Хабдулина. На данный момент ведутся работы по созданию историко-культурного музея заповедника.

